

Джанабеков Күмісқали
Джанабекова Гүльмира

**ОРЫСША-ҚАЗАҚША
ВЕТЕРИНАРЛЫҚ
СӨЗДІК**

«Сөздік-Словарь»
Алматы, 2013

619 (038)
48 .2
37

«
2011-2020
»

37 - ” . . . - , « -
», 2013, – 288 .

ISBN 9965-822-85-9

619 (038)
48 .2

ISBN 9965-822-85-9

© ” ., 2013
© « - », 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Егеменді ел Қазақстан Республикасының экономикалық негізін қалайтын халықшаруашылығы салаларының бірі — ауыл шаруашылығы. Біздің еліміз үшін, ауыл шаруашылығында кезек күттірмейтін проблемалардың негізгілерінің бірі — малдан алынатын азық-түлік өнімдерінің мол қоры мен отандық өндірістерге керекті шикізаттардың молшылығын жасау арқылы Қазақстан экономикасының нығая түсуіне тиісті үлес қосу. Осы аталған келелі проблемаларды шешетін де, оларды іс жүзіне асыратын да, өз ісіне берік, білімді де білікті мал шаруашылығы секторында қызмет атқаратын мамандар. Аталған мәселелерді шешу үшін, мол өнім беретін асылтұқымды малдарды өсірумен қатар, мал басын өртүрлі аурулар мен аса қатерлі індеттерден сақтап, оларды емдеудің алдыңғы қатарлы мал дәрігерлік жүйелерін ұйымдастыруға қабілетті білімді де, білікті және өз ана тілінде білім алған ветеринария мамандарын дайындау ауадай қажет.

Мал дәрігерлігі мамандары өздерінің негізгі кәсіптік нысаны болып саналатын мал түліктерінің ауруларына, жалпы ветеринариялық мамандыққа байланысты халықаралық терминдерді, олардың латын-грек және орыс тілдерінен пайда болу жолдары мен шығу тектерін жоғары деңгейде тиянақты меңгерумен қатар, қазақ тілінде білім алатын студенттерге ветеринарлық терминдердің өз ана тіліндегі баламасын жете білуі керек. Осы ретте, өз ісінің асқан шебері, терең білімді са-

палы ветеринарлық мамандарды дайындау ісінде қазақ ауылдарынан ұлттық мектептерді бітіріп келген студенттер үшін, өз ана тілінде жазылған оқулықтар мен оқу құралдары қатарында ұсынылып отырған орысша-қазақша ветеринарлық сөздік өзіне тиісті іргелі міндетін атқарады-ау деген ойдамыз. Сондай-ақ, өз мамандығын ана тілімізде жетілдіріп жүрген мал дәрігерлері мен басқа да мал мамандары үшін, ветеринарияға байланысты оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тілінде жазып, қалам тартып жүрген ұстаздар мен ғалымдар және магистранттар мен доктаранттар үшін де, аталмыш сөздіктің тигізер пайдасы ауқымды болмақ.

Авторлар:

Күмісқали Джанабеков,

биология ғылымдарының кандидаты, профессор;

Гүлмира Күмісқалиқызы Джанабекова,

биология, ғылымдарының докторы, доцент

КІРІСПЕ

Ветеринарлық сөздік терминдерін терер алдында термин, терминология және номенклатура деген атаулардың мәніне тоқтала кетейік.

Термин (лат. **terminus** – шекара, шегі, термин) – арнайы ғылыми мағнаны анықтайтын сөз, немесе сөз тіркесі. Терминге тән қасиет – бірмағналық (моносемия, грек. **monos** – бір, біреу; **semeion** – белгі). Терминнің қазақша баламасы – **атауыш**. Атауыш ғылыми түсінігінің мәні анықтауыш (лат. **definitio** – анықтауыш) арқылы анықталады. Ғылыми терминдердің, оның ішінде ветеринарлық терминдердің көзі – латын және көне грек тілдері. Бұл тілдер 2000 жылдан астам мерзім ішінде сөйлеу тілі ретінде өздерінің маңызын жоғалтқан. Латын және көне грек тілдерінің әр бір сөздері бірмағналық ойды айқындап, халықаралық ғылыми терминге немесе номенклатура атауларына айналады.

Терминология (лат. **terminus** – термин; грек. **logos** – ілім) – ғылыми түсініктер туралы ілім. Ол – белгілі бір ғылым ауқымы түсініктер жүйесіндегі ғылыми терминдердің мәнін анықтау үшін қолданылып жүрген атауыштар (сөздер немесе сөз тіркестері) жиынтығы.

Номенклатура (лат. **nomenclatura** – атаулар жиынтығы) – белгілі бір ғылым ауқымында қолданылып жүрген атауыштардың мен категориялардың жиынтығы. Белгілі – бір ғылымның номенклатурасы – сол ғылым мамандарының халықаралық конгресстерінде (лат. **congressus** – жиналыс, мәжіліс) бекітіледі. Оқулықтар, оқу құралдарын, ғылыми туындыларды жазу барысында, терминдердің қаншама қазақша баламасын пайдаланғанмен, осы аталған номенклатуралардан алшақ кетуге болмайды.

А

А (грек. а – бей, жоқ) – халықаралық ветеринарлық және морфологиялық терминологияда сөз тіркестері ретінде қолданылатын терминдерде «бей», немесе «жоқ» — деген болымсыздық мағына беретін сөз алды қосымша. Мысалы, амитоз (грек. а – жоқ, mitos — жіп) – жіпсіз, яғни жасушаның хромосома жіпшілерін түзбей — ақ бөлінуі.

аа (лат. — **ана**) – теңдей, бірдей мөлшерде.

Абазия – абазия; жүруден қалу, жүре алмау.

Абдомен (лат. abdomen — құрсақ) – абдомен, құрсақ (дененің құрсақ бөлігі); құрсақ қуысы (лат. cavum abdominis) – диафрагмадан (көкірек қуысы мен құрсақ қуысы шекарасындағы көкет) жамбас қуысы кіреберісіне дейінгі аралықтағы дене қуысы.

Абдуктор (лат. abductor; ab — сыртқа қарай; duko – серпу, яғни алыстатқыш, алшақтатқыш) – абдуктор, алыстатқыш; жануарларда алдыңғы және артқы аяқтардың көпбілікті (көпосьті) буындарына әсер ете отырып, аталған мүшелерді денеден алыстатып алшақтататын бұлшықет. Абдукторларғы иық буынын денеден алшақтатын “қырарты бұлшықеті” және жамбас-ортан жілік буынын сыртқа қарай тартып қозғалтатын “терең бөксе бұлшықеті” жатады.

Абдукция (лат. abductio — сыртқа серпу, алыстау) – абдукция, алыстау; омыртқалы жануарлардың денелерін омыртқа жотасының бойымен өтіп, тепе — тең екі жарты бөлікке бөлетін сыртқа (дененің оң немесе сол жағына) қарай бағаттылған қозғалыс, яғни дене мүшелерінің тұлғадан алыстауы. Жануарлар организміндегі аталмыш қозғалысты іс жүзіне асыратын бұлшықеттерді “абдукторлар” — деп атайды.

Абиотические факторы (грек. а – жоқ, biotics — тірі) – абиотикалық факторлар, тіршіліксіз факторлар; тірі ор-

ганизмдерге әсер ететін бейорганикалық орта факторлары (температура, ылғал, ауа қысымы, топырақ т.б.).

Абомазотомия (лат. abomasum — ұлтабар, tomeo — кесу, тілу) — абомазотомия, ұлтабарды тілу.

Аборальный (лат. ab — дан, ден, нан, нен; or, oris — ауыз) — аборальдық; жануарлардың бас аумағында пайдаланылатын халықаралық морфологиялық термин. Бас аумағындағы немесе бассүйектегі ауызға қарама—қарсы жатқан дене бөліктеріне қатысты қолданылатын атау.

Абориген (лат. aborigine — басталу, бастама) — абориген, жергілікті; **Аборигенное животное** — жергілікті мал.

Аборт (лат. abortus — іштастау) — аборт, іштастау.

Абразия — абразия; қырмалау; мал дәрігерлік көмек кезінде мүшелерді қырмалап тазарту әдісі.

Абсолютный (лат. absolutus — шартты, шексіз) — абсолюттік, мысалы, абсолюттік спирт, шексіз тыныштық.

Абсорбент — абсорбент, сіңіргіш зат.

Абсорбция (лат. absorbtio — сіңіру, сору) — абсорбция, сіңіру, сору.

Абсцесс (лат. abscessus — іріңдік) — абсцесс, іріңдік; іріңді қабыну нәтижесінде ұлпалар мен мүшелерде жиналған шектеулі іріңдік.

Авидитет — авидитет; антидене мен антиген қосылысының беріктігі.

Авитаминоз (грек. a — жоқ, лат. vita — тіршілік және aminum — амин) — авитаминоз, витаминсіздік, дәруменсіздік; жануарлар организмдеріндегі витаминдердің (дәрумендердің) жетіспеушілігі.

Авителлиноз — авителлиноз; қой мен ешкінің цестодоздар тобындағы **авителлиндер** таспа құрттары қоздыратын ішқұрт ауруы (гельминтоз).

Авто (грек. autos — өзі, өздігінен) — ветеринарлық терминологияда қолданылатын қоссөзді терминдер құрамына кіріп, “өздігінен” деген мағына беретін атау.

Автогамия (грек. *autos* – және *gamos* – неке) – автогамия; өздігінен ұрықтану (кейбір біржасушалы қарапайым жәндіктер жасушасындағы екі ядроның қосылуынан организмнің өздігінен ұрықтануы).

Автоклав (грек. *autos* – және лат. *clavis* – кілт) – автоклав; будың жоғарғы қысымымен зарарсыздандыратын аспап.

Автолиз (*autolysis*; грек. *autos* – өзім, өздігінен; *lysis* – ыдырау, еру) – автолиз, өздігінен еру жасуша; цитоплазмасы құрамындағы гидролиздік ферменттерінің (гидролазалардың) әсерінен жасушалар мен ұлпалардың (тканьдердің) өздігінен ыдырауы. Автолиз – жәндіктердің түрөзгеруі (метаморфозы), оқыс тітіркеніс кезінде кесірткенің құйрығын өздігінен үзіп тастау (автотомия) құбылысы, өлексенің ыдырауы кездерінде және тірі организмнің өліеттену ошақтарында байқалады.

Автономный – автономды; мысалы, автономды жүйке (нерв) жүйесі немесе вегетативтік жүйке жүйесі (грек. *autos* – өзім, өздігінен; *nomos* – заң; *systema nervosum autonomicum*) – жануарлар организміндегі тамырлар жүйесі (қан айналым жүйесі, лимфа айналым жүйесі, қан жасау) мүшелерінің, ішкі мүшелердің (ас қорыту, тыныс алу, зәр бөлу, көбею жүйелері мүшелерінің), ішкі және сыртқы секреция бездерінің, бірыңғай салалы ет ұлпасының қызметтерін реттейтін жүйке жүйесінің тәуелсіз бөлігі.

Автоподий (*autopodium*; грек. *autos* – өзім, өздігінен; лат. *podium* – аяқ, негіз) – автоподий; аяқтардың еркін қозғалатын бөлімінің төменгі бөлігі.

Автополиплоидия (грек. *autos* – өзім, өздігінен; *polys* – көп; *eidos* – түр) – автополиплоидия; жасушалар ядроларындағы хромосомалар жиынтығы санының бірнеше рет көбеюі нәтижесінде пайда болған тұқым қуалайтын өзгергіштік.

Авторадиография (*autoradiographia*; грек. *autos* –

өзім, өздігінен; лат. radio — сәуле; грек. grapho — жазамын) – авторыдиография; зерттеу нысанындағы (жануарлар жасушалары, ұлпалары, мүшелері) белгіленген радиоактивті изотоптардың жинақталу мөлшерін талдауға арналған цитологиялық әдіс. Авторыдиография әдісі — биологияда, медицинада, ветеринарияда қолданылады.

Автосиндез (грек. autos — өзім, өздігінен; syn — қосылу) – автосиндез; біртекті геномдар (мысалы аталық геном – А — ның А — мен немесе аналық геном – В — ның В — мен) хромосомаларының тек өзара қосылу (конъюгация) құбылысы.

Автотрофы (грек. autos — және trope — қорек, қоректену) — автотрофтар; бейорганикалық заттардан (көмірқышқыл газ, су, азоттың бейорганикалық қосылыстары) фотосинтез (жасыл өсімдіктер) және хемосинтез (кейбір бактериялар — хемотрофтар) арқылы күрделі органикалық заттарды (нәруыздар, майлар, көмірсулар) түзетін организмдер.

Автофагия (грек. autos — өзім, өздігінен; phagein — жеу, жою, жемірлік) – автофагия; жасуша цитоплазмасында түзілген артық заттарды, мысалы қалыптан артық мөлшерде түзілген гормон дәншелерін (түйіршіктерін), жасушадағы өзінің лизосомаларының көмегімен жою құбылысы. Өзінде түзілген заттарды ерітіп жоятын лизосомаларды **автофагосомалар** – деп атайды.

Автофлуоресценция (грек. autos — өзім, өздігінен; fluores — жарық; лат. escent — әлсіз әсер) – автофлуоресценция; гистологиялық жоньндыларды флуоресцентті микроскоп арқылы ультракүлгін, күлгін, немесе көкшіл сәулелермен зерттеген кезде, жануарлар ұлпалары құрамындағы заттардың сәулелі қуат (энергия) әсерінен қозуы нәтижесінде зерттеу нысанының өздігінен қысқамерзімдік жарықтану қабілеті. Нысанның жарықтануы —

жарық спектрінің көрінетін көгілдір түсті аймағында байқалады.

Агалактия (грек. а — жоқ, galactos — сүт; лат. lac — сүт) — агалактия, сүтсіздік; желіндегі сүттің түзілу процесінің тиылып тоқтауы. Желінсау, аусыл, іштастау, эндокринді бездер қызметінің бұзылуы т.б. себептерге байланысты желін паренхимасы бұзылып, оның орнын дәнекер ұлпасының басуы салдарынан орбитін дерт.

Агаммаглобулинемия (а — жоқ және гаммаглобулин) — агаммаглобулинемия, гаммаглобулинсіздік; қандағы гаммаглобулиннің жеткіліксіздігі.

Агломерация (лат. agglomeratio — қосу, жинақтау) — агломерация; қоспа түзу.

Агглютинация (лат. agglutinatio — жабысу, желімдену) — агглютинация, жабысу, желімдену; өзіндік антигендік қасиеттері бар сұйықтағы қан жасушаларының, мысалы эритроциттердің, арнайы антиденелер — агглютининдердің әсерінен бір-бірімен жабысып тұнбаға түсуі. Агглютинация реакциясы қан топтарын анықтау үшін қолданылады.

Агглютинины — агглютининдер; эритроциттерді немесе басқа заттарды жабыстырып желімдейтін заттар, антиденелер.

Агглютиногены — агглютиногендер; антиденелермен әрекеттесетін антигендер.

Агевзия — агевзия; дәм сезімталдығының (татымның) жоғалуы.

Агенезия (грек. а — жоқ және genesis — шығу тегі, жетілу) — агенезия, кемтарлық; түрлі себептерге (зиянды сәулелер, улану т.б.) байланысты жыныс жасушалары хромосомаларындағы ақауларға сәйкес кейбір дене мүшелерінің туа жетілмей қалуы, төлдің кемтар тууы.

Агент (лат. agens — себепкер) — агент, себепкер.

- Агония** (грек. *agonia* – күрес) – агония; тіршіліктің соңғы жанталас кезеңі, жантау кезеңі.
- Агранулоцитоз** – агранулоцитоз; қандағы агранулалы (цитоплазмасында дәншелер болмайтын) лейкоциттердің қалыптан тыс көбеюі.
- Агранулоциты** (грек. *a* – жоқ және лат. *granulum* – дән, дәнше, түйіршік; *kytos* – қуыс ұяшық, жасуша, жасуша) – агранулоциттер, қанның дәншесіз лейкоциттері (лимфоциттер, моноциттер);
- Агранулярная эндоплазматическая сеть** (грек. *a* – жоқ және лат. *granulum* – дән, дәнше, түйіршік) – агранулалы (тегіс) эндоплазмалық тор; цитоплазма ішіндегі биологиялық жарғақтардан құралған тор қабырғаларында рибосома органелласы болмайтын жасушаның жалпы органелласы.
- Агрессин** – агрессин; жануарлар организмнің қорғаныс қабілетін төмендететін ауру тудырушы микроорганизмдер өнімі.
- Агрегация** (лат. *aggregatio* – қосылу, байланысу) – агрегация, байланысу.
- Агрегация клеток** – жасушалар агрегациясы; жасушалардың плазмалық жарғақтары арқылы бір-бірімен өзара жабыса байланысуы.
- Агро** (лат. *agrarius* – ауыл шаруашылығы) – қоссөздік терминдер құрамына кіріп, ауыл шаруашылығына байланысты атауларды анықтайды.
- Агробиология** – агробиология; егіншілік шаруашылығындағы биологиялық заңдылықтармен шұғылданатын ілім.
- Адамантобласты** (грек. *adamas, adamantos* – кіреуке, эмаль; *blastos* – өскін), **энаamelобласты** (*enameloblasti*; лат. *enamelum* – эмаль, кіреуке; грек. *blastos* – өскін) – адамантобласттар, энаamelобласттар; эктодермадан дамып, кіреуке (эмаль) мүшесі ішкі қабырғасының кіреуке эпителиоциттерінен жетіліп, тістің кіреуке қабатын түзетін пішіні призма тәрізді жасушалар.

Адаптация (лат. adaptatio — бейімделу) — адаптация; жануарлар организмі құрылысы мен қызметінің тіршілік ортасына бейімделуі.

Адаптометр — адаптометр; көздің ортаға бейімделу қабілетін анықтайтын аспап.

Адвентициальная жасуша (лат. adventitius — келімсек және жасуша) — адвентициялық жасуша, адвентициялық жасуша; қан және лимфа тамырларының сыртқы борпылдақ дәнекер ұлпалы қабығында кездесетін жетілмеген және шала маманданған жас жасуша.

Адвентициальная оболочка (tunica adventitia; лат. tunica — қабық, adventitius — келімсек) — адвентициялық қабық; дене қуыстарынан (көкірек, құрсақ, жамабас) тыс орналасқан түтікше мүшелердің (жұтқыншақ, көмекей, өңеш пен кеңірдектің мойын бөліктері және тік ішек пен қынаптың соңғы бөлімдері, қан және лимфа тамырлары) сыртқы борпылдақ дәнекер ұлпалы қабығы.

Адвентиция — адвентиция; адвентициялық қабықтың қысқа атауы (қаптама қабық).

Адгезия (лат. adhaesio — жабысу) — адгезия; фагоцитоз кезінде қармалатын заттардың (бактериялардың, қызметін тоқтатқан жасушалар мен олардың бөлікшелерінің және т.б.) ұлпалар макрофагтары (моноциттер туындылары) мен микрофагтардың (лейкоциттер) плазмолеммаларына жабысу процесі.

Аддисона болезнь — Аддисон дерті; бүйрекүсті безінің қыртысты заты қызметінің бұзылуына байланысты өрбитін ауру.

Аддуктор (adductor; лат. ad — ішке қарай; ducō — серпу, яғни ішке тарту, жақындатқыш) — аддуктор, жақындатқыш; жануарларда алдыңғы және артқы аяқтардың көпбілікті буындарына әсер ете отырып, аталған мүшелерді дене тұлғасына жақындататын бұлшықет. Аддукторларға иық буынына әсер ететін

“жауырынасты бұлшықеті”, жамбас-ортан жілік буынын қозғалтатын “сымбат бұлшықеті” және “санды жақындатқыш бұлшықет” жатады.

Аддукция (лат. *adductio* – жақындау) – аддукция, жақындау; организмнің (оң, немесе сол) бүйір аумағынан омыртқалы жануарлар денелері омыртқа жотасының бойымен өтіп, оларды тепе—тең екі жарты бөлікке бөлетін орталық сагиттальды (лат. *sagitta* — жебе) жазықтыққа, яғни, ішкі орталық жазықтыққа қарай бағытталған қозғалыс. Аддукцияны іс жүзіне асыратын бұлшықеттерді “аддукторлар” деп атайды.

Адекватный – адекватты, үйреншікті.

Адекватный раздражитель — үйреншікті тітіркендіргіш.

Адениловая кислота (аденил) – аденил қышқылы; жануарлар бұлшықеттері ұлпалары қызметінде маңызды роль атқаратын қарапайым нуклеотид. Аденил қышқылы — фосфор қышқылының бір молекуласынан, дезоксирибозаның бір молекуласынан және адениннен (азоттық негіз) тұрады.

Аденин – аденин; жасуша ядросының құрылымдық негізі — хромосома жіпшелерін құрауға қатысатын дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) мен жасуша цитоплазмасы мен ядрошықтағы рибонуклеин қышқылын (РНҚ) түзуге қатысатын азоттық негіз, пурин негізі.

Аденовирусы (грек. *aden* – без, лат. *virus* — у) – аденовирустар; без вирустары.

Аденовирусные болезни – аденовирус аурулары; аденовирустар қоздыратын жұқпалы аурулар.

Аденогипофиз (*adenohypophysis*; грек. *aden* – без; *hypo* – төменгі, асты; *physis* — құрылым) – аденогипофиз, безді гипофиз; ұрықтық даму кезінде біріншілік ауыз қуысы эктодермасынан жетілетін гипофиздің безді бөлігі.

Аденозин – аденозин; аденин мен дезоксирибоза көмірсуынан тұратын қосынды, суда еритін түссіз кристалл, балқу температурасы 229°. Жануарлар денесінде аденил қышқылы ыдыраған кезде түзіледі.

Аденозинфосфорные кислоты – аденозинфосфор қышқылдары; организм ұлпалары (тканьдері) жасушаларындағы энергияның (қуаттың) алмасуына қатысатын қышқылдар (аденозиндифосфат – АДФ, аденозинтрифосфат – АТФ).

Аденозинтрифосфатаза – аденозинтрифосфатаза; аденозин — трифосфат гидролизін, яғни аденозинтрифосфаттың аденозиндифосфат пен фосфор қышқылы қалдығына ыдырауын, соның нәтижесінде химиялық энергияның бөлінуін қамтамасыз ететін фермент.

Аденокарцинома (грек. aden – без, karkinoma — ісік) – аденокарцинома; безді мүшелерде (желінде, қарында т.б.) өрбитін қатерлі ісік

Аденома – аденома; бездерде безді эпителий ұлпасынан қалптасатын қатерсіз ісік.

Аденоматоз – аденоматоз; мүше ұлпаларының без тәрізді шоғырланып өсуі, мысалы, өкпе аденоматозы. Аденоидты **Аденоидный** (грек. aden – без; eidos — түр) – аденоидты; түр сипаты мен құрылысы безге немесе лимфоидты ұлпаға ұқсаған гистологиялық құрылым.

Адецидуаты (грек. а — жоқ; лат. deciduus — түсіп қалу, бөліну) — адецидуаттар; буаздық кезеңінде, жатырдың ішкі кілегейлі қабығында (эндометрийінде) төл туғаннан соң арнайы бөлініп түсетін қабықша түзілмейтін жануарлар. Адецидуаттарға барлық тұяқты үй жануарлары жатады.

Адинамия (грек. а – жоқ, dynamia – күш) – адинамия, күшсіздік; организмнің (ашығу мен түрлі ауруларға байланысты) қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, қозғалуға қабілетсіздік.

Адонизид – адонизид; угұлжапырақтан алынатын жүрек дәрісі.

Адонис весений – угұлжапырақ (жүрек гликозидтері алынады).

Адреналин (лат. *adrenalinum*; лат. *ad* – маңында, қасында; *ren* – бүйрек) – адреналин; бүйрекүсті безінің бозғылт затын құрайтын хромаффинді жасушалар тобының адреноциттері бөлетін гормон. **Адреналовая система** – адреналдық жүйе; хромаффин жасушалары топтарынан құралған ірілі – уақ құрылымдар жүйесі.

Адренокортикотропный гормон – адренокортикотроптық гормон; бүйрекүсті безі қыртысты затының қызметін күшейтетін гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормоны (АКТГ).

Адренэргическая нервная система – адренэргиялық жүйке жүйесі; вегетативтік жүйке жүйесінің жүйке түйіндерінен (ганглийлерінен) кейін орналасқан (постганглионды) симпатикалық жүйке талшықтарынан құралады. Олардың жүйке ұштары адреналин және норадреналин олигопептидті нейрогормондарын бөледі.

Адсорбент – адсорбент, тұтқыш зат; өзімен жанасқан улы заттарды бойына сіңіріп, денеге дарытпай ұстап тұратын, суда ерімейтін, химиялық реакцияларға түспейтін қатты зат (белсендітілген көмір, тальк, ақ балшық т.б.).

Адсорбция (лат. *adsorbtiа*; *ad* – үсті, беті; *sorbeo* – сіңіру, тұту) – адсорбция, тұту; қоймалжың жасуша цитоплазмасының сыртқы бетіндегі коллоидты бөлшектер – мицеллдер кешенінің, беткейлік қуаттың (энергияның) әсерінен еріткіш (дисперстік) ортадағы электролит иондарын не басқа ертінді құрамындағы, немесе газдардағы бөлшектік заттарды тұтып сіңіруі.

Адьюванты – адьюванттар; вакцинаның әсерін күшейтетін қоспалар.

- Азиатская чума птиц** — құстың азиялық обасы.
- Азидин** — азидин; пироплазмаға қарсы қолданылатын дәрі.
- Азоспермия** — ұрықсыздық; шәуетте спермийлердің болмауы.
- Азотемия** — азотемия; қанда нәруыздық алмасу өнімдерінің (несепнәр, зәр қышқылы, креатин т.б.) шамадан тыс көбеюі.
- Азотурия** — азотурия; зәрдің құрамында азотты заттардың (зәр қышқылы, аммиак, гиппур қышқылы т.б.) организмнен шектен тыс көп бөлінуі.
- Акантоз** (грек. *akantha* — қылтанақ, тікенек) — акантоз; тері эпидермисі қылтанақты қабаттағы эпидермоциттердің қаулап өсіп, терінің төменгі қабаттарына бойлап енуі, терінің зілді ауруы (папилломатоз, трихофития ауруларының бір белгісі).
- Акантоцефалез** (*akanthocephaloses*; грек. *akantha* — тікенек, *kephale* — бас) — акантоцефалез; тоғышар акантоцефалдар (тікенбас құрттар — гельминттер) тудыратын ішек ауруы (шошқада, итте, құста, балықта т.б.).
- Акарапидоз пчел** (грек. *akari* — кене, лат. *acarus* — кене) — бал арасының акарапидозы; тоғышар кенелер тудыратын инвазиялық ауру (арахноз ауруы).
- Акариазис** — акариазис; терінің арахноз ауруы.
- Акариды** — акаридтер; қышыма кенелер тұқымдастары.
- Акарозы** — акароздар; акаридтер тудыратын қышыма қотыр.
- Акарология** (грек. *akari* — кене, *logos* — ілім) — акарология; түрлі кенелердің дене құрылысын, ғылыми жіктелуі мен табиғатта таралуын (экологиясын), олардан адам мен жануарларға, өсімдіктерге жұғатын ауруларды, осы ауруларға қарсы қолданылатын шараларды зерттейтін ғылым саласы.
- Акинезия** (грек. *a* — жоқ, *kinesis* — қимыл) — акинезия; қимылсыздық.

- Акклиматизация** (лат. ad — үшін және климат) — акклиматизация; организмнің жаңа тіршілік ортасына бейімделуі, жерсіну.
- Аккомодация** (лат. accomodatio — бейімделу) — аккомодация, көндігу, бейімделу.
- Аккомодация глаза** — көз аккомодациясы; мысалы, көздің әр түрлі қашықтан көруге бейімделуі.
- Аккумулятивное** (лат. accumulatio — жинақтау) — жинақтау; дәрі әсерінің организмде жинақталуы.
- Аконит** — уқорғасын; күшәла шөп.
- Аконитин** — аконитин; уқорғасындағы органикалық азотты зат.
- Акробустит** — акробустит; күпектің қабынуы.
- Акромегалия** (akromegalia; грек. akron — аяқ, қол; megas — үлкен) — акромегалия; гипофиз аденомасы (аденогипофиздің ісігі) кезінде өсу гормоны — соматотропиннің шамадан тыс көп мөлшерде бөлінуіне байланысты жануарлар бас сүйектері (жақ және қабақ сүйектері) және аяқтар сүйектерінің, сондай — ақ ішкі мүшелердің шектен тыс дамып өсуі.
- Акромион** (грек. acros — ұшы, шеткі; omos — иық) — акромион, жауырын өсіндісі; жауырын қырының төменгі ұшындағы өсінді. Акромион — жұп тұяқты жануарлар (сиыр, қой, ешкі және т.б.) мен жыртқыштардың жауырындарында болады, ал тақ тұяқты жануарлар (жылқы, құлан, есек) мен талғаусыздар (шошқа) жауырындарында болмайды.
- Акроподий** (acropodium; грек. acros — ұшы, шеткі; лат. podium — аяқ, негіз) — акроподий; аяқтардың еркін қозғалатын бөлімінің соңғы бөлігі — аяқ бастарының (автоподийлердің) ұшындағы бақайлар.
- Акросома** (acrosoma; грек. acros — ұшы, шеткі; soma — дене) — акросома; сперматозоид басының алдыңғы бөлігінде орналасқан оймақ тәрізді құрылым. Ол — құрылысы күрделі өзгерістерден өткен Гольдж” кешенінің туындысы.

Акрсомная реакция — акросомалық реакция; ұрықтану кезеңінде сперматозоид басының жұмыртқа жасушасына жанасуы кезінде акросома қабықшасының еріп, акросомалық жіпшелердің жұмыртқа жасушасы қабықшаларына ену реакциясы. Электронды микроскопиялық зерттеуге дейін, акросома ұрықтану процесі кезінде жұмыртқа жасушасы қабықшаларын қандауыр тәрізді тесіп өтеді деген жаңсақ ұғым болған. Шын мәнінде, жұмыртқа жасушасындағы ұрықтану төмпегінің пайда болуы осы акросомалық реакцияға байланысты.

Аксон (грек. аксон – білік, ось) – аксон, нейрит; цитоплазмасында нәруыз түзуші органеллалары болмайтын нейроциттің жіп тәрізді ұзын өсіндісі. Аксон — жүйке толқынын нейроцит денесінен, яғни перикарионнан (нейроциттің ядро орналасқан бөлігі) басқа нейроциттерге немесе орындаушы мүшелер жасушаларына өткізеді. Аксонды “нейрит” — деп те атайды.

Активатор – активатор; реакцияны жеделдеткіш зат, аспап.

Актинобациллез – актинобациллез; сәулелі саңырауқұлақ тудыратын созылмалы ауру, жалған боғмала.

Актиномикоз – актиномикоз; боғмала.

Актиномицеты – актиномицеттер; сәулелі саңырауқұлақтар.

Актомиозин (aktinomyosin; грек. aktis — сәуле, mys — бұлшықет) – актомиозин; ет жасушасы, немесе бұлшықет талшығы (симпласт) цитоплазмасындағы актин және миозин миофиламенттерінен құралған жиырылғышмиожіпшелердің(миофибриллалардың) нәруызды кешені.

Акуариидоз – акуариидоз;құстың гельминтоз ауруы.

Акушерство (франц. accoucher – төлдеу) – акушерство; акушерлік; акушерлік ілім.

Алейкия – алейкия; дәншелі лейкоциттердің (нейтрофилдер, эозинофилдер, базофилдер) азаюы.

Александрийский лист (сенна) – ешкісабақ; іш айдағыш дәрі.

Алеутская болезнь норок – күзеннің Алеут ауруы.

Алиментарный – алиментарлық; азық арқылы беріледі, жұғады деген мағына береді:

- **алиментарная анемия молодняка** – төлдің алиментарлық қаназдығы;
- **алиментарная инфекция** – алиментарлық инфекция;
- **алиментарное истощение** – алиментарлық жүйеу, көтерем болу.

Алкалоз (лат. *alkali* – сілті) – алкалоз; жануарлар организмінде қышқыл—сілті теңдігінің бұзылуы нәтижесінде қан құрамында сілті катиондарының қалыптан тыс көбеюі.

Алкалоиды (лат. *alkali* – сілті, грек. *eidos* — түр) – алкалоидтар; органикалық азотты сілтілі заттар. Өсімдіктерден алкалоидтардың 10000 астам түрлері алынады. Олар негізінен жүйке жүйесіне әсер етеді. Сондықтан, олардың өкілдері (кофеин, морфин, эфедрин, стрихнин, атропин, пилокарпин, ареколин т.б.) медицина мен ветеринарияда қолданылады.

Алкоголь – алкоголь; спиртті ішімдік.

Аллантоис (*allantois*; грек. *allas* – шұжық, *eidos* – түр) – аллантоис, несепқабық; ұрықтың артқы ішегінен жетіліп, уақытша қызмет атқаратын, ұрықтық зәр жиналатын ұрық қабығы. Құстарда несепқабықтың қан тамырлары – ұрық пен сыртқы орта аралығындағы газ алмасуды да қамтамасыз етеді.

Аллергены (грек. *allos* – басқа, *ergon* — қимыл, әрекет) – аллергияны қоздыратын заттар.

Аллергический – аллергиялық:

- **аллергическая диагностика** – аллергиялық анықтау;
- **аллергические болезни** – аллергиялық аурулар;
- **аллергические диагностические пробы** – аллергиялық анықтау сынамалары.

Аллергия – аллергия; бөгде нәруыздың (ақзаттың) қайта енуіне организмнің сезімталдығы.

Аллотрифагия (лизуха) – жалаңшық, жебір.

Аллохол – аллохол; бауыр дәрісі.

Алоэ – алоэ; алоэ жапырағынан алынған шырыны дәрі ретінде қолданылады.

Алтей – жалбызтікен; түбірі дәрі ретінде пайдаланылады.

Альбинизм (лат. albus – ақ) – альбинизм; ақтаңдақтану.

Альбихтол – альбихтол; тиофан мен көмірсутектің қосындысы.

Альбумин – альбумин; қан сарысуының нәруызы (сүтте, жұмыртқада да болады).

Альбуминурия – альбуминурия; альбуминнің зәр арқылы шығуы.

Альбумозория – альбумозория; альбумозаның зәр арқылы шығуы.

Альвеококкоз – альвеококкоз; ішқұрт ауруы.

Альвеола (лат. alveolus — ұяшық, көпіршік) — альвеола, көпіршік, ацинус, ұяшық; пішіні сопақша, немесе дөңгелекше келген, кең қуысты қапшық тәрізді құрылым:

- **альвеола зуба** – тіс ұяшығы; жоғарғы және төменгі жақ сүйектеріндегі тістер орналасқан ұяшықтар;
- **альвеола желез** – без көпіршігі, ацинус; кейбір бездердің сөл бөлетін соңғы бөлімдері;
- **альвеола легких** — өкпе көпіршігі; өкпенің газ алмасу бөліміндегі құрылымдық бірлік.

Альвеолярный макрофагоцит (macrophagocytus alveolaris; грек. macros — үлкен, ұзын; phagein — жеу, жұту; kytos — жасуша; лат. alveolus — көпіршік) — альвеолярный макрофагоцит; қан қылтамырларынан (капиллярларынан) өкпе альвеолаларына өтіп, фагоцитарлық (жемірлік, қорғаныс) қызмет атқаратын, қанның агранулалы лейкоциттері – моноциттерден жетілетін жемір жасушалар.

Альвеолярный мешочек (sacculus alveolaris; лат. sacculus — қапшық; alveolus — ұяшық, көпіршік) — альвеолалық қапшық; қабырғалары өкпе альвеолаларынан құралған, альвеолалық өзектерден тарамдалған пішіні әртүрлі өкпедегі кең қуысты қапшық.

Альдегиды – альдегидтер; құрамында карбоксил тобы болатын органикалық қосындылар.

Альдостерон – альдостерон; бүйрекүсті безінің қыртысты заты шумақты аймағында түзілетін гормон, кортикостероидтар тобына жатады. Организмдегі минеральды алмасуды қамтамасыз етеді.

Альтгаузена проба – Альтгаузен сынамасы; зәрдегі индиканды анықтауға қолданылады.

Альфавирусы – альфавирустар.

Альфортиоз – альфортиоз; жұптұяқты жануарлардың ішқұрт ауруы.

Аляриоз – аляриоз; етқоректі жануарлардың ішқұрт ауруы.

Амакринный нейрцит (neurocytus amacrinus; грек. neuronum – жүйке, нерв; kytos – жасуша, жасуша; amacrinus – а – жоқ, macros – үлкен, ірі; яғни ірі емес) – амакринді нейрцит; көздің торлы қабығын құрайтын биполярлы және мультиполярлы ганглионды нейрциттер (жүйке жасушалары) жанасымдық (синапстық) байланыстары аралықтарында орналасқан аксонсыз (нейритсіз) жүйке жасушасы.

Амбоцептор – амбоцептор; антидененің көне атауы.

Амбулатория – емхана;

Амбулатория ветеринарная – ветеринарлық емхана.

Амеба – амеба; біржасушалы қарапайым жәндік.

Американская чума – америкалық оба.

Американский гнилец пчел – бал арасының америкалық шірік ауруы.

Американский энцефаломиелит – америкалық делбе.

- Амидопирин** – амидопирин; дененің ыстығын қайтаратын фермент.
- Амидостомоз** – амидостомоз; қаз бен үйректің ішқұрт ауруы.
- Амидофос** – амидофос; оқыраға қарсы қолданылатын дәрі.
- Амизил** – амизил; түйнемеге қарсы қолданылатын дәрі.
- Амилаза** – амилаза; крахмалды қарапайым құрамына ыдыратын дәрі.
- Амилоидоз** – амилоидоз; нәруыздың зат – **амилоидтың** ұлпаларда түзіліп, жиналуы.
- Аминазин** – аминазаин; тыныштандырғыш дәрі.
- Аминокислоты** – амин қышқылдары; құрамында карбоксил және амин топтары болатын органикалық қосылыс, белоктардың мономерлері.
- Аминотрансферазы** – аминотрансферазалар: ферменттер тобы.
- Амитоз** (amitosis; грек. а – жоқ; mitos – жіп) – амитоз; бөліну кезінде жасуша ядросында күрделі өзгерістер болмайтын жасуша бөлінуінің сирек кездесетін түрі. Амитоздық бөліну кезінде жасуша хромосомалары көрінбейді және бөліну ұршығы түзілмейді.
- Амнион** (грек. amnion – сулы қабық) – амнион, қағанақ; қағанақты омыртқалы жануарлар ұрығын (құрсақтағы шарананы, іштегі төлді, жұмыртқадағы балапанды) сыртынан тікелей қаптап жатқан жұқа қабырғалы, қуысы қағанақ сұйығына толған, пішіні көпіршікке ұқсас ішкі ұрық қабығы.
- Амниотическая жидкость** – амнион сұйығы, қағанақ сұйығы; қағанақтың ішкі бетіндегі эктодерма (сыртқы ұрық жапырақшасы) жасушалары бөлетін сұйық.
- Амниоты** (грек. amniota – амниоттар) – амниоттар; ұрықтық даму кезеңі (эмбриондық кезең) ішкі ұрық қабығы – амнион (қағанақ) қуысындағы сұйық орта-

да өтетін жоғарғы сатыдағы омыртқалы жануарлар. Амниоттарға (қағанақтыларға) ұрықтары құрлықта дамуға бейімделген бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректі жоғары сатыдағы жануарлар жатады.

Аморфное вещество (грек. а – жоқ; morphe — пішін, форма; substantia — зат) – аморфты зат; борпылдақ дәнекер ұлпасы жасушалары мен талшықтарының аралықтарын толтырып тұратын, атқаратын қызметіне сәйкес қоймалжыңдығы өзгеріп отыратын гел тәрізді іркілдек пішінсіз масса.

Ампула – ампула; дәрі құятын бітеу шыны ыдыс.

Ампулярные железы (glandulae ampullares; лат. glandula — без, ampulla – ампула, қампайма) — ампулалық бездер; еркек жануарлар шәует жолының несепжыныс өзегіне ашылар алдындағы ампула тәрізді қампайып кеңейген безді бөлігі.

Ампутация (лат. amputatio – кесіп тастау) – ампутация; кесіп тастау, хирургиялық (оталық) операция.

Амфибластула (грек. amphі – екі түрлі; bios — тіршілік; blastos — өскін) – амфибластула; біржасушалы ұрық — **зиготаның** бөлшектенуі нәтижесінде түзілетін, пішіні шар тәрізді, ішкі қуысы сұйыққа толған қосмекенді жануарлар эмбриогенезінің алғашқы даму сатысындағы ұрығы.

Анабазис – итсигек.

Анабиоз (грек. anabiosis — тірілту) – анабиоз; организм тіршілік жағдайының қоршаған орта қолайсыз жағдайларына (температура, ылғал т.б.) бейімделу мақсатымен тым баяулауы. Анабиоздың көрінісі – жазғы шілденің тым қатты ыстық кезінде, немесе қыстың қатты аязды айларында жануарлардың ұйқыға кетуі.

Анаболизм (ассимиляция); (грек. anabole – көтеру) – анаболизм, ассимиляция; жануарлар ұлпалары мен жасушаларының құрылымдық бөліктерін

түзу және жаңарту бағытында тірі организмде жүретін химиялық процестердің жиынтығы. Анаболизм – тірі организмге тән зат алмасу процесінің (метаболизмнің) қарапайым заттардан қуатты (энергияны) жинақтау арқылы күрделі молекулалы органикалық заттарды түзу кезеңі.

Анаболия – анаболия; жануарлар организмінде немесе оның мүшелерінде эмбриондық дамудың соңғы сатыларында пайда болатын құрылымдық өзгерістер. Бұл құрылымдық өзгерістер – организмге, оның есеюі кезінде тұрақты белгілер ретінде беріледі. Анаболия – филэмбриогенездің бір түрі (филэмбриогенез теориясын А. Н. Северцов ашқан).

Анаген (anagenus, грек. ana — қайтадан, кері; genesis — шығу, шығу тегі) – анаген; жануарлар тері түктері өсу айналымының (циклінің) кезеңі. Анаген кезеңінде түк баданасының эпителиоциттері митоздық бөліну жолымен белсенді көбейіп, тері түктері жедел өседі. Анаген — жануарлардың мезгілдік түлеуінен кейінгі жаңа тері түктерінің өсу кезеңі.

Анавакцины – анавакциналар; залалсыздандырылған вакциналар.

Анакультура – анакультура; әлсіретілген ауру қоздырғышының өсіні.

Анализ – талдама, талдау.

Анализатор (грек. analysis – жіктелу, талдау) – анализатор, талдағыш; организмдегі шеткі қабылдағыш бөлімдерден (рецепторлардан) басталып, ми орталықтарында аяқталатын күрделі жүйке механизмі

Аналогия (грек. analogia — ұқсастық) – аналогия, ұқсастық, тақылеттілік.

Анальгезия – анальгезия; ауруды сездірмеу, ауырсындырмау, ауырсыздандыру.

Анальгетические средства – ауруды сездірмейтін дәрілер.

Анальгин – анальгин; ауруды және дененің қызуын басын дөрі.

Анальное отверстие – аналь тесігі, артқы тесік.

Анамнез (грек. anamnesis – еске түсіру) – ауыру жөніндегі мәлімет, ескерме.

Анамниоты (грек. an – жоқ; amnion – амнион, қағанақ) – анамниоттар; дернәсілдері (личинкалары) сулы ортада дамиды омыртқалы жануарлар. Олардың ұрықтарын сыртынан қаптайтын ішкі ұрық қабығы – амнион (қағанақ) болмайды. Сондықтан, бұл жануарларды “қағанақсыздар” – деп те атайды. Қағанақсыздарға дөңгелекауыздылар, балықтар, қосмекенділер жатады.

Анаплацефалидозы лошадей – жылқы анаплацефалидоздары; таспа құрттар қоздыратын гельминтоздар.

Анастомоз (грек. anastomosis – анастомоз, жалғама, ұштасу) – анастомоз, жалғама, ұштасу; жануарлар организмдері мүшелерін жүрекпен тікелей байланыстыратын негізгі (магистральды) қан тамырларының шеткей жатқан бүйірлік тармақтарының өзара жалғасып ұштасуы.

Анатоксины – анатоксиндер; зәрі қайтарылған у.

Анатом – анатом; анатомия маманы.

Анатомировать – анатомдау; өлексені сойып тексеру.

Анатомия (грек. anatome – бөлшектеу, кесу, реу) – анатомия; адам мен жануарлар организмдер мүшелері мен мүшелер жүйелерінің үлкейткіш аспаптардың көмегімен көзге көрінетін құрылысын зерттейтін іргелі биологиялық ғылым, морфологияның бір бөлімі.

Анафаза (anaphasis; грек. ana – кері, тең; phasis – фаза, кезең) – анафаза; жасушалардың митозды және мейозды бөлінуі кезінде жұп хромосомалардың жасушаның қарама-қарсы полюстеріне қарай тең бөлініп ажырау кезеңі.

Анафилаксия (грек. ана — қайтадан, arhylaxia — қорғансыздық) — анафилаксия; антигенді қайталап енгізуге организмнің сезімталдығы.

Анафилактический шок — анафилаксиялық талықсу.

Анаэробноз (грек. ап — жоқ, аер — ауа, bios — тіршілік) — анаэробноз; ауасыз ортадағы тіршілік.

Анаэробная диарея цыплят — балапандардың анаэробтық іш өтуі.

Анаэробная дизентерия поросят — торайлардың анаэробтық дизентериясы.

Анаэробная дизентерия ягнят — қозылардың анаэробтық дизентериясы.

Анаэробная инфекция — анаэробты инфекция; ауасыбағасыз микробтар қоздыратын инфекция.

Анаэробы — анаэробтар, ауасыбағасыздар (ауасыз ортада тіршілік ететін организмдер).

Анаэроstat — анаэроstat; анаэробтарды өсіретін аспап.

Ангиология (angiologia; грек. angeion — тамыр, logos — ілім) — ангиология; жануарлар организмдеріндегі жасушалық және ұлпалық деңгейдегі зат алмасуды, көптеген мүшелер мен мүшелер жүйелері қызметтерінің сұйықтық (гуморальдық) реттелуін, организмнің иммундық және фагоцитоздық қорғанысын қамтамасыз ететін тамырлар жүйесі мүшелерін зерттейтін ілім.

Ангиома (грек. angeion — тамыр) — ангиома; қан тамыр ісігі.

Аневризм — аневризм; артерия қабырғасының томпайып кеңеюі.

Анемия — анемия, қаназдық.

Анестезин — анестезин; дене мүшелерін жансыздандыратын дәрі.

Анестезия (грек. anaesthesia — сезімталдықтың болмауы) — анестезия; дәрі жіберіп, кесетін жердің сезімталдығын жою.

Анкилоз — анкилоз; шорбуын.

Анкилостомоз – анкилостомоз; етқоректі жануарлардың ішқұрт ауруы.

Ановуляторный цикл (грек. an — жоқ; лат. ovum — жұмыртқа; ovulatio — ановуляциялық айналым; жұмыртқалықтың жарылу процесі, жұмыртқа жасушасының жарылу арқылы бөлінуі — **овуляция процесі** болмайтын ұрғашы жануарлардың жыныстық айналымы (циклі).

Аномалия (грек. anomalía — қалыптан ауытқу) — аномалия; қалыпты жағдайдан ауытқу.

Антогонизм — антогонизм; қарама — қарсылық.

Антибиотики (грек. anti — қарсы, bios — тіршілік) — антибиотиктер; микроорганизмдердің өніп — өсуін тежейтін органикалық заттар.

Антивитамины — антивитамины; құрамы витаминдерге ұқсас, ал әсері витаминдерге қарсы заттар.

Антигенная единица (АЕ) — антигендік бірлік (АБ), өлшем; бір АЕ — уыттың белгілі бір мөлшерін бейтараптандыра алатын қан сарысуының мөлшері.

Антигены (antigen; грек. anti — қарсы; genesis — шығу тегі) — антигендер; организмге әр түрлі жолдармен енген және оған қарсы жүретін иммундық реакциялар нәтижесінде жануарлар денелерінде қарсыденелер (антиденелер) түзілетін, табиғаты жат ірі молекула-лы нәруыздық заттар, организмге бөгде заттар.

Антидиуретический гормон (грек. anti — қарсы; diuresis — зәр бөлу) — антидиурездік гормон; гипоталамустың алдыңғы бөлімі көруүсті (супраоптикалық) ядросының ірі мультиполярлы холинергиялық нейрондары бөлетін нонапептидтік нейрогормон. Антидиурездік гормонды **вазопрессин** (тамыртарылтқыш) — деп те атайды.

Антидоты — антидоттар; уларға қарсы қолданылатын дәрілер.

Антикоагулянты — антикоагулянттар; қанның ұюын тежейтін заттар.

- Антипиретики** – антипиретиктер; дене қызуын басатын дәрілер.
- Антиоксиданты** – антиоксиданттар; тотығу процесін тежейтін заттар.
- Антипирин** – антипирин; дене қызуын және ауыруын басатын дәрі.
- Антирабические вакцины** — құтырыққа қарсы вакциналар.
- Антисептика** (грек. anti , septicos — ірің) – антисептика; химиялық заттарды қолдану арқылы жараны немесе денені микробтардан сақтау.
- Антитела** – антиденелер, қарсыденелер; жануарлар организміне енген жат бөгде ірі молекулалы нәруыздық заттарға (антигендерге) қарсы иммундық реакциялар нәтижесінде түзіліп, олардың зиянды әсерлерін жоятын нәруыздық заттар (негізінен гамма-глобулиндер). Антиденелерді В – лимфоциттердің туынды жасушалары — **плазмоциттер** бөледі.
- Антитоксины** – антитоксиндер; микроорганизмдер ұларын бейтараптандыратын антиденелер.
- Антиферменты** – антиферменттер; ферменттерді бейтараптандыратын заттар.
- Антифертилизини** – антифертилизиндер; ұрықтану процесі кезінде жұмыртқа жасушасы бөлетін арнайы зат – **фертилизинге** қарсы әсер ететін зат. Олар сперматозоид цитоплазмасының беткей қабатында болады. Антифертилизиндер – молекулалық салмағы 10000 жуық қышқыл протеиндер (нәруыздар).
- Антифунгин** – антифунгин; саңырауқұлақтарға қарсы қолданылатын дәрі.
- Антропозоозы** (грек. anthropos – адам, zoon — жануар) – антропозооздар; адамнан малға жұғатын аурулар.
- Антропургические очаги** – антропургиялық ошақ; адам мекені маңында тіршілік ететін жануарлар арқылы сақталатын індет ошағы.

Анурия (грек. an – жоқ, uron – зәр, несеп) – анурия; несепсіздік, зәртоқтау.

Анус (лат. anus – артқы тесік) – артқы тесік; азық қорыту жүйесінің артқы шығаберіс тесігі, тік ішек ампуласынан кейінгі жуан ішектің ең соңғы бөлігі.

Анэструс (anoestrus; грек. an – жоқ; oistros – құмарлық, әуесқойлық, ынтықтық) – анэструс, күйітсіз кезең; екі жыныстық айналым (цикл) арасындағы жыныстық тыныштық кезеңі.

Аорта (грек. aorte – қолқа) – аорта, қолқа; жүректен артерия қанан алып шығатын негізгі артерия тамыры.

Апепсия – апепсия; қарын сөлінде пепсин ферментінің болмауы.

Апертура (лат. apertura – тесік) – апертура; тесік.

Апиосомоз рыб – балық апиосомозы; балықтың жұқпалы ауруы.

Апикальный (лат. apex – төбе, төбесі) – апикальды; түтік тәрізді мүшелер қуыстарын астарлайтын эпителий қабаттары эпителиоциттерінің, бездердің сөл бөлетін соңғы бөлімі glanduloциттерінің қуыс жағына қараған төбе ұшы.

Аплаценталы (aplacentalia; грек. a – жоқ, лат. placenta – күлше, ұрықжолдас) – аплаценталдар; іштөлдерінің ұрықжолдасы (плацентасы) жетілмеген сүтқоректі жануарлар. Аплаценталдарға клоакалы (ехидналар, үйректұмсықтылар) және қалталы жануарлар жатады.

Апокринная секреция (грек. apex – төбе, krinos – бөлемін) – апокринді секреция; безді жасушалардың (glanduloциттердің) апикальды (төбе) ұштарына жиналған без сөлінің тамшылары мен дәншелері сыртындағы жасуша плазмолеммасымен (қабықшасымен) бірге үзіліп, олардың бөліндіге (секретке) айналуы – glanduloциттер төбе ұштарының жартылай бұзылуы арқылы жүреді. Тер, сүт және ер-

кек жануарлардың қосымша жыныс бездері - өзінің секреттерін апокринді секрециясы арқылы бөледі.

Апоморфин – апоморфин; морфиннің синтетикалық туындысы.

Апневроз (aponeurosi; грек. apo – неден; neuron – жүйке) – апневроз; жалпақ бұлшықеттердің жалпақ сіңірлері.

Апофиз (грек. apophysis – өсік) – апофиз, өсік; жануарлар сүйектеріндегі қосымша шығатын сүйек өсіктері.

Аппетит – тәбет.

Аппозиционный рост (лат. appositio – қабаттану) – аппозициондық өсу; жануарлар организмі ұлпалары мен мүшелерінің сыртқы жағынан жаңа қабаттар түзу арқылы қабаттана жуандап өсуі. Мысалы, сүйек ұлпасының дамуы.

Аптека ветеринарная – ветеринарлық дәріхана.

Аранциев проток – Аранций өзегі; бауырдағы қақпалық вена мен артқы қуыс венаны жалғастырып тұратын вена өзегі. Бұл өзек – тек іштөлінде (эмбрионда) ғана веналарды жалғастыру қызметін атқарады, төл туғаннан кейін өз қызметін тоқтатып, аталған мүшелерді байланыстыратын байламға айналады.

Арахнозы (грек. arachne – өрмекші) – арахноздар; өрмекші тәрізділер қоздыратын аурулар.

Арбовирусы – арбовирустар; буынаяқтылар (кенелер, масалар т.б.) тасымалдайтын вирустар.

Арборициды – арборицидтер; буынаяқтыларды жоятын дәрілер.

Аргасовые клещи – аргас кенелері.

Аргирофильные волокна – аргирофилді талшықтар; күміс тұздарынан таза металл күмісті бөліп, күміспен қара түске боялу қасиеті бар, дәнекер ұлпалары жасушааралық заты талшықтарының бір түрі.

Аргулез – аргулез; қарапайымдылар қоздыратын балық ауруы.

- Ареколин** – ареколин; иттің таспа құрттарына қарсы қолданылатын дәрі.
- Ареометр** – ареометр; сұйықтың үлес (сыбағалы) салмағын өлшейтін аспап.
- Аритмия** (грек. а – жоқ, *rhythmos* — ырғақ) – аритмия; ырғақты қимылдың бұзылуы.
- Аритмия сердца** – жүрек аритмиясы; жүрек ырғағының бұзылуы.
- Артериит** – артериит; артерия тамырының қабынуы.
- Артериола** (*arteriola*; алғ – ауа; *terein* — ішіндегі) – артериола, қызылтамырша; артериялар мен капиллярларды жалғастыратын микроайналым арнасының жіңішке қан тамыры.
- Артериосклероз** – артериосклероз; артерия қабырғасының қатайып, серпімділігін жоюы. Созылмалы ауру.
- Артериальная кровь** – артерия қаны; өкпе тамырларында оттегке қаныққан, түсі алқызыл қан.
- Артерия** (*arteria*; грек. алғ – ауа; *terein* — ішіндегі) – артерия, қызылтамыр; қанды жүректен алып шығып, дене мүшелеріне тарататын ірі қан тамыры.
- Артрит** (грек. *arthron* — буын) – артрит; буынның қабынуы.
- Артроз** – артроз; буынның созылмалы ауруы.
- Артропункция** – артропункция; буын қапшығын тесу.
- Артротомия** – артротомия; буын қапшығын кесу.
- Архаллаксис** (*archallaxis*; грек. *arche* – бастапқы, алғашқы; *allaxis* – өзгеріс) – архаллаксис; организмде, немесе оның мүшелерінде эмбриондық дамудың бастапқы сатыларында пайда болып қалыптасқан құрылымдық өзгерістер. Бұл өзгерістер ұрық организмнің тұрақты белгілері ретінде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.
- Асептика** (грек. а – жоқ, *septicos* — ірің тудырғыш) – асептика; ірің тудырғыш микробтарды жою әдісі.
- Аскарида** – аскарида; жұмыр құрт.

- Аскаридиозы** – аскаридиоздар; құстардың ішқұрт аурулары.
- Аскаридоз** – аскаридоз; шошқаның ішқұрт ауруы.
- Асколи реакция** – Асколи реакциясы; теріні топалаңға зерттейтін преципитация реакциясы.
- Аскомицеты** – аскомицеттер; жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар.
- Аскорбиновая кислота** – аскорбин қышқылы; С витамині.
- Аскофероз пчел** – бал арасының аскоферозы.
- Аспергилез** – аспергилез; құстың және бал арасының жұқпалы ауруы.
- Аспергилотоксикоз** – аспергилотоксикоз; аспергила уымен улану.
- Аспергилы** – аспергилалар; саңырауқұлақтар тобы.
- Асперматизм** – асперматизм; шәуетсіздік.
- Аспермия** – аспермия; шәуеттегі спермийлердің (аталық жыныс жасушаларының) болмауы.
- Аспиратор** – аспиратор; сұйықты сорып алатын аспап.
- Аспирин** – аспирин; дене қызуын қайтаратын дәрі.
- Ассимиляция** (лат. *assimilatio* – сіңіру) – ассимиляция, сіңіру. Анаболизмді қараңыз.
- Ассистент** (лат. *assistens* – жәрдемші) – ассистент, жәрдемші.
- Ассоциация** (лат. *associatio* – қосылу) – ассоциация, бірлестік.
- Ассоциированные вакцины** – ассоциацияланған вакциналар; бірлескен вакциналар, бірнеше вакцина қоспасы.
- Астеник** – астеник, әлжуаз.
- Астигматизм** (*astigmatismus*; грек. *a* – жоқ; *stigma* – нүкте) – астигматизм; көздің қасаң қабығы мен көз бұршағының әркелкі майысып қисаюы нәтижесінде көздің мөлдір ортасының жарық сәулелерін біркелкі дұрыс сындыра алмауының құбылысы, көз рефракциясының бұзылуынан көрудің нашарлауы.

Астма – демікпе.

Астматик – демікпеге шалдыққан жануар.

Астроцит (astrocytus, грек. aster – жұлдыз, kytos – жасуша, жасуша) – астроцит; эктодермадан дамитын пішіні жұлдыз тәрізді жүйкелік глиа (нейроглиа) жасушасы. Жүйке ұлпасының құрамына кіреді.

Асфикция – асфикция, тұншығу.

Асцит – асцит, іш шемені, бөсір.

Атаксия (грек. ataxia – ретсіздік) – атаксия; үйлесімді қозғалыстың бұзылуы.

Ателектаз (грек. ateles – жартылай, ektasis – созылу) – ателектаз; өкпе көпіршіктерінің солуы.

Атеросклероз (грек. athera – быламық және склероз) – атеросклероз; артерия қан тамырлары қабырғаларының қатаюы.

Атипичный – тән емес, ұқсамаушылық.

Атлант (лат. atlas) – атлант, ауыз омыртқа, бауыздау омыртқа (бірінші мойын омыртқа).

Атония (грек. atonia – босаңсу) – атония, босаңсу, әлсіреу.

Атрезия (atresia, грек. a – жоқ, trema – тесік) – атрезия, бітеуөзек; шарананың (іштегі нәрестенің) немесе жануарлар төлдерінің құрсақтағы дамуындағы ауытқулардың салдарынан, олардың денелеріндегі табиғи тесіктердің болмауы.

Атретический фолликул (folliculus atreticus; лат. folliculus – фолликул, грек. a – жоқ; trema – тесік) – атреттік фолликул; жұмыртқалық фолликулалы аймағындағы пісіп жетілмей ыдырау сатысындағы фолликул.

Атриоventрикулярный пучок (fasciculus atrioventricularis; лат. fasciculus – буда, шоғыр; atrium – кіреберіс; ventriculus – қарынша) – атриоventрикулалы буда; жүректің жүрекшесі мен қарыншасын байланыстырып тұратын өткізгіш жүрекет жасушалары (кардиомиоциттері) мен жүйке

талшықтарының будасы. Атриовентрикулалы буда – жүректің жүйке-ет өткізгіш жүйесінің құрамына кіреді.

Атриовентрикулярный узел (nodus atrioventricularis; лат. nodus — түйін; atrium — кіреберіс; ventriculus — қарынша) – атриовентрикулалы түйін; жүйке толқындарын өткізуге маманданған жүрек — ет жасушаларынан (кардиомиоциттерінен) құралған микроскопиялық түйін.

Атропин – атропин; меңдуанадан алынатын алкалоид, А тізіміндегі дәрі.

Атрофия (грек. atropheo; а – жоқ; trophe — қоректік зат, тамақ) – атрофия, сему; қоректік заттың келмеуіне немесе жетіспеушілігіне байланысты дене мүшелері көлемінің кішірейіп әлсізденуі.

Аттенуация (лат. attenuatio — азаю) – аттенуация, азаю; қоздырушылардың уытын азайту.

Аттрактанты – аттрактанттар, еліктіргіш заттар.

Аудитория (лат. audio — есітемін) – аудитория, дәрісхана, оқу бөлмесі.

Ауески болезнь – Ауески ауруы, жалған құтырық.

Аускультация – аускультация, тыңдау.

Аутоаллергия (грек. autos — өзі, өздігінен) – аутоаллергия; өз антигендерінен аллергияға шалдығу.

Аутоантигены – аутоантигендер, өз антигендері.

Аутоантитела – аутоантиденелер; өз антигендеріне қарсы түзілген антиденелер.

Аутовакцина – аутовакцина; өз микробтарынан дайындалған вакцина.

Аутогемотерапия – аутогемотерапия; өз қанын өзіне құйып емдеу.

Аутоинтоксикация – аутоинтоксикация; өз организмінде түзілген умен улану.

Аутоинфекция – аутоинфекция; өзінің микробтары қоздырған инфекция.

Аутолиз (autolysis; грек. autos — өзім, өздігінен; lysis —

еру) – аутолиз; жануарлар организмдеріндегі зат алмасу процесі тоқтағаннан соң, мүшелер мен ұлпалар жасушалары лизосома органеллаларындағы ас қорыту ферменттерінің (гидролазаларының) әсерлерінен дене мүшелерінің өздігінен еріп ыдырау процесі.

Аутопсия (грек. ауто – және orsis – көру) – аутопсия; өлексені жарып тексеру.

Ауторадиография (autoradiographia; грек. autos – өзім, өздігінен; лат. radio – сәуле; грек. grapho – жазамын) – ауторадиография; зерттеу нысанындағы белгіленген радиоактивті (сәулебелсенді) изотоптардың жинақталу мөлшерін талдауға арналған цитологиялық әдіс.

Аутосомы (autosoma; грек. autos – өзім; soma – дене) – аутосомалар; даражынысты жануарлар мен өсімдіктер жасушалары ядроларындағы жыныс хромосомаларынан басқа жұп дене хромосомалары (жыныссыз хромосомалар).

Аутофагосома (autophagosoma; грек. autos – өзім; phagein – жалмау, обу, жеу; soma – дене) – аутофагосома; жұмысын тоқтатып жойылуға тиісті істен шыққан, немесе әр түрлі деңгейде қорытылып жатқан жасушалар органеллаларымен байланысқан лизосома.

Африканская чума лошадей – жылқының африкалық обасы.

Африканская чума свиней – шошқаның африкалық обасы.

Африканский сап – мандам; жұптұяқтылардың ауруы.

Афта – күлдіреуік.

Ахилия (achyilia; грек. а – жоқ; chylos – сөл) – ахилия; уақытша, немесе тұрақты түрде қарын сөлінің қарында, болмаса қарын сөліндегі пепсин мен тұз қышқылының болмауы.

Ацетилсалициловая кислота – ацетилсалицил қышқылы (аспирин).

- Ацетилхолин** – ацетилхолин; холиннің сірке қышқыл эфирі, жүйке жүйесінің медиаторы, Б тізімінде.
- Ацетолактія** – ацетолактія; сүттегі ацетон мөлшерінің көбеюі.
- Ацетонемия** – ацетонемия; ацетонның қанда көбеюі.
- Ацетонурия** – ацетонурия; ацетонның зәр арқылы шығуы.
- Ацидоз** – ацидоз; қан мен ұлпаларда қышқылдың артуы.
- Ацидофильные бактерии** – қышқылға әуес бактериялар.
- Ацидофильное молоко** – ацидофилді сүт; ашытылған сүт.
- Ацидофилия** (acidiphilia; лат. acidum — қышқыл; грек. philein — жақсы көру) – гистологиялық препараттарды дайындау үшін жануарлар организмі мүшелерінен алынған жонындылар микроқұрылымдарының физикалық және химиялық қасиеттеріне сәйкес қышқылдық бояулармен боялу қасиеті.
- Аэрарий** (грек. aer — ауа) – аэрарий; ауа арқылы емдеу орны.
- Аэрация** – аэрация; желдету.
- Аэриобиоз** – аэриобиоз; ауа оттегі бар жерде тіршілік ету.
- Аэробы** – аэробтар; ауа оттегі бар жерде тіршілік ететін организмдер.
- Аэрогенная инфекция** – ауа арқылы жұғатын инфекция.
- Аэрозоль** – аэрозоль; қатты заттың ұсақ бөлшектерінің, немесе сұйық ертіндінің тым майда тамшыларының ауадағы тозаңы.
- Аэрозольная насадка** – аэрозольді бүріккіш ұштама.
- Аэрозольный баллон** – аэрозоль баллоны; аэрозоль дәрісі құйылған металл ыдыс.
- Аэрозольный генератор** – аэрозоль генераторы; аэрозоль жасаушы аспап.
- Аэромонозы** – аэромоноздар; балықтың жұқпалы аурулары.
- Аэротерапия** – аэротерапия; ауамен емдеу.

Б

Бабезиоз – бабезиоз; бабезия қарапайымдары қоздыратын инвазиялық ауру.

Бабеша—Негри тельца – Бабеша—Негри денешігі; құтырықтан өлген жануарлардың миы нейронциттерінде болатын денешік.

Багор – багор; қойды тоғытқанда денесін ертіндіге толық батыру үшін қолданылатын сапты ілгекті бақан.

Багульник болотный — қазанақ; дәрілік көпжылдық өсімдік.

Базальная мембрана (membrana basalis, лат. membrana – жарғақша, basalis – негіздік) – базальды мембрана, негіздік жарғақ; эпителий ұлпасының эпителиоциттері мен олардың астындағы борпылдақ дәнекер ұлпасы шекарасында орналасқан талшықты құрылым.

Базальное тельце (corpusculum basale; лат. corpusculum – денешік, basalis — негіздік) — базальды денешік, негіздік денешік; жасушалардың арнайы органеллалары – **кірпікшелер** мен **талшықтар** құрамында кездесетін құрылым.

Базальный слой – базалды қабат, негіздік қабат; көпқабатты жалпақ эпителий ұлпасының негіздік жарғақпен жанасатын ең төменгі бір қабатта орналасқан призма тәрізді эпителиоциттер қабаты.

Базедова болезнь – Базед ауруы; қалқанша безінің ауруы.

Базофилия – 1. негіздік боялу; жасушалардың құрылымдық құрамдарының негіздік бояулармен көкшіл түске боялу қасиеті; базофилия 2. базофилді лейкоциттердің көбеюі.

Базофилы (базофилы); (basophilae; грек. basis — негіз, philia — сүйу) – базофилдер; жасуша

цитоплазмасындағы дәншелері негіздік бояулармен боялатын жасушалар. Базофилдер — **қан базофилдері** және **ұлпа базофилдері** болып екі топқа бөлінеді.

Базофильный гранулоцит (granulocytus basophilicus; лат. granulum – дәнше, түйіршік; грек. kytos – жасуша; basis – негіз; philia – сүйіспеншілік, жақсы көру) – базофилді гранулоцит; цитоплазмасында негіздік бояулармен көгілдір түске боялған ұсақ дәншелері (түйіршіктері) болатын қанның ядролы ақ жасушасы (лейкоциті).

Базофильное вещество (substantia basophilia; лат. substantia – зат, грек. basis – негіз, philia – жақсы көру) – базофилді зат; жүйке жасушасы — **нейроцит** цитоплазмасындағы негіздік бояулармен (тионин, көк толудиин, көгілдір крезил т.б.) көкшіл түске боялатын, пішіні мен мөлшері әр түрлі түйіршікті дәншелер.

Базофильные миелоциты (myelocytus basophilicus; грек. myelos – жілік майы, kytos – жасуша; basis – негіз; philia – сүйіспеншілік, жақсы көру) – базофилді миелоциттер; жануарлар организмдеріндегі сүйектің қызыл кемігі майының миелоидты ұлпасында дамып жетілетін базофилді гранулоциттер.

Бактериальные болезни – бактериалық аурулар.

Бактериальные факторы — бактериалық факторлар.

Бактериальные фильтры — бактериалық сүзгілер.

Бактериальный вирус – бактерия вирусы; бактерияны ерітетін вирус (бактериофаг).

Бактериемия – бактериемия; бактерияның қанда болуы.

Бактерии (грек. bakterion – таяқша) – бактериялар; ұсақ (микроскоп арқылы ғана көрінеді) ядролы қалыптаспаған тіржасушалы организмдер (прокариоттар).

Бактерийные препараты – бактериялық препараттар;

- бактериядан даярланған препараттар.
- Бактериогемолизины** – бактериогемолизиндер, бактериялық гемолизиндер.
- Бактериолиз** – бактериолиз, бактерияның еруі.
- Бактериолизины** – бактериолизиндер, бактерияны ерітетін антиденелер.
- Бактериологическое исследование** – бактериологиялық зерттеу.
- Бактериологическое оружие** — бактериологиялық қару.
- Бактериолог** – бактериолог, бактериология маманы.
- Бактериология** – бактериология; бактериялар туралы ғылым.
- Бактериоскопия** – бактериоскопия; бактерияны микроскоппен көру.
- Бактериотропины** – бактериотропиндер, фагоцитозды күшейтетін антиденелер.
- Бактериофаг** (бактерия және грек. phagos – жемір, обыр) – бактериофаг; бактерияны жоятын вирус.
- Бактериурия** – бактериурия, бактерияның несепте (зәрде) болуы.
- Бактериоцидность** – бактериоциттік, бактерияны жою қабілеті.
- Балантидиоз** – балантидиоз; инвазиялық ауру.
- Барабанная лестница** (scala tympani; лат. scala — баспалдақ, tympani — дабыл) — дабыл баспалдағы, дабыл өзегі; дабыл қуысының ұлу терезесінен басталып, ұлу күмбезі төбесінде аяқталатын, сүйектік ұлу мен жарғақтық ұлу арасындағы өзек.
- Барабанная перепонка** (membrana tympani, лат. membrana — жарғақ, tympani — дабыл) — дабыл жарғағы; ауадағы дыбыс тербелістерін ортаңғы құлақтағы бір — бірімен буын арқылы қозғалмалы байланысқан есту сүйекшелеріне (балғаша, төс, жасымықша, үзеңгіше) жеткізетін, сыртқы құлақ пен ортаңғы құлақты бөліп тұратын жұқа терілі жарғақты құрылым.
- Барабанная полость** (cavum tympani, лат. cavum —

- қуыс, tympani — дабыл) — дабыл қуысы; ортаңғы құлақ орналасқан самай сүйектің қуысты дабылдық бөлігі.
- Барабанный пузырь** (лат. bulla tympanica) — дабыл сүйек; бассүйек мойындырықтық өсіндісінің алдында, шүйде сүйек денесінің латеральды (бүйір) жағында, тастық бөліктің төменгі бетін ала орналасқан қуысты жұқа сүйек.
- Барбамил** – барбамил (дәрі).
- Барбитал** – барбитал (дәрі).
- Барбитураты** – барбитураттар (дәрі).
- Бария препараты** – барий препараттары (дәрілер).
- Бариясульфатдлярентгеноскопии** – рентгеноскопиялық барий сульфаты.
- Барорецепторы** (baroreceptor, грек. baros — ауырлық, қысым; лат. receptio — қабылдау) – барорецепторлар; жануарлар организмдерінің қан және лимфа тамырлары мен ішкі мүшелер қабырғаларында орналасқан, оларға түсетін қысымды қабылдайтын сезімтал жүйке ұштары.
- Барьер** — тосқауыл.
- Бацилла** – бацилла; спора түзетін бактерия.
- Бациллезы** – бациллездер; бациллалар қоздыратын аурулар.
- Бациллоносительство** – бацилла алып жүру, ауру қоздыратын бациллалардың организмде болғанымен, ауру белгілерінің білінбеуі.
- Бациллярная гемоглобинурия** – бациллалық гемоглобинурия.
- Бацитрацин** – бацитрацин (антибиотик).
- Бделлозы** – бделлоздар, сүліктер қоздыратын балық аурулары.
- Бедренная кость** (os femoris; лат. os — сүйек, femoris — ортан жілік) — ортан жілік; жануарлар артқы аяғының еркін қозғалатын бөлімі жоғарғы (проксимальды) бөлігінің (стилоподиумның) қаңқасы.

- Безнойтиоз** – безнойтиоз; инвазиялық ауру.
- Безоары** — қоя; жануарлардың азық қорыту мүшелерінде болатын қатты заттар.
- Белена** – меңдуана (улы шөп).
- Белое вещество** – ақ зат; үлпекті (миелинді) жүйке талшықтарынан құралған мидың және жұлынның құрам бөлігі.
- Белок** – белок, протеин, нәруыз; жануарлар жасушаларының тірі протоплазмасы массасының 10 – 20 % құрайтын ең ірі полимер. Олардың мономерлері – амин қышқылдары.
- Беломышечная болезнь** – бозеттілік, құсеттілік (төл ауруы).
- Бельмо** – ноғала, көзге түскен ақ.
- Бензидиновая проба** — бензидин сынамасы; еттің сапасын анықтау әдісі.
- Бензилпенициллин** – бензилпенициллин (антибиотик).
- Беременность** – буаздық.
- Бертолетова соль** – Бертолле тұзы (калий хлораты).
- Берцовая кость** – сирақ сүйегі, малая берцовая кость – шыбық сүйек; большая берцовая кость — асықты жілік.
- Бесплодие** – бедеулік.
- Бешенство** — құтырық; жұқпалы ауру.
- Бикорбанат** – бикорбанат; көмір қышылының қышқыл тұзы.
- Бикс** – бикс; стерилдеуші қораб.
- Биливердин** – биливердин; өттің құрамындағы пигмент.
- Билирубин** – билирубин; өттің бояғыш заты, пигмент.
- Билирубинемия** – билирубинемия; қанда билирубиннің көбеюі.
- Билирубинурия** – билирубинурия; билирубиннің несеппен көп мөлшерде бөлінуі.
- Бильхарциеллез** – бильхарциеллез, құс гельминтозы.
- Бинт** – бинт, жара таңғыш.

Биполярные нейроны (neurocytus bipolaris; грек. neuron – нерв, жүйке; лат. bis – екі, қос; polus – полюс) — биполярлы нейрондар, қосполюсті нейрондар, қосөсінділі жүйке жасушалары.

Биоветин – биоветин (антибиотик).

Биогенные стимуляторы – биогендік түрткі.

Биокатализатор – биокатализатор; биологиялық процестерді тездеткіш (ферменттер).

Биокомбинат – биокомбинат; биологиялық дәрмектерді даярлайтын комбинат.

Биология (biologia; грек. bios — тіршілік, өмір; logos – ілім, ғылым) – биология; тірі табиғатты, ондағы тіршілікті зерттейтін ғылымдар жиынтығы.

Биологическая дезинфекция (лат. de, des – жою, infectio — жұқтыру) – биологиялық дезинфекция, зарарсыздандыру.

Биологическая диагностика – биологиялық анықтау.

Биологические мембраны – биологиялық жарғақтар; жасуша құрылымдарының ішіндегі ең көп таралған құрылым. Биологиялық жарғақтар құрамында жасушалар цитоплазмасының құрылымдары — органеллалар мен гиалоплазма (цитоплазма матриксі) арасында және жасушалар мен оларды сыртынан қоршаған орта аралықтарында тұрақты жүретін, тек жасушаларға ғана тән көптеген арнайы химиялық реакцияларды іс жүзіне асыратын түрлі заттар мен ферменттер (энзимдер) болады. Биологиялық жарғақтар — қабаттаса орналасқан липопротеид қабаттарынан құралған. Олардың орташа құрамының 40% — липидтер (май), 60% — нәруыздар.

Биологическая проба – биологиялық сынама.

Биометрия – биометрия; биологиялық зерттеулерден алынған мәліметтерді математикалық әдістермен өңдеу.

Биомицин – биомицин (антибиотик).

- Биопрепараты** – биопрепараттар; биологиялық дәрмектер.
- Биопсия** (biopsia; грек. bios – тіршілік және orsis – түр) – биосынама; тірі жануарлар организмнен микроскопиялық зерттеулерге кесіп алынған мүшелер мен ұлпалардың ұсақ кесекшесі.
- Биотермическая яма** – биотермиялық апан; өлексені зарарсыздандыратын апан.
- Биотермическое обеззараживание навоза** – жануарлар қиын биотермиялық әдіспен зарарсыздандыру,
- Биотермия** – биотермия, бактериялар тіршілік әрекетінің нәтижесінде жылудың бөлінуі.
- Биотин** – биотин, Н витамині.
- Биотические факторы** – биотикалық фактор, тіршіліктен туындайтын факторлар.
- Биофабрика** – биофабрика; биологиялық дәрмектер даярлайтын фабрика.
- Бифуркация** (bifurcatio; лат. bis – екі, екіге; furca – аша) – бифуркация ашалану; жануарлардың түтік тәрізді мүшелерінің біркелкі екі тармаққа бөлінуі (кеңірдектің оң және сол екі негізгі бронхтарға ажырауы, яғни кеңірдек ашасы).
- Бифидобактерии** – бифидобактериялар; сүт қышқылы бактерияларының түрі.
- Бициллин** – бициллин (антибиотик).
- Бластодерма**; (blastoderma; грек. blastos – өскін; derma – тері) – бластодерма; көпжасушалы қуысты ұрық – **бластуланың** біркелкі жасушалардан (бластомерлерден) құралған қабығы.
- Бластомер** (blastomerus; грек. blastos – өскін және meros – бөлік) – бластомер; біржасушалы ұрық – **зиготаның** бөлшектенуі нәтижесінде түзілетін жасуша.
- Бластопор** (blastoporus; грек. blastos – өскін және porus – тесік) – бластопор; жануарлар ұрығы ішкі қуысының (бластоцельдің, гастроцельдің) қоршаған сыртқы ортамен қатысатын тесігі.

Бластоцель (blastocelus; грек. blastos — өскін және koilos — қуыс) — бластоцель, бластоқуыс; бөлшектену нәтижесінде пайда болған көпжасушалы ұрық — **бластуланың** бластомерлер бөлінді сұйық өніміне толған қуысы.

Бластоциста, стерробластула — бластокөпіршік, стерробластула; пішіні көпіршікке ұқсас, сүтқоректі жануарларға тән іші қуыс ұрық.

Бластомикоз — бластомикоз, мандам, жұқпалы ауру.

Бластомицеты — бластомицеттер; саңырауқұлақтардың түрі.

Бластома — бластома; қатерлі ісік.

Бластула (грек. blastos — ұрық, өскін) — бластула; бөлшектену нәтижесінде пайда болған қуысты ұрық.

Блефарит — блефарит; көз қабығының қабынуы.

Блокада — блокада, дәрілердің көмегімен жүйкенің сезімталдығын тежеу.

Блоха — бүрге.

Блошиный — бүрге.

Блошивый — бүргелі.

Блуждающий — кезеген, кезбе.

Блуждающий нерв (nervus vagus; лат. nervus — жүйке, vagus — кезеген, кезбе) — кезеген жүйке, кезбе жүйке; ми жүйкелерінің **X** — жұбы, қызмет жағынан аралас жүйке.

Блутанг — блутанг, қойдың жұқпалы қызба ауруы.

Бокаловидный экзокриноцит (exocrinocytus caliciformis; лат. ex — сырт, сыртқа; грек. krino — бөлу, calyx — бокал, құты, тостаған; formis — тәрізді) — құтыша экзокриноцит; пішіні бокалға (құтыға) ұқсас кілегей бөлетін біржасушалы сыртқы секреция безі.

Болезнетворный — ауру қоздыратын, ауру тудыратын.

Болезнь — ауру, науқас, дерт, сырқат.

Болезнь заразная — жұқпалы ауру.

Больной — ауру, науқас, сырқат.

Болюсы – болюстер, дәрінің ұнмен шылап, домалақтап, ауру жануардаң ауызына салуға арналған түрі.

Борец – уқорғасын (қ. аконит).

Борнская болезнь – Борн ауруы, делбе, жылқының жұқпалы ауруы.

Бородавка – сүйел.

Боррелиоз птиц – құс боррелиозы; жұқпалы ауру.

Борщевик – борщевик, аю бүлдірген, улы шөп.

Ботриомикоз – ботриомикоз; жұқпалы ауру.

Ботриоцефалез – ботриоцефалез; мөңке балықтың паразит ауруы.

Ботулизм – ботулизм, жұқпалы ауру.

Брадзот – брадзот, секіртпе; қойдың жіті өтетін жұқпалы ауруы.

Брадикардия – брадикардия; жүрек (тамыр) соғуының сиреуі.

Браковка – жарамсыздыққа шығару.

Бранхиомикоз – бранхиомикоз; балықтың микозды ауруы.

Бранхогенные органы (organa branchiogenici; грек. organ – мүше; branchia – желбезек; genesis – шығу тегі) – бранхогенді мүшелер; эмбриондық кезеңде желбезек доғаларынан қалыптасып дамитын мүшелер. Бранхогенді мүшелерге: қалқанша без, қалқаншамаңы безі және айырша без (тимус) жатады.

Браулез – браулез; бал арасының паразит ауруы.

Брожение – ашытылым.

Брожение молочнокислое – сүт қышқылды ашытылым.

Брожение спиртовое – спиртті ашытылым.

Бромизовал – бромизовал, тыныштандырғыш, ұйықтатқыш дәрі.

Бромистый калий – бромды калий; дәрі.

Бромистый натрий – бромды натрий; дәрі.

Бромкамфора – бромкамфора, дәрі.

Бромофос – бромофос, инсектицид.

Бромурал – бромурал; дәрі.

Бронх (bronchus; грек. bronchos – көмей) – бронх, ауатамыр; кеңірдектің екі негізгі бронхтарға ажыраған (бифуркация) тұсынан бастап, ауатамыршаларға (бронхиолаларға) дейін кеңірдектен таралатын шеміршекті түтікше мүшелер. Бронхтар – ауаны кеңірдектен өкпеге апарды.

Бронхиальное дерево (arbor bronchialis, лат. arbor – тарам, грек. bronchos – көмекей) – бронхтар тарамы; кеңірдектен бронхтар мен бронхиолалардың тарамдалу жүйесі.

Бронхиолы (bronchiolus; грек. bronchiolos – ауатамырша, бронхиола) – бронхиолалар, ауатамыршалар; ауатамырлар тарамының соңғы тармақтары.

Бронхит – бронхит; ауатамырының (бронхтың) қабынуы.

Бронхопневмония – бронхопневмония; ауатамырлар мен өкпе көпіршіктерінің қосарлана қабынуы.

Бронхостеноз – бронхостеноз; ауатамырларының жіңішкеруі.

Бронхоскопия – бронхоскопия; ауатамырларды зерттеу әдісі.

Бронхоэктазия – бронхоэктазия; ауатамырлар қабырғаларының кейбір тұстарының кеңеюі.

Бруцелла – бруцелла; бруцеллез ауруын қоздыратын бактерия.

Бруцеллез – бруцеллез; жұқпалы ауру.

Бруцеллин – бруцеллин; бруцеллезді анықтайтын аллерген.

Брыжейка – шажырқай (сірлі қабық туындысы).

Брюшина (лат. peritoneum – ішперде) – ішперде; құрсақ және жамбас қуыстарының ішкі бетін астарлап жатқан сірлі қабық.

Брюшко – құрсақ.

Брюшная полость – құрсақ қуысы.

Брюшной отдел – құрсақ бөлігі.

Брюшной тиф – іш сүзегі.

Бугорчатка – бұдырмақ ісік; туберкулезге тән ісік.

Булъбоуретральная железа (*glandula bulbourethralis*; лат. *glandula* — без; *bulbus* – бадана, пияз; грек. *urethra* – несепжыныс өзегі, уретра;) – бадана — несепжыныс безі; еркек жануарларға тән жұп аталық қосалқы жыныс безі.

Буностомозы – буностомоздар, сиыр гельминтоздары.

Бурса – бурса, қапшық; қуысы сірлі немесе кілегейлі сұйыққа толған жеке қапшық болмаса сіңір қынабы.

Бурсит – бурсит, сіңір қынабының немесе қапшықтың қабынуы.

Бутадион – бутадион (дәрі).

Бутылка – шөлмек, шиша.

Бутыль — үлкен шөлмек.

Буфер – буфер; бәсеңдеткіш.

Бюретка – бюретка; сұйықты (газды) өлшейтін түтікше аспап.

В

Вагина – вагина, қынап.

Вагина искусственная – жасанды қынап.

Вагинит – вагинит; қынаптың қабынуы.

Вазелин – вазелин; жақпамай.

Вазодилататоры (*vasodilatores*; лат. *vas, vasis* — тамыр; *dilatatio* — кеңіту, кеңіткіш) – вазодилататорлар, тамыркеңейткіштер; қан және лимфа тамырларының арналарын кеңейтуді реттейтін жүйке талшықтары.

Вазоконстрикторы (*vasoconstrictores*; лат. *vas, vasis* – тамыр; *constrictio* — тарылту, тарылтқыш) – вазоконстрикторлар, тамыртарылтқыштар; қан және лимфа тамырларының арналарын тарылтуды реттейтін жүйке талшықтары.

Вазомоторные нервы (*nervi vasomotores*; лат. *nervus* –

жүйке; motoris — қозғау) — вазомоторлы жүйкелер; қан және лимфа тамырлары қабырғаларының жиырылып және босаңсуын реттейтін жүйке талшықтары.

Вазопрессин – вазопрессин, гипоталамус гормоны.

Вазоэктомия – вазоэкомия, шөуетжолын кесу.

Вакуум – вакуум, ауасыз бос кеңістік, ауасыз бітеу ыдыс.

Вакуум—аппарат – вакуум — аппарат, вакуум тудыратын аспап.

Вакцина – вакцина, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін қолданылатын биопрепарат.

Вакцинация – вакциналау, вакцина егу.

Вакцинопрофилактика – вакцинопрофилактика, вакцинаның көмегімен аурудың алдын алу.

Вакцинотерапия – вакцинотерапия, вакцинамен емдеу.

Валерьяна – валерьяна; дәрілік өсімдік.

Валерьянка – валерьянка; валерьянадан жасалынған спирттік тұнба, дәрі.

Валидол – валидол (дәрі).

Ванна – ванна, астау, сумен, дәрі ертіндісімен емдеу.

Ванна купочная – мал тоғытатын ванна.

Вапоризация – вапоризация; бумен емдеу.

Варикозное расширение вен – көктамырдың (вена тамырының) кеңеюі.

Вариоляция – шешек егу.

Варооз – варооз; араның паразит ауруы.

Васкуляризация – тамырлану; жануарлар ұлпаларының қан тамырларымен қамтамасыз етілуі.

Вата – мақта.

Вегетативная нервная система – вегетативтік жүйке жүйесі.

Везикула (лат. vesicula – күлдіреуік, көпіршік) – везикула, күлдіреуік; іші сұйыққа толған терінің күлдіреуігі.

Везикулит – везикулит, еркек жануарлар қосалқы жыныс безіне жататын – көпіршікше бездің қабынуы.

- Везикулярная болезнь свиней** – шошқа денесін күлдіреуік басатын ауруы.
- Везикулярная экзантема свиней** – шошқаның күлдіреуік басатын тері ауруы.
- Везикулярный стоматит** – ауыздың уылуы.
- Веко** (лат. palpebra — қабақ) – қабақ; көз алмасын сыртынан жауып тұратын терілі — етті және кірпікті мүше.
- Вена** (лат. vena – көктамыр) — вена, көктамыр; қанды организмнен жүрекке алып келетін ірі қан тамыры.
- Венерические болезни** – сөз аурулары; жыныстық қатынастан жұғатын аурулар (Венера – махаббат құдайы).
- Венасекция** – венасекция; венаны (көктамырды) тілу.
- Венозная кровь** – вена қаны; жануарлар организмінде зат алмасу процесі нәтижесінде түзілген, көмір қышқыл газымен қаныққан қан.
- Венозное давление** – көктамырдағы қан қысымы.
- Венозный застой** — көктамырдағы қан іркілу.
- Вентиляция** – желдету.
- Вентральный** — дененің құрсақ жағы, құрсақ жақ.
- Вентрикулоэктомия** – көмекей қалтасын сылу.
- Венула** (лат. venula –) – венула, көктамырша; қан капиллярларының бір—бірімен қосылуларынан түзілетін, орташа арнасы 30 – 50 мкм тең микроайналым арнасының жіңішке қан тамыры.
- Венчик** – жұлық; тұяқ жұлығы, тырнақ жұлығы.
- Верблюды** – түйе.
- Верблюдица** – інген, мая.
- Верблюжонок** – бота.
- Веронал** – веронал (дәрі).
- Вертячка** – айналма (қар. ценуроз).
- Верхнечелюстная кость** (лат. maxilla — жоғарғы жақ сүйек) — жоғарғы жақ сүйек; жануарлар бассүйегінің бет бөлімі құрамын кіретін сүйек.
- Вестибулит** – вестибулит; қынап кіреберісінің қабынуы.

Вестибулярный анализатор – дененің тепетендігін сезінетін талдағыш (ішкі құлақтағы жарты-дөңгелекше өзекшелер).

Вестибулярный лабиринт (labirintus vestibularis; лат. labirintus – шытырман, vestibulum – саға, кіреберіс) – вестибулалық шытырман, кіреберіс шытырманы, сағалық шытырман; сыртқы сүйекті және ішкі жарғақты бөліктерден құралған ішкі құлақтың кіреберіс бөлігі.

Ветеринар – ветеринария маманы, малдәрігері, фельдшері.

Ветеринария (лат. veterinarius – жануарларды күтетін маман, мал дәрігері) – ветеринария; жануарлар ауруларының алдын алу (дауалау), оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау мен тексеруден өткізіп, санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру арқылы адамзатты антропозооноз (адамға жұғатын) ауруларынан сақтау, сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу мәселелері туралы ғылыми ілім (теориялық және практикалық білімдер жүйесі).

Ветеринарная конвенция – ветеринарлық конвенция; ветеринария жөніндегі халықаралық шарт.

Ветеринарная лаборатория – ветеринарлық зертхана.

Ветеринарная лечебница – ветеринарлық емхана.

Ветеринарная помощь – ветеринарлық (малдәрігерлік) көмек.

Ветеринарная разведка – малдәрігерлік барлау (азаматтық қорғаныста).

Ветеринарная служба – малдәрігерлік қызмет.

Ветеринарная станция – ветеринарлық бекет.

Ветеринарная дело – ветеринарлық іс.

Ветеринарное управление – ветеринарлық басқарма.

Ветеринарно-санитарная станция – малдәрігерлік – санитарлық бекет.

- Ветеринарно-санитарная экспертиза** – малдәрігерлік — санитарлық сарап.
- Ветеринарное свидетельство** – малдәрігерлік куәлік.
- Ветеринарные мероприятия** – малдәрігерлік шаралар.
- Ветеринарный врач** — малдәрігері, ветеринарлық дәрігер.
- Ветеринарный устав** – ветеринарлық жарғы.
- Ветеринарный фельдшер** – ветеринарлық фельдшер.
- Вздутие** – кебу; іштің кебуі.
- Вибрион** – вибрион; бұранда пішінді бактерия.
- Вивисекция** – вивисекция, тірідей сою.
- Вилочковая железа** – тимус, айырша без.
- Винилин** – винилин (дәрі).
- Вирулентность** – уыттылық; микробтың зардаптылық көрсеткіші.
- Вирион** – вирион; өсіп жетілген вирус.
- Вирусы** – вирустар; электронды микроскостар арқылы ғана көрінетін, тірі жасушаларда ғана дамтын тым ұсақ микроорганизмдер.
- Вирусемия** – вирусемия; вирустың қанда болуы.
- Вирусная геморрагическая септицемия** – вирустық геморрагиялық септицемия, вирустық қанталау.
- Вирусная диарея крупного рогатого скота** – сиырдың вирустық диареясы.
- Вирусные болезни** – вирустық аурулар, вирустар қоздыратын аурулар.
- Вирусный гастроэнтерит свиней** – шошқаның вирустық гастроэнтериті.
- Вирусный гепатит уток** — үйректің вирустық гепатиті.
- Вирусный паралич пчел** – бал арасының вирустық сал болуы.
- Вирусный энтерит гусей** — қаздың вирустық энтериті.
- Вирусный энтерит норок** – күзеннің вирустық энтериті.
- Вирусный энцефаломиелит овец** — қойдың вирустық энцефаломиелиті.

- Вирусологические исследования** – вирусологиялық зерттеулер.
- Вирусолог** – вирусология маманы.
- Вирусология** – вирусология, вирустарды зерттейтін ғылым.
- Вирусоносительство** – вирусты алып жүру, вирустың денеде болуына қарамастан ауру белгілерінің білінбеуі.
- Височная кость** – самай сүйек.
- Висцеральная нервная система** – висцеральды жүйке жүйесі немесе парасимпатикалық жүйке жүйесі.
- Витамин** – витамин, дәрумен; организмнің тіршілігі үшін тым қажет органикалық зат.
- Витамиотерапия** – дәруменмен витаминмен емдеу.
- Вителлогенез** – сарыуыздену; жұмыртқа жасушасының (овоциттің) қоректік затпен қорлану кезеңі, яғни сарыуыздану кезеңі.
- Включение** – қосынды.
- Включения клеточные** – жасуша қосындылары.
- Вкусовая луковица** (*bulbus gustatorius*; лат. *bulbus* – бадана, *gustatorius* – татым) – татым баданасы.
- Вкусовая почка** – татым бүршігі.
- Вкусовые сосочки** (*papilla gustatorius*; лат. *papilla* – емізікше, *gustatorius* – татым) – татым емізікшесі.
- Влагалище** (лат. *vagina* – қынап) – қынап; ұрғашы жануарлар көбею жүйесінің шағылысу мүшесі және төл жолы.
- Власоседы** – жүнжегіш (тоғышар жәндік).
- В – лимфоциты** (грек. *bursa* – қапшық, яғни қапшық лимфоциттері) – В – лимфоциттер; тимусқа (айырша безге) тәуелсіз лимфоциттер.
- Внутреннее ухо** (*auris interna*; лат. *auris* – құлақ, *interna* – ішкі) – ішкі құлақ; есту және тепе – теңдік сақтау рецепторлары орналасқан құлақ бөлігі.
- Внутренние незаразные болезни** – жұқпайтын ішкі аурулар.
- Водянка** – шемен, бөсір.

- Возбудитель** — қоздырғыш.
- Возгонка** – айдау, қатты заттың бірден буға айналуы.
- Воздухоносный мешок** – ауалы қапшық; құс өкпесінің қапшықтары.
- Волдырь** – күлдіреу (күюден, қажалудан, үсуден кейін).
- Волос** – түк, қыл, шаш.
- Волосок** — қылшық.
- Вольфартиоз** – вольфартиоз; шыбынның дернәсілі (балаңқұрты, личинкасы) тудыратын ауру.
- Воротная вена** (vena portae, лат. vena – көк тамыр, porta — қақпа) – қақпалық вена, қақпалық көктамыр; азық қорыту мүшелерінен және көкбауырдан қанды жинайтын көк тамыр.
- Ворсинки** – бүрлер; жануарлар ащы ішектерінде қорытылған қоректік заттарды сорып сіңіру үдерісін (процесін) іс жүзіне асыратын кілегейлі қабықтың ішкі бетіндегі ұсақ өсінділер.
- Воск** – балауыз.
- Воск пчелиный** – ара балауызы.
- Воспаление** — қабыну.
- Восприимчивый** – ауруға бейім.
- Вскрытие** — сою, ашу, жару.
- Вскрытие брюшной полости** — құрсақ қуысын ашу.
- Вскрытие трупа** — өлексені сою.
- Вспышка** – шығу.
- Вспышка инфекционной болезни** – жұқпалы аурудың шығуы.
- Втирание** — үйкеу.
- Вторичные половые признаки** – екіншілік жыныс белгілері.
- Вульва** – вульва, апсар, сарпай.
- Вульвит** – вульвит, апсардың қабынуы.
- Вывих** – буын шығу.
- Выжигание** – күйдіру, қару.
- Выйная связка** (ligamentum nuche; лат. ligamentum – байлам, nuche — желке) – желке, желке байламы;

бассүйектің шүйде сүйегін, мойын және көкірек омыртқаларының жоталық өсінділерін байланыстыратын, тығыз қалыптасқан эластинді ұлпадан тұратын, резіңке тәріздес серпімді сары түсті байлам.

Вымя (лат. uber — желін) — желін; сүттің түзілуін және оның бөлінуін қамтамасыз ететін, сүтқоректі жануарларға тән тері безі.

Вынужденная вакцинация — шарасыз вакциндау.

Вынужденный убой — шарасыз, амалсыз сою.

Выпадение — түсу, мысалы, түктің түсуі.

Выпаивание — ішкізу, дәріні ішкізу.

Выпаривание — булау, ыстық суға салу, буын ұшырып құрғату.

Выпиливание — арамен кесу.

Выписка — көшірме.

Выскабливание — қырып алу, қырып тазарту.

Выстукивание — балғашамен ұру (аурудың көкірек керегесін).

Высшая нервная деятельность — жоғары жүйке қызметі.

Выхланивать (выхланивать) — пішу.

Вязущие средства — тұтқыр дәрілер.

Вялый — енжар, солғын, бос.

Г

Габарит — габарит, ауқым (дене көлемі).

Габитус — габитус, тұрпат, дене бітімі.

Габронемозы — габронемоздар; жылқы гельминтозы (нематодтар тудырады).

Гаверсова система — Гаверс жүйесі; сүйек тақташаларының жүйесі.

Гаверсовы каналы — Гаверс өзекшелері; сүйек ұлпасындағы қан тамырлары өтетін өзекшелер.

Газ угарный — иіс газы, көміртегінің оксиді.

- Газация** – газация, газбен әсер ету, түтіндету (дезинфекциялау әдісі).
- Газоанализатор** – газоанализатор, газталдағыш, аспап.
- Газовая анестезия свиней** – газбен шошқаны есінен тандыру (көмір қышқыл газы қолданылады).
- Газовая гангрена** – газды өліеттену.
- Газовые часы** – газ сағаты; жануарлардың дем шығару кезіндегі жиналған газ көлемін өлшейтін аспап.
- Газовый отек** – газды домбығу.
- Газокамера** – газокамера, газ камерасы (жануарларға немесе заттарға газбен әсер ету үшін қолданылады).
- Газометр** – газометр; кең көлемді газды жинауға және өлшеуге арналған аспап.
- Газообразование** – газтүзілу.
- Газы крови** – қан газдары (қандағы оттег, азот, көмір қышқыл газ).
- Гайморит** – гайморит; жоғарғыжақ сүйек қойнауының қабынуы.
- Гайморова полость** – Гаймор қойнауы; жоғарғыжақ сүйек қойнауы.
- Гайнеса проба** – Гайнес сынамасы; несептегі қантты анықтау әдісі.
- Галактоза** – галактоза; қарапайым көмірсу, гексоздарға жатады.
- Галактометр** – галактометр; сүт сапасын айырушы аспап.
- Галеновые препараты** – Гален препараттары; табиғи дәрілік шикізат пен бейтарап заттан тұратын күрделі емдік қоспа.
- Галлоцианин** – галлоцианин, гистохимияда қолданылатын бояу.
- Галофильные бактерии** – галофилді бактериялар; тұзды ортаға бейімделген бактериялар.
- Гальванотерапия** – гальванотерапия; тұрақты электр тогымен емдеу.
- Гамазовые клещи** – Гамаз кенелері; ауру жұқтыратын тым ұсақ кенелер.

Гамборо болезнь – Гамборо ауруы; құстың жұқпалы ауруы.

Гамета (грек. gametos — жыныс жасушалары; грек. gamete — әйел, gametes — еркек) – гамета; аталық (сперматозоид) және аналық (овоцит) жыныс жасушалары.

Гаметобласт (gametoblastos; грек. gametos – жыныс жасушасы; blastos — өскін) – гаметобласт; эмбриондық дамудың (эмбриогенездің) 3 – аптасында сарғуыз қапшығы қабырғасында қалыптасып дамып жетілетін алғашқы жыныс жасушасы.

Гаметогенез – гаметогенез; жыныс жасушаларының дамуы.

Гаметоциты – гаметоциттер, жыныс жасушалары (сперматозоидтар, овоциттер).

Гамма—глобулины – гамма-глобулиндер; қан нәруыздарының бірі.

Гаммотерапия – гаммотерапия, гамма сәулесімен емдеу.

Гамоны – гамондар; ұрықтану процесінің бірінші кезеңі — адам мен жануарлар жыныс жасушаларының жақындасуы кезінде маңызды рөл атқаратын, овоциттер мен сперматозоидтар бөліп шығаратын арнайы химиялық заттар.

Ганглий нервный узел (грек. ganglion – жүйке түйіні) – ганглий, жүйке түйіні; шеткі жүйке жүйесіндегі мультиполярлы нейрондар перикариондары (денелері) орналасқан түйін.

Ганглиома – ганглиома; жүйке түйінінің ісігі.

Ганглионарная пластинка (лат. neural crest) – ганглиондық тақташа; эмбриогенездің **нейруляция** кезеңінде, яғни жүйке жүйесінің дамуы кезінде біріншілік эктодермадан бөлініп жетілген жүйке түтігінің жоғарғы жағындағы эктодерма жасушаларынан құралған құрылым. Ганглиондық тақташадан жұлын ганглиондары, симпатикалық жүйке

жүйесінің ганглиондары, бүйрекүсті безі бозғылт затының хромаффинді жасушалары, пигментті жасушалар (хроматофорлар) дамып жетіледі.

Ганглионарные глиоциты (gliocyti ganglii; грек. gliocytus – глия жасушасы; ganglion – жүйке түйіні) – ганглиондық глиоциттер; жұлын жүйке түйіндерінің жалғануниполярлы нейрциттер денелерін сыртынан бір қабат қабықша жасап қоршап жатқан жүйкелік глия жасушалары. Ганглиондық глиоциттер – жүйке түйіні нейрциттерінің серіктері (сателлиттері) — деп аталады.

Ганглионарные средства – ганглийлік заттар; вегетативтік жүйке түйіндеріне әсер ететін заттар (никотин, анабазин т.б.).

Ганглионеврит – ганглионеврит; вегетативтік жүйке түйіндерінің қабынуы.

Ганглионеврома – ганглионеврома; симпатикалық жүйке түйініндегі қатерсіз ісік.

Гангрена – гангрена, өліеттену, шіру.

Гангрена легких – өкпенің өліеттенуі; жылқы ауруы, басқа жануарларда сирек кездеседі.

Гангренозный дерматит лошадей – жылқының гангренозды дерматиті.

Гангренозный мастит овец – қойдың гангренозды желінсауы (қ. инфекционный мастит).

Гангренозный мокрец – гангренозды теміреткі.

Гангулетеракидоз – гангулетеракидоз; қаз бен үйректің гельминтозы.

Гаплоид (грек. haploos – сыңар, eidos – түр) – гаплоид; ядросында сыңар (тақ) хромосомалар жиынтығы болатын жыныс жасушалары.

Гаптены – гаптендер; толымсыз (антиденелердің туындауына қатыспайтын, бірақ олармен әрекеттесетін) антигендер.

Гассалья тельце – Гассаль денешігі; айырша без (тимус) денешігі.

- Гастер** (грек. *gaster* — қарын) — қарын (адамда асқазан).
- Гастрин** — гастрин; фермент.
- Гастрит** — гастрит; қарынның қабынуы.
- Гастрограф** — гастрограф; қарын қызметін тіркейтін аспап.
- Гастрография** — гастрография; қарынның қызметін ки-мограф арқылы жазу.
- Гастроскоп** — гастроскоп; қарынды көріп тексеретін аспап.
- Гастроскопия** — гастроскопия; қарынның ішкі бетін тексеру әдісі.
- Гастростомия** — гастростомия; хирургиялық (оталық) жолмен қарында тесік қалдыру, қарын тілімі.
- Гастрофилезы** — гастрофилездер; қарын бөгелегінің дернәсілдері тудыратын тақ тұяқтылар ауруы.
- Гастроцель** (*gastrocoelis*; грек. *gaster* — қарын, асқазан; *koelia* — қуыс) — гастроцель; гаструла сатысындағы ұрықтың ішкі қуысы. Гастроцель сыртқы ортамен алғашқы ауыз тесігі — бластопор арқылы қатысады.
- Гастроэктомия** — гастроэктомия; қарынның бөлігін кесіп тастау.
- Гастроэнтерит** — гастроэнтерит; қарын мен ішектің қабынуы.
- Гастроэнтерология** — гастроэнтерология; қарын мен ішек ауруларын зерттейтін ғылым саласы.
- Гаструла** (лат. *gastrula* — қабатты ұрық) — гаструла; гаструляция процесі нәтижесінде түзілген қабатты ұрық.
- Гаструляция** — гаструляция; (гаструлану); ұрық жапырақшалары (эктодерма, энтодерма, мезо-дерма, мезенхима) мен біліктік мүшелер (жүйке түтігі, хорда, ішек түтігі) дамып жетілетін эмбриогенез кезеңі (бластула жасушаларының одан әрі көбеюімен, өсуімен, бағытты орын ауыстыруымен және сапалы айырмашылықтар мен өзгерістердің

жүруімен сипатталатын күрделі биохимиялық және морфогенетикалық процесс).

Гафниоз пчел – ара гафниозы.

Гваякола карбонат – гваякол карбонаты; бактерициттік дәрі.

Гексамитоз – гексамитоз, балықтың инвазиялық ауруы.

Гексохлоран – гексохлоран (инсектицид).

Гексохлорэтан – гексохлорэтан; антигельминтик.

Гексенал – гексенал; наркоздық дәрі.

Гелиотерапия (грек. helios – күн және емдеу) – гелиотерапия, күн сәулесімен емдеу.

Геллера проба – Геллер сынамасы; азот қышқылының көмегімен несептегі нәруызды анықтау.

Гельминт – гельминт; тоғышар (паразит) құрт.

Гельминтозы – гельминтоздар; тоғышар құрттар туғызатын аурулар.

Гельминтозооноз – гельминтозооноз, жануарлардың құрт аурулары.

Гельминтоларвоскопия – гельминтоларвоскопия; құрттардың дернәсілдерін (личинкаларын) көру әдісі.

Гельминтология – гельминтология, гельминттерді зерттейтін ғылым.

Гельминтоовоскопия – гельминтоовоскопия; гельминттер жұмыртқаларын көру әдісі.

Гельминтоскопия – гельминтоскопия, гельминттерді көру әдісі.

Гем – гем; порфирин тобының темір қоспасы бар қосылысы. Гем – қан эритроциттерінің гемоглобині мен бұлшықет миоглобинінің құрамына еніп, күрделі бояғыш нәруыздарды түзеді. Бұлар организмдегі газ алмасу процесіне қатысады.

Гемагглютинация (грек. haima — қан, лат. agglutinatio — желімдену) – гемагглютинация; әр түрлі себепкерлердің әсерінен сұйықтағы эритроциттердің бір-біріне жабысып, тұнбаға түсуі.

Гемальные узлы (nodi haemales; лат. nodus – түйін, грек. haima — қан) – гемальды түйіндер, қанды түйіндер; күйіс қайтаратын жануарларда, кейде жылқыларда кездесетін, қапшықасты және терең қойнаулар торы қанға толған, мөлшері 5 – 12 мм қоңыр — қызыл түсті түйіндер. Бұларда әкелгіш және өкеткіш лимфа тамырлары болмайды.

Гемангиома – гемангиома; құрылыс қан тамырларына ұқсас ісік.

Гемартроз – гемартроз; қанның буын қуысына құйылуы.

Гематоксилин – гематоксилин; жасуша ядроларын бояйтын бояу.

Гемато—лабиринтный барьер – гемато—шытырман (қан мен ішкі құлақ арасындағы тосқауыл) тосқауылы.

Гемато—лиенальный барьер – қан мен көкбауыр арасындағы тосқауыл.

Гематология (грек. haima — қан, logos — ілім) – гематология; қан жүйесінің құрылысы мен қызметін, қантүзілу процесін, қан ауруларының себептері мен даму механизмін, оларды анықтау мен емдеу әдістерін зерттейтін ветеринариялық ілім.

Гематома – гематома; қан жиналған тері астындағы домбығу.

Гемато—офтальмический барьер – қан мен көз ұлпалары арасындағы тосқауыл.

Гемато—пульмональный барьер – қан мен өкпе ұлпалары арасындағы тосқауыл.

Гемато—плевральный барьер – қан мен көкірек пердесі арасындағы тосқауыл.

Гемато—тестикалярный барьер – қан мен ен ұлпалары арасындағы тосқауыл.

Гемато—энцефальный барьер – қан мен ми, жұлын ұлпалары арасындағы тосқауыл.

Гематурия – гематурия; қанның несепте болуы.

- Гемералопия** – гемералопия; тауық соқырлық (А витаминінің жетіспеуі).
- Гемианопсия** – гемианопсия; көздің шала көруі.
- Гемоглобин** (грек. haemoglobinum; haima — қан, globinum – глобин, лат. globus – шар, яғни шар тәрізді дөңгелек нәруызу) – гемоглобин; қан эритроциттері цитоплазмасында болатын, құрамында екі валентті темір бар, хромопротеидтер тобына жататын күрделі нәруыз. Жедел тотығып және тотықсызданып, жануарлар организміндегі газ алмасуды қамтамасыз ететін қызыл түсті тыныс пигменті (бояғыш зат).
- Гемоглобинемия** – гемоглобинемия; гемоглобиннің қан плазмасына шығуы.
- Гемоглобинурия** – гемоглобинурия; гемоглобин пигментінің несепке араласуы.
- Гемодиализ** – гемодиализ, қанды диализдеу; қанды улы заттардан тазарту.
- Гемодинамика** – гемодинамика, қан айналым.
- Гемокоагуляция** – гемокоагуляция, қанның ұюы.
- Гемокультура** – гемокультура, қаннан бөлінген микробтар өсіні.
- Гемолиз** (haemolysis; грек. haima — қан, lysis — еру) – гемолиз; әр түрлі әсер етуші факторлар нәтижесінде қан эритроциттері плазмолеммасының жарылып, гемоглобиннің қан плазмасына шығуы; эритроциттердің еруі.
- Гемолизин** – гемолизин, эритроциттерді еритетін антидене.
- Гемолитическая анемия** – гемолитикалық анемия, гемолитикалық қаназдық.
- Гемолитический шок** – гемолитикалық шок, гемолитикалық естен тану.
- Гемометр** – гемометр; қан гемоглобинін өлшейтін аспап.
- Гемодинамограф** – гемодинамограф; қан айналымын тіркейтін аспап.
- Гемонхоз** – гемонхоз; инвазиялық ауру.

- Гемопоз** (haemopoesis; грек. haemo — қан, poiesis — түзілу) — гемопоз, қантүзілу.
- Гемопозетин** — гемопозетин; қантүзілуді күшейтетін зат.
- Гемопротеиды** — гемопротеидтер; құрамына нәруызсыз гем кіретін бояғыш күрделі нәруыздар. Бұларға омыртқалы жануарлар организмдерінде болатын гемоглобин, миоглобин және кейбір тотықтырғыш ферменттер жатады.
- Геморрагическая септицемия** — геморрагиялық септицемия (қ. пастереллез).
- Геморрагический диатез** — геморрагиялық диатез, қанталауға бейімділік.
- Геморрагия** — геморрагия, қанталау.
- Геморрой** — геморрой, көтеу; тік ішек қан тамырларының ауруы.
- Гемосидерин** — гемосидерин; гемоглобиннің ыдырауынан пайда болатын, құрамында темір бар пигмент.
- Гемоспоридин** — гемоспоридин; Б тізіміне кіретін, протозойлық ауруларға қарсы қолданылатын дәрі.
- Гемоспориозы** — гемоспориоздар (қар. пироплазмидоздар).
- Гемотерапия** — гемотерапия, қанмен емдеу.
- Гемотоксины** — гемотоксиндер; эритроциттерді зақымдайтын сыртқы улар.
- Гемоторакс** — гемоторакс; плевра (көкірек пердесі) қуысына қан құйылу.
- Гемотрансфузия** — гемотрансфузия, қан құю.
- Гемофилия** — гемофилия, қан ұюының бұзылуы (тұқым қуалайтын ауру).
- Гемоцитобласт** (haemocytoblastos; грек. haemo — қан, kytos — жасуша, blastos — өскін) — гемоцитобласт; ұрықтың сарыуыз қапшығы қабырғасында мезенхимадан дамып жетілетін, қан түзілу процесінің ізашар жас жасушасы. Цитоплазмасы көгілдір түске (базофильді) боялған гемоцитобласттың ірі ядросында 2—5 ядрошықтары болады. Соңғы

гистологиялық номенклатура бойынша гемоцитобласт — көпмүмкіндікті (полипотентті) **діңгекті қан жасушасы** — деп аталады.

Гемоцитопоз (haemocytogenesis; грек. haemo — қан, kytos — жасуша, poiesis — түзілу) — гемоцитопоз; қан жасау мүшелеріндегі (сүйектің қызыл кемігі майында; айырша безде, көкбауыр, лимфа түйіндеріт, лимфо—эпителиальды құрылымдар, құстағы клоака қапшығында) қан жасушаларының түзілу процесі.

Ген (грек. genos — тег) — ген; тірі организмге тән белгілерді іс жүзіне асыратын тұқым қуалау материалының бірлігі. Жоғарғы организмдерде (эукариоттерде) ген — ядро хромосомаларының құрамына кіріп, олардың ұзын бойын бойлай, солардың бөліктері (локустері) ретінде орналасады.

Генезис — генезис, шығу тегі.

Генерализация — генерализация, аурудың асқынуы, дерттің жайылуы.

Генеративные органы (лат. generare — туу) — генеративті мүшелер, көбею мүшелері (аталық және аналық жыныс мүшелері).

Генотип — генотип; организмдегі барлық гендердің жиынтығы.

Гепарин — гепарин; антитромбин.

Гепатаргия — гепатаргия; бауырдың зақымдануы нәтижесінде өттің ішекке өтпеуі.

Гепатит — гепатит; бауырдың қабынуы.

Гепатозы — гепатоздар; бауырдың дистрофиясы.

Гепатоцит (грек. hepar — бауыр, kytos — жасуша) — гепатоцит, бауыр жасушасы; бауыр паренхимасы бөлікшелерінің бағандарын құрайтын бауыр эпителиоциті.

Гермафродит (грек. Hermes және Aphrodite) — гермафродит; көне грек мифологиясы бойынша Гермес пен Афродиттің тым көркем ұлы. Гермафродитке көзсіз

ғашық болған Салмакиданың сұрауы бойынша, құдайлар бұл екеуін біріктіріп, қос жынысты бір организм жасаған.

Гермафродитизм (грек. Hermes, Aphrodite және ismos — қалыпты жағдайдан ауытқу, патологиялық жағдай) — гермафродитизм, қызтеке (қосжыныстық); бір организмде аталық және аналық жыныс мүшелерінің болуы.

Герметический — герметикалық, саңлаусыз.

Герминативный центр (centrum germinale; лат. germinale — көбею, centrum — орталық) — герминативті орталық, көбею орталығы; боялған гистологиялық препараттарда жақсы көрінетін лимфа түйіншелерінің орта тұсындағы күңгірт түсті (жас көбею орталығы) немесе ақшыл келген (жетілген көбею орталығы) бөлігі. Көбею орталығы — лимфобласттардан, макрофагоциттерден және өсінділі жасушалардан тұрады.

Герпес — герпес, вирус ауруы.

Герпесвирусы — герпесвирустар.

Гетеракидоз — гетеракидоз; құс гельминтозы.

Гетерогамия (heterogamus, грек. heteros — басқа, gamos — неке, жыныс) — гетерогамия; сыртқы түрі мен басқа да белгілері әр түрлі гаметалар (**макрогаметалар** — овоциттер, **микрогоаметалар** — сперматозоидтар) қатысатын жыныстық процестің түрі.

Гетерогенный (грек. heteros — өзге, бөгде) — бөгделілік.

Гетерозигота (heterozygotum; грек. heteros — басқа, бөгде, өзге; zygotos — қосылу) — гетерозигота; генотиптің (тұқым қуалаушылық материалы жиынтығының) гомологиялық хромосомаларында гендердің түрлі формалары (аллелдері) болатын зигота (ұрықтанған біржасушалы организм) немесе организм.

Гетерозис (грек. heteroiosis — өзгеріс, түрөзгеру) — тіршілік жағдайы мен ұрықтылығы (төлдегіштігі —

жануарларда), өнімділігі және т.б. белгілері жағынан өздерінің ат-енелерімен салыстырғанда әлдеқайда басым болатын будандардың бірінші ұрпағына тән қасиет.

Гетеротермные животные – гетеротермді (жылы қанды) жануарлар.

Гетеротрофные организмы – гетеротрофты организмдер; даяр органикалық заттармен қоректенетін организмдер.

Гетерохроматин (heterochromatinum; грек. heteros — басқа, өзге, бөгде; chroma — хромосомалар заты) — гетерохроматин; хроматиндер жинақталып, тығыз орналасқан хромосомалардың түзіліс процестеріне енjarлы (белсенді емес) бөліктері. Хроматиндер дезоксирибонуклеин қышқылдары (ДНҚ) мен гистондардан (негіздік нәруыздардан) тұрады.

Гиалиновый (грек. hyalinus — мөлдір, шыны тәрізді) — гиалинді; шыны тәрізді мөлдір, көрінетін құрылымдар болмайтын зат (гиалинді шеміршек — жасушааралық заты біркелкі мөлдір шеміршек).

Гиалиноз – гиалиноз; нәруыздың дистрофия түрі.

Гиалоплазма (грек. hyalinus — мөлдір, шыны тәрізді; plasmos — плазма) – гиалоплазма; жануарлар жасушалары цитоплазмасының органеллалар (тұрақты кездесетін құрылымдар – жасушаның тым ұсақ мүшелері) мен қосындылар (тұрақсыз құрылымдар) орналасатын біркелкі қоймалжың заты, жасуша цитоплазмасының негізгі заты.

Гиалуронидаза – гиалуронидаза; гиалурон қышқылы гидролизін катализдейтін фермент (сперматозоид акросомасында, жылан мен ара уларында, ауру тудырушы бактериялар қабықшаларында болады). Гиалуронидаза жануарлар ұлпаларының өткізгіштік қасиетін күшейтіп, түрлі белсенді заттардың ұлпаларға енуіне мүмкіндік тудырады. Ол ветеринарияда кеңінен қолданылады.

- Гибель** — өлім, опат болу.
- Гигиена** – гигиена; тіршілік жағдайының денсаулыққа әсерін зерттейтін ғылым.
- Гигиенист** – гигиенист, гигиена маманы.
- Гигрограф** (грек. *hygros* – ылғал) – гигрограф; ылғалдықты тіркейтін аспап.
- Гигрома** – гигрома, сулы ісік.
- Гигромицин Б** – гигромицин Б (антибиотик).
- Гидремия** – гидремия; қанның құрамындағы судың көбеюі.
- Гидратация** – гидратация; суды қосып алу.
- Гидробиология** (грек. *hydor* — су) – гидробиология; судағы тіршілікті зерттейтін ғылым.
- Гидрокортизон** – гидрокортизон; бүйрекүсті безі қартысты затының гормоны.
- Гидролазы** – гидролазалар; ферменттер.
- Гидролиз** – гидролиз; заттардың суда иондарға ыдырауы.
- Гидролизат** – гидролизат; нәруыздың гидролиз жолымен ыдырауынан алынған өнім.
- Гидрометра** – гидрометра; жатырдың сулы қабынуы.
- Гидронефроз** – гидронефроз, субүйрек (бүйректің сулы қабынуы).
- Гидроперикардит** – гидроперикардит; жүрекқаптың шемені.
- Гидроперикардит инфекционный** – жұқпалы гидроперикардит.
- Гидроперит** – гидроперит; антисептикалық дәрі.
- Гидроторакс** – гидроторакс; көкірек шемені.
- Гидрофтальм** – гидрофтальм; көз шемені.
- Гидроцеле** – гидроцеле; енбаудағы жалпы қынаптық қабық шемені.
- Гименолепидозы** – гименолепидоздар; жануарлар мен құстар гельминтоздары.
- Гингивит** – гингивит; қызыл иектің қабынуы.
- Гинекология** – гинекология; аналық жыныс мүшелері ауруларын зерттейтін ғылым.

Издержки – шығын: **издержки производства** — өндіріс шығындары.

Издыхший – арам өлген.

Изжалить – шағу, шағып алу.

Изжога — қыжыл, қыжылдау.

Излечение – сауығу, жазылу, емдеп жазу.

Излечимый – емдеуге болатын, жазылатын.

Излучатель — шығарғыш, таратқыш: **излучатель тепла** – жылу шығарғыш.

Измельчать — ұнтақтау.

Изменчивость — өзгергіштік: **изменчивость видов** – түрлердің өзгергіштігі.

Измерить — өлшеу.

Измождение – шаршап шалдығу, жүдеу.

Изморенный – титықтаған, зорыққан, қиналған.

- Измученный** — қалжыраған, қиналған.
- Изнеженный** — нәзіктенген, үлбіреген, үпілмәлік.
- Изнемогать** — әлсіреу, әлі кету, әлі біту.
- Изнурение** — қажу, қалжырау, зорығу.
- Изоантигены** — изоантигендер; бір түрге жататын антигендер, мыс. қан топтарының антигендері.
- Изоантитела** — изоантиденелер; изоантигендерге қарсы антиденелер.
- Изогнутий** — иілген, имек.
- Изолированный** — оқшауланған, жекеленген, бөлектенген: **изолированный больной** — оқшауланған ауру.
- Изолировать больного животного** — ауру малды оқшаулау.
- Изолятор** — изолятор, оқшаухана.
- Изомеры** — изомерлер, құрамы бірдей, қасиеті әркелкі заттар.
- Изотонический** — изотониялық: **изотонический раствор** — изотониялық (физиологиялық) ертінді.
- Изошренный** — кәнігі болған, құйтұрқы, шегіне жеткен.
- Изыгать** — құсу.
- Изучать (изучить)** — зерттеу, тану, білу, байқау.
- Икота** — ықылық.
- Икра** — уылдырық.
- Икрanoжная мышца** — балтыр бұлшықеті.
- Иллюзия** — елес, сағым.
- Иллюстрация** — иллюстрация, сыйпаттама, бейнелеме.
- Имаго** — имаго; жәндіктер дамуының соңғы жетілген сатысы.
- Иммиграция** (лат. *immigrans* — ішке көшу) — эмбриондық даму кезеңі. **Гастрюляцияның** бір түрі.
- Иммунизация** (лат. *immunus* — бос) — иммундеу; ауруларға төзімді ету.
- Иммунизация пассивная** — енжар иммундеу.
- Иммунитет** (лат. *immunitas* — босану, босату) — иммунитет, әлует; организмнің бөгде заттарға қарсы тұру қабілеті.

- Иммунитет активный** – белсенді иммунитет.
- Иммунитет конституционный** – конституциялық (тұқым қуалайтын) иммунитет.
- Иммунитет пассивный** – енжар иммунитет.
- Иммунитет перекрестный** – айқас иммунитет.
- Иммунная реакция** – иммундық реакция.
- Иммунная система** – иммундық жүйе.
- Иммунный ответ** – иммундық жауап.
- Иммунноадсорбция** – иммунды адсорбция (сору).
- Иммунобласт** – иммунобласт; иммунды жасушалардың ізашар бастама жасушасы, лимфоциттерді түзетін жасушалар.
- Иммуногематология** – иммундыгематология; иммунитетке негізделген гематология.
- Иммуногенетика** – иммундыгенетика, иммунитетке негізделген генетика.
- Иммуноглобулины** – иммундыглобулиндер, антиденелер.
- Иммунодепрессанты** – иммундыдепрессанттар, иммунитетті тежейтін заттар.
- Иммунодиагностика** – иммундыдиагностика; иммунитетке негізделген ауруды анықтау.
- Иммунологическая ареактивность** – иммунологиялық енжарлық.
- Иммунологическая недостаточность** – иммунологиялық кемістік.
- Иммунологическая реактивность** – иммунологиялық икемділік.
- Иммунологическая реакция** – иммунологиялық реакция.
- Иммунологическая толерантность** – иммунологиялық төзімділік.
- Иммунологический паралич** – иммунологиялық салдану.
- Иммунологический процесс** – иммунологиялық процесс, иммунологиялық құбылыс.
- Иммунология** – иммунология, әлуеттану; иммунитет туралы ғылым.

Иммунология инфекционная – инфекциялық иммунология.

Иммуноморфология – иммуноморфология; иммунитетке қатысты морфология.

Иммунопатология – иммунопатология; иммунитетке қатысты патология.

Иммунопрофилактика – иммунопрофилактика; иммунитетке негізделген аурудың алдын алу.

Иммунотерапия – иммунотерапия; иммунитетке негізделген емдеу.

Иммунохимия – иммунохимия; иммунитетке қатысты химия.

Иммуоциты (immunocytus; лат. immunis — бір денеден босау, арылу, құтылу; грек. kytos — жасуша) – иммундық жасушалар; жануарлар организмдерінің бактерияларға, вирустарға және басқа да бөгде заттарға (антигендерге) қарсы тұру қабілеттілігін қамтамасыз ететін жасушалар.

Иммуоэлектрофорез – иммуоэлектрофорез, иммунды электрофорез.

Имплантиция (implantatio; лат. im — ішке, plantare, plantatio – жабысу, жабыстыру, ауыстырып салу, қондыру) – имплатация, жабысу; іштегі ұрықтың жатыр қабырғасына жабысуы.

Импотент – импотент, белсіз.

Импотенция (лат. impotentia — әлсіздік, күшсіздік) – импотенция, жыныс дәрменсіздігі, белсіздік.

Импрегнация – импрегнация, сіңіру (мүшелер мен ұлпалар құрамындағы кейбір құрлымдарды ауыр металлдар тұздарының көмегімен анықтау әдісі).

Импульс – импульс, түрткі, толқын.

Импульс нервный – жүйке импульсі, жүйке толқыны.

Инактивация – инактивация, беленділігін жою.

Инбридинг – инбридинг; таза тұқым өсіру.

Инвагинация (invaginatio; лат. in — ішке, vagina —

қынап) – инвагинация, қынаптану; қосқабатты ұрық — гаструланың пайда болу процесі (гаструляция немесе гастрлану процесінің бір түрі).

Инвагинация кишечника – ішектің қынаптануы; ішектің бір бөлігінің екінші бөлігіне қынаптана майыса енуі.

Инвазивность (лат. *invasio* — шабуыл, кіру) – инвазиялық.

Инвазивность микроба – микробтың инвазиялығы, денеге бойлау қасиеті.

Инвазионные болезни – инвазиялық аурулар (паразиттік аурулар).

Инвазия – инвазия; паразиттің (тоғышардың) организмге енуі.

Инвертаза – инвертаза; қантты ыдыратын фермент.

Инволюция (лат. *involutio* — тоқтату) – инволюция, кері даму, қалпына келу; көлемі үлкейген ұлпалардың, мүшелердің, мысалы, туудан кейінгі жатыр қабырғасының, немесе сүттенуден кейінгі желіннің бұрынғы қалпына келу процесі.

Инволюция матки – жатырдың қалпына келуі (төл туғаннан кейінгі көлемі ұлғайған жатыр қабырғасының кері даму арқылы бұрынғы қалпына келуі).

Ингалятор – ингалятор; ингаляция аспабы.

Ингаляционный – ингаляциялық, тыныс жолы арқылы.

Ингаляционный наркоз – тыныс жолы арқылы наркоз беру.

Ингаляция – ингаляция; тыныс жолы арқылы денеге енгізу.

Ингредиент – ингредиент; құрамындағы зат.

Ингибитор – ингибитор, тежегіш.

Ингибиция – ингибиция, тежеу.

Инглювиотомия – жемсау тілімі.

Индекс – индекс, көрсеткіш.

- Индекс заболеваемости** – аурудың таралу көрсеткіші, жыл бойындағы ауырған малдың жалпы мал басына шаққандағы үлесі.
- Индекс инцидентности** – шалдығу көрсеткіші, белгілі мерзім аралығындағы ауруға шалдыққан малдың сол мал тобына шаққандағы үлесі.
- Индекс контагиозности** – жұғымталдық көрсеткіші, ауырған малдың ауру қоздырушысының бастауымен жанасқан барлық мал санына шаққандағы пайызы.
- Индекс летальности (смертности)** – өлім – жітім көрсеткіші, ауырған малдың ішіндегі өлген мал санының үлесі.
- Индекс пораженности (болезненности)** – зардаптану көрсеткіші, белгілі кезеңдегі 100 малдың ауруға шалдыққандарының саны.
- Индекс смертности** – шығын көрсеткіші, бір жыл ішіндегі өлген мал санының жалпы мал басына шаққандағы үлесі.
- Индекс эпизоотичности** – індеттілік көрсеткіші, ауруға шалдығу мерзімінің бақылау мерзіміне қатынасы.
- Индикатор** – индикатор, анықтағыш.
- Индикаторный способ** – индикатор тәсілі.
- Индикация** – табу: **индикация возбудителя болезни** – аурудың қоздырғышын табу.
- Индифферентный** – бейтарап.
- Индурация** – индурация, беріштену.
- Инертность** – инерттілік, селқостық.
- Инертный** – инертті, оқшау.
- Инертный газ** – оқшау газ.
- Инженерия** – инженерия, инженерлік.
- Инженерия генная** – ген инженериясы, ген инженерлігі.
- Инкапсулирование** – қабықтану.
- Инкрет** – инкрет (ішкі секрет бездерінің бөліндісі).
- Инкреция** – инкреция; ішкі секреция бездерінің дененің сұйық ішкі ортасына бөлінді бөлуі.

- Инкубатор** – инкубатор, жетілдіргіш, жұмыртқадан балапан шығаратын қондырғы.
- Инкубационный** – инкубациялық, лат. инкуботыныштық, жасырын
- Инкубационный период** – инкубациялық кезең жасырын, жетілу кезеңі, жұқпалы аурудың біліне қоймаған кезеңі.
- Инкубация** — инкубация, лат. инкубацио-жетілдіру, жұмыртқадан балапанды шығару.
- Иннервация** – иннервация, нервтендіру, жүйкелендіру, жүйкемен қамтылу.
- Инокуляция** – егу, жұқтыру.
- Инородный** – бөтен, жат, бөгде.
- Иноход** – жорға.
- Инсектарий** – инсектарий, жәндіктерді өсіретін орын.
- Инсектициды** – инсектицидтер, зиянды жәндіктерге қарсы қолданылатын химиялық заттар.
- Инсоляция** – инсоляция; күн сәулесімен сәулелендіру.
- Инспектор** – инспектор, тексеруші, бақылаушы, қадағалаушы.
- Инспекция** – инспекция, тексеру.
- Инспекция ветеринарно-санитарной службы** – ветеринарлық-санитарлық қызмет инспекциясы.
- Инспекция по качеству** – сапа инспекциясы, сапа жөніндегі инспекция.
- Инспирация** – тыныс алу.
- Инстанция** – инстанция, саты.
- Инстинкт** – инстинкт, соқыр сезім.
- Инстинкт половой** – жыныстық инстинкт.
- Инстинктивный** – түйсікті, сезімді.
- Инструкция** – инструкция, нұсқау.
- Инструмент** – аспап, құрал – сайман.
- Инструменты хирургические** – оталық (хирургиялық) аспаптар.
- Инсулин** (insulinum; лат. insula — арал) – инсулин; эндокринді эпителиоциттерден құралған ұйқы

- Интерференция** – интерференция; бір вирустың организмге әсерін екінші вирустың тежеуі.
- Интерферон** – интерферон; жануарлар мен құстар организмдері жасушаларында вирусқа қарсы түзілетін қорғаныс нәруыздық зат.
- Интерьер** (француз. Interieur — ішкі) – интерьер, ішкі көрініс.
- Интерьер животных** — жануарлар интерьері; жануарлар организмі мүшелері мен ұлпаларының ішкі құрылыс (анатомиялық, гистологиялық) және олардың физиологиялық, биохимиялық ерекшеліктері.
- Интима** (лат. intimus – ішкі, терең) – интима; қан және лимфа тамырлары қабырғасының ішкі қабығы.
- Интотоксикация** – улану.
- Интонация** (лат. intono — қатты дауыс шығару) – дауыс ырғағы.
- Интравагинальный** — қынап ішіндегі.
- Интравагинальная грыжа** — қынап ішіндегі жарық.
- Интравакулярный** – интравакулярлық, тамыр ішіндегі.
- Интравакулярная анестезия** – интравакулярлық анестезия, ауырсыздандыратын ертіндіні қан тамырына жіберу.
- Интрадермальная реакция** – тері ішіндегі реакция.
- Интрапальпевральная реакция** – интрапальпевральды реакция, көз қабағы ішіндегі реакция.
- Интраутеринный** (лат. uterus — жатыр) – жатыр ішіндегі.
- Интраутериальная инфекция** – жатыр ішіндегі инфекция.
- Интубация** – интубация; ауыз арқылы көмекейге түтік салу.
- Инфантилизм** – инфантилизм; жас организмнің жетілмей қалуы.
- Инфаркт** (лат. infarctus – толтырылған) – инфаркт; мүше бөлігінің зақымдануы: **инфаркт миокарда** –

миокард инфаркты; **инфаркт селезенки** – көкбауыр инфаркты.

Инфекционная агалактия овец и коз — қой мен ешкінің жұқпалы агалактиясы (жұқпалы сүтсіздігі).

Инфекционная анемия лошадей – жылқының жұқпалы анемиясы (жұқпалы қаназдығы).

Инфекционная болезнь – инфекциялық ауру, жұқпалы ауру. **Инфекционная плевропневмония коз** – кебенек; ешкінің жұқпалы ауруы.

Инфекционная энтеротоксемия овец – жыбырлақ; қойдың жұқпалы ауруы.

Инфекционный бронхит цыплят — балапанның жұқпалы бронхиты.

Инфекционный гастроэнтерит свиней – шошқаның жұқпалы гастроэнтериті.

Инфекционный гепатит собак – иттің жұқпалы гепатиті.

Инфекционный кератоконъюнктивит – жұқпалы кератоконъюнктивит.

Инфекционный ларинготрахеит птиц — құстың жұқпалы ларинготрахеиті.

Инфекционный лимфангит – мандам (африкалық маңқа).

Инфекционный мастит – жұқпалы мастит, жұқпалы желінсау.

Инфекционный процесс – инфекциялық процесс.

Инфекционный ринотрахеит крупного рогатого скота – сиырдың жұқпалы ринотрахеиті.

Инфекционный синусит утят — үйрек балапанының жұқпалы синуситі.

Инфекционный энцефаломиелит лошадей – делбе; жылқының жұқпалы энцефаломиелиті.

Инфекционный энцефаломиелит птиц — құстың жұқпалы энцефаломиелиті.

Инфекционный эпидидимит баранов — қарақаштал; қошқардың жұқпалы эпидидимиті.

- Инфекция** – инфекция; организмге ауру қоздыратын микробтардың енуі, организмнің ауру жұқтырған қалпы.
- Инфекция алиментарная** – алиментарлық инфекция; жем — шөп арқылы тарайтын инфекция.
- Инфекция анаэробная** – анаэробты инфекция; оттегісіз тіршілік ететін микробтар қоздыратын инфекция.
- Инфекция аэрогенная** – аэрогенді инфекция; ауа арқылы тарайтын инфекция.
- Инфекция бактериальная** – бактериялық инфекция; бактерия қоздыратын инфекция.
- Инфекция бессимптомная** – білінбейтін инфекция; жасырын инфекция.
- Инфекция вирусная** – вирустық инфекция; вирус қоздыратын инфекция.
- Инфекция генитальная** – генитальдық инфекция; жыныс жүйесі мүшелерінің инфекциясы.
- Инфекция генерализованная** — өршіген инфекция (септицемия).
- Инфекция инвазивная** – білінбейтін инфекция (жасырын инфекция).
- Инфекция гнойная** – іріңді инфекция; іріңдетуші микробтар қоздыратын инфекция.
- Инфекция грибковая (грибная)** – саңырауқұлақтық инфекция; саңырауқұлақтар қоздыратын инфекция (микоз).
- Инфекция искусственная** – жасанды инфекция; қолдан әдейі жұқтырылған инфекция.
- Инфекция латентная** – латенттік инфекция; белгілері білінбейтін инфекция (жасырын инфекция).
- Инфекция почвенная** – топырақтық инфекция; қоздырғышы топырақта болатын инфекция.
- Инфекция пылевая** – шаң — тозаңдық инфекция; қоздырушысы шаң — тозаң арқылы тарайтын инфекция.
- Инфекция секундарная (вторичная)** — қосалқы инфекция.

ция; басқа инфекциялармен қабаттасып өрбитін инфекция.

Инфекция скрытная – жасырын инфекция; белгілері білінбейтін инфекция.

Инфекция случная – жыныстық инфекция; шағылысу кезінде жұғатын инфекция.

Инфекция смешанная – аралас инфекция; организмге бірнеше зардапты микробтар енгенде өрбитін инфекция.

Инфекция спонтанная (естественная) – тосын (табиғи) инфекция.

Инфекция стертая – болымсыз инфекция.

Инфекция трансмиссивная – трансмиссивтік инфекция; қоздырғышы қан сорғыш жәндіктер арқылы тарайтын инфекция.

Инфекция эндогенная (аутоинфекция) – эндогендік инфекция; қоздырғышы организмнің өзінде болатын инфекция.

Инфекция экзогенная – экзогендік инфекция; қоздырғышы организмге сыртқы ортадан енетін инфекция.

Инфекция экспериментальная – тәжірибелік инфекция (жасанды инфекция).

Инфицирование – жұқтыру.

Инфильтрат – инфильтрат, іркілім, жалқық; мүшелер мен ұлпаларда іркілген сұйық пен жасушалар.

Инфильтрационный – инфильтрациялық, іріклісті.

Инфильтрационная анестезия – іркілістік анестезия; анестезиялаушы ертіндіні ұлпа ішіне жіберу.

Инфильтрация – инфильтрация, іркілу, жиналу, жалқықтану.

Инфлюэнца – инфлюэнца; тұмаудың ескі атауы.

Инфракрасный – инфрақызыл.

Инфракрасные лучи – инфрақызыл сәулелер.

Инфузория – инфузория; тіржасушалы қарапайым жәндік.

- Инцидентность** – инциденттілік, індеттанулық ұғым.
- Инцистирование** – цистаға айналу, цисталану, паразиттің цистаға айналуы.
- Инъекция** – инъекция, енгізу, жіберу.
- Инъекция внутримышечная лекарства** – дәріні бұлшықетке жіберу.
- Ион** – ион, зарядталған бөлшек.
- Ионе болезнь** – Ионе ауруы (паратуберкулез).
- Ионизатор** – ионизатор, иондағыш.
- Ионотерапия** – ионотерапия, иондалған заттармен емдеу.
- Ионизация** – ионизация, иондау.
- Ионофорез** – ионофорез, ионмен емдеу.
- Ипподром** (грек. hippos – жылқы, dromos — шабыс) – ипподром; ат шабысын өткізетін орын.
- Иппология** – иппология, жылқы туралы ғылым, жылқы өсіру.
- Иридоциклит** – иридоциклит, көздің кірпікті денесі мен нұрлы қабығының бір мезгілде қабынуы.
- Иридэктомия** – иридэктомия; көздің нұрлы қабығын тілу.
- Ирит** – көздің нұрлы қабығының қабынуы.
- Ирригатор** – ирригатор; малдың денесі мен қуысты мүшелерін су және сұйық дәрілер арқылы шаятын аспап.
- Ирригация** – ирригация; ирригатормен малдың денесі мен қуысты мүшелерін сұйық дәрілер арқылы шаю.
- Искривление** — қисаю.
- Искривление позвоночника** – омыртқа бағанының қисаюы.
- Искусственная вагина** – жасанды қынап; еркек малдан шәует алатын аспап.
- Искусственное осеменение** — қолдан ұрықтандыру.
- Искусственное питание** — қолдан азықтандыру; жем — шөп жей алмайтын малға қоректік заттарды түрлі әдістермен жіберіп азықтандыру.

Искусственный отбор — қолдан сұрыптау.

Истинное ребро – нағыз қабырға; төссүйекпен тікелей байланысатын қабырға.

История болезни – ауру тарихы, аурунама, сырқатнама.

Источник возбудителя инфекции – ауру қоздырушысының басталуы.

Истощение – арықтау, жүдеу, көтерем болу, әлсіреу.

Истребление — құрту, жою.

Истребление вредителей – зиянкестерді жою.

Исход – нәтиже, ақыры, соңы.

Исход болезни – аурудың ақыры.

Исхудание – жүдеу, арықтау.

Ихор – ихор; іріп — шіріген ұлпаның қалдығы.

Ихтиоз – ихтиоз; тұқым қуалайтын тері ауруы, төл терісінің балық қабыршақтарына ұқсас мүйізденуі, “балықтерілі” деген мағынада пайдаланылатын атау.

Ихтиол – ихтиол (дәрі).

Ихтиология (грек. ichthys – балық) – балықтарды зерттейтін ғылым.

Ихтиопатолог – ихтиопатолог; балық аурулары жөніндегі маман.

Ихтиопатология – балық ауруларын зерттейтін ғылым.

Исцеление — айығу, сауығу.

Исцелитель – емші, емдеуші, шипагер.

Исчехнуть – арықтау, шегіне жете жүдеу.

Ишемия (грек. ischo – тоқтату, haima — қан) – ишемия; қан тамырлары қабырғаларының тарылуы, немесе бітелуі нәтижесінде дене мүшелеріне қанның келмей қалуы, болмаса тым нашар келуі.

Ишурия – ишурия; несептің азаюы.

Йод – йод (химиялық элемент).

Йодистый – йодты.

Йодистый калий – йодты калий.

Йодное число – йод саны; майдың сапасын анықтайтын көрсеткіш, 100г майға қосылатын йодтың грамм саны.

Йодоформ – йодоформ; йодты препарат.

К

Каверна (лат. *caverna* — қуыс) — каверна, қуыс, кеуек; дерттің әсерінен ұлпалардың бұзылуы нәтижесінде мүшелерде пайда болатын қуыс (мыс. туберкулезге байланысты каверна өкпеде пайда болады).

Кавернозное тело (пещеристое тело) — кеуекті дене; үңгірқуысты дене (жыныстық қатынас мүшесі — пеннисте болады).

Кадык — өндірішек, көмекей қабырғасындағы қалқанша шеміршектің шығыңқы бөлігі (шодыры).

Каемка — жиек (мыс. *каемчатый эпителий* — жиекті эпителий).

Казеин — казеин, сүт нәруызы.

Казеоз — казеоз, өліеттену.

Кайлык — кайлык, қодас пен сиырдың буданы.

Кайма — көбе, әдіп, жиек.

Кайма копытная — тұяқ көбесі; терінің мүйіз тұяққа ауысқан шекарасындағы тері туындысы.

Каймак — қаймақ, піскен сүттің бетіне жиналатын майлы қабаты.

Кал — нәжіс, қи.

Калий едкий — күйдіргіш калий.

Калия бромид — бромды калий.

Калия перманганат — калий перманганаты, антисептикалық зат.

Каломель — каломел, хлорлы сынап (дәрі).

Калорийность — калориялық, құнарлылық.

Калорийность кормов — азықтың құнарлылығы.

Калория — калория, жылу өлшемі.

Кальций хлористый — хлорлы кальций.

Кальцинированная сода — кальцийленген сода, натрий карбонаты.

Кальцитонин (лат. *calcitonium*) — кальцитонин; құрамында йод болмайтын, қандағы кальцийдің

сүйекке өтуіне ықпал етіп, оның қандағы деңгейін төмендететін, қалқанша бездің (Ж — жасушалары бөледі) нәруыздық гормоны.

Каменистая кость (os petrosum; лат. os — сүйек, petrosum — қатты, тастай) — тастай сүйек, қатты сүйек; бассүйектің самай сүйегі тастық бөлігін құрайтын сүйек (ішкі құлақ қаңқасы).

Камера — камера, бөлім.

Камера счетная Горьева — Горьевтің санау кемерасы (қан жасушаларын санау үшін пайдаланады).

Кампилобактериоз — кампилобактериоз (вибриоз); қой мен сырдың жұқпалы ауруы.

Камфора — камфора (дәрі).

Камфорное масло — камфора майы.

Камфорный спирт — камфора спирті.

Кандидамикоз — кандидамикоз; құстың саңырауқұлақтар қоздыратын жұқпалы ауруы.

Капилляры (vasa capillaria; лат. vas, vasis — тамыр, capillus — қыл) — капиллярлар, қылтамырлар; қабырғалары бірқабат жұқа эндотелиоциттерден тұратын ең жіңішке қан және лимфа тамырлары.

Кардиальные железы (glandula cardiace, лат. glandula — без; грек. cardia — жүрек, жүрекке жақын) — кардиальді бездер; қарынның өңеш тесігі тұсына жақын жатқан безді аймағы кілегейлі қабығында орналасқан, секрет бөлетін бөлімдері тарамдалған, қысқа өзекті қарапайым түтікше бездер.

Кардиомиоциты (cardiomyociti; грек. mys — бұлшықет, kytos — жасуша, kardia — жүрек) — жүрекет жасушалары; жүректің бұлшықет қабығын (миокардты) құрайтын жасушалар.

Кариолемма (грек. karyon — ядро, lemma — қабықша) — кариолемма, ядро қабықшасы; цитоплазмадан бөліп тұратын жасуша ядросының сыртқы қабықшасы.

Кариология — кариология; жасуша ядросының құрылысы мен қызметін зерттейтін цитология бөлімі.

- Кариоплазма** – кариоплазма, ядро плазмасы; жасуша ядросының біркелкі қоймалжың сұйық бөлігі.
- Кармин** – кармин, шымқай қызыл бояу.
- Карнуа жидкость** – Карнуа (Бельгия ғалымының атымен) сұйығы, гистохимияда қолданылатын сұйық.
- Каротидный синус** — ұйқы артериясының қойнауы.
- Каротин** – каротин; А витаминінің алғы заты, өсімдіктерден алынатын сарғыш түсті пигмент.
- Карпальный сустав** — тізе буыны.
- Карпит** – карпит; тізе буынының қабынуы.
- Карункулы** – карункулалар, сүйелшелер; күйіс қайтаратын ұрғашы жануарлар жатыры кілегейлі қабығындағы төрт қатар сүйелшелер.
- Касторовый** – майсана.
- Касторовое масло (касторка)** – майсана майы.
- Кастрат** – азбан, пішпе.
- Кастрация** – кастрация, пішу.
- Катаболизм** – катаболизм; организмдегі күрделі органикалық заттардың қарапайым құрамына ыдырауы. Нәтижесінде энергия бөлінеді.
- Катаген** (katagen; грек. kata — жоғарыдан төмен, genus — шығу тегі) – катаген; тері түк баданасы жасушаларының бөліну арқылы көбею процесінің әлсіреп барып, тоқтау кезеңі. Катаген — жануарлар тері түктерінің түлеуі алдында жүреді.
- Каталаза** – каталаза; сутегі асқын тотығын ыдырататын фермент.
- Каталазная проба** – каталаза сынамасы; желінсауға сүтті тексеру әдісі.
- Катализатор** – катализатор; химиялық реакцияға қатыспай — ақ, оның шапшаңдығын өзгертетін зат, биологиялық катализатор қызметін ферменттер атқарады.
- Катар** — қабыну; кілегейлі қабықтың қабынуы.
- Катаракта** (грек. katarrhaktēs – сарқырама) – катаракта; көз бұршағының күңгірттенуі.

- Катаральная пневмония** — өкпенің кілегейлі қабынуы.
- Катаральное воспаление** – кілегейлі қабыну.
- Катаральный гастроэнтерит** – кілегейлі гастроэнтерит.
- Катаральный мастит** – кілегейлі желінсау.
- Катепсины** – катепсиндер; нәруызды ыдырататын ұлпалардағы ферменттер.
- Катетер** – катетер, жіңішке түтік (несеашығар жолына, емшек өзегіне енгізіледі).
- Каудальный** (лат. cauda — құйрық) – каудальды, дене мүшелерінің “құйрық жағында” деген мағына беретін морфологиялық термин.
- Каутеризация** – күйдіру, қару.
- Кахекция** (грек. kakos – нашар, hexis — жағдай) – кахекция, арықтау, сему; қатерлі ісік және т.б. зілді аурулар кезіндегі арықтау.
- Качественный анализ** – сапалы талдау.
- Кашель** – жөтел.
- Квалификация** – мамандық, біліктілік.
- Кварцевая лампа** – кварц шамы (ультрақұлгін сәуле шығарады).
- Квасцы** – ашудас.
- Квасцовая вакцина** – ашудасты вакцина.
- Кедровое масло** – самырсын майы.
- Кенгуру** – кенгуру; қалталы жануар.
- Кератит** – кератит; көздің қасаң қабығының қабынуы.
- Кератомуляция** – кератомуляция; көздің қасаң қабығының жұмсарып ыдырауы.
- Кератоскоп** – кератоскоп; көздің қасаң қабығын зерттейтін аспап.
- Кесарево сечение** – Кесар тілімі (буаз малдың ішін жарып төлін алу).
- Кессонова болезнь** – кессон ауруы (су астындағы ауа қысымының артуынан өрбитін ауру).
- Кетгут** – кетгут (ешкінің, қойдың ащы ішегі кілегейлі қабығын сыдырып тастап, одан иірілген жіп отада, отада (хирургияда) қолданылады)

- Кетонемия** — кетонемия; қанда кетонды (ацетонды) денелердің молаюы.
- Кетоновые тела** — кетонды денелер (ацетонды денелер); зат алмасуының толық тотықпаған қалдықтары (ацетон, ацетон сірке қышқылы).
- Кетонурия** — кетонурия; несепте кетонды денелердің молаюы.
- Кетоны** — кетондар; құрамында карбонильді (кето) тобы бар органикалық заттар.
- Кинины** — кининдер; қан тамырын кеңейтіп, қабыну реакциясын күшейтетін пептидтер.
- Кисломолочные продукты** — ашыған сүт өнімдері.
- Кислород** — оттегі.
- Кислородная емкость крови** — қанның оттегілік сыйымдылығы.
- Кислородное голодание** — оттегінің жетіспеуі.
- Кислота** — қышқыл.
- Кислотное число** — қышқыл саны (майдың сапасын көрсететін шама, қышқылмен реакцияласу көрсеткіші).
- Кисотно—щелочное равновесие** — қышқыл-сілтілік тепе-теңдік; организмнің ішкі ортасындағы сутегі және гидроксиль тобы иондарының арақатнасы, яғни бұл тепе-теңдік — организмнің ішкі ортасындағы *гомеостаздың* негізгі көрсеткіші.
- Кислотоустойчивые бактерии** — қышқылға төзімді бактериялар.
- Киста** — киста; зардапталған ұлпада пайда болатын, сұйыққа толы, сыртында қабығы бар бітеу қуыс.
- Киста яичника** — жұмыртқалық кистасы.
- Кистома** — кистома; киста тәрізді ісік.
- Кисть руки** — қолбасы.
- Кишечная палочка** — ішек таяқшасы (бактерия).
- Кишечный сок** — ішек сөлі.
- Кишечные инвазии** — ішек инвазиялары; ішектің паразит аурулары.

- Кишечные инфекции** – ішек инфекциялары; ішектің жұқпалы аурулары.
- Кишечные камни** — қата (құм қата, құмақ қата).
- Кишечные швы** – ішек тігісі (тілінген ішекті тігу әдісі).
- Кишка двенадцатиперстная** – он екі елі ішек, ұлтабар ұшы (күйіс қайтаратын жануарларда).
- Кишка ободочная** – тоқ ішек, жиек ішек.
- Кишка подвздошная** – мықын ішек.
- Кишка прямая** – тік ішек.
- Кишка слепая** – бүйен.
- Кишка толстая** – жуан ішек.
- Кишка тонкая** – ащы ішек.
- Кишка тощая** – аш ішек.
- Клапан сердечный** – жүрек қақпақшасы.
- Классификация болезней** – ауруларды жіктеу.
- Классическая чума** – классикалық оба, кәдімгі оба.
- Классическая чума птиц** – құстың кәдімгі обасы.
- Классическая чума свиней** – шошқаның кәдімгі обасы.
- Клеверная болезнь** – беде ауруы.
- Клеймение мяса** – етті таңбалау.
- Клетка (cellula, cytos; лат. cellula, грек. kytos** — жасуша, торша, жасуша) – жасуша, жасуша; жануарлар организмдерінің ең қарапайым құрылымдық және қызметтік (функциональдық) бірлігі.
- Клетка Догеля** — Догель жасушасы; түтік төрізді ішкі мүшелер қабырғалары қабықтарының аралығында орналасқан микроскопиялық интрамуральдық вегетативті жүйке жасушаларының нейронциттері (жүйке жасушалары).
- Жасуша подкожная** – шел; терінің теріасты қабаты.
- Клеточная мембрана (cytolemma, plasmolemma; грек. kytos** – жасуша, lemma — қабықша, жарғақ) — жасуша жарғағы; жасушаның тірі заты – **протоплазманы** сыртынан қаптап, оны сыртқы ортадан бөліп және онымен байланыстырып тұратын жарғақ.
- Клеточные включения** – жасуша қосындылары; зат

алмасу процесіне (метаболизмге) қатысатын жасуша цитоплазмасындағы тұрақсыз гистологиялық құрылымдар.

Клеточный цикл (cyclus cellularins; грек. cyclus – айналым, лат. cellula – жасуша) – жасуша айналымы; кезеңаралықтан (интерфазадан) және митоздан тұратын толық жетілген жасушалардың тіршілік мерзімі. Грекше “цикл” — дөңгелек, шеңбер деген мағынаны білдіреді.

Клетчатка – клетчатка, жасұнық (целлюлоза).

Клещ – кене (жәндік).

Клещевина – майсана, үпілмәлік (кастор майы алынатын өсімдік).

Клизма (грек. klyzma — жуу) – клизма (тік ішекке сұйық жіберу).

Климакс (грек. klimax — саты) – климакс; қартаюға байланысты жыныс жүйесі мүшелері қызметінің тоқтауы.

Клиника: 1. Клиника — ғылым және оқу жұмысын қатар жүргізетін мекеме; **2. Клиника болезни** аурудың сипаты, көрінісі.

Клиницист – клиницист; клиника маманы.

Клиновидная кость (os sphenoidale; лат. os — сүйек, sphenoidalis — сына тәрізді) — сынаша сүйек; бассүйегі ми сауыты бөлімінің шүйде сүйегі денесін соқаша сүйегімен байланыстыратын пішіні сынаға ұқсаған сүйек.

Клиренс – клиренс, тазарту.

Клитор (clitoris; грек. cleitoris – күйіттік, тылақ) – клитор, күйіттік, тылақ.

Клоака (лат. cloaca) – клоака, біртесік; бірқатар омыртқалы жануарларға (кейбір дөңгелек ауыздылар, балықтар, барлық қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар, клоакалы сүтқоректілер) тән тік ішектің кеңейген соңғы бөлігі. **Біртесікті сүтқоректілерге** жұмыртқа салатын сүтқоректі жануарлар (ехидна, үйректұмсық) жатады.

Клоакальная (фабрицийева) сумка (bursa cloacalis; лат. bursa — қапшық, cloaca — клоака, біртесік) — клоака қапшығы, біртесік қапшығы; құс ішбалапаны мен балапаны клоакасының жоғарғы жағындағы эпителий ұлпасы мен лимфоидты ұлпадан жетілген, іші қуыс, пішіні қалта тәрізді қапшық (B — лимфоциттер түзілетін қан жасау мүшесі).

Клостридии — клостридиялар; спора түзетін анаэробты бактериялар.

Клостридиозы — клостридиоздар; клостридиялар қоздыратын аурулар (ботулизм, сіреспе, қарасан).

Клоп — қандала.

Клубочек — шумақ; **клубочки почечных телец** — бүйрек денешіктерінің шумақтары.

Клык — сойдақ тіс.

Книжка (лат. omasum — қатпаршақ) — қатпаршақ, жалбыршақ; күйіс қайтаратын жануарлар көп бөлімді қарнының жұмыршақ пен ұлтабар аралығында орналасқан бөлімі. Ол азықты механикалық және биологиялық өңдеуден өткізетін алдыңғы қарындарға жатады.

Коагулянты — коагулянттар; қанның ұюын жеделдететін химиялық заттар.

Коагуляционный некроз — коагуляциялық некроз (өліеттену); ұлпа сұйығының ұлпадан қоршаған ортаға шығуы нәтижесінде өрбитін ауру.

Кобальт — кобальт (химиялық элемент); акобальтоз — акобальтоз, кобальттың жетіспеуінен болатын ауру.

Кожа — тері, көн, былғары, қайыс.

Кожная проба — тері сынамасы; уытты саңырауқұлақтарды үй қоянының терісіне әсер ету арқылы анықтау.

Кокки — кокктар, домалақ бактериялар; **стафилококки** — стафилркокктар, үймелі кокктар; **стрептококки** — стрептококктар, тізбекті кокктар; **диплококки** — диплококктар, қосарланған кокктар.

- Коклюш** – көкжөтел (ауру).
- Кокцидиозы** – кокцидиоздар; кокцидиялар қоздыратын аурулар.
- Кокцидиостатики** – кокцидиостатиктер, кокцидияларға қарсы дәрілер.
- Коленная чашка** (лат. *patella* — тақылжар, тобық сүйек) – тақылжар, тобық сүйек; ортан жіліктің тобық шығырымен байланысатын ірі тиек сүйек.
- Коленный сустав** – тобық буыны.
- Коленчатое тело** (*corpus geniculatum*; лат. *corpus* – дене, *geniculatum* – тобықша, имек) – имек дене; аралық мидағы көру төмпегі (таламустың) артқы ядроларының құрамындағы құрылым.
- Колибактериоз** – колибактериоз; жас төлдің жұқпалы ауруы.
- Коли—индекс, коли—титр** – коли – индекс, коли – титр (судың, сүттің санитарлық көрсеткіші, нәжістен түскен ішек таяқшаларының санына байланысты).
- Колики** – түйнек, іштің түйнеп, шаншып, бұрап ауруы.
- Колики желудочные** – қарын түйнегі.
- Колики кишечные** – ішек түйнегі.
- Колит** – жуан ішектің қабынуы.
- Количественный анализ** – сандық талдау.
- Коллаген** – коллаген; дәнекер ұлпаларындағы коллаген талшықтарын құрайтын нәруыз.
- Коллагеназа** – коллагеназа; коллагенді ыдыратын фермент.
- Коллапс** – талу, талықсу.
- Коллатераль** – коллатераль; негізгі магистральды қан тамырларынан ажырап, олармен қатар тарамдалып, негізгі қан тамырларына қайтадан жалғасатын қан тамыры.
- Коллоид** – коллоид, қоймалжың зат.
- Колония бактерий** – бактериялар колониясы, бактериялар шоғыры.

- Колонотомия** – тоқ ішек тілімі.
- Колориметр** – колориметр; екі ертіндінің түсін салыстырып өлшейтін аспап.
- Кома** – кома, талма, ессізкүй.
- Комбинированный** — құрама.
- Компенсация** – компенсация, орнын толтыру; жұп мүшенің біреуін алып тастағанда, екішісінің екі мүшенің қызметін атқаруы.
- Комплекс** – кешен.
- Комплекс Гольджи** – Гольджи кешені (жасуша органелласы).
- Комплексная иммунизация** – кешенді иммундеу (бір мезгілде бірнеше вакцина егу).
- Комплексное лечение** – кешенді (жан-жақты) емдеу.
- Комплемент**–комплемент;қансарысуындағықорғаушы нәруыз (антиденелер әсерінен бейтараптықтан белсенді күйге ауысып, бөтен антигендерді ерітеді).
- Компонент** – компонент, құрам бөлік; **компоненты лекарственной смеси** – дәрілік қоспаның құрам бөлігі.
- Компресс** – компресс, былау; **согревающий компресс** — қыздырғыш компресс.
- Конвенция** – конвенция (халықаралық шарт).
- Конвенционные болезни** – конвенциялық дәрежеде күресуді қажет ететін тым қауіпті жұқпалы аурулар.
- Конвертин** – конвертин; қан сарысуының құрам бөлігі, қанның ұюы үшін қажет.
- Конвульсия** – конвульсия, құрыстау.
- Конгломерат** – конгломерат; әр түрлі қоспадан құралған кесек.
- Конглотинация** – конглотинация; түйіршікті антигендердің комплементтің қатысуымен жалғасуы.
- Конглотинин** – конглотинин; сиыр қаны сарысуының құрам бөлігі (конглотинация реакциясында комплементке жалғасатын зат).
- Конечность** – аяқ.
- Конечный мозг** (лат. telencephalon) – соңғы ми; сүйелді

- дене арқылы байланысқан екі жартышардан, немесе үлкен ми сыңарларынан тұратын үлкен ми бөлігі.
- Консервативное лечение** – операциясыз емдеу.
- Консилиум врачей** – дәрігерлер мәслихаты.
- Консультант** – консультант, кеңесші.
- Контагиозная агалактия овец и коз** – қой мен ешкінің жұғымтал сүтсіздігі.
- Контагиозная плевропневмония лошадей** – жылқының жұғымтал ала өкпесі.
- Контагиозный пустулезный дерматит овец и коз** – қой мен ешкінің жұғымтал қара сүйелі.
- Контаминация** – контаминация, ластану; **контаминация микробами** – микробтармен ластану.
- Контракт** – контракт, шарт.
- Контрактура** (лат. *contractura* – тартылу, тарылу) – контрактура, тартылу, буындағы қимылдың шектелуі.
- Контрастный** – контрасты, қарама – қарсы; **контрастные цвета** – қарама – қарсы түстер; **контрастные вещества** – контрасты заттар (рентген арқылы түсіруге қолданылатын заттар).
- Контроль** – контроль, бақылау, тексеріс; **контроль биопрепаратов** – биопрепараттарды тексеру.
- Концентрация** – концентрация, қоюлығы.
- Концепция** – концепция, жүйелі ой.
- Конъюгация бактерий** – бактериялардың түйісуі.
- Конъюнктива** (*conjunctiva*; лат. *conjunctivalis* – дәнекер, байланыстыру) – конъюнктива; көздің кілегейлі қабығы.
- Конъюнктивит** – конъюнктивит; көздің кілегейлі қабығының қабынуы, ноғала
- Копчик** – құйыршық.
- Копытная гниль** – бақайқұрт; қойдың жұқпалы ауруы.
- Копыто, копытце** (лат. *ungula, unguliula*) – тұяқ, тұяқша; теріден дамыған мүйізді мүше.
- Кора** – қыртыс; **кора головного мозга** – ми қыртысы.
- Коракоидная кость** (*os coracoideum*; лат. *os* – сүйек,

coracoideum — құс тұмсық) — құстұмсықша сүйек, қарға сүйек; құстардың иық белдеуіндегі ең ірі сүйек.

Коренные зубы – азу тістер.

Корнцанг – корнцанг, қысқыш (хирургиялық аспап).

Коронарная недостаточность – жүрек қанайналымының бұзылуы.

Корпус (лат. corpus — дене) – дене.

Кортиев орган – Корти (итальян ғалымының атымен) мүшесі, иірілімді мүше (ішкі құлақ ұлу өзегіндегі есту мүшесі).

Кости голени (ossa cruris; лат. os — сүйек, cruris — сирақ) — сирақ сүйектері; жануарлар артқы аяғы қаңқасының еркін қозғалатын бөлімі ортаңғы бөлігінің сүйектері (асықты жілік, шыбық сүйек).

Кости предплечья (ossa antebrachii; лат. os — сүйек; ante — алдыңғы, алдында; brachium — иық, тоқпан жілік) – білек сүйектері (кәрі жілік, шынтақ сүйек); жануарларда — алдыңғы аяқтың еркін қозғалатын бөлімі ортаңғы бөлігінің қаңқа сүйектері.

Костная мозоль — шор, сүйек шоры.

Костная ткань (textus osseus; лат. textus — ұлпа, os — сүйек) — сүйек ұлпасы; қаңқа дәнекер ұлпасы.

Костный мозг – сүйек майы, жілік майы.

Кость (грек. osteon — , лат. os – сүйек) – сүйек.

Костяк – сүйек қаңқасы (скелет).

Косяк — үйір (үйір жылқы).

Котиледон (грек. cotyledon — ыдыс) – котиледон; ұрықтың сыртқы бүрлі қабығы (хорион) бетіндегі алланта — хорион бүрлерінің пішіні ыдысқа ұқсаған аралшық тәрізді жиынтығы.

Кошарный клещ — қора кенесі.

Краевая эпизоотология — өлкелік індеттану.

Краниальный (лат. cranium – бассүйек) – краниальды, “бас жақ” деген мағына беретін морфологиялық термин.

Краски бактериологические – бактериологиялық бояулар.

Краски лекарственные – дәрілік бояулар.
Краснота — қызару.
Краснуха карпа – тұқы тілмесі.
Крематорий – крематорий; өлікті өртейтін орын.
Крахмал – крахмал, күрделі көмірсу.
Крепитация – крепитация, сықырлау; саусақпен басу (пальпация) және тыңдағышпен тыңдау (аускультация) кезінде естілетін дыбыс.
Крестец — құйымшақ (малда), сегізкөз (адамда).
Крестцовая кость (лат. *ossacrum* — құйымшақ, сегізкөз) — құйымшақ сүйек; омыртқалардың бір—бірімен сүйектенуі нәтижесінде түзілген омыртқа бағаны құйымшақ бөлімінің сүйегі.
Криз – криз; аурудың шырқау шегі.
Кризис болезни – аурудың ең шарықтаған шағы.
Крипторхизм – крипторхизм; еннің (аталық жыныс безі) ұмаға түспей, құрсақ қуысында қалып қоюы.
Крипты – крипталар; кілегейлі қабықтарға қалталана енген кірмелер.
Кровеносная система — қан айналым жүйесі.
Кровеносный сосуд — қан тамыры.
Кроветворение (гемопоз) — қантүзілу.
Кроветворные органы — қан жасау мүшелері.
Кровоизлияние — қан құйылу; қан кету.
Кровообращение — қанайналым; **круги кровообращения** — қанайналым шеңберлері.
Кровоостанавливающие средства — қан тоқтатқыш дәрілер.
Кровопаразиты — қан паразиттері.
Кровоподтек — қанталау.
Кровопотеря — қан жоғалту.
Кровопускание — қан алу, қан ағызу.
Кровососки (кровососущие насекомые) — қансорғыштар (қан сорушы жәндіктер).
Кровотечение — қан ағу, қан кету.
Кровь — қан.

- Кровяная мука** — қан ұны (малға жем ретінде пайдаланылады).
- Кровяная плазма** — қан плазмасы; қанның жасушалардан ажыратылған сұйығы.
- Кровяная сыворотка** — қан сарысуы; фибриноген нәруызынан ажыратылған қан плазмасы.
- Кровяное давление** — қан қысымы.
- Кровяное депо** — қан депосы; қан қорланатын мүшелер (бауыр, көкбауыр, тері).
- Кровяные клетки** — қан жасушалары.
- Кровяные пластинки** — қан пластинкалары, қан табақшалары (тромбоциттер).
- Круп** — сауыр.
- Крупный рогатый скот** — ірі қара мал, сиыр.
- Крыло** — қанат.
- Крылья носа** — танау.
- Крысид** — крысид; егеуқұйрықты (атжалманды) өлтіретін у.
- Крыша черепа** — бассүйек күмбезі.
- Крючки хирургические (ранорасширители)** — оталық (хирургиялық) ілмектер (жара ашқыштар).
- Ксантопротеиновая реакция** — ксантопротеин реакциясы (нәруызды анықтайтын түсті реакция).
- Ксерофтальмия** — ксерофтальмия; А витаминінің жетімсіздігінен көздің қасаң қабығының құрғауы.
- Кузница ковочная** — ат тағалайтын ұстахана.
- Ку—лихорадка** — ку қызбасы (жұқпалы ауру).
- Культура** — культура, өсін.
- Культура бактерии** — бактерия өсіні (қолдан өсірілген бактерия).
- Культура ткани** — ұлпа өсіні (қолдан өсірілген ұлпа).
- Культивирование бактерии** — бактерияларды өсіру.
- Культя** — тұқыл (кесілген мүше қалдығы).
- Кумуляция** — кумуляция, қорлану (организмге бірнеше рет енгізілген заттардың бірте — бірте қорлануы).
- Кунжут** — күнжіт, майлы өсімдік.

Куница – сусар (бағалы терілі аң).

Купать – шомылдыру.

Купировать патологический процесс – патологиялық процесті тежеу.

Купка – тоғыту; **купка овец** — қойды тоғыту.

Кураре – кураре; бұлшықеттің қимылын тоқтатып тастайтын зат.

Куриная слепота – ақшам соқыр; А витаминінің жетіспеуінен өрбіген алакөлеңкеде көре алмайтын кемістік ауру.

Кусочки зубные – тіс тістеуігі; тісті кесетін құрал.

Кутикула – кутикула; тері түктерінің мүйізді қабыршақты сыртқы жұқа қабаты.

Кьелдал метод – Кьелдал әдісі; азотты анықтайтын әдіс.

Л

Лабиальный (лат. labium — ерін) – лабиальдық, ерін жағы;

Лабиальная сторона зуба – тістің ерін жағы.

Лабии – лабиит, еріннің қабынуы.

Лабильность – тұрақсыздық, төзімсіздік.

Лабильный – төзімсіз; **термолабильный** – температураға төзімсіз.

Лабиринт – лабиринт, шытырман.

Лабиринт ушной — құлақ шытырманы, ішкі құлақтағы сыртқы — сүйектік және ішкі — жарғақтық шытырмандар.

Лаборатория – лаборатория, зертхана.

Лаборатория бактериологическая – бактериологиялық зертхана.

Лабораторный – зертханалық.

Лабораторное занятие – зертханалық сабақ.

Лабораторные животные – зертханалық жануарлар.

Лавроскопия – лавроскопия; дернәсілді (личинканы) көру.

- Лавроциста** – лавроциста; таспа құрттың даму сатысы.
- Лагофталъм** – лагофталъм, қоянкөз; көз қабақтары жиектерінің толық жанаспауы.
- Лаг—фаза** – лаг—фаза; бактериялардың бастапқыда баяу өсетін кезеңі.
- Лазарет ветеринарный** – малдәрігерлік лазарет, жануарлар емдейтін жылжымалы әскери емхана.
- Лазер** – лазер, лазер сәулесі.
- Лазурный** – көкшіл.
- Лакмус** – лакмус; қышқыл ортада қызыл түске, сілтілік ортада көк түске боялатын пигмент.
- Лакмусовая бумага** – лакмус қағазы, лакмуспен боялған қағаз (әмбебап индикатор ретінде сұйықтың реакциясын анықтауға пайдаланылады).
- Лаковая кровь** – түсі мөлдір қызыл қан. Эритроциттер бұзылып, ішіндегі заттары (гемоглобин) қанға шығады да, қан біртүсті мөлдір қызыл қанға айналады (гемолиз).
- Лакриматоры** (лат. lacrima – көзжасы) – лакриматорлар; көзді жасаурататын заттар.
- Лактаза** (лат. lac – сүт) – лактаза; лактозаны (сүт қанты) ыдырататын фермент.
- Лактационный период** – сүттену (сауылу) кезеңі.
- Лактация** – лактация, сүттену. Желіннен сүттің қарқынды түзіліп бөлінуі.
- Лактоальбумин** – лактоальбумин, сүт альбумині.
- Лактобактерии** – сүт бактериялары.
- Лактобактерин (лактобациллин)** – лактобактерин; сүт қышқылы бактерияларынан алынған ашытқы (сүт өнімдері өндірісінде қолданылады, емдік қасиеті бар).
- Лактоглобулин** – лактоглобулин, сүт глобулині.
- Лактоденсиметр** – лактоденсиметр, сүттің тығыздығын өлшейтін құрал.
- Лактоза** – лактоза, сүт қанты.
- Лактозурия** – лактозурия; сүт қантының несеппен бөлінуі.

Лактометр – лактометр (лактоденсиметр).

Лактопоз – лактопоз; желіндегі сүттүзілу процесі.

Лактоскоп – лактоскоп; сүттің майлылығын өлшейтін құрал.

Лакуны (лат. lacuna — ойыс) – ойыстар, өзінің жеке қабырғасы болмайтын мүшелер аралығындағы кеңістіктер.

Лангерганс жасуша – Лангерганс жасушасы, тері макрофагы.

Ландыш – ландыш, інжугүл, қанжыгүл; жүрек дәрілерінің препараттары алынатын өсімдік.

Ланцет – ланцет (скальпель), қандауыр. Хирургиялық (оталық) операцияларда қолданылатын өткір пышақ.

Лапа – аяқбасы.

Лапароскоп (грек. lapara – шап, құрсақ және көру) – лапароскоп, құрсақ қуысындағы мүшелерді көретін құрал.

Лапароскопия – лапароскопия; лапароскоп арқылы құрсақ қуысындағы мүшелерді қарау әдісі.

Лапаротомия – лапаротомия, құрсақ тілімі.

Ларингит – көмекей кілегейлі қабығының қабынуы.

Ларингоскоп – ларингоскоп, көмекейді тексеріп көретін құрал.

Ларингоскопия – ларингоскопия; көмекейді ларингоскоппен қарау.

Ларингостеноз – ларингостеноз, көмекейдің тарылуы.

Ларинготомия – ларинготомия, көмекей тілімі.

Ларингофарингит – ларингофарингит; көмекей мен жұтқыншақ кілегейлі қабықтарының бірге қабынуы.

Ласт – ласт, ескек аяқ (суда тіршілік ететін сүтқоректі жануарларында – итбалық, морж т.б. болады).

Ластоногие – ескекаяқтылар.

Латентный – жасырын.

Латентная инфекция – жасырын инфекция.

- Латентный период болезни** – аурудың жасырын кезеңі.
- Латеральный** (лат. *latus* – бүйір) – латеральды, дене мүшелерінің “бүйір жағы” деген мағына беретін морфологиялық термин.
- Левомецетин** – левомецетин; антибиотик.
- Легкое (легкие)** (*pulmones*; лат. *pulmo* — өкпе) – өкпе; қоршаған сыртқы орта мен жануарлар организмі қан айналым жүйесі аралығындағы газ алмасуды қамтамасыз ететін тыныс алу жүйесінің орталық мүшесі.
- Лейкемия** (грек. *leukos* – ақ) – лейкемия; қанда лейкоциттердің көбеюі.
- Лейкоз** – лейкоз; вирус тудыратын жұқпалы ауру.
- Лейкоз крупного рогатого скота** – сиыр лейкозы.
- Лейкоз птиц** – құс лейкозы.
- Лейкома** – лейкома, ноғала, көзге ақ түсу.
- Лейкопоз** (*leucocytopoiesis*; грек. *leucocytos* — ақ жасуша, *poiesis* — түзілу) – қан жасау мүшелеріндегі лейкоциттердің түзілу процесі.
- Лейкотоксин (лейкоцидин)** – лейкотоксин (лейкоцидин), лейкоцитке әсер ететін у.
- Лейкоцитарная реакция** – лейкоциттер реакциясы (қан құрамындағы әр түрлі лейкоциттер сандарының өзгеруі).
- Лейкоцитарная формула** – лейкоциттер формуласы (әр түрлі лейкоциттердің өзара қатынасы).
- Лейкоцитарный профиль** – лейкоциттер сипаты; 1 мл қандағы әртүрлі лейкоциттердің абсолюттік саны мен ара қатынасының графиктік бейнесі.
- Лейкоцитоз** – лейкоцитоз, қанда лейкоциттердің көбеюі.
- Лейкоциты** (*leucocytus*; грек. *leucos* — ақ, *kytos* — жасуша) – лейкоциттер; ірі ядролы белсенді қозғалатын қаның ақ жасушалары.
- Лекарственные растения** – дәрілік өсімдіктер.
- Лекарственные средства** – дәрілер.

- Лекарственные формы** – дәрі түрлері.
- Лекарство** – дәрі.
- Ленточные черви** – таспа құрттар.
- Лепра (проказа)** – алапес.
- Лептоспироз** – лептоспироз; спирохет туыстастарына жататын лептоспирлер қоздыратын жіті жұқпалы ауру.
- Летальность** — өлім көрсеткіші; ауруға шалдыққан малдардың өлім көрсеткіші.
- Летальный исход** — өліммен аяқталу.
- Летаргия** – летаргия, ұзақ ұйқы.
- Летучий** — ұшпа, ұшатын.
- Летучие жирные кислоты** — ұшпа май қышқылдары.
- Лечебница** – емхана.
- Лечебница ветеринарная** – ветеринарлық емхана, малдіргерлігі емханасы.
- Лечебные свойства** – емдік қасиеті.
- Лечебный эффект** – емдік әсері.
- Лечение** – ем, емдеу;
- Лечение хирургическое** – оталық (хирургиялық) ем (хирургиялық жолмен емдеу).
- Лигатура** – лигатура; емдеу кезінде мүшелерді байлау үшін қолданылатын жіп.
- Лигнин** – лигнин; жараны таңғанда қолданылатын қағаздың түрі.
- Лигулез** – лигулез; балықтың паразит ауруы.
- Лизаты (гистолизаты)** – лизаттар (гистолизаттар); ұлпаларды ыдырату арқылы алынған дәрілер.
- Лизис** (грек. lysis – еру, ыдырау) – лизис, еру.
- Лизис микробов** – микробтардың еруі.
- Лизис эритроцитов** – эритроциттердің еруі (гемолиз).
- Лизогения** – лизогения; бактериофагтың бактерия жазушасында білінбей ұзақ мерзім сақталуы.
- Лизосома (lysosomae; грек. lysis – еру, ыдырау; soma – дене)** – лизосома, еріткіш денешік; липопротеидті жарғақпен (мембранамен) шектелген, құрамында 60—қа жуық

гидролитикалық ферменттер (протеиназа, нуклеаза, глюкозидаза, фосфатаза және т.б.) болатын, пішіні шар тәрізді жасуша цитоплазмасындағы органелла.

Лизоцим – лизоцим; микробтарды ерітетін организмдегі қорғаныш зат.

Лизуха – жемір; минеральды заттар мен витаминдердің организмде жетіспеуінен малдың жеуге жарамсыз заттарды жалауы, шайнауы, жеуі.

Ликвидация – жою, құрту;

Ликвидация инфекционной болезни – жұқпалы ауруды жою.

Ликвор – ликвор; жұлын — ми сұйығы.

Лимфа – лимфа; лимфоциттер мен лимфоплазмадан құралған түссіз сұйық ұлпа.

Лимфаденит – лимфаденит; лимфа түйінінің қабынуы.

Лимфангиома – лимфангиома; лимфа тамырына ұқсас ісік.

Лимфангит – лимфангит; лимфа тамырының қабынуы.

Лимфатическая система – лимфа жүйесі; лимфа түйіндері мен лимфа тамырларының біртұтас жүйесі.

Лимфатические синусы – лимфа қойнаулары; лимфа түйіндеріндегі лимфа ағатын қойнаулар (шеткі, аралық және орталық қойнаулар).

Лимфатические сосуды – лимфа тамырлары (лимфа капиллярлары, әкелгіш және өкеткіш лимфа тамырлары, ірі лимфа өзектері).

Лимфатические узлы (nodi lymphatici; лат. nodus – түйін, lymphā – таза су, ылғал, сөл) – лимфа түйіндері; пішіні дөңгелек немесе сопақша келген, лимфа тамырларының бойында орналасқан, лимфоциттердің түзілу (лимфоцитопоэз) процесі жүретін шеткі қан жасау мүшесі.

Лимфообразование (лимфопоэз) – лимфатүзілу (лимфопоэз).

Лимфораггия (лимфорея) – лимфораггия, лимфа ағу (лимфа тамырлары бүлінгенде лимфа ағады).

- Лимфорсаркома** – лимфорсаркома; торлы (ретикула-лы) ұлпадан құралған қатерлі ісік.
- Лимфоциты** – лимфоциттер; (қан жасушалары) агранулалы лейкоциттерге жатады.
- Лимфоцитоз** – лимфоцитоз; қанда лимфоциттердің көбеюі.
- Лимфоэкстравазат** – лимфоэкстравазат; лимфаның лимфа тамырларының сыртындағы ұлпаларда жиналуы.
- Линимент** – линимент, жағатын сұйық май.
- Линия белая живота** – құрсақтың ақ сызығы, үйек (құрсақ бұлшықеттері жалпақ сіңірлерінің құрсақтың төменгі бетіндегі байланыс сызығы).
- Линька** – түлеу.
- Лиофилизация (лиофильная сушка)** – лиофилдеу; төменгі температурада вакуум (ауасыз) жағдайында кептіру.
- Липаза** (грек. lipos — май) – липаза; майды ыдырата-тын фермент.
- Липемия** – липемия; қан плазмасында майдың көбеюі.
- Липиды** – липидтер, майлар.
- Липогранулема** – липогранулема; теріасты шел-дің өліеттенген кезінде май дәншелерінің (гранулаларының) пайда болуы.
- Липоиды** – липоидтар; май тектес заттар.
- Липокаин** – липокаин; ұйқы безінен алынған гормонды препарат.
- Липома** – липома; май ұлпасынан пайда болған қатерсіз ісік.
- Липоматоз** – липоматоз, май басу.
- Липопротеиды** – липопротеидтер; құрамына липидтер кіретін күрделі нәруыздар.
- Липосаркома** – липосаркома; цитоплазмасында май тамшылары жиналған, дәнекер ұлпалары жасуша-ларынан тұратын қатерлі ісік.
- Липоцит, адипоцит** (lipocytus; грек. lipos — май, kytos

— жасуша, жасуша)– липоцит, адипоцит, май жасушасы; жануарлар организміндегі май ұлпасын құрайтын жасушалар.

Липкий пластырь – жабысқақ бұласыр.

Листериоз – листериоз, жұқпалы ауру.

Лихорадка — қызба, дене ыстығының көтерілуі.

Лицевая артерия (arteria facialis) – бет артериясы; қолқа доғасының тармағы иық — бас артериясынан ажырайтын жалпы ұйқы артериясының бас аумағы бет бөлімін артерия қанымен қамтамасыз ететін тармағы.

Лицевая вена (vena facialis) – бет венасы; вена қанын бастың бет бөлімінен жинайды.

Лицевой нерв (nervus facialis) – бет жүйкесі; ми жүйкелерінің VII – ші жұбы, қызметі жағынан аралас жүйке.

Личинка – личинка, дернәсіл.

Лишай – теміреткі, таз; **стригуций лишай** – бұзаутаз, қысаға.

Лобная кость (os frontale; лат. os — сүйек, frons — маңдай) — маңдай сүйек; жануарлар бассүйегі ми сауыты бөлімінің сүйегі.

Лобная пазуха – маңдай қойнауы.

Логарифмическая фаза – логарифмдік кезең, бактериялардың жедел өсу кезеңі.

Ложное бешенство – жалған құтырық (қар. Ауески ауруы).

Локомоция (лат. locus – орын, motio — қозғалыс, қимыл) – локомоция, дене қозғалысы.

Локализация патологическргр процесса – дертті шектеу.

Локализовать эпизоотический очаг – індет ошағын шектеу.

Локтевая кость (лат. ulna – шынтақ сүйек) – шынтақ сүйек.

Локтевой сустав – шынтақ буын.

Ломота – сырқырау.

Лопатка (лат. scapula) – жауырын; пішіні үшбұрышты жалпақ келген, үй жануарларының алдыңғы аяғы белдеу бөлімінің қаңқасын құрайтын сүйек.

Лоток – науа.

Лоханка почечная – бүйрек түбегі, бүйрек науасы.

Луковица волоса – түк баданасы.

Лунка зубная – тіс қуысы.

Лупа – лупа; үлкейткіш шыны.

Лучи рентгеновские – рентген сәулесі.

Лучи ультрафиолетовые – ультракүлгін сәуле.

Лучи инфракрасные – инфрақызыл сәуле.

Лучевая болезнь – сәуле ауруы (иондаушы сәуледен, сәулененуден, рентген сәулесі әсерінен өрбитін аурулар).

Лучевая кость (лат. radius – кәрі жілік) – кәрі жілік; шынтақ сүйекпен бірге білек қаңқасын құрайды.

Лучевая энергия – сәуле қуаты, сәуле энергиясы.

Лучевое поражение – сәуле зардабы.

Л-форма бактерии – бактериялардың Л-түрі, бактериялардың қожыраған жасуша қабықшасынан айырылған түрі.

Люголя раствор – Люголь ерітіндісі (йод пен йодты калийдің судағы ерітіндісі).

Люминал – люминал; ұйықтатын дәрі.

Люминесцентная микроскопия (лат. luminescentio – жарықтану) – люминисценттік микроскопия; зерттелетін нысандардың жарық шығару қасиеттерін пайдалануға негізделген микроскопия.

Люминесцентный анализ – люминисценттік талдау.

Лютеинизирующий гормон – лютеиндеуші гормон; овуляцияны жеделдететін, сары дененің жетілуін күшейтетін гипофиз гормоны.

Ляпис – ляпис, күміс нитраты.

Лярвоциды – лярвоцидтер; дернәсілдерді өлтіретін дәрілер.

М

- Мази** – жағын май; дәрінің түрі.
- Мазок** – жағынды; боялған жағындыны микроскоппен зерттейді.
- Маклок** – сербек; мықын сүйек қанатының сыртқы төмпегі.
- Макрогамета** (грек. makros — үлкен, ірі, ұзын және гамета) – ірі гамета; аналық жыныс жасушасы (овоцит).
- Макродентоз** – макродентоз, сойдақ тістену; тістің шамадан тыс өсуі.
- Макромолекула** – макромолекула, ірімолекула.
- Макроорганизм** – макроорганизм, іріорганизм; қаруланбаған көзге көрінетін организм.
- Макропрепарат** – макропрепарат, іріпрепарат; қаруланбаған көзге көрінетін препарат.
- Макроскопический** – макроскопиялық; жәй көзге көрінетін.
- Макроскопические изменения** – көзге көрінетін өзгерістер.
- Макроскопия** – макроскопия; жәй көзбен көру.
- Макрофаг** (macrophagi; грек. makros — үлкен, ірі; phagein — obu, жеміру, жеу) — жемір жасуша; организмге түскен бактериялар мен басқа нәруыздық бөгде заттарды қармап, оларды қорытуға қабілетті жасуша, үлкен жемір жасуша (фагоцит).
- Макрофагальная система** – макрофагтық жүйе; моноциттер туынды жасушаларының жүйесі.
- Макроэлементы** – макроэлементтер; организмде көп мөлшерде болатын элементтер.
- Максимальная доза** – ең жоғарғы доза.
- Маллеин** – маллеин; маңқаны анықтайтын аллерген.
- Маллеинизация** – маллеиндеу; маллеин енгізу арқылы жылқы мен есекті маңқаға тексеру.

- Малокровие** — қаназдық (қар. анемия).
- Малоподвижный сустав** — қимылы шамалы буын.
- Мальпигиев клубочек** — Мальпиги (итальян ғалымының атымен) шумағы; бүйрек денешігіндегі қан капиллярларының шумағы.
- Мальпигиево тельце** — Мальпиги денешігі (бүйрек денешігі мен көкбауыр түйіншелері бұрын осылай аталған).
- Мальтаза** — мальтаза; мальтоза көмірсуын ыдыратын фермент.
- Мальтийская лихорадка** — Мальта қызбасы (қар. бруцеллез).
- Мальтоза** — мальтоза; дисахарид.
- Малярия** — безгек.
- Манеж** — манеж, алаңқай; жануарларға емдік көмек көрсететін алаңша.
- Манипуляция** — манипуляция, әрекет; **хирургическая манипуляция** — оташылық әрекет.
- Манометр** — манометр; газдар мен сұйықтардың қысымын өлшейтін құрал.
- Марля** — дәке, **марлевый бинт** — дәке таңғыш.
- Маслянокислые бактерии** — май қышқылы бактериялары.
- Массаж** — массаж, сипау, уқалау.
- Мастисан** — мастисан; желінсауды емдейтін дәрі.
- Мастит** — мастит, желінсау, желіннің қабынуы.
- Матка** (лат. — uterus, грек. — metra) — жатыр; құрсақтағы ұрық дамып жетілетін қуысты түтікше мүше.
- Маточная труба** (tuba uterina; лат. tuba — түтік, uterus — жатыр; грек. — salpinx) — жатыр түтігі; аналық жыныс безі — жұмыртқалық пен жатырдың аралығында орналасқан, қуысында ұрықтану процесі жүретін, тесігі жатырға ашылатын түтікше мүше.
- Матрикс** — матрикс, негіз (мыс. негізгі вакциналық штамм).

- Мацерация** – мацерация, жидіту; майда жануарлар қаңқасын дайындайтын тәсіл.
- Мегакариоциты** – мегакариоциттер; сүйектің қызыл кемігі майындағы ірі қан жасау жасушалары. Қан табақшалары (тромбоциттер) түзіледі.
- Мегалоциты** – мегалоциттер; эритроциттердің қалыптан тыс ірі түрі.
- Медиа** – медиа; қан және лимфа тамырларының ортаңғы қабығы.
- Медиальный** (лат. *medius* – ортаңғы) – медиальды; “дененің омыртқа жотасының бойымен өтетін орталық сагиттальды жазыққа жақын” — деген мағына беретін морфологиялық термин.
- Медиаторы** (лат. *mediator* — делдал) – медиаторлар; жүйкелік тітіркеніс нәтижесінде түзіліп, жүйке толқындарын орындаушы мүшелерге немесе басқа жүйке жасушаларына өткізіп, аралық қызмет қызмет атқаратын химиялық заттар (ацетилхолин, норадреналин т.б.).
- Медикамент** – медикамент, дәрі — дәрмек.
- Межклеточное вещество** – жазушааралық зат.
- Межреберные мышцы** — қабырғааралық бұлшықеттер.
- Мезенхима** (грек. *mesos* – ортаңғы, аралық) – мезенхима; организмнің дәнекер ұлпалары дамып жетілетін ұрықтық дәнекер ұлпасы.
- Мезодерма** – мезодерма; ортаңғы ұрық жапырақшасы.
- Мезотелий** (*mesothelium*; грек. *mesos* — орташа, *theli* — кеуділік емізікше) – мезотелий; дене қуыстарын астарлап тұртын сірлі қабықтарды сыртынан қаптап жатқан бірқабатты жалпақ эпителий.
- Мейоз** (грек. *meiosis* — азаю) – мейоз; жыныс жасушаларының дамуы кезіндегі жасуша бөлінуінің түрі (хромосомалардың саны қалыпты жағдайдан екі есе азаяды).
- Меконий** – тоңғақ.
- Меланин** – меланин; қарақоңыр түсті пигмент (баяғыш зат).

Меланоз – меланоз; меланин алмасуының бұзылуы; **меланоз пчел** – ара меланозы (жұқпалы ауру).

Меланокарцинома – меланокарцинома; қарақошқыл пигментті қатерлі ісік.

Меланоциты – меланоциттер; терідегі пигментті жасушалар.

Меланурия – меланурия; несеппен меланиннің бөлінуі.

Мелиоидоз – мелиоидоз, мандам.

Мембрана (лат. membrana — жарғақ) – мембрана, жарғақ; жасушаларды, олардың ядролары мен цитоплазмасындағы жарғақты органеллаларды шектеп тұратын жұқа қабықша. Жасушадағы зат алмасу процестері жарғақтың қатысуымен жүреді. Сондықтан, оны **биологиялық жарғақ** — деп те атайды. Биологиялық жарғақ — нәруыздар мен липидтердің молекулаларынан (липид 40%, белоктар 60%) құралған. Оның орташа қалыңдығы 6 — 10 нм.

Мембрана клеточная – жасуша жарғағы.

Мембранная структура – жарғақтық құрылым; қабырғасы биологиялық жарғақтармен шектелген құрылым. Бұларға жасуша плазмолеммасы (цитоплазма қабықшасы) мен ядро кариолеммасы (ядро қабықшасы), Гольджи кешені, митохондриялар, лизосомалар мен пероксисомалар, гранулалы (түйіршікті) және агранулалы (түйіршіксіз) эндоплазмалық тор және цитоплазмадағы көпіршіктер, қапшықтар, түтікшелер жатады.

Мембранные белки – жарғақ нәруыздары; жарғақтың негізін құрайтын қосмолекулалы (бимолекулалы) липид қабатындағы нәруыздар. Жарғақтағы орналасу орындары мен құрылысына байланысты олар: интегралды, жартылайинтегральды және жарғақшамаңы немесе шеткі нәруыздар болып үш топқа бөлінеді.

Мензурка – мензурка; сұйықты өлшейтін ыдыс.

Менингит – менингит; ми қабығының қабынуы.

Менингоэнцефалит – менингоэнцефалит; ми мен ми қабығының қабынуы.

Мениск – мениск, тегершік; күрделі тобық буыны ішіндегі жіліктер бастары арасындағы латеральды және медиальды шеміршектер.

Ментол – ментол; дәрі.

Меробластическое дробление (fissio meroblastici; лат. fissio — бөліну, бөлшектену; грек. meros — жартылай, blastos — өскін) — жартылай бөлшектену; Ол сарыуыз қоры мол аналық жыныс жасушасы (полилецитті және телолецитті овоцит) ұрықтануынан пайда болған зиготада (біржасушалы ұрық) жүреді. Жартылай бөлшектену кезінде зигота толығымен жасушаларға (бластомерлерге) бөлінбейді. Бөлшектену процесіне тек ядро маңындағы зиготаның сарыуызы жоқ жоғарғы бөлігі ғана қатысады. Жартылай бөлшектену — балықтар, бауырымен жорғалаушылар, құстар, жұмыртқа салушы сүтқоректілер зиготаларына тән,

Мероприятие – шара.

Мероприятия профилактические – алдын алу шаралары.

Мероприятия оздоровительные – сауықтыру шаралары.

Мероприятия противозoonотические – індетке қарсы шаралар.

Мертвый — өлген, өлі.

Мерцание – жыбырлау.

Мерцательный – жыбырлайтын.

Мерцательный эпителий – жыбырлақ эпителий, кірпікшелі эпителий. Бірқабатты көпқатарлы кірпікшелі эпителий тыныс жолдарының (мұрын қуысы, көмекей, кеңірдек, бронхтар, бронхиолалар), жұмыртқа жолының кілегейлі қабықтарын астарлайды.

Метаболизм – метаболизм, зат алмасу. Ол бір — біріне

қарама — қарсы екі процестен (анаболизмнен және катаболизмнен) тұрады. Анаболизм — жануарлар организміндегі күрделі органикалық заттардың түзілу процесі (пластикалық алмасу), ал катаболизм — күрделі органикалық заттардың қарапайым құрамына ыдырауы арқылы энергия (қуат) бөлу процесі (энергиялық алмасу).

Метаморфоз — метоморфоз; түрлену, түбегейлі өзгеріс.

Метанефрос (metanephros, грек. meta — артқы, nephros — бүйрек) — метанефрос, жамбас бүйрек; ұрықтық даму кезінде 31 — 32 — дене сегменттерінің тұсында жамбас қуысында қалыптасатын тұрақты бүйрек.

Метанол — метанол; метил спирті.

Метастаз (грек. metastasis — орын ауыстыру) — метастаз, ошарлану; ісік жасушалары мен бактериялардың денеге тарап, қайтадан өніп — өсуі.

Метастронгилез — метастронгилез; нематоздар тобының гельминтоздары (жұмыр құрттар — метастронгилидтер) тудыратын шошқаның инвазиялық (құрт) ауруы.

Метатрофы — метатрофтар; сапрофитті органикалық заттармен қоректенетін микробтар.

Метафаза (metaphasis; грек. meta — кейін, phasis — фаза, кезең) — метафаза; митоз бен мейоздың профазадан кейінгі гомологиялық хромосомалар жасуша цитоплазмасының орталығында орналасатын екінші кезеңі.

Метафос — метафос; зиянды жіндіктерге қарсы қолданылатын фосфор органикалық улы зат.

Метахромазия (грек. meta — аралық, chroma — түс) — метахромазия; жасуша құрылымдары мен ұлпалардың бояуды басқаша қабылдауы, мыс., көк бояумен қызғылт түске боялу (болжам бойынша, жасушалар мен ұлпалардың бос теріс зарядтарының әсерінен бояғыш зат молекулаларының полимерленуі нәтижесінде болатын процесс).

- Метацеркарий** – метацеркарий; трематодтардың даму сатысы (сөзбе — сөз: құйрықсыз).
- Метгемоглобин** – метгемоглобин; гем темірі тотығының Fe (III) дейін жүруі нәтижесінде, темірдің асқын тотығына айналатын гемоглобиннің түрі. Ол газ алмасуға жарамсыз, көміртегі тотығымен (CO) улану нәтижесінде түзіледі.
- Метеоризм** (грек. meteorismos – жоғары көтеру) – метеоризм, кебу.
- Метеоризм желудка** – іш кебу.
- Метилацетофос** – метилацетофос; инсектицид және акароцид ретінде қолданылатын фосфор органикалық зат.
- Метиленовый синий** – метиленді көк бояу.
- Метилмеркаптофос** – метилмеркаптофос; фосфор органикалық инсектицид.
- Метиловый спирт** – метил спирті.
- Метиловый зеленый** – метилді жасыл бояу.
- Метилсалицилат** – метилсалицилат (дәрі).
- Метилтестостерон** – метилтестостерон; синтетикалық андрогенді препарат (еркек жыныс гормонының баламасы).
- Метод (методика)** — әдіс, тәсіл.
- Методология** – методология; ғылым жүйесі.
- Метрит** – метрит; жатырдың қабынуы.
- Метрология** – метрология; өлшемдер туралы ғылым.
- Механизм передачи инфекции** – инфекцияның берілу тетігі.
- Механотерапия** – механотерапия; қозғалыс арқылы емдеу.
- Механорецепторы (барорецепторы)** – механорецепторлар, қысым рецепторлары.
- Мечевидный отросток** – семсерше өсінді, сүріншек.
- Меченые антитела** – таңбаланған антиденелер.
- Меченые изотопы** – таңбаланған изотоптар (радиоактивті изотоптар).

- Мешалка лабораторная** – зертханалық былғауыш.
- Мешотчатый расплод** — дернәсілдің шіруі (бал арасының жұқпалы ауруы).
- Миалгия** – миалгия; бұлшықеттің қабынуы (миозит).
- Миарсенол** – миарсенол (мышьяк препараты).
- Миграция** — қоныс аудару, ауу, мекен ауыстыру.
- Миелиновая оболочка** – миелин қабығы, үлпекті қабық (миелинді жүйке талшығының ішкі қабығы. Неври-
лемма туындысы).
- Миелит** – миелит; жұлынның қабынуы.
- Миелома** – миелома; қан жасау мүшелері миелоидты ұлпасындағы қатерсіз ісік.
- Миелобласт** (myeloblastus; грек. myelos — сүйек кемірі, blastos — өскін) – миелобласт; сүйектің қызыл кемігі майындағы гранулоциттер (миелобласт, промиелоцит, миелоцит, метамиелоцит, гранулоцит): эозинофилдер, базофилдер, нейтрофилдер дамып жетілетін жас қан жасушасы.
- Миелопозз** – миелопозз; сүйектің қызыл кемігі майындағы миелоциттердің (эритроциттер, гранула-
лы лейкоциттер, қан табақшаларының — тромбоциттер) түзілуі.
- Миелосаркома** – миелосаркома; миелоидты ұлпаның қатерлі ісігі.
- Микобактерии** – микобактериялар; актиномицеттерге туыстас бактериялар, туберкулездің қоздырушысы.
- Микозы** – микоздар; саңырауқұлақтар тудыратын жұқпалы аурулар.
- Микология** – микология; саңырауқұлақтар туралы ғылым.
- Микоплазмы** – микоплазмоздар; микоплазмалар қоздыратын жұқпалы ауру.
- Микоплазмы** – микоплазмалар; бактерияларға ұқсас жасуша қабықшасы жоқ микроорганизмдер.
- Микотический аборт** – микоздық іштастау.
- Микотический дерматит** – микоздық дерматит.

- Микотоксикозы** – микотоксикоздар; саңырауқұлақтармен улану.
- Микроб** – микроб, микроорганизм; микроскоп арқылы ғана көрінетін организм.
- Микробиология** (грек. mikros — ұсақ және тіршілік) – микробиология; микроорганизмдер туралы ғылым.
- Микробное число** – микробсаны; әр түрлі нысандардың (су, ауа, сүт т.б.) белгілі бір көлеміндегі микробтар саны.
- Микробоноситель** – микробты алып жүруші.
- Микробоносительство** – микробты алып жүргенмен арудың білінбеуі.
- Микроворсинки** (microvilli; грек. micros — ұсақ, villus — бүрлер) – микробүрлер, ұсақбүрлер; жасушаның бос (апикальды) ұшындағы плазмолемма мен цитоплазманың тым ұсақ өсінді бүрлері (мыс. ащы ішек эпителиоциттерінде).
- Микрогамета** – микрогамета; аталық жыныс жасушасы.
- Микроклимат** – микроклимат; кішкене аумақтағы климат (ауа жағдайы).
- Микрококки** – микрококктар (стрептококктар).
- Микроманипулятор** – микроманипулятор; микроскоп арқылы тым ұсақ нысандарда түрлі әрекет жасайтын аспап.
- Микрометр** – микрометр, метрдің 10^{-6} бөлігі.
- Микроскоп** (грек. micros – және scopeo – көремін) – микроскоп; ұсақ заттарды үлкейтіп көрсететін аспап.
- Микроскопия** – микроскопия, микроскоппен зерттеу.
- Микроспориоз** – микроспориоз; балықтың инвазиялық ауруы.
- Микроспория** – микроспория; қысағаның бір түрі.
- Микротом** – микротом; мүше кесекшесін тым жұқалап кесетін аспап.
- Микрофлора** – микрофлора; белгілі — бір нысандағы микробтар; **микрофлора кишечника** – ішек микрофлорасы.

- Микрофотография** – микрофотография; микроскоп арқылы үлкейтіп фотоға түсіру.
- Микроэлементы** – микроэлементтер; организмде тым аз мөлшерде болатын химиялық элементтер.
- Микрохирургия** – микрохирургия; микроманипуляторды пайдалануға негізделген ота (хирургия).
- Микровирусы** – микровирустар; кілегейлі қабықтарға үйренген вирустар (тыныс жолдарын зақымдайтын вирустар).
- Миксома** – миксома; құрылысы ұрықтық дәнекер ұлпасы іспеттес қатерлі ісік.
- Миксоматоз кроликов** – қоян миксоматозы (жұқпалы ауру).
- Микстура** – микстура; ертінділер қоспасы (дәрінің түрі).
- Мимикрия антигенная** – антигендік мимикрия; микроб иесінің антигенін қабылдауы.
- Мимические мышцы** – мимикалық бұлшықеттер, бет құбылысын өзгертетін бұлшықеттер.
- Миндалевидное тело** (corpus amygdaloideum; лат. corpus – дене, amygdaloideum – бадамша) – бадамша дене; мидағы көру төмпегі мен жасымықша ядро аралығында орналасқан, жолақты дене құрамындағы сұр заттық ядро. Бадамша дене — жолақты дененің құрамында, қыртысастылық ядро ретінде, көптеген шартсыз рефлексстердің (қимыл, вегетативті реттелу т.б.) іс жүзіне асуына қатысады.
- Миндалины** – бадамшалар, мыс. жұтқыншақ бадамшасы.
- Минеральное питание** – минералды қорек.
- Минеральный обмен** – минералды зат алмасу.
- Миобласты** (myoblastus; грек. mys (myos) — ет, blastos — өскін) – миобласттар; ет ұлпалары дамып жетілетін ұрықтық ет жасушалары (бастама ізашар жасушалар).
- Миоглобин** – миоглобин, бұлшықет гемоглобині.
- Миоглобинемия** – миоглобинемия; қанда миоглобиннің көбеюі.

- Миоглобинурия** – миоглобинурия; миоглобиннің несеппен бөлінуі.
- Миозин** – миозин; ет жасушалары мен талшықтары цитоплазмасындағы нәруыздық жіпшелер – миофибриллаларды құрауға қатысатын нәруыз.
- Миозит** – миозит; бұлшықеттің қабынуы (қ. миалгия).
- Миокард**(myocardium; грек. mys — ет, kardia — жүрек) — миокард; жүрек жүрекшесі мен қарыншасының етті қабығы.
- Миокардиодистрофия** – миокардиодистрофия; жүрек етті қабығының дистрофиясы (зат алмасуының бұзылуы), миокардоздың бастапқы сатысы.
- Миокардит** – миокардит; жүрек етті қабығының қабынуы.
- Миокардоз** – миокардоз; жүрек еті ауруларының жиынтық атауы.
- Миология**(myologia; грек. mys — ет, logos — ілім) — миология; жануарлардың бұлшықеттер жүйесі туралы ілім.
- Миома** – миома; бұлшықеттің қатерсіз ісігі.
- Миометрий** – миометрий; жатырдың етті қабығы.
- Миометрит** – миометрит; жатырдың етті қабығының қабынуы.
- Миопатоз** – миопатоз; бұлшықеттің қабынбаған дерті.
- Миопия** – миопия; алыстан көрмеушілік.
- Миорелаксанты** – миорелаксанттар; бұлшықеттерді қимылсыздандыратын препараттар.
- Миофибриллы** (myofibrilla; грек. mys (myos) — ет, лат. fibrilla — жіпше) – миожіпшелер, миофибриллалар; ет жасушалары мен талшықтары цитоплазмасындағы арнайы органеллалар (актин және миозин нәруыздарынан құралған жіпшелер).
- Миоэпителиальные клетки** – миоэпителиальды жасушалар; сілекей бездері мен сүт безінің сөл бөлетін соңғы бөлімдерін (көпіршіктерін) сыртынан себет тәрізді қаптап, бұлшықет қабатының қызметін

атқаратын, пішіні тармақты өсінділі жалпақ жасушалар.

Мирацидий – мирацидий; трематодтардың дернәсілдік (личинкалық) сатысы.

Митоз (грек. mitos – жіп) — митоз; жасушаның күрделі бөліну түрі.

Митохондрия (mitochondria; грек. mitos – жіп, chondros — дәнше) — митохондрия; жасуша цитоплазмасындағы энергия алмасуын реттейтін жарғақты (мембраналы) органелла.

Митральный клапан сердца – жүректің митральды қақпақшасы (сол қосжақтаулы қақпақша).

Мицерин – мицерин; антибиотик.

Мозг головной (лат. encephalon — ми) – ми; организмдегі барлық мүшелер жүйелерінде жүретін процестерді үйлестіруші, реттеуші және басқарушы жүйке жүйесінің орталық мүшесі.

Мозг костный – сүйек майы.

Мозг спинной – жұлын.

Мозговые оболочки – ми және жұлынның қабықтары.

Мозжечок (лат. cerebellum – мишық) – мишық; жануарлар денесінің кеңістіктегі тепе-теңдігін сақтау және дене мүшелерінің қозғалыстарын үйлестіру орталықтары орналасқан ромб тәрізді мидың бөлігі.

Мозолистое тело (corpus callosum; лат. corpus – дене, callosum — сүйел, күс) — сүйелді дене, күсті дене; үлкен ми сыңарларын байланыстырып тұратын мидың ақ заты.

Молекулярная биология – молекулалық биология.

Молниеносное течение болезни – аурудың жіті өтуі.

Молозивный иммунитет – уыздық иммунитет.

Молозиво (лат. colostrum — уыз) – уыз; төл тууға жақын қалғанда буаз жануарлар желінінен және төл туғаннан соң, 5 – 6 күндей желіннен бөлінетін бөлінді (секрет).

Молоки – шоғал; балықтың аталық жыныс жасушалары.

Молоко – сүт; **молоко сухое** – құрғақ сүт.

Молоточек (лат. malleus) – балғашық, балғасүйекше; ортаңғы құлақтағы самай сүйегінің дабылдықыуысында орналасқан есту сүйекшелердің бірі.

Молочная вена – сүт венасы.

Молочная железа – сүт безі (желін).

Молочная кислота – сүт қышқылы.

Молочное зеркало – таң, шаптал; сиырдың екі санының ортасындағы тері қатпары.

Молочнокислое брожение – сүт қышқылды ашу, божу.

Молочнокислые бактерии – сүт қышқылы бактериялары.

Моляры – азу тістер.

Монезиоз – монезиоз; гельминтоз.

Монобласт (грек. monos – бір, біреу; blastos – өскін) – монобласт; моноциттің ізашар (бастама) жасушасы.

Моновакцина – моновакцина (жалғыз ауруға ғана қарсы вакцина).

Мономицин – мономицин; антибиотик.

Моносахариды – моносахаридтер, қарапайым көмірсулар.

Монотрихи – монотрихтер, жалғыз талшықты бактериялар.

Моноцит (monocytus; грек. monos – бір, kytos – жасуша) – моноцит, агранулалы лейкоцит. Моноциттен ұлпа макрофагтары жетіледі.

Моноцитоз – моноцитоз; қанда моноциттердің көбеюі.

Морула (лат. morum – тұт жемісі) – морула; пішіні тұт жемісіне ұқсаған ұрықтық дамудың бастапқы сатыларының бірі.

Морфин – морфин; апиыннан алынған алкалоид.

Морфогенез (morphogenesis; грек. morphe – пішін, genesis – шығу тегі) – морфогенез, пішінқалыптасу; организмнің жануарлар түріне, туысына, отрядына,

- сыныбына (класына), типіне байланысты дене бітімі мен пішінінің, дене мүшелерінің қалыптасу процесі.
- Морфология** (грек. *morphe* – пішін және ілім) – морфология; организмнің анатомиялық және гистологиялық құрылысы туралы ғылым (биологияның ірі саласы).
- Моторика желудка** – қарын қимылы.
- Моча** – несеп, зәр.
- Мочевая кислота** – несеп қышқылы.
- Мочевина** – несепнәр.
- Мочевой пузырь** (*vesica urinaria*; лат. *vesica* – көпіршік, *urina* – зәр, несеп) – қуық; бүйректе түзілген зәр несепар арқылы ағып келіп, уақытша жиналатын, пішіні алмұрт тәрізді қуысты мүше.
- Мочегонные средства** – несеп айдағыш дәрілер.
- Мочеиспускательный канал** – несепшығар өзегі.
- Мочекаменная болезнь** – тынжытас ауруы.
- Мочекислый диатез** – несеп қышқылды диатез.
- Мочеполовая система** – несеп – жыныс жүйесі.
- Мочеполовой канал** – несеп – жыныс өзегі.
- Мочеточник** (лат. *ureter* – зәрағар, несепар) – зәрағар, несепар; бүйрек түбегінен басталып, құрсақ қуысының бел аумағы арқылы жамбас қуысындағы қуыққа дейін созылған түтікше мүше.
- Мошонка** (лат. *scrotum*) – ұма; еңқаптың сыртқы етті – терілі қабығы.
- Мошоночная грыжа** – ұма жарығы.
- Мужской** – еркек, аталық.
- Мужской пол** – еркек жыныс.
- Мужская половая клетка** – аталық жыныс жасушасы.
- Мужская половая система** – еркек (аталық) жыныс жүйесі.
- Мукоцит** (*mucocytus*; лат. *mucosa* – кілегей, грек. *kytos* – жасуша) – мукоцит, кілегейлі жасуша; кілегейлі секрет бөлетін безді жасуша.
- Мультицепс** – мультисепс (таспа құрт).
- Мускатная печень** – мускатты бауыр (ауруға шалдыққан

бауырды тілгенде мускат жаңғағына ұқсайды).

Мускул (лат. *musculus* – бұлшықет) – мускул, бұлшықет.

Мускулатура – мускулатура, бұлшықеттер.

Мутация – мутация; тұқым қуалайтын өзгергіштік.

Мутиляция – мутиляция; өліеттенген ұлпаның сыдырылып түсуі.

Муцин – муцин; кілегейлі зат (мукопротеид).

Мыльнянка – сабындық (дәрілік өсімдік).

Мыт – сақау (жылқының жұқпалы ауруы).

Мышечная жасуша, миоцит (*myocytus*; грек. *mys* – ет және *kytos* – жасуша) – ет жасушасы, миоцит; ішкі мүшелер, қан және лимфа тамырлары қабырғаларындағы етті қабықтар мен қабаттарды құрайтын, пішіні ұршық сабы тәрізді ұзынша келген жасуша.

Мышечная система – бұлшықет жүйесі. Жануарлар денесін қозғалысқа келтіретін, тірек – қимыл аппаратының белсенді бөлігі.

Мышечная ткань – ет ұлпасы. Жануарлар организмінің ет ұлпалары: 1) ішкі мүшелер мен тамырлар қабырғаларында кездесетін, автономды түрде еріксіз жиырылатын, миоциттерден құралған – **бірыңғай салалы ет ұлпасы**; бұлшықеттер паренхимасын құрайтын, миосимпласттардан тұратын – **көлденең жолақты бұлшықет ұлпасы**; жүректің етті қабығы – миокардты құрайтын, кардиомиоциттерден тұратын – **көлденең жолақты жүрекет ұлпасы**.

Мышечное веретено (*fusus muscularis*; лат. *fusus* – ұршық және *muscularis* – ет) – ет ұршығы; жіңішке және қысқа көлденең жолықты ет талшықтарынан (10 – 12) құралған, афферентті (сезімтал) жүйке талшықтары келіп аяқталатын бұлшықеттердің рецепторлы аймағының құрылымы.

Мышечное волокно (*myofibra*; грек. *mys* – бұлшықет және *fibra* – талшық) – бұлшықет талшығы;

бұлшықет паренхимасын құрайтын көпядролы бейжасушалық құрылым (**симпласт**).

Мышечный желудок (ventriculus muscularis; лат. ventriculus — қарынжәнемuscularis — етті) — бөтеке, етті қарын; құстар қарнының етті бөлімі. Бөтеке — сүтқоректі жануарлар қарынының қақпалық (пилорикалық) бөлігіне сәйкес келеді.

Мышца (лат. musculus) — бұлшықет; жиырылу қызметін атқаратын бұлшықеттер жүйесінің қомақты паренхималы мүшесі.

Мышьяковый препарат — мышьяк дәрілері.

Мягкое небо, небная занавеска (palatum molle s. velum palatinum; лат. palatum — таңдай, velum — шымылдық, molle — жұмсақ) — жұмсақ таңдай, таңдай шымылдығы; ауыз қуысын мұрын қуысынан бөліп тұратын қатты таңдайдың артқы жалғасы. Оның негізін таңдай сүйегінен басталатын **таңдай бұлшықеті** құрайды.

Мякиш (лат. torus — майтабан) — майтабан; тұяқтың артқы жағында орналасқан, пішіні жастық тәріздес серпімді тері туындысы (тізе, жіліншік, тілерсек, тұяқ майтабандары).

Мясо-молочная и пищевая контрольная станция — ет — сүт және тағам бақылау бекеті.

Мята — жалбыз (дәрілік өсімдік).

Н

Набрюшник — іштартқыш.

Нагана — нагана (инвазиялық ауру).

Наганин — наганин (химиятерапиялық дәрі).

Наглазник — көзқалтқы.

Надгортанник — бөбешік, тілшік (көмекей тілшігі).

Надзор ветеринарно—санитарный — ветеринарлық — санитарлық қадағалау.

Надкостница (лат. periosteum — сүйекқап) — сүйекқап.

Надлопаточная артерия (arteria suprascapularis; грек. aēr – ауа, terein – ішінде; лат. supra – үсті, scapula – жауырын) – жауырынүсті артериясы; қолтық артериясының тармағы. Ол жауырын аумағының терісі мен теріасты бұлшықетін тамырландырады.

Надлопаточный нерв (nervus suprascapularis; лат. nervus – жүйке, supra – үсті, scapula – жауырын) – жауырынүсті жүйкесі; иық торабы жүйкелеріне жатады. Ол иық буынын, жауырынды, оның сыртқы бетіндегі бұлшықеттер мен теріні жүйкелендіреді.

Надпочечник (glandula suprarenalis, лат. glandula – без, supra – үсті және ren – бүйрек) – бүйрекүсті безі; бүйректің ішкі және жоғарғы жағында орналасқан, пішіні бүйрекке ұқсас, бірақ мөлшері кіші жұп ішкі секреция (эндокринді) безі.

Надхрящница – шеміршекқап.

Надрез – тілік.

Наждак – зімпара.

Назальный (лат. nasus – мұрын) – дене мүшелерінің “мұрын жағы” деген мағына беретін морфологиялық термин.

Наковальня – төс (ортаңғы құлақтағы есту сүйекшелерінің бірі).

Накостница – шор сүйек.

Наложение – таңу, тігу, салу.

Намин – жауыр.

Наперстянка – оймақгүл (жүрек дәрісі алынатын өсімдік).

Напятник – шаша (жылқы тұяғы үстіндегі бір шоқ ұзын түк).

Наркоз – наркоз, еліту, денені сезімсіздендіру.

Наркотик – наркотик, есірткі.

Нарост – беріш, қабынған ұлпаның беріштенуі (қатаюы).

Наружное лекарство – сыртқы дәрі.

Нарукавник – жеңқап.

- Насекомое** – жәндік; **насекомое паразитарное** – паразит жәндік, тоғышар жәндік.
- Наследственные болезни** – тұқым қуалайтын ауру.
- Насморк** – тұмау.
- Настой** — тұнба (суда ұзақ ұсталған өсімдіктен алынған дәрінің түрі).
- Настойка** – сірне; дәрілік заттың спирттегі ертіндісі (дәрі түрі).
- Нативный мазок** — өңделмеген жағынды.
- Натошак** — аш қарынға.
- Нашатырь** – мүсәтір.
- Небо** – таңдай.
- Небная кость** – таңдай сүйек.
- Небная пазуха** – таңдай қойнауы.
- Невралгия** – жүйке зақымы.
- Неврит** – неврит; жүйкенің қабынуы.
- Невроз** – невроз; орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылуы.
- Неврология** (neurologia; грек. neuron — жүйке жасушасы, logos — ілім) — неврология; жүйке (нерв) жүйесін зерттейтін морфологиялық ілім.
- Неврома** – неврома, жүйке ұлпасынан тұратын ісік.
- Недостаточность** – кемістік, мүкіс.
- Недуг** – ауру, дерт, сырқат.
- Незаразный** – жұқпайтын.
- Нездоровый** – ауру, науқас, сырқат.
- Неизлечимый** – жазылмайтын, ем қонбайтын.
- Нейрогистология** (neurohistologia; грек. neuron — нейрцит, жүйке жасушасы, histos — ұлпа, logos — ілім) – нейрогистология; жүйке жүйесі мүшелерінің микроскопиялық құрылысын, гистофизиологиясын зерттейтін гистологияның бөлімі.
- Нейроглия** (neuroglia; грек. neuron – нейрцит, жүйке жасушасы, glia – желім) – нейроглия; нейрциттер (жүйке жасушалары) үшін қоректік (трофикалық), тіректік, қорғаныс, оқшаулау, бөлінділер бөлу,

шекаралық қызметтер атқаратын жүйке ұлпасының құрамындағы маманданған жасушалар.

Нейро—гуморальная регуляция – нейро-гуморальды реттеу.

Нейрон, нейроцит, нервная жасуша (neuronum neurocytus; грек. neuron – жүйке, kytos – жасуша) — нейрон, нейроцит, жүйке жасушасы, жүйке жасушасы; жүйке ұлпасының негізгі морфологиялық және қызметтік құрылымдық бөлігі. Нейроциттер — өсінділі жасушалар. Олар нейролеммадан (плазмолеммадан), нейроплазмадан (цитоплазмадан), ядродан және жасуша денесінен (перикарион) таралатын өсінділерден құралған.

Нейроплегические лекарства – жүйке қызметін тежейтін дәрілер.

Нейтрализация яда – улы бейтараптау.

Нейтропения – нейтропения; қанда нейтрофилді лейкоциттердің азаюы.

Нейтрофилы, нейтрофильные лейкоциты (leucocyti neutrophilici; грек. leukos – ақ, kytos – жасуша, лат. neuter – бейтарап, грек. phileo – жақсы көру) – нейтрофилдер, нейтрофилді лейкоциттер; цитоплазмасындағы түйіршіктері бейтарап (ph=7,0) бояулармен боялған, жемірлік (фагоцитарлық) қасиеті күшті жетілген ақ қан жасушалары.

Неклеточная структура – бейжасушалық құрылым; жасуша емес құрылымдар (симпласт, синцитий).

Некробактериоз – некробактериоз, сарып (жұқпалы ауру).

Некроз – некроз, өліеттену.

Некроспермия – жансыз шәует.

Нематодироз – нематодироз (гельминтоз).

Нематоды – нематодтар, жұмыр құрттар.

Ненормальное развитие — қалыпсыз даму.

Неоаскаридоз – неоаскаридоз (гельминтоз).

Неорикетсия – неорикетсиялар, хламидиялар (микрорганизмдер).

Непроходимость кишечника – ішектің бітелуі, ішекбітелу.

Нерв (лат. *nervus*) – жүйке; жануарлар организмдерінде жұлын мен ми және вегетативтік жүйке түйіндерінен (ганглиондарынан) шығып, белгілі бір мүшелердің қызметтерін реттеуге маманданған, жүйке талшықтарынан құралған мүше.

Нервная система – жүйке жүйесі.

Нервная ткань – жүйке ұлпасы.

Нервное волокно (*neurofibra*; грек. *neuron* – жүйке және лат. *fibra* – талшық) – жүйке талшығы; жүйкелік глия (нейроглия) жасушаларымен (олигодендроглия жасушалары) қапталған нейронның біліктік (ось) цилиндрі (өсіндісі). Жүйке талшығының сыртқы нейроглия қабығын құрайтын жасушалар **нейролеммоциттер** – деп аталады.

Нервные окончания (*terminationes nervorum*; лат. *terminatio* – ұшы және грек. *neuron* – жүйке) – жүйке ұштары; жүйке талшықтарының соңғы ұштары. Жүйке ұштары: рецепторларға (тітіркеністі қабылдайтын соңғы құрылым) және эффекторларға (жүйке толқынын орындаушы жұмысшы мүшелерге – бұлшықеттерге, бездерге жеткізетін аппарат) бөлінеді.

Нервное сплетение (*plexus nervorum*; лат. *plexus* – торап, өрім; *neuron* – жүйке) – жүйке торабы (өрімі).

Нервные центры – жүйке орталықтары.

Несовместимость крови – қанның сәйкессіздігі.

Нефрит – нефрит; бүйректің қабынуы.

Нефрон (*nephronum*; грек. *nephros* – бүйрек) – нефрон, бүйрек түтікшесі; бүйректің құрылымдық және қызметтік бірлігі.

Нефросклероз – нефросклероз; бүйректің қатайып солуы, бүйректің семуі.

Никодин – никодин; өт жүргізетін дәрі.

Никотинамид – никотинамид, В – витамині.

- Никотиновая кислота** – никотин қышқылы, ниацин, РР – витамині.
- Нимфа** – нимфа; жәндіктер түрленуінің (метаморфозасының) имагоға айналатын сатысы (сөзбе-сөз “қалыңдық”).
- Нимфомания** — ұрғашы жануардың шектен тыс жыныс құмарлығы.
- Нитраты** – нитраттар; азот қышқылының тұздары.
- Нитриты** — нитриттер; азотты қышқыл тұздары.
- Нитрофурановые препараты** – нитрофуран препараттары; дәрілер.
- Новарсенол** – новарсенол (химиялық дәрі).
- Новакаин** – новакаин (ауырсыздандыратын дәрі).
- Новакаиновая блокада** – новакаинмен тежеу.
- Новообразование** – ісік, жаңадан жетілген ұлпалық құрылым.
- Ножницы хирургические** – хирургиялық (оташылық) қайшылар.
- Нозематоз пчел** – ара нозематозы, араның инвазиялық ішек ауруы.
- Ноздря** – танау тесігі.
- Нозоареал** – нозоареал; ауру тараған аймақ.
- Нозогеография** – нозогеография; аурулардың жер бетінде таралу географиясы.
- Нозологическая единица** – нозологиялық бірлік; аурудың жеке түрі.
- Нозологический профиль** – нозологиялық жағдай; аурудың таралып қалыптасуы.
- Нозология** – нозология, аурутану, ауру туралы ғылым.
- Нокардиоз** – нокардиоз (жұқпалы ауру).
- Номенклатура** – номенклатура, атаулар тізімі.
- Норадреналин** – норадреналин; бүйрекүсті безінің гормоны.
- Норма** — қалыптылық.
- Норсульфазол** – норсульфазол (сульфаниламид).
- Нос** – мұрын.

- Носовая кость** – мұрын сүйек.
- Носовая перегородка** – кеңсірік пердесі (мұрын қуысының пердесі).
- Носовое истечение** – мұрын сорасы.
- Носовое кольцо** – мұрындық.
- Носовые зажимы** – мұрынқысқыш.
- Носовые раковины** – мұрын кеуілжірлері.
- Носовые ходы** – мұрын жолдары.
- Носоглотка** – аңқа.
- Носогубное зеркало** – қаңсар.
- Носонебный канал** – мұрын — таңдай өзегі.
- Нотэдроз** – нотэдроз; кене қоздыратын қышыма ауру.
- Нуклеазы** – нуклеазалар; нуклеин қышқылдарын ыдырататын ферменттер.
- Нуклеиновые кислоты** – нуклеин қышқылдары.
- Нуклеопротеиды** – нуклеопротеидтер; нуклеин қышқылдары мен нәруыздан құралған күрделі заттар.
- Нуклеотиды** – нуклеотидтер; пурин немесе пиримидин негіздерінен, көмірсу мен фосфор қышқылынан тұратын заттар.
- Нутталиоз** – нутталиоз; қан паразит ауруы.
- Ньюкасла болезнь** – Ньюкасл ауруы, құстың жалған обасы, құстың азиялық обасы (жұқпалы ауру).

О

- Обвалакивающие средства** – бүркегіш дәрі-дәрмектер.
- Обезболивающие средства** – ауырсыздандыратын дәрі-дәрмектер.
- Обезвреживание** – залалсыздандыру.
- Обеззараживание** – зарарсыздандыру.
- Обкладочные клетки (париетальные клетки)** (glandulocytus parietalis; лат. glandula – без, грек. kytos – жасуша, parietalis – көмкерме) – көмкерме жа-

сушалар (париетальды жасушалар); тұз қышқылын түзуге керекті хлоридтерді түзетін қарын түбінің бездіжасушасы.

Облепиховое масло – шырғанақ майы.

Облигатный хозяин – шартты иесі, паразиттің өніп – өсуі үшін аса қажет организм.

Обмен веществ – зат алмасу.

Обморок – талу, естен тану.

Ободочная кишка (intestinum colon; лат. intestinum – ішек, colon – тоқ) – тоқ ішек; ас қорыту жүйесі соңғы бөлімінің ортаңғы бөлігі.

Оболочка – қабық; **слизистая оболочка** – кілегейлі қабық.

Обоняние – иіс сезімі.

Обонятельная луковица (bulbus olfactorius; лат. bulbus – бадана, olfactoria – иіс) – иіс баданасы; торлы сүйектің иіс шұңқырында орналасқан иіс миы өсіндісі.

Обонятельная система (systema olfactorius, лат. systema – жүйе, olfactoria – иіс) – иіс жүйесі; иіс талдағышын құрайтын мүшелер (иіс рецепторы, иіс жүйкесі, иіс миы мен мидағы қыртысасты және қыртыс орталықтары) жүйесі.

Обонятельные клетки – иіс сезімі жасушалары.

Обонятельный нерв (nervus olfactorius, лат. nervus – жүйке, olfactoria – иіс) – иіс жүйкесі; ми жүйкелерінің I – жұбы, иіс талдағышының (анализаторының) сезімтал жүйкесі.

Обонятельный отдел головного мозга (обонятельный мозг) (rhinencephalon; грек. rhinos – иіс, encephalon – ми) – иіс миы; соңғы мидың төменгі бетінде орналасқан ми бөлімі.

Обострение – асқыну.

Обстипация – обстипация; қаталау, іш жүрмеу.

Обструкция – обструкция, жабылу, бітелу, кедергі.

Обтурация – обтурация, ішектің бітелуі.

- Общая влагалищная оболочка** – жалпы қынаптық қабық.
- Объединение** – бірлестік, қауымдастық.
- Овальное отверстие** – сопақша тесік; іштәлі жүрегі ет пердесіндегі тесік.
- Овариоэктомия** – овариоэктомия; жұмыртқалықты (аналық жыныс безін) алып тастау.
- Овогенез** (ovogenesis; лат. ovum — жұмыртқа, genesis — шығу тегі) – овогенез; жұмыртқа жасушасының (овоциттің) даму процесі.
- Овод** – бөгелек (жылқыда) жалпы атауы, сәйгел (сиырда), кеңсірік бөгелегі (қойда), құмыр (түйеде).
- Овоцит** (ovocytus; лат. ovum – жұмыртқа, грек. kytos – жасуша) – жұмыртқа жасушасы; дамып жетілген аналық жыныс жасушасы.
- Овуляция** (ovulatio; лат. ovum — жұмыртқа) – овуляция; фолликулды жандандырушы (ФЖГ) және лютеиндеуші (ЛГ) жыныс гормондарының әсерінен жұмыртқалықтағы көпіршікті фолликулдың жарылып, пісіп жетілген жұмыртқа жасушасының (овоциттің) жатыр түтігі құйғышына өту процесі.
- Одногорбый верблюд** – аруана түйе, бір өркешті түйе.
- Однокамерный желудок** – бір бөлімді қарын.
- Однокопытные** – тақ тұяқтылар.
- Однослойный эпителий** (epithelium simplex; грек. еpi — үсті, thele — көкірек, емізікше, лат. simplex — қарапайым) – бірқабатты эпителий; эпителиоциттері негіздік жарғақта (базальды мембранада) бір қабатта орналасқан жабынды ұлпа.
- Одонит** – одонит; тістің қабынуы.
- Одонтобласт** (odontoblastus; грек. odontos – тіс, blastos — өскін) – одонтобласт; тіс жұмсағының (пульпа) сыртқы бетіндегі тіс дентинін түзетін жасуша (мезенхима жасушаларынан дамиды).
- Одонтолит** – одонтолит, тіс тасы.
- Одонтома** – одонтома, тіс ісігі.

Одонтопнекрот – одонтопнекрот, тістің шіруі.
Одышка – демігу.
Оживление – тірілту, жандандыру.
Ожирение – майбасу.
Ожеребится — құлындау.
Ожог – күйік, кую.
Озноб — қалтырау.
Озябание – жаурау, тоңу.
Окисление биологическое – биологиялық тотығу.
Окислитель – тотықтырғыш.
Окись — тотық.
Окись ртути желтая – сары сынап тотығы.
Окись цинка – мырыш тотығы.
Окклюзия – окклюзия, бітеу, тығындау.
Околовлагалищный — қынапмаңы.
Околоносовые пазухи – мұрынмаңы қойнаулар.
Околокрестцовый — құйымшақмаңы.
Околоматочный – жатырмаңы.
Околопаховый – шапмаңы.
Околоплодные воды – шарана суы, іштөлі суы.
Околопозвоночный – омыртқамаңы.
Околопочечный – бүйрекмаңы.
Околопупочный – кіндікмаңы.
Околосердечная сумка – жүрекқап, үлпершек.
Околоушная железа – шықшыт безі (құлақтүбі безі).
Околочитовидная железа — қалқаншамаңы безі.
Окончательный хозяин (дефинитивный хозяин) – тұрақты ие.
Окостенение – сүйектену.
Окот — қоздау, төлдеу.
Окоченелость – сіресіп қалушылық.
Окорм – жем түсу.
Окормить – күпті болу.
Оксазил – оксазил; атофияға қарсы дәрі.
Оксалурия – оксалурия; несеп құрамында қымыздық қышқылының шығуы.

- Оксидация** – оксидация, тотығу, тотықтандыру.
- Оксафенамид** – оксафенамид; өт айдағыш дәрі.
- Оксациллин** – оксациллин; антибиотик.
- Оксигемоглобин** – оксигемоглобин; гемоглобин тотығы (оттегі өкпеден ұлпалар мен жасушаларға тасымалдайтын гемоглобин).
- Оксигемограф** – оксигемограф; қандағы оксигемоглобин мөлшерін анықтайтын аспап.
- Оксигемометр** – оксигемометр; қандағы оттег мөлшерін анықтайтын аспап.
- Оксидазы** – оксидазалар; тотықтырушы ферменттер тобы.
- Оксидифенолят натрия** – натрий оксидифеноляты, фунгицид.
- Оксидоредуктазы** – оксидоредуктазалар; тотығу – тотықсыздандыру реакцияларын жеделдететін ферменттер.
- Окситетрациклин** – окситетрациклин; антибиотик.
- Окситоцин** – жатырдыңеттіқабығының(миоэпидидің) жиырылуына және желіннен сүттің бөлінуіне әсерететін гипофиз гормоны.
- Оксиуроз лошади** – бөген; жылқының гельминтозы.
- Оксиураты** – оксиураттар; жұмыр құрттар тобы.
- Октэстрол** – октэстрол; Б тобына жататын фолликулин тектес дәрі.
- Окуляр** – окуляр; оптикалық аспаптардың (мироскоптың) көзбен қарайтын үлкейткіш шынылар жүйесі.
- Окуляр—микрометр** – окуляр—микрометр; тым ұсақ нысандарды өлшейтін аспап.
- Олеандомицин** – олеандомицин; антибиотик.
- Оленит** – оленит; шынтак буынының қабынуы.
- Оливковое масло** – зәйтүн майы.
- Олигемия** – олигемия, қаназдық.
- Олиголактія** (грек. oligos — аз) – олиголактія; желіннен сүттің аз бөлінуі.

- Олигопноэ** – олигопноэ, тыныс алудың сиреуі.
- Олигогидрамнион** – олигогидрамнион; қағанақ суының аз болуы.
- Олигоглобулия** – олигоглобулия; қан эритроциттерінің азаюы.
- Олигоспермия** – олигоспермия; шәуеттегі аталық жыныс жасушалары – сперматозоидтардың азаюы.
- Олиготрихия** – олиготрихия; тері түгінің сирек болуы.
- Олиготрофия** – олиготрофия; жеткіліксіз қоректену.
- Олигофагия** – олигофагия; жануарлардың шағын ғана азық түрлерімен азықтануы.
- Олигофрения** – олигофрения, жарыместік.
- Олигохромемия** – олигохромемия; эритроциттер бояғыш заттарының азаюы.
- Олигоцитемия** – олигоцитемия, қан жасушаларының азаюы.
- Олигурия** – несеп мөлшерінің азаюы.
- Олифа** – олифа майы, әліпмай.
- Ольфактометр** – ольфактометр; иіс сезімін өлшеуге арналған аспап.
- Омазит** – омазит; қатпаршақтың қабынуы.
- Омертвление** – жансыздану, жансыздандыру.
- Омнопон, пантопон** – мнопон, пантопон; ауырсындырмайтын дәрі.
- Омфалит** – омфалит; кіндік маңының қабынуы.
- Онкология** (грек. onkos – ісік және ілім) – онкология; ісіктер мен ісік аурулары туралы ғылым.
- Онкосфера** – онкосфера; таспа құрттар жұмыртқасы ішіндегі ұрық.
- Онтогенез** (ontogenesis; грек. on – заты, мәні және genesis – шығу тек) – онтогенез; организмнің ұрықтанудан кейінгі пайда болған кезеңінен, оның тіршілігінің соңына дейінгі жеке даму тарихы.
- Онхоцеркоз** – онхоцеркоз; сіңірлерді зақымдайтын гельминтоз ауруы.

- Оогенез** (грек. ооп – жұмыртқа және генезис) – оогенез; аналық жыныс жасушаларының даму процесі.
- Оофарит** – оофарит; жұмыртқалықтың (аналық жыныс безінің) қабынуы.
- Оофорома** – оофорома; жұмыртқалық ісігі.
- Оомицеты** – оомицеттер; төменгі сатыдағы саңырауқұлақтар тобы.
- Оотип** – оотип; жалпақ құрттардың ұрықтанатын және жұмыртқадан дамидығын орны.
- Операция** – операция; емдеу мақсатымен қолданылатын оталық (хирургиялық) әдіс.
- Оперативная хирургия** – оперативтік хирургия; операция жасаудың теориялық негіздерін және оның әдістерін зерттейтін хирургияның бір бөлімі.
- Описторхоз** – описторхоз; етқоректі жануарларда болатын бауыр құрт ауруы.
- Оплодотворение** (fertilisatio; лат. fertilis – өсімтал) – ұрықтану; аталық және аналық жыныс жасушаларының қосылып, бір жасушалы ұрық – **зиготаның** түзілу процесі.
- Опорно—трофические ткани** – тірек – қорек (трофикалық) ұлпалары.
- Определение болезни** – ауруды анықтау.
- Опсонины** – опсониндер; фагоцитозды күшейтетін нәруыз тектес заттар.
- Опухоль** – ісік.
- Опухоль злокачественная** – қатерлі ісік.
- Опухоль доброкачественная** – қатерсіз ісік.
- Опыт** – тәжірибе.
- Оральный** (лат. ор – ауыз) – ауыз жақ, ауызға қарай (морфологиялық термин).
- Орбита** – көздік, көз шарасы, аңғалақ.
- Оргазм** – оргазм, бойдан кету; жыныстық қатынас кезінде болатын ең жоғарғы құштарлық сезім.
- Орган** (грек. organon – құрал) – орган, мүше, ағза.
- Орган зрения** (organum visae; грек. organum – мүше,

лат. *visa* – көру) – көру мүшесі; көру талдағышының (анализатор) шеткі бөлімі. Ол көз алмасынан, көру жүйкесінен, көздің қорғаныс және көмекші мүшелерінен тұрады.

Орган обоняния (*organum olfactorium*, грек. *organon* – мүше, лат. *olfactoria* – иіс) – иіс сезімі мүшесі; иіс сезу талдағышының (анализаторының) шеткі бөлігі.

Организм (лат. *organizum* – келісті түр, грек. *organon* – құрал, биологияда – мүше, орган, ағза) – организм; “үйлесімді қызмет атқаратын мүшелер жүйелерінің жиынтығы” – деген мағына береді.

Органическое вещество – органикалық зат.

Органический мир – тірі табиғат.

Органогенез (*organogenesis*; грек. *organon* – құрал, *genesis* – шығу тегі, түзім) – органогенез; ұрық организмі ұлпаларынан мүшелердің ұрықтық даму кезеңіндегі (эмбриогенездегі) қалыптасуы.

Органоиды, органеллы (*organellae*; грек. *organon* – құрал, мүше, ағза; *ella* – майда, кішірейту) – органеллалар; өздеріне тән құрылысы болатын, жасуша тіршілігі үшін белгілі бір қызмет атқаратын жасуша цитоплазмасындағы тұрақты құрылымдар.

Органолептическое исследование – сезімдік зерттеу, сезім мүшелерінің көмегімен зерттеу.

Органотерапия – органотерапия, мүше сығындыларымен емдеу.

Орган (грек. *organon* – құрал, яғни мүше, ағза, орган) – орган; өзіне тән пішіні мен құрылысы және организмде алатын орны бар, белгілі бір қызмет атқаруға бейімделген, бір – бірімен заңды түрде өзара байланысқан ұлпалардан (тканьдерден) құралған организмнің бір бөлігі.

Органы вкуса – дәм сезімі мүшелері, татым мүшелері.

Органы движения – қимыл мүшелері.

Органы дыхания – тыныс алу мүшелері.

Органы зрения – көру мүшелері.

- Органы изолированные** – оқшауланған мүшелер.
- Органы кровообращения** — қан айналым мүшелері.
- Органы кроветворения** — қан түзілу мүшелері.
- Органы лимфообращения** – лимфа айналым мүшелері.
- Органы мочевыделения** – зәр (несеп) бөлу мүшелері.
- Органы обоняния** – иіс сезімі мүшелері.
- Органы осязания** – сипап сезу мүшелері.
- Органы пищеварения** – ас қорыту, азық қорыту мүшелері.
- Органы размножения** – көбею мүшелері.
- Органы чувств, органы сенсорные** (*organum sensuum*; грек. *organon* – мүше, орган, ағза; *sensuum* — қабылдау, сезу) — сезім мүшелері; ішкі және сыртқы ортаның түрлі әсерлерін қабылдайтын сезім талдағыштарының (анализаторлардың) шеткі бөлігі, яғни рецепторлар.
- Орнитиновый цикл** – орнитин айналымы; организмде аммиакты зарарсыздандыру.
- Орнитобильхарциоз** – орнитобильхарциоз; тұяқтылар және мысық тұқымдас жануарлардың гельминтозы.
- Орошение** – суландыру, дәрілеу.
- Ортопедия** – ортопедия; тағалау және тұяқ аурулары туралы ғылым, хирургияның бір саласы.
- Орхит** – орхит; еннің қабынуы.
- Осадок** – тұнба, шөгінді.
- Осаждения метод** – тұндыру әдісі.
- Осарсол** – осарсол; А тобына жататын дәрі.
- Осевой скелет** — біліктік қаңқа; бас, мойын, тұлға және құйрық қаңқа сүйектерін біріктіреді.
- Оседание эритроцитов** – эритроциттердің шөгуі.
- Осеменение искусственное** — қолдан ұрықтандыру.
- Осетр** – бекре (балық).
- Ослабляющие средства** — әлсіретуші дәрі — дәрмектер.
- Осложнение болезни** – аурудың асқынуы.
- Осмотротария** – осмотерария, гипертониялық ертіндімен емдеу.

- Осмотр ветеринарный** – мал дәрігерлік байқау.
- Основа кожи (дерма)** – тері негізі (нағыз тері).
- Основание черепа** – бассүйек негізі.
- Основание рога** – мүйіз негізі.
- Особь** – дарақ (жеке организм).
- Оспа** – күл, шешек (жұқпалы ауру).
- Оспа карпов** – тұқы балық күлі.
- Оспопрививание** – шешек егу.
- Оспоподобный** – шешек тәрізді.
- Оспопрививатель** – шешек егуші.
- Оссеин** (лат. os – сүйек) – оссеин; сүйек құрамындағы қарапайым нәруыз.
- Осификация** – сүйектену.
- Оссокальциноль** – оссокальциноль; сүйектен алынатын кальцийлі дәрі.
- Осталгия** – осталгия; сүйектің сырқырауы.
- Остеоартрит** – остеоартрит; сүйек пен буынның қабынуы.
- Остеоартроз** – остеоартроз; буынның қабынусыз зақымдануы.
- Остеоартропатия** – остеоартропатия; сүйектің буындық бөлігін кесу.
- Остеобласты** (грек. osteon – сүйек, blastos – өскін) – остеобласттар; сүйек ұлпасын түзетін жасушалар.
- Остеодисплазия** – остеодисплазия, сүйек түзілу процесінің бұзылуы.
- Остеобластома** – остеобластома; сүйекте жаңадан пайда болған ісік.
- Остеогангрена** – остеоангрена, сүйек гангренасы.
- Остеодистрофия** – остеоидистрофия; сүйектің қалыпты құрамының бұзылуы.
- Остеокласты** (грек. остеон және klaos – бұзу) – остеокласттар, сүйек ұлпасының макрофагі; сүйек ұлпасының дамуы барысында сүйектің жарамсыз құрамын цитоплазмасындағы лизосомалардың көмегімен ерітіп жоятын көпядролы жасушалар.

- Остеология** – остеология; сүйектер (жілік) жүйесі туралы ілім, морфологияның бір саласы.
- Остеомаляция** – остеомаляция; құрамында кальций және фосфор қышқылы тұздарының азаюына байланысты сүйектің жұмсаруы.
- Остеома** – остеома, сүйек ісігі.
- Остеомиелит** – остеомиелит; сүйектегі жілік майының қабынуы.
- Остеон** (osteonum; грек. osteon – сүйек) – остеон; тығыз сүйек затының сүйек тақташалары қабаттарынан құралған құрылымдық бірлігі.
- Остеонекроз** – остеоонекроз, сүйектің шіруі.
- Остеопатия** – остеопатия, сүйектің созылмалы аурулары.
- Остеопериостит** – остеоопериостит; сүйек пен сүйекқаптың бірге қабынуы.
- Остеопороз** – остеоопороз; сүйек ұлпасының селдіреуі.
- Остеосаркома** – остеоосаркома, сүйек саркомасы.
- Остеосклероз** – остеоосклероз, сүйектің қатаюы, нығыздануы.
- Остеотомия** – остеоотомия, сүйек бөлігін кесу.
- Остеофиты** – остеофиттер, сүйек өсіктері.
- Остеохондрит** – остеоохондрит, сүйек пен оның маңындағы шеміршектің қабынуы.
- Остеохондрома** – остеоохондрома; сүйек және шеміршек ұлпаларынан тұратын ісік.
- Остеохондросаркома** – остеоохондросаркома; сүйек пен шеміршек саркомасы.
- Остеоциты** (грек. osteon және kytos – жасуша) – остеоциттер, сүйек ұлпасының жасушалары.
- Остертагиоз** – остертагиоз; күйісті жануарлар гельминтозы.
- Остит** – остит, сүйек қабынуы.
- Остистый отросток** (processus spinosus; лат. processus – өсінді, spina – жота) – жоталық өсінді; омыртқалар доғаларынан жоғарғы бағытта шығатын тақ өсінді.
- Остов** – қаңқа.

- Острозаразный** – тым жұқпалы.
- Остролодочник** – кекек (өсімдік).
- Острая форма болезни** – аурудың жіті түрі.
- Острое расширение желудка** — қарынның жіті кеңеюі.
- Осциллограф** – осциллограф; қан қысымын жазатын аспап.
- Ось** – ось, білік.
- Отведение** – шеттету, алыстату (тұлғадан алыстату).
- Отверстие** – тесік.
- Отделение послета** – шудың бөлінуі.
- Отек** – домбығу: **отек гортани** – көмекейдің домбығуы; **отек легких** — өкпенің домбығуы.
- Отечность** – домбыққандық.
- Отечная болезнь поросят** – торайлардың домбығу ауруы.
- Отит** – отит, құлақтың қабынуы.
- Откашливание** – жөтелу.
- Отклонение** – ауытқу.
- Отлов** – аулау.
- Отметина** – ен, таңба.
- Отморожение** — үсу.
- Относительная влажность** – салыстырмалы ылғалдылық.
- Отодектоз** – отодектоз; етқоректі жануарлардың құлақ қотыры.
- Отолиты** – отолиттер; ішкі құлақтағы жарғақтық қапшықтар дақтарының бетінде орналасқан фосфорлы көмірқышқыл кальций кристалдары.
- Отоскопия** – отоскопия; сыртқы және ортаңғы құлақтарды тексеру әдісі.
- Отрава** – заһар, у.
- Отравление** – улану.
- Отравления кормовые** – жем — шөппен улану.
- Отравляющие вещества** – улы заттар.
- Отросток** — өсінді (сүйектер өсінділері, морфологиялық термин).

- Отрыжка** – кекірік, кекіру.
- Отсосать** – сорып алу.
- Отсутствие аппетита** – төбет шаппау.
- Отхаркивание** — қақырыну, қақырықтың бөлінуі.
- Отхаркивающие средства** — қақырық түсіретін дәрі — дәрмектер.
- Офтальмит** (грек. ophthalmos – көз) – офтальмит; көз алмасының қабынуы.
- Офтальмия** – офтальмия; көздің қабынуы.
- Офтальмология** – офтальмология; көз аурулары туралы ілім.
- Офтальмомаляция** – офтальмомаляция; көз қысымы мөлшерінің төмендеуі.
- Офтальмопаралич** — офтальмопаралич; көздің суалуы.
- Офтальморреакция** – офтальморреакция, көз реакциясы; көзге дәрі тамызу арқылы ауруды анықтау.
- Офтальмоскоп** – офтальмоскоп; көз айнасы.
- Офтальмоскопия** – офтальмоскопия; көз айнасының көмегімен көз түбін тексеру.
- Офтальмотонометрия** – офтальмотонометрия; көз қысымын өлшеу.
- Офтальмоцентез** – офтальмоцентез, көзді тесу.
- Охота половая** – күйіт, күйлеу.
- Очаг болезни** – ауру ошағы.
- Очистительные средства** – тазартқыш дәрі-дәрмектер.

II

- Падаль** — өлексе.
- Падальные мухи** — өлексе шыбындары.
- Падевый мед** – шіре бал.
- Падевый токсикоз** – шіремен бал арасының улануы.
- Падеж** — өлім — жітім.
- Падение температуры** — қызудың қайтуы.
- Пазуха** — қойнау, қойын.

- Пазуха верхнечелюстной кости (пазуха Гайморова)** – жоғарғыжақ сүйек қойнауы (Гаймор қойнауы).
- Пазуха клиновидной кости** – сынаша сүйек қойнауы.
- Пазуха лобной кости** – маңдай сүйек қойнауы.
- Палеозоология** (грек. palaios – көне, ертедегі) – палеозоология; өліп біткен жануарлар туралы ғылым.
- Палеопатология** – палеопатология; өліп біткен жануарлардың аурулары туралы ғылым.
- Палингенезы** – палингенездер, бұрынғы өткен ең алыс ататек белгілерінің ұрықтың дамуында кездесуі.
- Пальмитиновая кислота** – пальмитин қышқылы; май мен балауыздың құрамына кіреді.
- Паллиативные средства** – ауруға уақытша жеңілдік беретін дәрі – дәрмектер.
- Палочка** – таяқша.
- Палочка кишечная** – ішек таяқшасы.
- Палочка сибирской язвы** – топалаң (жамандат, қараталақ, ақшелек, қарабез, шек – шек, түйнеме, күйдіргі) таяқшасы.
- Палочка синегнойная** – көкірің таяқшасы.
- Палочка столбняка** – сіреспе таяқшасы.
- Палочка туберкулеза** – туберкулез таяқшасы.
- Пальпация** – пальпация, сипалау.
- Панариций** – тұяқ маңын зақымдайтын аурулар.
- Панацея** – панацея; барлық ауруларға ем дәрі.
- Пандемия** – пандемия, лаң; адам індетінің бірнеше мемлекет жеріне таралуы.
- Панетовые клетки** – Панет жасушалары; жалпыішектік түтікше бездер түбінде орналасып, секрет бөлетін ірі безді эпителиоциттер (эпителий жасушалары).
- Пангастрит** – пангастрит; қарын қабықтары мен қабаттарының қабынуы.
- Панзоотия** – панзоотия, лаң; көптеген мемлекет жерлеріне бір мезгілде таралған жануарлар індеті.
- Панкреатин** – панкреатин; ұйқы безінің ферменті.
- Панкреатит** – панкреатит; ұйқы безінің қабынуы.

- Панкреатит острый** – жіті панкреатит.
- Панкреатит хронический** – созылмалы панкреатит.
- Панкреатический сок** – ұйқы безінің сөлі.
- Панкреатотоксин** – панкреатотоксин; ұйқы безінің токсині.
- Панкреатоэктомия** – панкреатоэктомия, ұйқы безін кесіп алып тастау.
- Панотит** – панотит; құлақтың жалпы қабынуы.
- Панофтальмит** – панофтальмит; көздің түгелдей іріңдеп қабынуы.
- Панплегия** – панплегия; дененің жалпы салдануы.
- Пантоцид** – пантоцид; зарарсыздандырғыш дәрі.
- Пантокрин** – пантокрин; маралдың мүйізінен алына-тын сығынды дәрі.
- Пантопан** – пантопан; апиын алколоиды.
- Панты** – маралдың мүйізі.
- Панфлебит** – панфлебит; көктамырдың (венаның) барлық қабықтары мен қабаттарының қабынуы.
- Папаверин** – апиын алкалоиды.
- Папиллома** – папиллома, сүйел.
- Папилломатоз** – папилломатоз, сүйел басу.
- Папиллотомия** – папиллотомия, сүйелді сылу.
- Папула** – папула, бөртік.
- Пара** (грек. пара – маңы, қасы, сырты) – “жанында, маңында, сыртында” – деген мағына беретін күрделі сөздер құрамына кіретін қосымша.
- Парааглютинация** – парааглютинация; ауру мал қан сарысуының ауру қоздырушысына туыстас басқа бір микробты желімдеп шөгеруі.
- Параанестезия** – параанестезия; сезімталдықтың дененің екі жағында бірдей төмендеуі.
- Параартикулярная флегмона** – буынмаңы флегмонасы; буын маңындағы борпылдақ дәнекер ұлпаның іріңдеп қабынуы.
- Парабиоз** – парабиоз; тіршілік пен өлім арасындағы күй.

- Парабронемоз** – парабронемоз; күйісті жануарлар гельминтозы.
- Парагонимоз** – парагонимоз; ит тұқымдас жануарлар мен талғаусыздар (шошқа) гельминтозы.
- Парабурсит** – парабурсит; қапшық (бурса) маңындағы ұлпаның қабынуы.
- Паразитизм** — паразитизм, тоғышар тіршілік ету.
- Паразитология** – паразитология; тоғышарлар (паразиттер) және олар тудыратын аурулар туралы ғылым.
- Паразитоценоз** – паразитоценоз; жануар денесін жайлаған паразиттер жиынтығы.
- Паразит** – паразит; тоғышар тіршілік ететін организм.
- Паразитоз** – паразитоз; тоғышар организмдер қоздыратын ауру.
- Паразитоциды** – паразитоцидтер; паразиттерге қарсы қолданылатын дәрі — дәрмектер.
- Паразиты кишечные** – ішек паразиттері.
- Паразиты внутренние (эндопаразиты)** – ішкі паразиттер (эндопаразиттер).
- Паразиты наружные (эктопаразиты)** – сыртқы паразиттер (эктопаразиттер).
- Параиммунитет** – параиммунитет, қосалқы иммунитет.
- Паракератоз** – паракератоз; мүйіз түзілу сапасының өзгеруі.
- Паракинез** – паракинез; еріксіз күрделі қозғалыстар.
- Паралич** — паралич, салдану, сал болу.
- Паралич атрофический** – атрофиялық салдану.
- Паралич клещевой** – кене шағудан салдану.
- Паралич всего тела** – дененің жалпы салдануы.
- Паралич пищевода** — өңештің салдануы.
- Паралич языка** – тілдің салдануы.
- Паралич лицевого нерва** – бет жүйкесінің салдануы.
- Паралич пчел (вирусный паралич пчел)** – бал арасының вирустық салдануы.
- Паральдегид** – паральдегид; ұйықтатқыш және тыныштандырғыш дәрі.

- Паралгезия** – паралгезия; бір жердің ауруының жан — жаққа таралуы.
- Параметрит** (грек. para – маңы, metra — жатыр) – параметрит; жатыр маңындағы ұлпаның қабынуы.
- Парамиксовирусы** – парамиксовирустар; тыныс мүшелеріне тән вирустар.
- Парамион** – парамион; бұлшықеттерді босаңсытатын дәрі.
- Парамуцин** – парамуцин; муцин (кілегей) тәрізді коллоидты зат.
- Парамфистоматозы** – парамфистоматоздар; күйісті жануарлардың гельминтозы.
- Паранекроз** – паранекроз; жасушалардың түрлі зақымдаушы әрекеттерге қарсы қорғаныс реакциясы.
- Паранефрит** – паранефрит; бүйрек маңындағы борпылдақ ұлпаның қабынуы.
- Парапарез** – парапарез, шала салдану.
- Параплегия** – параплегия; дене жұп мүшелерінің (мыс. екі жақтағы аяқтың) салдануы.
- Парапроктит** – парапроктит; тік ішек пен анус (артқы тесік) маңындағы ұлпаның қабынуы.
- Параскаридоз** – параскаридоз; жылқы гельминтозы.
- Паратиреоз** – паратиреоз; қалқаншамаңы безі қызметінің нашарлауы.
- Паратиф, сальмонеллез** – паратиф, қылау; барша түліктің төлінде кездесетін індет.
- Паратуберкулез** – паратуберкулез, солма (жұқпалы ауру).
- Паратуберкулезный энтерит** – паратуберкулез энтериті.
- Паратгормон** – паратгормон; қалқаншамаңы безінің гормоны.
- Парафиляриоз, сечение лошадей** – парафиляриоз; жылқының бекі ауруы.
- Парафимоз** – парафимоз; жыныстық мүше (пенис) күпегінің тарылуы.

Парафин – парафин; мұнай мен көмірден алынатын балауыз тәрізді зат.

Парафинолечение – парафинмен емдеу.

Парафлебит – парафлебит; көктамыр (вена) маңындағы борпылдақ ұлпаның қабынуы.

Паращитовидная железа (*glandula parathyroideae*; лат. *glandula* – без, грек. *para* – маңы, қасы, *thyreos* – қалқан) – қалқаншамаңы безі; қалқанша безінің жанында немесе оның ішінде орналасқан, безді эпителиоциттерден құралған кішкене денешік.

Парез – жартылай салдану.

Парез седалищного нерва – шонданай жүйкесінің жартылай салдануы.

Парез зада – артқы жақтың жартылай салдануы.

Парез послеродовой – туғаннан кейінгі жартылай салдану.

Паренхиматозные органы – паренхималы мүшелер.

Парадонтит – парадонтит; тіс қызыл иегінің қабынуы.

Пароксизм – пароксизм; ауру белгілерінің кенеттен білінуі.

Паротит – паротит; шықшыт безінің (құлақтүбі безінің) қабынуы.

Партеогенез – партеногенез, ұрықтың жұмыртқа жасушасынан (овоциттен) тікелей, ұрықтанбай-ақ, дамуы.

Парша – тазқотыр.

Пасека – омарта.

Пассаж – пассаж; жануарлар денесінен өткізу немесе жасанды қоректерде сан рет өсіру арқылы микробтың қасиетін өзгерту.

Паста – паста; құрамында кемінде 25 % ұнтағы бар дәрінің түрі.

Пастбищная тетания – жайылым сіреспесі.

Пастера печь – Пастер пеші; ыстық құрғақ ауамен зарсыздандыратын аспап.

Пастереллез (геморрагическая септицемия) – пастереллез; жұқпалы ауру.

- Пастеризатор** – пастеризатор; сүтті пастерлеуден (пастеризациядан) өткізетін аспап.
- Пастеризация** – пастерлеу; микроорганизмдердің вегетативті денелерін 100° С ыстықтан төмен шамада зарарсыздандыру (негізінен спорасыз микроорганизмдерді жоюға арналған).
- Пастеровские прививки** – пастерлік егу; құтырыққа қарсы егу.
- Пастеровские станции** – Пастер бекеттері; құтырыққа қарсы адамға егетін медициналық мекемелер.
- Пастозность** – ісінгендік.
- Патогенез** (грек. pathos – ауру және генезис) – патогенез, дерттену; аурудың өрбуі және оның барысы туралы ілім.
- Патогенность** – ауру тудырушылық, зардаптылық.
- Патологическая анатомия** – патологиялық анатомия; ауруға шалдыққан дене мүшелерінің құрылысын зерттейтін ғылым.
- Патологическая физиология** – патологиялық физиология; ауруға шалдыққан дене мүшелерінің қызметін зерттейтін ғылым.
- Патологический материал** – патологиялық материал; ауруды анықтау үшін денеден немесе өлекседен алынатын материал.
- Патология** – патология, ауру туралы ғылым.
- Патологический процесс** – патологиялық процесс; мүшелер және мүшелер жүйелерінің құрылымы мен қызметінің бұзылуы.
- Патологическое ороговение** – патологиялық мүйіздену, қасаңдану.
- Патологоанатомическое вскрытие** – өлексені жарып сою.
- Паутинная оболочка** – өрмелі қабық немесе торлы қабық (жұлын мен ми қабығы).
- Пахикарпин** – пахикарпин; есекмия құрамындағы алкалоид.

- Пах** – шап.
- Паховая грыжа** – шап жарығы.
- Пахово—мошоночная грыжа** – шап — ұма жарығы.
- Паховый канал** – шап өзегі.
- Пациент** – пациент, емделуші.
- Пашена метод** – Пашен әдісі; кейбір вирус аурулары кезінде жасушада болатын денешіктерді бояу әдісі.
- Пабрина шелкопряда, нозематоз шелкопряда** – жібек көбелегінің нозематозы (қарапайым жәндіктер қоздыратын ауру).
- Певчая гортань** – сайрағыш көмекей; құс кеңірдегінің оң және сол негізгі бронхтарға ажырайтын тұсында орналасқан дыбыс мүшесі.
- Пейеровы бляшки** – Пейер түймешіктері; ішек қабырғасындағы лимфа түйіншелерінің шоғырланып орналасқан жері.
- Пенис** (лат. — penis) – пенис, еркектің жыныстық қатынас мүшесі.
- Пенициллин** – пенициллин; антибиотик.
- Пенициллооксикоз** – пенициллотоксикоз; саңырауқұлақтармен зақымданған азықпен улану.
- Пентамин** – пентамин; Б тобына жататын дәрі.
- Пентоксил** – пентоксил; Б тобына жататын дәрі.
- Пепсин** (грек. pepsis – ас қорыту) – пепсин; қарын сөлінің ферменті.
- Пепсиноген** – пепсиноген; пепсин ферментінің алғы ен-жарлы түрі.
- Пепсинурия** – пепсинурия; пепсиннің несеппен шығуы.
- Пептигидролазы** – пептигидролазалар; нәруызды ыдырататын ферменттер.
- Пептиды** – пептидтер; амин қышқылдары қалдықтарынан пептидтік байланыстар арқылы құралған органикалық заттар.
- Первичное натяжение** – жарақаттың бірден бітуі, жазылуы.

- Первичные половые признаки** – біріншілік жыныс белгілері.
- Переболеть** – 1. малдың тегісінен ауырып тұруы; 2. қайта ауыру; 3. ауырып жазылу.
- Перевязка раны** – жараны таңу.
- Перевязочный материал** – таңғыш материал.
- Перегиб** – бүгіліс, бүгілген жер.
- Перегородка** – перде.
- Перегородка лобных пазух** – маңдай қойнауының пердесі.
- Перегородка носовая** – мұрын пердесі.
- Перегородочка** – пердеше.
- Передний мозг** – алдыңғы ми.
- Перекись** — қостотық.
- Перекись водорода** – сутег қостотығы.
- Перекись магния** – магний қостотығы.
- Перекрест** — қиылыс, айқыш.
- Переливание крови** — қанқұю.
- Перелом костей** – сүйексыну, сынық.
- Переносчики возбудителей инфекционных и инвазионных болезней** – жұқпалы және инвазиялық аурулардың қоздырушыларын тасымалдау.
- Переоборудование** — қайта жабдықтау.
- Переполнение и закупорка книжки** — қатпаршақтың кептеліп және бітеліп қалуы.
- Переполнение рубца** – үлкен қарынның кептелуі.
- Перепонка** – жарғақ.
- Перепонка барабанная** – дабыл жарғағы.
- Перепончатый** – жарғақша.
- Перешеек** – мойыншық, қылта.
- Переартрит** – переартрит; буын маңының қабынуы.
- Перибронхит** (грек. peri – маңы, айналасы) – перибронхит; бронх (ауатамыр) маңының қабынуы.
- Перикард** (лат. pericardium — жүрекқап, үлпершек) — үлпершек, жүрекқап; көкірек қуысында жүректі қаптап жатқан сірлі — фиброзды қапшық.

- Перикардит** – перикардит, ұлпершек (жүрекқап) және оның маңындағы ұлпаның қабынуы.
- Перилимфа** – перилимфа; ішкі құлақтағы сүйек және жарғақты шытырманнар аралығындағы сұйық.
- Периметрий** (perimetrium; грек. peri – айналасы, маңы; metra — жатыр) – периметрий; жатырды сыртынан қаптап жатқан сірлі қабық. Ол борпылдақ дәнекер ұлпалық жұқа қабаттан және бір қабатты жалпақ эпителийден (мезотелийден) тұрады (ішперденің жатырлық бөлігі).
- Периметрит** – жатыр сірлі қабығының қабынуы.
- Перимизий** (perimysium; грек. peri – сыртқы, шеткі және mys — ет) – перимизий; бұлшықет талшықтары будаларының аралығында орналасып, оларды бір — бірімен өзара байланыстырып тұратын талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасының қалың қабаты, бұлшықеттің негізін (стромасын) құрайды
- Периневрий** – периневрий; жүйке талшықтары шоғырлары аралықтарындағы дәнекер ұлпа.
- Период** – кезең.
- Период инкубационный** – жасырын кезең, аурудың жасырын басталу кезеңі.
- Периодонтит** – периодонтит; тіс түбірі сыртындағы ұлпаның қабынуы.
- Периорхит** – периорхит; еннің сыртқы қабықтарының қабынуы.
- Периост, надкостница** (periosteum; грек. peri – маңы, os — сүйек) — периост, сүйекқап; қаңқа сүйектерінің сыртқы дәнекер ұлпалық қабығы.
- Периостеотомия** – периостеотомия; сүйекқапты тілу.
- Периостит** – периостит; сүйекқаптың қабынуы.
- Перипневмония** – перипневмония, алаөкпе; өкпенің алаурап қабынуы.
- Перистальтика** – перистальтика; қуысты түтікше мүшелердің (қарын, ішек, несепар т.б.) төмен қарай толқи қозғалуы.

- Перистый** — қауырсынды (мыс. бірқауырсынды, қосқауырсынды бұлшықеттер).
- Перитонзиллит** – перитонзиллит; бадамша без маңындағы ұлпаның қабынуы.
- Перитонит** – перитонит; құрсақ қуысы сірлі қабығының (ішперденің) қабынуы.
- Перитонит острый** – жіті перитонит.
- Перитонит слипчивый** – жабысқақ перитонит.
- Перитонит сухой** – құрғақ перитонит.
- Перитонит экссудативный** – экссудатты перитонит.
- Перитонит альфортиозный** – альфортиоздық перитонит.
- Периферическая нервная система** – шеткі жүйке жүйесі.
- Перициты** (pericytus, грек. peri — қасында, маңында және kytos –жасуша, торша) – перициттер, жабынды жасушалар; қылтамырлар (капиллярлар) қабырғасында негіздік жырғақта орналасқан талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасының жасушалары.
- Перкуссия** – перкуссия, соққылау (ауруды анықтау үшін қолданылатын әдіс).
- Перманганат калия** – калий перманганаты; марганец қышқылды калий.
- Пероксисомы** – пероксисомалар; жарғақшамен шектелген, мөлшері 0,2 – 0,5 мкм дөңгелек келген жасуша органеллары.
- Перорально** – ауыз арқылы.
- Перфорация** – перфорация; қуыс мүшені тесу.
- Перхоть** — қайызғақ.
- Петехия** – петехия; терінің қанталауы.
- Петехиальная горячка** — қанды дақ басқан қағыну.
- Петрификация** – петрификация, тас байлану.
- Печень** – бауыр.
- Печеночная фасциола** – бауыр фасциоласы, бауырсорғыш құрт.

- Пигмент** – пигмент; организмдегі бояғыш зат (мыс. меланин).
- Пигментация** – пигменттену, реңдену.
- Пиноцитоз** (pinocytosis; грек. pinos – ішу, жұту, сіміру; kytos – жасуша) – жұту (сұйықты жұту); жасушаның өзіне керекті заттарды: молекулалы ертінділер (липопротеид, иммунды кешен, гормондар және т.б.) және сұйық ертінді (коллоид түріндегі ертінділер, суспензия) түрінде сіміру процесі.
- Питомник** – питомник; тұқымдық ит және т.б. зертханалық жануарларды өсіретін орын.
- Питуитрин** – питуитрин; гипофиздің артқы бөлігі – нейрогипофизден алынатын гормондық препарат.
- Пиурия** – пиурия, іріңді несеп.
- Пищеварение** – ас қорыту, азық қорыту (жануарларда).
- Пищеварительная система** – азық қорыту жүйесі.
- Пищеварительный сок** – ас қорыту сөлі.
- Пищевод** (лат. esophagus – өңеш) – өңеш; жұтқаншақты қарынмен жалғастыратын азық қорыту жүйесінің түтікше мүшесі.
- Пиявка** – сүлік.
- Плавательного пузыря воспаление (аэроцистит)** – торсылдақтың қабынуы.
- Плазма** – плазма; қанның және лимфаның сұйық бөлігі.
- Плазмолемма** – плазмолемма, цитолемма, цитоплазмалық жарғақ, жасуша жарғағы.
- Плазматическая клетка** – плазмоцит, плазмалық жасуша.
- Плазмодий** – плазмодий; қандағы қарапайым тоғышар (паразит).
- Плазмодий птиц** – құс безгегінің қоздырушысы.
- Плазмодий малярии** – безгек плазмодийі; безгек ауруының қоздырушысы.
- Плазмолиз** – плазмолиз; гипертониялық ертінді әсерінен протоплазманың жасуша плазмолеммасы арқылы сыртқа шығуы.

- Пластырь** – бұласыр; жарақатты таңуға пайдаланылатын жабысқақ зат.
- Платифиллин** – платифиллин; А тобына жататын дәрі.
- Плацента** (лат. placenta – жұқа нан) – плацента, ұрықжолдас; ұрықты жатырдың кілегейлі қабығымен байланыстыратын уақытша мүше.
- Плац** (лат. pallium – ми жабыны) – ми жабыны (сүр және ақ заттан құралған үлкен мидың беткей бөлігі).
- Плевра** (грек. pleura – сірлі қабық)– плевра; көкірек қуысының сірлі қабығы.
- Плеврит** – плеврит, плевраның қабынуы.
- Плевропневмония коз** – кебенек.
- Плевротомия** – плевротомия, плевраны тілу (жару).
- Плевроцентез** – плевроцентез, плевраны тесу.
- Плевроцеркоид** – плевроцеркоид; таспа құрттың дернәсілі.
- Пленка** – үлдір.
- Плесень** – зең.
- Плессиметр** – плессиметр; денені тықылдатып соққанға қолданылатын жұқа табақша.
- Плетора** – плетора; денедегі қан көлемінің көбеюі.
- Плечевая кость** (лат. humerus, s. os brachii – тоқпан жілік) – тоқпан жілік; алдыңғы аяқтың еркін қозғалатын бөлімі проксимальды бөлігінің (стилоподиумның) қаңқасы.
- Плечевой пояс** – иық белдеуі.
- Плечевой сустав** – иық буыны.
- Плечо** – иық.
- Плод** – іштөлі.
- Плодные оболочки** – іштөлі қабықтары.
- Плодовитость** – өсімталдық.
- Плоские черви** – жалпақ құрттар.
- Плоский эпителий** – жалпақ эпителий.
- Плюсна** (лат. metatarsus) – тілерсек, толарсақ.
- Пневма** (грек. pneuma – тыныс алу, желдету, үру) – тыныс алуға, ауаға, желдетуге байланысты

қолданылатын күрделі сөздер қосымшасы, көне грек сөздеріндегі қосымша.

Пневмококки – пневмококктар; өкпені қабындыратын, екі – екіден жұптаса орналасқан дөңгелек пішінді микробтар.

Пневмония – пневмония; өкпе қабынуы.

Пневмокониоз – пневмокониоз; өкпеге шаңның енуі салдарынан ауруға шалдығу.

Пневмолиз – пневмолиз; өкпе плеврасының жабысқан жерлерін ажырату.

Пневмомалация – пневмомалация, өкпенің болжырауы.

Пневмомеланоз – пневмомеланоз; меланин пигментінің жиналуынан өкпенің қара түске боялуы.

Пневмомикоз – пневмомикоз; саңырауқұлақтар тудыратын өкпе ауруы.

Пневмопатия – пневмопатия; өкпе аурулары.

Пневмоперикардий – пневмоперикардий; үлпершекке ауаның жиналуы.

Пневмоперикардит – пневмоперикардит; үлпершек пен өкпенің бір мезгілде қабынуы.

Пневмоперитонеум – пневмоперитонеум; құрсақ қуысына ауаның жиналуы.

Пневмоперитонит – пневмоперитонит; өкпе мен құрсақ қуысы сірлі қабығының бір мезгілде қабынуы.

Пневмопоторакс – пневмопоторакс; көкірек сірлі қабығы (плевра) қуысына ауа мен іріңнің жиналуы.

Пневмоплеврит – пневмоплеврит; өкпе мен плевраның бір мезгілде қабынуы.

Пневморрагия – пневморрагия; өкпеден қан ағу.

Пневмосклероз – пневмосклероз; өкпенің қатаюы.

Пневмоторакс – пневмоторакс; плевра қуысының ауаға не газға толуы.

Повальное воспаление легких (крупного рогатого скота) – алаөкпе (сиырдың).

Поваренная соль – ас тұзы.

- Повреждение** – жарақаттану, зақымдану, мертігу.
- Повязка** – таңғыш.
- Пограничная ткань** – шекаралық ұлпа.
- Подартрит** – подартрит; аяқ буындарының қабынуы.
- Подбородок** – иек.
- Подбрюшник** – шапайыл.
- Подвздох** – ашбүйір.
- Подвздошная кишка** (intestinum ileum; лат. *intestinum* – ішек, *ileum* – мықын) – мықын ішек. Ащы ішектің соңғы бөлігі.
- Подвздошная кость** (*os ilium*; лат. *os* – сүйек, *ilium* – мықын) – мықын сүйек; пішіні үш бұрышты келген, жамбас сүйегінің құрамына кіретін жалпақ сүйек.
- Поджелудочная железа** (лат. *pancreas*) – ұйқы безі; сыртқы және ішкі секреция безі.
- Подкова** – таға.
- Подкожный слой** – теріасты шел қабаты.
- Подкожная инъекция** – теріасты шеліне егу.
- Подкожная реакция** – шел реакциясы.
- Подкожная эмфизема** – шел эмфиземасы, шелге ауаның іркілуі.
- Подлечить** – емдеу, емдеңкіреу, емдеп сауықтыру.
- Подлопаточная артерия** (*arteria subscapularis*; грек. *aer* – ауа, *terein* – ішінде; лат. *sub* – асты, *scapula* – жауырын) – жауырынасты артериясы; қолтық артериясының тармағы. Ол жауырынасты, үлкен жұмыр бұлшықеттерін, арқаның тым жалпақ бұлшықеті мен үлкен жұмыр бұлшықетін, иық буынының бұлшықеттерін тамырландырады.
- Подлопаточные нервы** (*nervi subscapulares*; лат. *nervus* – жүйке, *sub* – асты, *scapula* – жауырын) – жауырынасты жүйкелері; иық торабының жүйкелері. Олар иық буынын, жауырынды, оның ішкі бетіндегі бұлшықеттерді жүйкелендіреді.
- Подмышка** – қолтық.
- Пододе́рматит** – пододе́рматит, тұяқ негізінің қабынуы.

- Подострое течение болезни** – аурудың жітілеу өтуі.
- Подошва** — ұлтан, табан.
- Подпалина** – күйіп қалған жер.
- Подреберье** — қабырғаасты.
- Подтек** – 1. қанталау; 2. көгерген жер.
- Подчелюстная железа** – жақасты безі, төменгіжақ безі, алқым безі.
- Подъязычная железа** – тіласты безі, бұғақ безі.
- Подъязычная кость** – тіласты сүйек, аша сүйек.
- Пожирание** – жалмау.
- Позвонок** (лат. *vertebra*; грек. *spondylus* – омыртқа) – омыртқа; омыртқалы жануарлардың омыртқа бағанын түзетін біліктік қаққа сүйегі.
- Позвоночник** – омыртқа жотасы.
- Позвоночные** – омыртқалылар.
- Позвоночный столб** (*columna vertebralis*; лат. *columna* – баған, *vertebra* — омыртқа) – омыртқа бағаны; омыртқалардың өзара байланысуынан түзілген біліктік қаққа бөлімі.
- Пойкилобласт** – пойкилобласт, қанда кездесетін ядролы эритроцит.
- Пойкилотермные животные** – салқын қанды жануарлар.
- Пойкилоциты** – пойкилоциттер, әр түрлі пішіндегі эритроциттер.
- Поколение** — ұрпақ.
- Покровная ткань** (*epithelium superficiale*; лат. *epi* — үстінде, *thele* – емізікше және *superficialis* – беткей, жабынды) – жабынды ұлпа; жануарлардың денесін сыртқы жағынан және түтікше мүшелердің ішкі, сыртқы беттерін қаптап, дене қуыстарын астарлап, сондай-ақ, бездердің секрет бөлетін соңғы бөлімдері мен шығару өзектерінің қабырғаларын құрауға қатысып, жануарлар организмінде шекаралық орын алатын ұлпа.
- Покровное стекло** – жапқыш шыны.

Пол – жыныс.

Полая вена — қуыс вена, қуыс көктамыр.

Полиазы (грек. polys – көп) – полиазалар; көп молекулалы қанттарды ыдырататын ферменттер.

Поливитаминоз – поливитаминоз; бірнеше витаминдердің жоқтығынан өрбитін ауру.

Поливакцина – поливакцина; бірнеше вакцинаның қоспасы.

Поливалентная вакцина — көпвалентті вакцина, көпкүшті вакцина.

Полилактия – полилактия; желіннен сүттің шамадан тыс көп бөлінуі.

Полигамия – полигамия, көп некелілік.

Полидактилия – полидактилия, көпбақайлылық.

Поликариоцит — поликариоцит, көпядролы жасуша.

Поликистома — поликистома, көпкисталық ісік.

Поликлиника – поликлиника, емхана.

Поликсенные паразиты – көпиелі паразиттер (тоғышарлар).

Полимиксина М сульфат – күкіртқышқылды М полимиксин.

Полиморфизм – полиморфизм, әрпішінділік.

Полиморфоз – полиморфоз; су құстарының гельминтозы.

Полиовуляция – полиовуляция; жұмыртқалықтан бір мезгілде бірнеше фолликулдың жарылып, жұмыртқа жасушаларының шығуы.

Полимиелит – полимиелит; жұлын ұлпасының қабынуы.

Полиэнцефалит – ми ұлпасының қабынуы.

Полип – полип; кілегейлі қабықта өрбитін кішкене ісік.

Полипоз – полипоз; полиптің көбеюі.

Полипноэ — еңтігу.

Полипептиды – полипептидтер; нәруыздағы күрделі химиялық қосылыстар.

Полиплоидия – полиплоидия; жасуша ядросындағы хромосомалардың бірнеше еселенуі.

- Полирибосомы, полисомы** (poliribosomae; грек. poli – көп, ribo – РНҚ, soma — дене) – полирибосомалар, полисомалар; жасушадағы нәруыз түзілу процесін іс жүзіне асыратын рибосомалар тобы.
- Полисахариды** – полисахаридтер; күрделі құрылымды көмірсулар.
- Полиспермия** – полиспермия; шәуетегі спермато-зоидтардың көп болуы.
- Полиурия** – полиурия, шыжың; несептің жиі шығуы.
- Полихромазия, полихроматофилия** – полихромазия, көптүстілік.
- Полицитемия** – полицитемия; қанда эритроциттер санының көбеюі.
- Половая зрелость** – жыныстық жетілу.
- Половое возбуждение** – жыныстық қозу.
- Половое истощение** – жыныстық зорығу.
- Половое бессилие** – белсіздік.
- Половое размножение** – жыныстық көбею.
- Половой акт** – жыныстық қатынас.
- Половой цикл** – жыныстық айналым.
- Половой член (пенис)** – еркек жануарлардың жыныстық қатынас мүшесі: қаса (айғырда), қамшы (бұқада, қошқарда, текеде. қабанда), шүкі, түкі (итте).
- Половые железы** – жыныс бездері: еркек жануарларда – ен, ұрғашы жануарларда – жұмыртқалық.
- Половые клетки** – жыныс жасушалары: аталық жыныс жасушасы – сперматозоид, аналық жыныс жасушасы – овоцит (жұмыртқа жасушасы).
- Половые рефлексы** – жыныс рефлекстері; еркек және ұрғашы жануарлардың шағылысуын қамтамасыз етеді.
- Половые органы** – жыныс мүшелері.
- Положительная реакция** – оң реакция.
- Полосатое тело (corpus striatum; лат. corpus — дене, striatum — жолақ)** – жолақты дене; үлкен ми сыңарлары қыртысы астында орналасқан, сұр заттық

орталықтар мен ақ заттық аралықтардан тұратын ми бөлімі. Оның сұр заттық орталықтарын құйрықты ядро, жасымықша ядро және шарбақша ядро мен бадамша дене құрайды.

Полостный овод — қуыс бөгелегі, кеңсірік бөгелегі.

Полость — қуыс.

Полость тела (cavum somae; лат. cavum — қуыс және soma — дене) — дене қуысы; ішкі мүшелер жүйелері орналасқан дененің табиғи қуысы.

Полость серозная — сірлі қуыс.

Полукружные каналы (canalis semicircularis; лат. canal — өзек, semi — жарты, circulus — дөңгелек) — жартыдөңгелекше өзектер; тепетендік мүшесі орналасқан ішкі құлақтағы сыртқы — сүйектік және ішкі — жарғақты шытырмандалар (тепе — теңдік мүшесі).

Полулунные клапаны — айшықты қақпақшалар.

Полупроницаемый — жартылай өткізгіштік.

Полустволовая жасуша (cytos semitrunci; грек. kytos — жасуша, лат. semi — жартылай, truncus — діңгек) — жартылайдіңгекті жасуша; діңгекті жасушалардың бөленуі рәтижесінде түзілетін көпмүмкіндікті (полипотентті) жасуша. Жартылайдіңгекті жасушадан қан жасушалары екі бағытта дамиды. Бірінші бағытта гранулоциттердің (эозинофилдер, базофилдер, нейтрофилдер), эритроциттердің, моноциттердің, мегакариоциттердің бастама ізашар жасушалары жетіледі. Екінші бағытта — лимфоциттердің бастама жасушалары дамиды. Көпмүмкіндікті жартылайдіңгекті жасушадан қан жасушаларының бірімүмкіндікті (унипотентті) бастама жасушалары, олардан бласттар қалыптасады. Бірімүмкіндікті бласттардан қан жасушаларының белгілі түрлері ғана дамып жетіледі.

Полушарие головного мозга — ми жартышары, үлкен ми сыңары.

Полие вены (venae cava; лат. vena – көк тамыр, вена; cava — қуыс) – қуыс веналар; организмнен (жүректен басқа мүшелерден) барлық вена қанын жинайтын ірі қан тамырлары.

Помесь – будан, қоспақ.

Помет – 1. ұялас; 2. қи (жануарда), саңғырық (құста).

Помутнение роговицы – көз қасаң қабығының күңгірттенуі.

Помутнение хрусталика – көз бұршағының күңгірттенуі.

Понос – іш өту.

Поперечно—полосатая мышечная ткань – көлденең жолақты ет ұлпасы: көлденең жолақты бұлшықет ұлпасы; көлденең жолақты жүрекет ұлпасы.

Поперечный отросток позвонка – омыртқаның көлденең өсіндісі.

Поправиться – оңалу, тәуір болу.

Порода животных – мал тұқымы.

Попугай – тоты құс.

Порок – ақау, кемістік.

Порок сердца – жүрек ақауы.

Порок сердца врожденный – туа болған жүрек ақауы.

Порошок – ұнтақ.

Послабить – іш жүру.

Послед – шу.

Послеоперационный период – операциядан кейінгі кезең.

Послеродовой парез – төлдеуден кейінгі парез (жартылай салдану).

Постоянные зубы – тұрақты тістер.

Постэмбриональное развитие – постэмбриондық даму, төлдің туғаннан кейінгі, шөженің жұмыртқадан шыққаннан кейінгі дамуы.

Пот – тер.

Потовая железа – тер безі.

Потогонные средства – терлеткіш дәрі — дәрмектер.

- Потомок** — ұрпақ.
- Потрошить** – ішті жару.
- Потуги** – толғақ.
- Потуги родовые** – туу толғағы.
- Почвенные инфекции** – топырақ індеттері; топырақ арқылы жұғатын індеттер (қарасан, сіреспе т.б.).
- Почесуха** — қышыма, қышытпа.
- Почка** (лат. *ren* – бүйрек) – бүйрек; жануарлар организмдеріндегі ыдырау өнімдерін (көмірқышқыл газынан басқаларын) сыртқа бөліп шығаратын және өртүрлі тұзды өнімдер мөлшерін реттейтін бөлу мүшесі.
- Почка блуждающая** – кезеген бүйрек, кезбе бүйрек.
- Почечная артерия** (*arteria renalis*) – бүйрек артериясы; құрсақ қолқасынан краниальды шажырқай артериясымен қатар бөлініп, бүйректі артерия қанымен қамтамасыз ететін жұп қан тамыры.
- Почечная капсула** – бүйрек қапшығы.
- Почечная ворота** – бүйрек қақпасы.
- Почечная лоханка** – бүйрек түбегі.
- Почечная паренхима** — бүйрек паренхимасы.
- Почечная чашечка** – бүйрек тостағаншасы.
- Почечные сосочки** – бүйрек емізікшелері.
- Поярок** — қозы жүні.
- Поясница** – бел.
- Поясничные мышцы** – бел бұлшықеттері.
- Поясничные позвонки** – бел омыртқалары.
- Поясничный отдел** – бел бөлімі.
- Практика** – тәжірибе.
- Предвестники рода** – туу белгілері.
- Преддверие** – кіреберіс, саға.
- Преддверие влагалища** — қынап кіреберісі, қынап сағасы.
- Преджелудки** – алдыңғы қарындар (үлкен қарын, жұмыршақ, қатпаршақ).
- Предлежание плода** – төлдің жатырда жатуы; төлдің жамбас қуысына дұрыс немесе теріс келуі.

- Преднизолон** – преднизолон; қабынуға қарсы препарат.
- Преднизон** – преднизон; қабынуға қарсы сұртпе май түрінде қолданылатын препарат.
- Предметное стекло** – нысандық шыны, төсеніш шыны.
- Предостная ямка** — қыралды сай (жауырында).
- Предохранительная прививка** – сақтандырулық егу.
- Предплечье** – білек (дене аумағы), білек қаңқасын білек сүйектері (көрі жілік және шынтақ сүйек) құрайды.
- Предплюсна** – тілерсек, толарсақ (тілерсек буын аумағы); тілерсек қаңқасын үш қатарда орналасқан майда тілерсек сүйектері құрайды.
- Предсердие** (лат. atrium – жүрекше) – жүрекше; қанды вена қан тамырларынан қабылдап, жүрекше — қарынша (атрио — вентрикулалы) тесік арқылы оны жүрек қарыншасына айдайтын жүректің бөлімі. Жануарлар жүрегінде оң және сол жүрекшелер болады.
- Предстательная железа** (glandula prostata; лат. glandula – без, prostata — қуықалды) – қуықалды без; еркек жануарлар көбею жүйесінің қосымша жыныс безі.
- Препуций** – күпек.
- Предрасположение** – бейімділік.
- Предродовые потуги** – туар алдындағы толғақ.
- Предубойный осмотр** – сойыс алдындағы қарау.
- Преждевременные роды** – мезгілінен бұрын туу.
- Препарат** – препарат: 1. Дәрі — дәрмек; 2. Зерттеуге арналған зат.
- Преципитат** – преципитат; шөгеру реакциясының нәтиже заты.
- Преципитация** – преципитация шөгеру реакциясы.
- Прививка** – егу.
- Придаток семенника** (лат. epididymis) — ен қосымшасы; түзілген шәует уақытша жиналып сақталатын түтікше мүше.
- Придаточные половые железы** — қосымша жыныс бездері (бұларға: көпіршікше без, қуықалды без, баданалық без жатады).

- Прижигание** – күйдіру, қару (ем әдісі).
- Прижигающие средства** – күйдіргіш дәрі — дәрмектер.
- Признаки болезни** – ауру белгілері.
- Приматы** – приматтар; сүтқоректі жануарлардың ең жоғарғы ортады.
- Применение** — қолдану.
- Примочка** – салқын басу, шылама.
- Примесь** — қосынды.
- Припарка** — қыздырғыш, ыстық басу.
- Припухлость** – ісікше, кішкене ісік.
- Припухание** – дүмпу, домбығу.
- Припухание желез** – без шошу.
- Природная очаговость болезней** – аурудың табиғи ошақтылығы.
- Прирожденный** – туа біткен.
- Присоска** – сорғыш ауыз, емізікше.
- Приспособление** – бейімделу, икемделу.
- Приступ болезни** – аурудың ұстамасы.
- Присыпка** – сеппе, себінді дәрі.
- Притирание** — үйкеу, ысу.
- Приток крови** — қан ағып келу.
- Прихрамывание** – сылту, сылтып басу.
- Причина болезни** – аурудың себебі.
- Проба** – сынау, байқау.
- Пробирка** – пробирка, түтік шыны ыдыс.
- Прободение кишечника** – ішектің тесілуі.
- Прободение пищевода** – өңештің тесілуі.
- Провизор** – дәріші, дәрі дайындаушы.
- Провитамины** – провитаминдер; витаминдердің алғы заттары.
- Продуцент** – продуцент; биологиялық белсенді зат алынатын организм.
- Прозектор** – прозектор; өлексені сойып тексеретін маман.
- Прозерин** – прозерин, А тобына жататын дәрі.
- Происхождение видов** – түрлердің шығуы.

- Прокалывание** – тесу, түйреу.
- Прокол** – тесу, шаншу.
- Прокол вены** – көктамырды тесу.
- Прокол плевры** – плевраны тесу.
- Прокол сердечной сумки** – үлпершекті тесу.
- Прокол грудной стенки** – көкірек қабырғасын тесу.
- Прокол мочевого пузыря** – қуықты тесу.
- Проколлаген** – проколлаген; коллагеннің алғы заты.
- Проконвертин** – проконвертин; протромбиннің тромбинге айналуына септігін тигізетін нәруыз, ыдыратқыш ферментке айналатын қосынды.
- Проводниковая анестезия** – ұлпаның сезімін жою; жансыздандыру.
- Прогестерон** – прогестерон, сары дене гормоны (жұмыртқалықта).
- Проглоттиды** – буылтықтар; таспа құрт бунақтары.
- Прогноз** – прогноз, болжам; аурудың барысын болжау.
- Продолговатый мозг** (*medulla oblongatae*; лат. *medulla* – ми, *oblongata* – сопақша) – сопақша ми; жұлынмен жалғасып жатқан мидың ұзынша келгені артқы бөлігі. Ол ми көпірі және мишықпен бірігіп, ромб тәрізді ми бөлімін құрайды.
- Продромальный период** – бастапқы кезең; аурудың жасырын кезеңінен кейінгі бастама сатысы.
- Продуктивное воспаление (пролиферативное воспаление)** – өніңкі қабыну; қабыну ошағында мезенхима тектес жасушалардың қаулап өсіп кетуі.
- Прокус** – тістеуден болған жара.
- Проктит** – проктит; тік ішектің қабынуы.
- Прокторагия** – прокторагия; тік ішектен қан ағу.
- Проктоскопия** – проктоскопия, тік ішек қуысын көріп зерттеу.
- Проктостеноз** – проктостеноз; тік ішектің тарылуы.
- Пролактин** – пролактин; гипофиздің алдыңғы бөлігінің гормоны, желіннен сүттің бөлінуіне әсер етеді.
- Пролан** – пролан; ұрықжолдас (плацента) гормоны.

- Пролежень** – ойылу, ойық жара.
- Пролиферация** – пролиферация, ұлғаю; жаңа жасушалар түзу нәтижесінде ұлпаның (мүшенің) ұлғаюы.
- Промедол** – промедол; А тобына жататын дәрі.
- Промежность** – күнтимес; анус (артқы тесік) пен сыртқы жыныс мүшелердің аралығы.
- Промежуточный мозг** (diencephalon; грек. dia – аралық, enkephalon — ми) – аралық ми; пішіні сақина тәрізді үшінші ми қарыншасының (қуысының) қабырғасын құрайтын ми діңгегінің алдыңғы бөлігі.
- Промежуточный хозяин** – аралық ие; паразиттердің дернәсіл (личинка) сатысында тоғышар тіршілік етіп, өсіп дамитын организм (ұлу, кене т.б.).
- Проминка** – бойжаздыру (моцион).
- Пронатор** – пронатор; аяқтың алдыңғы бетін ішке қарай бұратын бұлшықет.
- Пропазин** – пропазин; ауыру сезімін бәсеңдеткіш, В тобына жататын дәрі.
- Пропедевтика** – пропедевтика; белгілі ғылымға кіріспе.
- Прополис** – прополис, ара желімі; күйік пен дерматитті емдеу үшін қолданылады.
- Простата** – простата, қуықалды без (еркек жануардың қосымша жыныс безі).
- Простатит** – простатит, қуықалды безінің қабынуы.
- Простаэктомия** – простаэктомия, қуықалды безін, немесе оның бір бөлігін кесіп тастау (операция арқылы).
- Простейшие** – біржасушалы қарапайым жәндіктер, қарапайымдар.
- Простогонимоз** – простогонимоз; құстардың ұрық жолын зақымдайтын гельминтоз.
- Простудный** – суық тию, салқын тиген.
- Пространство межкостное** – сүйекаралық кеңістік.
- Пространство межреберное** – қабырғааралық кеңістік.
- Пространство периваскулярное** – тамыр маңындағы кеңістік.
- Протаргол** – протаргол; күмістің нәруыздық препараты.

- Протеиды** – протеидтер, күрделі нәруыздар.
- Протеин** – протеин, қарапайым нәруыз.
- Протеинотерапия** – протеинотерапия; нәруыздық заттармен емдеу.
- Протеинурия** – протеинурия; несепте нәруыздық болуы.
- Протеолитические бактерии** – нәруыз ыдыратқыш бактериялар.
- Противогнилостные средства** – шіруге қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противобродильные средства** – ашытуға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противовоспалительные средства** – қабынуға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противокашлевые средства** – жөтелге қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противолихорадочные средства** – қызбаға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противомикробные средства** – микробтарға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противоотечные средства** – домбығуға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противопаразитарные средства** – паразиттерге қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противоревматические средства** – ревматизмге қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противосудорожные средства** – тырыспаға қарсы дәрі—дәрмектер.
- Противоядие** – уға қарсы дәрі.
- Протозоозы** – протозооздар, қарапайымдар қоздыратын жануарлар аурулары.
- Протозоология ветеринарная** – ветеринарлық (мал дәрігерлік) протозоология; тоғышар қарапайым жәндіктер және олар тудыратын мал ауруларын зерттейтін ғылым.
- Протонифа** – протонифа; кенелердің даму сатысы.

- Проток грудной** – көкірек өзегі; дененің 4/3 бөлігінен лимфаны жинап, алдыңғы қуыс көктамырға (венаға) әкелеліп құятын ірі лимфа өзегі.
- Проток желчный** — өт өзегі.
- Проток околоушной железы** — құлақтүбі (шықшыт) безінің өзегі.
- Проток печеночный** – бауыр өзегі.
- Проток поджелудочной железы** — ұйқы безінің өзегі.
- Проток подчелюстной железы** — жақасты (алқым) безінің өзегі.
- Проток подъязычной железы** – тіласты (бұғақ) безінің өзегі.
- Проток слезно—носовой** – көзжасы — мұрын өзегі.
- Протоплазма** – протоплазма; жасушаның тірі заты.
- Протостронгилезы** – протостронгилездер; күйіс қайтаратын жануарлардың өкпеқұрт аурулары (гельминтоз).
- Протромбин** – протромбин; қан плазмасының глобулин тобындағы нәруызы (тромбинге айналып, қанның ұюына қатысады.)
- Профаза** (prophasis: грек. pro, protos – бірінші, phasis – фаза, кезең) — профаза; митоз бен мейоздың бірінші кезеңі.
- Профилактика** – профилактика; аурудың алдын алу.
- Проход задний** – артқы тесік (анус).
- Проход слуховой** – есту жолы (құлақта).
- Процедура лечебная** – ем шарасы.
- Процеркоид** – процеркоид; кейбір таспа құрт дернәсілдері (личинкалары) дамуының алғашқы сатысы.
- Прямая кишка** (intestinum rectum; лат. intestinum – ішек, rectum — тік) — тік ішек; жуан ішектің соңғы қысқа бөлігі.
- Псаммома** – псаммома; әк тұздары сіңген ісік.
- Псевдогипертрофия** – псевдогипертрофия, жалған гипертрофия; мүше паренхимасы семіп, оның орнын

дәнекер ұлпасы басуы нәтижесінде мүше көлемінің ұлғаюы.

Псевдомеланоз – жалған меланоз; терінің меланозға ұқсап, қаратұске боялуы.

Псевдотуберкулез – жалған туберкулез; мерез (паренхималы мүшелерде лейкоциттерден түйіншелер түзілетін ауру).

Псевдотрихиноз – жалған трихиноз; бұлшықет пен жүйкенің қабынуы.

Психрофильные бактерии – салқын сүйгіш бактериялар.

Псороптоз – псороптоз, қышыма, қотыр; псороптес кенелері қоздыратын қотырдың бір түрі.

Птиалин – птиалин; сілекейдегі амилаза ферментінің бұрынғы аты.

Птицеводство – құс шаруашылығы.

Птицефабрика – құс фабрикасы.

Пузырек – көпіршік.

Пузырчатка – күлбірек бөртпе.

Пузырь желчный – өт қабы.

Пузырь мочевой – қуық.

Пузырьковая сыпь половых органов – жыныстық мүшелердің күлдіреуік бөртпесі.

Пузырьковидная железа (*glandula vesicularis*; лат. *glandula* – без, *vesicula* – көпіршікше) – көпіршікшебез; құрылысы түтікше – көпіршікше келген еркек жануарлардың жұп қосалқы жыныс безі.

Пуллороз – пуллороз; құс ауруы (*сальмонеллез*).

Пulpит – пульпит; тіс жұмсағының (пульпасының) қабынуы.

Пульс – пульс, тамыр лүпілі.

Пульс аритмичный – ырғақсыз лүпіл.

Пульс переменный – құбылмалы лүпіл.

Пульс ритмический – ырғақты лүпіл.

Пульсация – тамыр соғу.

Пунктат – пунктат; тесу арқылы мүшеден алынған зат.

- Пункция** – пункция; ауруды анықтау немесе емдеу үшін мүшені тесу.
- Пуповина (пупочный канатик)** (funiculus umbilicalis; лат. funiculus — бау, umbilicalis – кіндік) – кіндік, кіндікбау; ұрық пен ұрықжолдасты (плацентаны) байланыстырып, құрсақтағы ұрықтық дамуды қамтамасыз ететін мүше.
- Пупочная грыжа** – кіндік жарығы; ішкі мүшелердің кіндік тесігіне түсуі.
- Пустула** – пустула; іріңді күлдіреуік.
- Путовая кость** – тұсамыс сүйек.
- Путовый сустав** – тұсамыс буын.
- Пухнуть** – ісіп кету.
- Пушной зверь** – бағалы терілі аң.
- Пухеды** – мамық жегіштер; қанатсыз насекомдар отряды, маллофагоз аурулар тобының қоздырғыштары.
- Пчеловодство** – бал арасы шаруашылығы.
- Пястные кости** (лат. ossa metacarpalia) – алдыңғы жіліншіктер.
- Пястный мякиш** – алдыңғы жіліншік майтабаны.
- Пяточная кость** – өкше сүйек.
- Пятка** – өкше.
- Пяточный бугор** – өкше төмпегі.

Р

- Рабдовирусы** – рабдовирустар; құрамында жалаң жіпті РНҚ болатын вирустар тобы.
- Рабдомиома** – рабдомиома; бұлшықет ұлпасынан тұратын қатерсіз ісік.
- Рабочая гипертрофия** – жұмыс гипертрофиясы; қызметінің күшеюіне байланысты мүше көлемінің ұлғаюы.
- Равновесие** – тепе-теңдік.
- Радиация** – радиация, сәуле тарату.

- Радиационная токсикология** – сәулелік (радиациялық) токсикология; радиоактивті изотоптардың денеге ену жолдарын зерттейтін радиобиология ғылымының бір саласы.
- Радиоактивные вещества** – радиобелсенді заттар; өздігінен ыдырап сәуле шығаратын заттар.
- Радиобиология** – радиобиология; иондаушы сәулелердің тірі денеге әсері туралы ғылым.
- Радиодиагностика** – радиодиагностика, радиобелсенді изотоптарды қолдану арқылы ауруды анықтау.
- Радиобиологическая лаборатория** – радиобиологиялық зертхана.
- Радиометр** – радиометр; радиобелсенді препараттардың күшін және бөлшектер тасқындарын өлшейтін аспап.
- Радиостерилизация** – радиостерилизация; радий сәулесімен зарарсыздандыру.
- Радиотерапия** – радиотерапия; радиобелсенді заттар сәулесінің әсерімен емдеу.
- Радужная оболочка** (лат. iris – нұрлы қабық) — нұрлы қабық; көз алмасының ортаңғы тамырлы қабығының ортасында “қарашық” тесігі болатын алдыңғы бөлігі.
- Разгибатель** – жазғыш (бұлшықет).
- Раздавленная капля** — басылған тамшы; көзге көрінбейтін өте ұсақ тірі жәндіктерді микроскопиялық жолмен зерттеу әдісі.
- Разделка туши** – ұшаны мүшелу.
- Раздражающая терапия** – тітіркендіргіш ем; тері және кілегейлі қабықтар мен тамырлар қабырғаларындағы қабылдағыш жүйке ұштарын (рецепторларды) тітіркендіру арқылы емдеу.
- Раздражающие средства** – тітіркендіргіш дәрі — дәрмектер.
- Размягчающие средства** – жұмсартқыш дәрі — дәрмектер.
- Размягченная почка** — қойдың жыбырлақ ауруы

- (инфекциялық энтеротоксемия).
- Разрастание** – көбею, ұлғаю.
- Разрез** – кесу, қию.
- Разрыв артерии** — қызыл тамырдың (артерияның) үзілуі.
- Разрыв мочевого пузыря** — қуықтың жарылуы.
- Разрыхление зубов** – тістің көпсуі.
- Рак** – рак, зіл; шалажетілген эпителий жасушаларынан тұратын уытты ісік.
- Раковина носовая** – мұрын кеуілжірі.
- Раковина ушная** — құлақ қалқаны.
- Рана от укуса** – тістелген жара.
- Рана разможенная** – мылжаланған жара.
- Рана рваная** – жырымдалған жара.
- Рана ушибленная** – соғылған жара.
- Ранение** – жаралану, жарақаттану.
- Ранула** – ранула; сілекей бездері өзектерінің кистасы.
- Распатор** – распатор, ажыратқыш; сүйекқапты сүйектен ажырату үшін қолданылатын оталық хирургиялық құрал.
- Рассасывание** — тарқау, бойға сіңу.
- Рассечение** – жару, қақ айыру.
- Расслабляющие средства** – босаңсытқыш дәрі — дәрмектер.
- Расстройство пищеварения** – іш бұзылу.
- Раствор** – ертінді.
- Растирание** – 1. ұнталау; 2. ысқылау.
- Растяжение связки** – байламның созылуы.
- Расширение артерий** — қызыл тамырлардың (артериялардың) кеңеюі.
- Расширение бронхов** – ауатамырлардың (бронхтардың) кеңеюі.
- Расширение вен** – көк тамырлардың (веналардың) кеңеюі.
- Расширение желудка** — қарынның созылуы.
- Расширение зрачка** — қарашықтың үлкеюі.

- Расширение капилляров** — қылтамырлардың кеңеюі.
- Расширение мочевого пузыря** — қуықтың созылуы.
- Расширение пищевода** — өңештің кеңеюі.
- Расширение сердца** — жүректің кеңеюі.
- Рахит** — рахит, мешел (Д витаминінің жетіспеуінен өрбитін төл ауруы).
- Рвота** — құсу, құсық.
- Рвотные средства** — құстырғыш дәрі — дәрмектер.
- Реакция** — реакция; сыртқы немесе ішкі әсер етуші факторларға организмнің жауап беруі.
- Реакция кожная** — тері реакциясы.
- Реакция оседания эритроцитов (РОЭ)** — эритроциттердің тұну реакциясы (ЭТР).
- Реакция агглютинации (РА)** — агглютинация реакциясы; серологиялық әдіс.
- Реакция связывания комплемента (РСК)** — комплемент байлау реакциясы; серологиялық әдіс.
- Ребро** (лат. costae) — қабырға; көкірек керегесінің бүйір қабырғасы қаңқасын құрайтын ұзын имек сүйек.
- Ревакцинация** — ревакцинация, қайталап вакциналау.
- Ревматическое воспаление копыт** — құтұяқ, қанжел.
- Ревмокардит** — ревмокардит, ревматизмді жүрек қабынуы.
- Регенерация** — регенерация; мүшенің бұзылған бөлігінің қайтадан қалпына келуі.
- Регионарный** (лат. region — аумақ) — региондық, аумақтық.
- Регионарная инфекция** — аумақтық инфекция, кейбір мүшелердегі шектелген инфекция.
- Регионарный лимфатический узел** — аумақтық лимфа түйіні.
- Редия** — редия; кейбір жалпақ құрттардың дернәсіл (личинка) сатысы.
- Редукция** — редукция, кері даму; мүшелердің кері дамып, құрылысының қарапайымдануы.

- Резекция** – резекция, кесіп тастау; белгілі бір мүшенің зақымданған бөлігін сылып тастау.
- Резервуар возбудителя инфекции** – ауру қоздырғышының қоры.
- Резервуарный хозяин** – сақтағыш ие; белгілі бір паразитті денесінде ұзақ мерзім сақтап, оның тіршілік етуіне жағдай туғызатын тірі организм.
- Резерпин** – резерпин; ішек түйілгенде қолданылатын А тобындағы дәрі.
- Резец (резцовый зуб)** – күрек тіс.
- Резистентность организма** – организмнің төзімділігі; организмнің ауруға қарсы тұру қабілеті.
- Резорбция** – резорбция; заттың денеге сіңуі.
- Резорцин** – резорцин; антисептикалық дәрі.
- Резцовая кость** – тұмсық сүйек.
- Реинвазия** – реинвазия; паразиттің денеге қайта енуі.
- Реинфекция** – реинфекция; инфекцияның қайта жұғуы.
- Реконвалесцент** – реконвалесцент; жұқпалы аурудан сауыққан жануар.
- Ректальное (лат. rectum – тік ішек) исследование** – тік ішек арқылы зерттеу.
- Ремиссия** – ремиссия; ауру белгілерінің уақытша көмескіленуі не мүлде жойылып кетуі.
- Реннин** – реннин; ұлтабар ферменті.
- Рентген** – рентген; рентген және гамма сәулесінің өлшемі.
- Рентгеновский аппарат** – рентген аппараты; неміс физигі В. Рентгеннің құрметіне аталған, рентген сәулесін медицина мен ветеринарияда пайдалануға арналған қондырғы.
- Рентгенограмма** – рентгенограмма; рентгенмен түсірілген фотоүлдір (фотопленка).
- Рентгенодиагностика** – рентгенмен анықтау; рентген сәулесінің көмегімен ауруды анықтау.
- Рентгенография** – рентгенография; рентген сәулесімен фотоүлдірге түсіру.

- Рентгенология** – рентгенология; рентген сәулісі және оны қолдану туралы ғылым.
- Рентгеноскопия** – рентгеноскопия; рентген сәулесімен дене мүшелерін көру.
- Рентгенотерапия** – рентгенотерапия; рентген сәулесімен емдеу.
- Реовирусы** – реовирустар; тыныс және азық қорыту жолдарын зақымдайтын вирустар.
- Репелленты** – репелленттер; үркіткіш дәрмектер, малға буынаяқтыларды жолатпау үшін қолданылады.
- Рептилий** – бауырымен жорғалаушылар.
- Ресницы** – кірпік.
- Ресничное тело** – кірпікті дене; көз алмасы тамырлы қабығының ортаңғы қалың бөлігі.
- Реснички** (cilia; лат. cilium – кірпікше) – кірпікшелер; ұзындығы 5 – 10 мкм, ені 0,2 мкм жасушаның қимыл-қозғалысын іс жүзіне асыратын арнайы оргanelлалары.
- Респираторный** (лат. respiratio – тыныс алу) **эпителий** – тыныс эпителийі; өкпе көпіршіктерін (альвеолаларын) іш жағынан астарлайтын бірқабатты жалпақ эпителий.
- Респираторные вирусные инфекции** – тыныс жолдарының вирустық инфекциялары.
- Респиратор** – респиратор, ауа сүзгі; тыныс жолдарын шаңнан, улы газдардан қорғайтын жабдық.
- Реституция** – реституция; ақаулы ұлпаның толық қалпына келуі.
- Ретикулоперитонит** (лат. reticulum – тор, жұмыршақ) – ретикулоперитонит, жұмыршақ пен құрсақ қуысы ішпердесінің (сірлі қабық) қабынуы.
- Ретикулит** – ретикулит; жұмыршақтың қабынуы.
- Ретикулоцит** (reticulocytus; лат. reticulum – тор, грек. kytos – жасуша) – ретикулоцит; 1. Ретикулалы (торлы) ұлпаны құрайтын тармақты өсінділі жасуша. 2. Цитоплазмасында оргanelлалары сақталған, шала жетілген эритроцит.

- Ретикулярная ткань** (textus reticularis; лат. textus — ұлпа, reticulum — тор) — торлы ұлпа, ретикулалы ұлпа; қан жасау мүшелері мен кілегейлі қабықтардағы лимфоидты құрылымдардың негізін құрайды.
- Ретикулярная формация** (formatio reticularis; лат. formatio — құрылым, reticulum — тор) — торлы құрылым; сопақша ми сұр заты ядроларының арасында орналасқан, жүйке жасушалары мен жүйке талшықтарының торланған өрімдерінен құралған мидың үйлестіргіш аппараты.
- Ретинит** — ретинит; көздің торлы қабығының қабынуы.
- Ретракция** — ретракция, сығылу; ұйыған қанның өздігінен сығылуы және оның нәтижесінде қан сарысуының бөлініп шығуы.
- Ретробульбарная флегмона** — көзмаңы флегмо­насы, көзмаңының іріңдеп қабынуы.
- Ретробульбарный неврит** — көз невриті; көру жүйкесінің қиылыстан (хиазмадан) бастап, көз алмасына дейін қабынуы.
- Ретровирусы** — ретровирустар; сүтқоректілер, құстар және бауырымен жорғалаушылар вирустары.
- Ретроспективный диагноз** — кейін қойылған диагноз.
- Рефлекс** (лат. reflexus — шағылу, кері қайтару) — рефлекс; организмнің тітіркендіргіш әсерлерге жауабы.
- Рефлексология** — рефлексология; рефлекс­тер туралы ғылым.
- Рефлектор** — рефлектор; жарықты шағылдыратын айналы аспап.
- Рефрактерный** — төзімді, ауруға төзімді.
- Рецепт** (лат. receptum — қабылданған, белгілі пішінде жазу) — рецепт; дәрігердің дәріханаға жазған жолдамасы, күрделі дәрілердің құрамы, дайындау жолы.
- Рецептор** — рецептор; организмдегі сезімтал жүйкенің қабылдайтын сезгіш ұшы.

Рецептура – рецептура; дәрі — дәрмек даярлау туралы ғылым.

Рецидив болезни – аурудың қайталауы.

Реципиент – реципиент, қабылдаушы, қан құйғызушы.

Решетчатая кость – торлы сүйек; ми және мұрын қуыстары аралығындағы сүйек.

Риванол – риванол; антисептик.

Рибонуклеиновая кислота (РНҚ) – рибонуклеин қышқылы (РНҚ).

Рибосома (ribosoma; лат. ribo – РНҚ және soma – дене) – рибосома; жасушадағы нәруыз биосинтезін іс жүзіне асыратын, пішіні дөңгелек келген ұсақ денешік түріндегі жарғақсыз органелла.

Риккетсии – риккетсиялар; жасушаларда (жасушаларда) тіршілік ететін вирустарға ұқсас микроорганизмдер тобы. Американдық ғалымы Риккетстің құрметіне аталған.

Риккетсиозный кератоконъюнктивит – риккетсиозды кератоконъюнктивит.

Риккетсиозы – риккетсиоздар; риккетсиялар қоздыратын жұқпалы аурулар.

Рингер—Локка раствор – Рингер—Локк ертіндісі; құрамында 0,9 г кальций хлориді, 0,2 г натрий гидрокарбонаты, 1,0 г глюкоза, 1000,0 мл су бар, қан орнына қолданылатын сұйық күрделі ертінді.

Ринит (грек. rhis, rhinos – мұрын) – ринит; мұрын қуысы кілегейлі қабығының қабынуы.

Ринопневмония – ринопневмония; мұрын қуысы мен өкпенің бір мезгілде қабынуы.

Риноскопия – риноскопия; мұрын қуысын көріп зерттеу.

Риноскоп – риноскоп; мұрын қуысын зерттейтін айналы аспап.

Риноларингит (грек. lagynx – көмекей) – риноларингит; мұрын қуысы мен көмекейдің қабынуы.

Риноларингоскоп – риноларингоскоп; мұрын қуысы мен көмекейді зерттейтін аспап.

- Ринофарингит** (грек. *pharynx* – жұтқыншақ) – ринофарингит; мұрын қуысы мен жұтқыншақтың бір мезгілде қабынуы.
- Ринэстро́з** – ринэстро́з; тақ тұяқты жануарлардың (жылқы, есек, қашыр) пысқырық ауруы.
- Ритм** – ритм, ырғақ.
- Рог** – мүйіз; қатты мүйізді тері туындысы.
- Рог аммониев** – аммон мүйізі, гиппокамп аяқшасы (үлкен ми бүйірлік қарыншасының түбін құрайтын гиппокамптың аяқшасы).
- Рог матки** – жатыр мүйізі.
- Роговица** (*cornea*; лат. *cornu* – мүйіз) – қасаң қабық; көз алмасының сыртқы – фиброзды қабығының алдыңғы мөлдір бөлігі.
- Роды** – туу, төлдеу, босану (адамда).
- Родентициды** – родентицидтер; кеміргіштерді қыруға қолданылатын заттар: зоокумарин, крысид, теңіз пиязы т.б.
- Роговой башмак** – мүйіз тұяқ.
- Родильное отделение** – төлдету қорасы, мал төлдетін қора.
- Родовые потуги** – туу толғақтары.
- Родовспоможение** – тууға көмек, акушерлік көмек.
- Рожа свиней** – шошқа тілмесі (қызылшасы).
- Рождение** – туылу.
- Розеола** – розеола, қызамық; күлдіреуіктің бастапқы сатысы.
- Рой пчел** – ара үйірі (бал арасы).
- Ромбовидный мозг** (лат. *rhombencephalon*) – ромб тәрізді ми; артқы ми (ми көпірі және мишық) мен сопақша мидан құралған үлкен ми бөлімі.
- Романовского–Гимзы метод** – Романовский – Гимза әдісі; азор, эозин және метилен көгі қоспасымен бояу әдісі.
- Рот** – ауыз.
- Ротаторы** – ротаторлар; ішке және сыртқа бұрап, айналдыратын бұлшықеттер.

- Ротоглотка** – аңқа, ауыз — жұтқыншақ.
- Ротовая полость** – ауыз қуысы.
- Ртутная мазь** – сынап сұртпе майы.
- Ртутные средства** – сынапты дәрілер.
- Ртути амидохлорид** – сынап амидохлориді; В тобына жататын тітіркендіргіш зат.
- Ртути дийодид** – сынап дийодиді, қосйодты сынап.
- Ртути дихлорид (сулема)** — қосхлорлы сынап (алмас); А тобына жататын аса күшті микроб өлтіргіш дәрі.
- Ртути монохлорид** – сынап монохлориді, бірхлорлы сынап; В тобына жататын дәрі.
- Ртути окись желтая** – сынаптын сары тотығы; В тобына жататын қабынуды бәсеңдететін дәрі.
- Рубец** (лат. *rumen* – месақарын) – үлкенқарын; күйіс қайтаратын жануарлардың көп бөлімді қарнының алғашқы ең көлемді бөлімі. Азықты механикалық және биологиялық өңдеуден өткізетін алдыңғы қарындар құрамына кіреді.
- Рудиментарные органы** – рудименттік мүшелер, қалдық мүшелер.
- Рукоятка грудной кости** – төссүйек тұтқасы.
- Руминит** – руминит; үлкенқарынның қабынуы.
- Руминография** – руминография; арнаулы аспап – руминографтың көмегімен үлкенқарынның жиырылуын тіркеу.
- Реминотомия** – руминотомия; үлкенқарын тілімі.
- Руминоцентез** – руминоцентез, үлкенқарынды тесу.
- Руцтовая болезнь, мелофагоз овец** – мелофагоз; қойдың жүнінде тіршілік ететін қансорғыш насекомдар қоздыратын ауру.
- Рыбоведение, ихтиология** – ихтиология, балықтар туралы ілім, балықтану.
- Рыхлая соединительная ткань** – борпылдақ дәнекер ұлпасы.

С

Сабина – дәрі арша (өсімдік).

Сабур – сабур, көпжылдық өсімдік, іш жүргізгіш, өт айдағыш дәрі.

Сагиттальная (лат. sagitta — жебе) **плоскость** – омыртқа жотасының бойымен жүргізіліп, денені тең екі бөлікке бөлетін орталық жазықтық.

Сакральная анестезия — құйымшақтық анестезия; жұлынның құйымшақ бөлімі арқылы жансыздандырудың бір түрі.

Салициловая кислота — салицил қышқылы; ыстық басқыш, ауруды бәсеңдеткіш, ревматизмге, қабынуға қарсы қолданылатын дәрі.

Салициловые препараты – салицил дәрі — дәрмектері.

Салол – салол; микробтарды жоятын дәрі.

Сальмонеллез (паратиф) – сальмонеллез, қылау.

Сальная железа (glandulae sebaceae; лат. glandula — без, sebum — май) — май безі; құрылысы қарапайым, тарамдалған көпіршікше тері безі. Ол тері эпидермисі мен тері түктерін майлап тұратын майлы бөлінді (секрет) бөледі.

Сальник (лат. omentum — шарбы) – шарбы, іш майы жиналатын қосқабатты ішперде (сірлі қабық) бөлігі. Қарынның кіші иіні мен бауыр арасындағы ішперде бөлігін **кіші шарбы**, ал қарынның үлкен иінінен шығатын бөлігін **үлкен шарбы** – деп атайды.

Сальпингит – сальпингит; жатыр түтігінің (жұмыртқа жолының) қабынуы.

Самец – еркек жануар (айғыр, бұқа, қошқар, қабан, төбет т.б.).

Санация – санация, сауықтыру.

Санитар ветеринарный – ветеринарлық санитар.

Санитария – санитария, тазалық сақтау.

Санитарный надзор – санитарлық бақылау.

- Санитарное законодательство** – санитариялық заң жинағы.
- Сантонин** – сантонин; гельминтоздарға қарсы қолданылатын дәрі.
- Сап** – маңқа; жылқыда және адамда болатын жұқпалы ауру.
- Сапонины** – сапониндер; көк өсімдіктерде болатын аморфты гликозидтердің бір тобы.
- Сапробы** – сапробтар; суда тіршілік етіп, оның өздігінен тазаруына ықпал ететін организмдер.
- Сапролегниозы** – сапролегниоздар, төменгі сатыдағы саңырауқұлақтар қоздыратын балықтардың түрлі аурулар тобы.
- Сапрофиты** – сапрофиттер; өлі органикалық заттармен қоректенетін организмдер.
- Саркоид** (грек. sarx – ет) – саркоид; дәнекер ұлпасынан өсетін қатерсіз ісік.
- Саркокарцинома** – саркокарцинома; бұлшықет жасушаларынан (талшықтарынан) тұратын қатерлі ісік.
- Сарколемма** (sarcolemma; грек. sarkos – ет, lemma – қабықша) – сарколемма; көлденең жолақты бұлшықет талшықтарының сыртқы қабықшасы.
- Сарколиз** – сарколиз; бұлшықеттің ыдырауы.
- Сарколит** – сарколит; бұлшықет тасы.
- Саркома** – саркома; әр түрлі дәнекер ұлпаларынан өрбитін қатерлі ісік.
- Саркоматоз птиц** – құс саркоматозы; құс денесін саркома тектес қатерлі ісік басуы, лейкоздың бір түрі.
- Саркоплазма** (sarcoplasma; грек. sarcos – ет, plasma – тірі зат) – саркоплазма; көлденең жолақты бұлшықет талшықтарының цитоплазмасы.
- Саркоцистоз** – саркоцистоз; қарапайым жәндіктер, саркоцисталар тудыратын инвазиялық аурулар.
- Сарцины** – сарциналар; қатпарланып жататын дөңгелек бактериялар, пакетті бактериялар.
- Сатурнизм** – сатурнизм; қорғасын қосындыларымен улану.

- Сафранин** – сафранин; органикалық бояғыш зат. Бактериология мен гистологияда қолданылады.
- Сахар молочный** – сүт қанты (лактоза).
- Сахараза, инвертаза** – сахараза; қантты ыдырататын фермент.
- Сахарин растворимый, кристаллоза** – ерігіш сахарин; сахариннің натрий тұзы (дәрі дәмдеуіш).
- Сахариметрия** – сахариметрия, қантты өлшеу; сұйық заттың құрамындағы қант мөлшерін өлшеу әдісі.
- Сахаримикозы** – сахаримикоздар; адам мен жануарлар ішкі мүшелерінің микоз аурулары.
- Сахаромицеты** – сахаромицеттер, ашытқы саңырауқұлақтар.
- Сборы** – жинақ дәрі; бірнеше түрлі дәрінің қоспасы.
- Сведение мышц** – бұлшықеттің құрысуы.
- Свертывание крови** – қанның ұюы.
- Сверхпаразитизм, гиперпаразитизм** – үстеме тоғышарлық.
- Светобоязнь** – көз қарлығы; жарықта көзді аша алмау.
- Светолечение, фототерапия** – жарық сәулесімен емдеу.
- Свечи лекарственные** – балауыз дәрі; дене қызуының әсерінен еріп кететін дәрі.
- Свидетельство ветеринарное** – ветеринарлық куәлік.
- Свинца препараты** – қорғасын дәрмектері.
- Свищ** – қаяу, іріңді өзек; сыртқы ортаны белгілі бір табиғи дене қуысымен не бітеу жарамен жалғастырып тұратын өзек.
- Свистящее удушье** – қырылдақ; қайтарма жүйкенің зақымдануы салдарынан көмекейдің салдануы.
- Свод** – күмбез.
- Свод черепа** – бассүйек күмбезі.
- Связка** – байлам (сіңір).
- Связка голосовая** – дыбыс сіңірі.
- Связка затылочная** – желке байламы.
- Связка маточная широкая** – жатырдың жалпақ байламы.

- Связка печени круглая** – бауырдың жұмыр байламы.
- Связка пупочная** – кіндік байламы.
- Сгибательные мышцы** – бүккіш бұлшықеттер.
- Сгусток крови** — қан ұйындысы.
- Себорейя** – себорейя, мерез; май бездері қызметінің үдеуі, тері ауруы.
- Севин (арилат, карбарил)** – севин; аса уытты инсектицид.
- Седалищный бугор** – шонданай төмпегі.
- Сезонность инфекционных болезней** – жұқпалы аурулардын маусымдылығы.
- Секвестрация** – секвестрлену; ұлпаның шіріген бөлігінің сау ұлпадан бөлінуі.
- Секвестротомия** – секвестротомия, секвестрді кесіп алу.
- Секрет** – секрет, бөлінді; бездердің шығаратын өнімі.
- Секретин** – секретин; он екі елі ішек (ұлтабарұшы) қабырғасында түзіліп, ұйқы безінің қызметін реттейтін гормон.
- Секреция** – секреция; бездердің бөлінді бөлу сатысы.
- Секундарная инфекция** — қосалқы инфекция; әуелгі инфекцияға қосылған инфекция.
- Секция** – іш жару; белгілі бір ауруды анықтау мақсатымен өлексенің ішін жарып, патологиялық өзгерістерді зерттеу.
- Селезенка** (лат. lien) — көкбауыр, талақ; құрсақ қуысында орналасқан шеткі қантүзу мүшесі (паренхималы мүше).
- Селезеночная артерия** (лат. arteria lienalis) – көкбауыр артериясы; құрсақ қолқасынан ажырайтын іш артериясының тармағы.
- Селен** – селен; микроэлемент.
- Селенит натрия, селенисто—кислый натрий** – селен қышқылды натрий; улануға қарсы қолданылатын дәрі.
- Семьявыносящий проток** – шәуетәкеткіш өзек.

- Семенная жидкость** – шәует; еркек жануарлар қосымша жыныс бездері секреттерінен және аталық жыныс жасушалары – сперматозоидтардан тұратын тұқымдық сұйық бөлінді.
- Семенник** (лат. testis, грек. didymis s. orchis – ен) – ен; аталық жыныс жасушалары – сперматозоидтардың дамуы мен жетілу процесі жүретін және аталық жыныс гормоны түзілетін жұп жыныс безі.
- Семенниковый мешок** (saccus testicularis; лат. saccus – қап, testis – ен) – енқап; жануарлар құрсақ қабырғасы қабаттарынан дамыған, пішіні дорба тәрізді, ішінде ен мен ен қосымшасы орналасқан қуысты мүше.
- Семенной канатик** (лат. funiculus spermaticus; funiculus – бау, sperma – ұрық, тұқым) – енбау; еннің қан, лимфа тамырлары мен жүйкелерінен құралған, пішіні кесілген конус тәрізді, ен және ен қосымшасын құрсақ қуысымен жалғастыратын еннің бауы.
- Семя, сперма** – сперма, шәует, шауһат.
- Семяпровод** – шәуетжолы.
- Сенега** – сенега; қақырық түсіргіш дәрі алынатын өсімдік.
- Сенная лихорадка** – шөп қызбасы; өсімдік тозаңынан өрбитін аллергиялық ауру.
- Сенсибилизация** – сезімталдық; бөгде заттарға организмнің сезімін арттыру.
- Сепсис** – сепсис, өлітию, қанның қағынуы; зардапты микробтардың қаңға еніп көбеюі.
- Септикобактеремия** – септикобактеремия; бактериялардың қан арқылы бүкіл денеге жайылуы.
- Септикопиемия** – септикопиемия; сепсистің дене мүшелері мен ұлпаларындағы іріңді метастаз беретін түрі.
- Септицемия** – септицемия; сепсистің метастазсыз жіті түрі.
- Сердечная мышца** (myocardium; грек. mys – бұлшықет, kardia – жүрек) – жүрек бұлшықеті; жүректің

жүрекшелері мен қарыншаларының бұлшықет қабығын (миокардты) құрайтын ет ұлпасы.

Сердечная сумка – жүрекқап, перикард.

Сердечные средства – жүрек дәрі — дәрмектері.

Сердечный клапан – жүрек қақпақшасы.

Сердце (лат. cor, грек. kardia) – жүрек; организмнің сұйық ішкі ортасын (қан, лимфа, ұлпа сұйығы) үздіксіз қозғалысқа келтіретін, пішіні конус тәрізді, көкірек қуысында орналасқан тамырлар жүйесінің орталық мүшесі.

Сердечно-сосудистая система – жүрек-тамыр жүйесі.

Серебра нитрат (ляпис), азотнокислое серебро – азотқышқылды күміс; антисептикалық және күйдіргіш А тізіміндегі дәрі.

Серебра препараты – күміс дәрі — дәрмектері (тұтқыр күйдіргіш және бактерияларға қарсы дәрі ретінде қолданылады).

Серия биопрепаратов – биопрепараттар сериясы.

Серная кислота – күкірт қышқылы.

Сернистый ангидрид, двуокись серы – күкірттің қостотығы; буынаяқтыларға қарсы қолданылатын зат.

Серно-карболовая смесь – күкіртті — карбол қоспасы.

Серножелезистая соль – темір тотыяйын.

Сернокислая медь – тотыяйын.

Сернокислый натрий – Глаубер тұзы; іш жүргізуге қолданылады.

Сероальбумин – сероальбумин; қан сарысуының альбумині.

Сероглобулин – сероглобулин; қан сарысуының глобулині.

Серодиагностика – серодиагностика; қан сарысуын зерттеу арқылы ауруды анықтау.

Серозит – серозит; сірлі қабықтың қабынуы.

Серозная оболочка – сірлі қабық.

Серолипаза – қан сарысуының ферменті.

Серозное воспаление – сірлі қабыну, суланып қабыну,

- экссудатты (жалқаяқты) қабынудың бір түрі.
- Серолог** – серолог, серология маманы.
- Серологические реакции** – серологиялық реакциялар; антигендер мен антиденелердің әрекеттесуі нәтижесінде болатын реакциялар.
- Серология** – серология; антигендер мен антиденелердің әрекеттесуін зерттейтін ғылым.
- Серопрофилактика** – серопрофилактика; даяр антиденелердің көмегімен аурудың алдын алу.
- Серотерапия** – серотерапия; даяр антиденелердің көмегімен емдеу.
- Серум** (лат. serum) – қан сарысуы.
- Сесамовидные кости** – тиекше сүйектер.
- Сертификат ветеринарный** – мал дәрігерлік сертификат; шетелден әкелінетін не ол жаққа апарылатын малдың, мал өнімдерінің т.б. жұқпалы аурулардан аمانдығы туралы куәлік.
- Сетка** (лат. reticulum – жұмыршақ) – жұмыршақ, тақия қарын; күйіс қайтаратын жануарлардың көп бөлімді қарнының үлкен қарынынан кейін орналасқан, пішіні шар тәрізді бөлімі. Жұмыршақ – азықты механикалық және биологиялық өңдеуден өткізетін алдыңғы қарындарға жатады.
- Сертоли клетки, сертолиевы клетки** – сертоли жасушалары; еннің ирек өзекшелері қабырғасындағы тіректік жасушалар (сустентоциттер). Италия ғалымы Э. Сертолидің атымен аталған.
- Серый бугор** – сұр төмpek; гипоталамустың бір бөлігі.
- Сетариоз** – сетариоз; жұмыр құрттар тудыратын малдың гельминтозы.
- Сетчатка глаза** (лат. retina) – торлы қабық; көз алмасының жарық сезгіш ішкі қабығы (жүйке ұлпасынан тұрады).
- Сечение лошадей, парафиляриоз** – жылқының бекісі; тақ тұяқты жануарлар гельминтозы.
- Сечение кесарево** – кесар тілімі; төлді жатырдан тіліп алу.

- Сиалоаденит** – сиалоаденит; сілекей безінің қабынуы.
- Сибирская язва** – топалаң (қойда), шек-шек (ешкіде), жамандат (жылқыда), қараталақ (сиырда), ақшелек, қарабез (түйеде), түйнеме, күйдіргі (адамда).
- Сибирский энцефалит, клещевой энцефалит** – сибір энцефалиті, кене энцефалиті.
- Силикоз, халикоз, литоз** – силикоз; кремний шаңдарының өкпеге түсуінен өрбитін ауру.
- Симптом** – симптом, аурудың белгісі.
- Симптомокомплекс** – симптомокомплекс, аурудың кешенді белгісі.
- Симптом постоянный** – тұрақты белгі.
- Симптом непостоянный** – тұрақсыз белгі.
- Симптом типичный** – тән белгі.
- Симптом нетипичный** – тән емес белгі.
- Симптоматология** – симптоматология; ауру белгілері туралы ілім.
- Симметрия** – симметрия; бір нәрсенің, мысалы, жануарлар денесінің екі жағының тепе — теңдігі.
- Симонса среда, цитратный агар** – Симонс ортасы; құрамында белгілі бір микробтар ғана сіңіретін заттар бар қоректік орта.
- Симпатическая нервная система** – симпатикалық жүйке жүйесі; вегетативтік жүйке жүйесінің бір бөлігі.
- Симпласт** (грек. *syn* – бірге, біріккен, *plastos* — құрылым) – симпласт; бейжасушалық құрылым (жасушалардың біріккен құрылымы), мысалы, бұлшықет ұлпасының талшықтары.
- Симулиотоксикоз** – симулиотоксикоз; тасшыбындар шағуы нәтижесінде, олардың сілекейіндегі уытынан өрбитін ауру.
- Синапс** (грек. *synapsis* – жанасу, жалғасу) – синапс, жанасым; жүйке жасушасы (нейроцит) ұштарының басқа нейроциттер ұштары плазмолеммасымен немесе орындаушы мүшелер жасушаларының плазм-

молеммасымен жанасуы. Синапс арқылы жүйке толқындары беріледі.

Синартоз – синартроз; қозғалмайтын (буын құрайтын сүйектер бірігіп кеткен) буын.

Сингамиды – сингамидтер; ұрғашысы мен еркегі үнемі жабысып жүретін жұмыр құрттар. Олар құс пен сүтқоректі жануарлардың тыныс мүшелерінде тоғышар тіршілік етеді.

Сингамоз құр – тауық сингамозы; құс кеңірдегінде тоғышар тіршілік ететін сингамидтер қоздыратын гельминтоз ауруы.

Синдемит – синдемит; буын сіңірінің қабынуы.

Синдесмоз – синдесмоз; сүйектердің дәнекер ұлпалық аралықтар арқылы байланысы.

Синдесмология (syndesmologia; грек. syn — байланыс, desmos — байлам, logos — ілім) — синдесмология; қаңқа сүйектері байланыстары туралы ілім. Сүйектер байланысы заңдылықтарын зерттейтін анатомияның бір саласы.

Синдром – синдром; бір мүшені зақымдаған ауру белгілері жиынтығының сипаты.

Синева проба – Синев сынамасы; несептегі өт пигментінің бар екенін анықтау сынамасы.

Синегнойная палочка – көкірің таяқшасы (бактерия).

Синергизм лекарственных веществ – дәрі — дәрмектер әсерлестіктері (синергизмі), бірнеше дәрінің бір — бірінің әсерлерін күшейте қасиеті.

Синергисты – синергистер; бір бағыттағы қимылды қамтамасыз ететін бұлшықеттер (бүккіш, жазғыш т.б.), қимылдас бұлшықеттер.

Синий купорос, медный купорос – тотияйн.

Синкарион (synkarion; грек. syn — бірге, байланыс; karion — ядро) — синкарион; ұрықтану кезінде аталық және аналық жыныс жасушалары ядроларының қосылу процесі.

Синовия – синовия; буынның қоймалжың сұйығы.

- Синовит** – синовит; буынның ішкі синовиальды қабығының қабынуы.
- Синостоз** – синостоз; сүйектену, сүйектердің сүйек ұлпасы арқылы байланысы (мыс. жамбас сүйектегі: мықын, шонданай және шат сүйектерінің сүйектенуі; құйымшақ т.б.).
- Синтомицин** – синтомицин; синтетикалық жолмен алынатын майда кристалды антибиотик.
- Синус** – қойнау, қуыс.
- Синхондроз** – синхондроз; сүйектердің шеміршек ұлпасы арқылы байланысы.
- Синцитий** – синцитий; жасушалар байланысы, цитоплазмалық өсінділері арқылы жасушалардың өзара байланысы, бейжасушалық құрылым.
- Синэстрол** – синэстрол; синтетикалық жолмен түзілетін аналық без гормонына ұқсас күйіттеуіш гормон.
- Синэластоз** – синэластоз, сүйектердің серпімді дәнекер ұлпасымен байланысы.
- Синяк** – көгерген жер.
- Сирингофилез** – сирингофилез, құс қауырсындарын түсіретін ауру, кенелер қоздырады.
- Система кровеносная** – қан айналым жүйесі.
- Система кроветворная** – қан түзілу жүйесі.
- Система лимфатическая** – лимфа айналым жүйесі.
- Система нервная** – жүйке жүйесі.
- Система нервная вегетативная** – вегетативтік жүйке жүйесі.
- Систематизация** – жүйелеу.
- Систематика** – систематика, жүйелеу.
- Систола** – систола, жүректің жиырылған кезеңі.
- Ситуация эпизоотическая** – індет жағдайы. Белгілі бір мерзім ішінде нақтылы территорияда індеттің таралу көрсеткіші.
- Скакательный сустав** – тілерсек буыны.
- Скальпель** – скальпель, қандауыр, оталық хирургиялық пышақ.

- Скарификатор** – тері жырғыш (дәрі екенде қолданылады).
- Скато́л** – скатол; микроб әсерінен триптофан ыдыраған кезде тоқ ішекте түзілетін улы газ.
- Сквозняк** – желөті.
- Скелет** (грек. skeleton — қаңқа) – қаңқа; белгілі бір заңдылықпен өзара байланысқан сүйектер мен шеміршектердің жүйесі.
- Скипидар** – скипидар; қарағайдың және басқа шырша ағаштар шырынынан алынатын, өзіндік иісі бар, түсі сарғыштау мөлдір зат.
- Скирр** – скирр; зілді ісіктің қатты түрі.
- Склера** (лат. sclera) – склера, ақ қабық; орташа қалыңдығы 0,4 – 0,6 мм, қалыптасқан тығыз дәнекер ұлпасынан құралған көз алмасының сыртқы талшықты (фиброзды) қабығының ақ түсті тығыз бөлігі. Ол фиброзды қабықтың 4/5 бөлігін құрайды.
- Склерит** – склерит; көздің ақ қабығының қабынуы.
- Склероз** – склероз, қатаю. Мүше паренхимасының дәнекер ұлпасына ауысуына байланысты білгілі бір мүшенің нығыздалып қатаюы.
- Склераденит** – склераденит; созылмалы аурулар салдарынан лимфа бездерінің қатаюы.
- Скобки хирургические** – оталық (хирургиялық) қапсырмалар; жараның шеткі жиектерін бір — біріне тигізіп қосу үшін қолданылады.
- Сколекс** – сколекс; таспа құрттардың басы.
- Сколиоз** – сколиоз; омыртқа жотасының оң не сол жаққа қисаюы.
- Скополамин** – скополамин; алқа тұқымдас өсімдіктерде болатын алкалоид, тыныштандырғыш дәрі ретінде қолданылады.
- Скорая ветеринарная помощь** – ветеринарлық жедел жәрдем.
- Скотобойня** — қасапхана.
- Скотолечебница** – мал емханасы.

- Скотомогильник** – мал қорымы.
- Скрытый период болезни** – аурудың жасырын кезеңі.
- Скуловая кость** (os zygomaticum; лат. os — сүйек, zygomaticum — бет) — бет сүйек; бассүйектің бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек.
- Скуловой отросток** – бет сүйек өсіндісі.
- Слабительные средства** – ішті жүргізетін дәрі—дәрмектер.
- Слабость общая** – жалпы әлсіздік.
- Слабость потуг** – толғақ әлсіздігі.
- Слабость сердца** – жүрек әлсіздігі.
- Слезная кость** (os lacrimale; лат. os — сүйек, lacrimalis — көзжасы) — көзжасы сүйегі, қаңырық сүйек; жануарлар бассүйегінің бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек.
- Слезно—носовой проток** – көзжасы — мұрын өзегі.
- Слезные железы** (glandula lacrimalis; лат. glandula – без, lacrimalis – көзжасы) – көзжасы бездері; көздің қорғаныс мүшесі.
- Слезный аппарат** – көзжасы аппараты.
- Слепая кишка** – бүйен.
- Слепни** – сона, қансорғыш қосқанатты жәндік.
- Слизистая дистрофия** – кілегейлі азғындау.
- Слизистая оболочка** – кілегейлі қабық.
- Слизь** – кілегей; кілегейлі қабықты астарлайтын эпителий ұлпасы кілегейлі жасушаларының бөліндісі (секреті).
- Слизисто—гнойный** – кілегейлі — іріңді.
- Слипание** – жабысу.
- Слоновость** – шораяқтық.
- Слуховой нерв** (nervus acusticus; лат. nervus – жүйке және acusticus — есту) – есту жүйкесі; ішкі құлақ пен сопақша ми орталығын байланыстыратын, есту талдағышының (анализаторының) өткізгіш жолы. Есту жүйкесі тепе-теңдік жүйке түбіршігімен бірігіп, ми жүйкелерінің VIII — жұбы – **тепетендік—есту сезімтал жүйкесін** түзеді.

Слуховые косточки (ossicula auditus; лат. ossicula – сүйекшелер және auditus – есіту) – есту сүйекшелері; ортаңғы құлақтың дабылдық сүйек қуысында орналасқан, бір-бірімен буын және бұлшықеттер арқылы қозғалмалы байланысқан сүйекшелер (балғаша, төс, жасымықша, үзенгіше сүйекшелер).

Случная болезнь – киеңкі; жылқының инвазиялық ауруы.

Слюнная железа (glandula salivalis, лат. glandula – без, salivalis – сілекей) – сілекей безі; ауыз қуысына сілекей бөлетін без.

Смегма – өңез.

Смежный – шектес.

Смена волос – түлеу.

Смена зубов – тісеу.

Смерть – өлім.

Смешанная инфекция, сочетанная инфекция – аралас инфекция; мал денесіне бірнеше ауру қоздырушысының енуі.

Смещение сычуга – ұлтабардың орнынан жылжуы.

Смещение кишечника – ішектің жылжуы.

Сморщивание – бүрісу.

Смягчающие средства – жұмсартқыш дәрілер.

Смыкание – түйісу.

Снабжение ветеринарное – ветеринарлық жабдықтау.

Снотворные средства – ұйықтатқыш дәрілер.

Соварсен – соварсен; құрамында күшала ангидридi бар А тобына жататын дәрі.

Совкаин – совкаин; А тобына жататын жан-сыздандырғыш дәрі.

Сок желудочный натуральный – табиғи қарын сөлі.

Соколок – сұңқарша; төссүйек тұтқасының алдыңғы жағындағы үстеме шеміршек (жылқыда ғана болады).

Солнечный удар – күн өту, күнсу, күн тию.

Солевой токсикоз пчел – бал арасының тұзбен улануы.

- Соль карловарская искусственная** – жасанды карловар тұзы; іш жүргізгіш дәрі.
- Соль английская** – ағылшын тұзы; іш жүргізгіш дәрі.
- Соль глауберова** – глаубер тұзы; іш жүргізгіш дәрі.
- Соль поваренная** – ас тұзы.
- Сельвент** – сельвент; дезинфектант.
- Соляной голод** – тұзсырау.
- Соляная кислота** – тұз қышқылы.
- Соматические клетки** (cytos somae; лат. soma, matis – дене, грек. kytos – жасуша) – дене жасушалары; жануарлар организмдері мүшелері мен ұлпаларын құрайтын жасушалар (жыныс жасушаларынан басқалары).
- Соматический гормон, соматотропин** – соматотропин, өсу гормоны; гипофиздің алдыңғы бөлігі – аденогипофиздің гормоны.
- Соматология** – соматология; дене құрылысы тұралы ілім.
- Сонная артерия** – ұйқы артериясы.
- Сопrotивляемость организма** – организмнің төзімділігі, қарсыласушылығы.
- Сорочка околосердечная** – үлпершек, жүрекқап.
- Сосальщики** – сорғыш құрттар. Трематода сыныбына жататын ішқұрттар тобы.
- Сосок вымени** (papilla uberis; лат. papilla – емшек, uber – желін) – желін емшегі; ішкі қуысы – емшек қойнауы мен емшек өзегінен құралған желіннің терілі – етті өсіндісі.
- Сосок застойный** – көз түбінің қанталауы.
- Сосок зрительного нерва** – көру жүйкесінің емізігі, бүртігі.
- Сосочки языка** – тіл емізікшелері, бүртіктері.
- Сосочковый мускул** – емізікше бұлшықет.
- Сосуд кровеносный** – қан тамыры.
- Сосуд лимфатический** – лимфа тамыры.
- Сосудистая вырезка** – тамырлы ойық.
- Сосудистая оболочка** – тамырлы қабық; көз алмасының ортаңғы қабығы.

- Сосудистая система** – тамырлар жүйесі.
- Сосудорасширяющие средства** – тамыр кеңейткіш дәрілер.
- Сосудосуживающие средства** – тамыр тарылтқыш дәрілер.
- Сошник** (лат. vomer) — соқаша сүйек; бассүйек бет бөлімінің ұзынша келген, пішіні жебе тәрізді жұқа сүйегі.
- Спазм бронхиальный** – ауатамыр (бронх) түйілуі.
- Спазм входа в желудок** — қарын кіреберісінің түйілуі.
- Спазм глотки** – жұтқыншақ түйілуі.
- Спазм пищевода** — өңеш түйілуі.
- Спазм сосудов** – тамырлар түйілуі.
- Спазмолитик** – спазмолитик; түйілуге қарсы қолданылатын дәрі.
- Спазмолитические вещества** – босаңсытқыш дәрілер.
- Спазмотический парез** — түйілуден өрбитін жартылай салдану.
- Спазмофилия** – спазмофилия; түйілуге бейімділік.
- Спайка** – жабысқан жер.
- Сперма** (грек. sperma – тұқым) – шәует.
- Сперматозоид (спермий)** (грек. sperma – тұқым, zoon — жануар, eidos — түр) – сперматозоид; аталық жыныс жасушасы.
- Сперматогенез** (грек. sperma – тұқым, genesis – даму, шығу тегі) – сперматогенез; сперматозоидтардың дамуы.
- Сперматогоний** – сперматогониялар; сперматогенездің алғашқы сатысындағы жетілмеген жыныс жасушалары.
- Сперматурия** – сперматурия; шәуеттің несепте болуы.
- Спермин** – спермин; малдың аталық жыныс жасушаларынан алынатын дәрі.
- Сперматоцит** (spermatocytus; грек. sperma – тұқым, kytos — жасуша) – сперматоцит; сперматогенез процесінің өсу және жетілу кезеңдерінде түзілетін жас аталық жыныс жасушасы.

Специфический запах — өзіне тән иіс.

Спиндлера метод — Спиндлер әдісі; топырақты гельминтоовоскопиялық зерттеуге арналған әдіс.

Спинной мозг (*medulla spinalis*; лат. *medulla* — ми, *spinalis* — арқа) — жұлын; жануарлар организмі омыртқа өзегінде орналасқан орталық жүйке жүйесінің мүшесі. Ол орналасу орнына қарай мойын, көкірек, бел және құйымшақ бөлімдеріне бөлінеді.

Спиннолопаточная область (холка) — шоқтық.

Спинномозговой канал — жұлын өзегі.

Спинномозговая анестезия, спинальная анестезия — жұлын анестезиясы.

Спинномозговая жидкость — жұлын сұйығы.

Спинномозговые нервы (*nervi spinales*; лат. *nervus* — жүйке, *spinalis s. medulla spinalis* — жұлын) — жұлын жүйкелері; олар жұлынның жоғарғы сезімтал жүйке түбіршіктері мен төменгі қозғалтқыш жүйке түбіршіктерінің қосылуынан пайда болған. Жұлын жүйкелері — қызметі жағынан аралас жүйкелерге жатады.

Спинномозговые узлы (*ganglion spinale*; лат. *ganglion* — түйін, *spinalis* — жұлын) — жұлын түйіндері; жұлынның жоғарғы түбіршігі бойында орналасқан, сезімтал нейрондардан құралған түйіндер (ганглиондар).

Спирилла — спирилла; спираль тәрізді ширатылған бактерия.

Спирохетоз кроликов — үй қояны трепонемозын қараңыз.

Спирохетоз птиц, борелиоз птиц — құс спирохетозы, құс борелиозы; парсы кенелері тасымалдайтын құстың жұқпалы ауруы.

Спирохеты — спирохеталар; тұрқы ұзынша, бұранда тәрізді микроорганизмдер.

Спироцеркоз — спироцеркоз; етқоректі жануарлар гельминтоз.

- Спирт камфорный** – камфора спирті.
- Спирт этиловый** – этил спирті.
- Спиртовое брожение** – спирттік божу, спирттік ашытылым.
- Спирураты** – спирураттар; жұмыр құрттардың отряд тармағы.
- Спланхнология** – спланхнология; ішкі мүшелерді зерттейтін морфологияның бір саласы.
- Спланхномегалия** – спланхномегалия; ішкі мүшелердің ұлғаюы.
- Спленит** – спленит; көкбауырдың қабынуы.
- Спленэктомия** – спленэктомия; көкбауырды сылып алып тастау.
- Спленомегалия** – спленомегалия; кейбір ауру салдарынан көкбауырдың ұлғаюы.
- Спленогепатомегалия** – спленогепатомегалия; көкбауыр мен бауырдың ұлғаюы.
- Спленомаляция** – спленомаляция, көкбауырдың босаңсуы.
- Спленотомия** – спленотомия; көкбауырды кесу.
- Спленофлебит** – спленофлебит; көкбауыр көктамырының (венасының) қабынуы.
- Сплетение** – торап, өрім.
- Сплетение венозное** – көктамыр торабы.
- Сплетение нервное** – жүйке торабы.
- Сплетение сонной артерии** – ұйқы артериясы торабы.
- Спондилез** – спондилез; омыртқа бағанын қосымша сүйек қаптап, кейпін жоюынан өрбитін ұзаққа созылатын ауру.
- Спондилит** – спондилит; омыртқа бағанының ұзаққа созылатын қабынуы.
- Спондилоартрит** – спондилоартрит; омыртқааралық буындардың қабынуы.
- Спондилоартроз** – спондилоартроз; омыртқааралық буындардың шорланып ұзақ қабынуы.
- Спорадическая заболеваемость** – аурудың сирек кездесуі.

- Спорадический энцефаломиелит** – спородиялық энцефаломиелит; сиыр ауруы.
- Споровики** – споровиктер; қарапайым жәндіктердің бір сыныбы, жануарлар денесінде тоғышар тіршілік етіп, спорозооз ауруларын тудырады.
- Спороциста** – спороциста; сорғыш құрттар дамуында мирацидийден дамиды сатысы.
- Спорообразование** – спора түзу, споралану.
- Споротрихоз** – споротрихоз; терінің созылмалы микоз ауруы.
- Споры бактерии** – бактериялар споралары; дөңгелек немесе сопақша, бірнеше қабат тығыз қабығы бар, қолайсыз жағдайға төзімді құрылым.
- Спорынья** — қастауыш (күйе); құрамындағы эрготин, эргометрин, эрготоксин сияқты жатырдың етті қабығының жиырылуына әсер ететін алкалоидтары бар зат.
- Сравнительная анатомия** – салыстырмалы анатомия.
- Сращение** – бітіп кету, тұтасып біту.
- Средиземноморская лихорадка** – бруцеллезды қараңыз.
- Среднее ухо** (auris media; лат. auris — құлақ, media – ортаңғы) – ортаңғы құлақ; самай сүйегі дабыл қуысында орналасқан құлақтың ортаңғы бөлігі.
- Средний мозг** (mesencephalon; грек. mesos — ортаңғы, encerephalon — ми) – ортаңғы ми; ортаңғы ми қақпағы мен үлкен ми аяқшаларынан тұратын ми бөлігі.
- Средостение** – орталық перде, көкірек ортасы; көкірек қуысын екіге бөліп тұрған екі қабат сірлі қабық (плевра бөлігі).
- Среды питательные** — қоректік орталар; микроб себінділерін өсіру үшін қолданылатын қоректік орталар.
- Среда внешняя** – сыртқы орта.
- Среда внутренняя** – ішкі орта.
- Средства дезинфекционные** – дезинфекциялағыш заттар.
- Средства горькие** – ащы дәрілер.

- Средства против водянки** — шеменге қарсы дәрілер.
- Средства против чесотки** — қотырға қарсы дәрілер.
- Срезы гистологические** — гистологиялық жонындылар.
- Ссадина, экскорация** — сызат; терінің беткі қабатының сыдырылуы.
- Стадийность эпизоотии** — індеттің сатылануы.
- Стадии болезни** — ауру сатылары.
- Стадия выздоровления** — сауығу сатысы.
- Стадия кризиса** — шұғыл өзгеріс сатысы.
- Стадия нагноения** — іріңдеу сатысы.
- Стадия озноба** — қалтырау сатысы.
- Стадия ослабления болезни** — аурудан сауығу сатысы.
- Стадия появления сыпи** — бөрту сатысы.
- Стадия разрешения** — шешілу сатысы.
- Стадия предвестников** — алдын ала білдіру сатысы.
- Стадия шелушения** — түлеу сатысы.
- Стаз** — стаз, іркілу, тоқтап қалу.
- Стандарт мутности** — лайлық үлгісі; микробтардың сұйық ортадағы санын анықтайтын үлгі (стандарт).
- Станция ветеринарно-санитарная** — ветеринарлық — санитарлық бекет.
- Станция по борьбе с болезнями животных** — мал ауруларымен күресетін бекет.
- Стафилококки** — стафилококктар, тұрқы шар тәрізді жүзім сияқты шоғырланған іріңдеткіш микробтар.
- Стафилококкоз кроликов** — үй қоянының стафилококкозы. Жұқпалы ауру.
- Стафилолизин** — стафилолизин; стафилококктардың экзотоксині.
- Стафилома роговицы** — көздің қасаң қабығының стафиломасы.
- Стахиботриотоксикоз** — стахиботриотоксикоз; стахиботрис саңырауқұлақтарының уыты сіңген қатты талшықты азықтарды (сабан, топан т.б.) жеп улану.
- Стволовые клетки** (cytos trunci; лат. truncus — бағана, діңгек; грек. kytos — жасуша) — діңгекті жасушалар;

- жануарлар организміндегі маманданбаған, сирек бөліну арқылы сан тұрақтылығы өздігінен реттеліп отыратын жас жасушалар популяциясы.
- Стекловидное тело** – көздің шыны төрізді денесі (мөлдір қоймалжың зат).
- Стелезиозы** – стелеоздар, күйісқайтаратын жануарлардың таспа құрттар қоздыратын гельминтозы.
- Стельная** – буаз (сиыр).
- Стеноз** – стеноз, тарылу.
- Стенокардия** – стенокардия; жүректің демікпелі үстеме ауруы.
- Стеноксенные паразиты** – стеноксендік паразиттер; иесі аз паразиттер, бір немесе бірер ғана жануарларда тоғышар тіршілік ететін жәндіктер.
- Стерилизатор** – стерилизатор; заттарды стерильдеуші аспап.
- Стерильность** – стерильдік, микробсыздық.
- Стетоскоп** – стетоскоп; мал денесіндегі дыбыстарды тыңдауға арналған дәрігерлік құрал.
- Стетофонендоскоп** – стетофонендоскоп; ішкі мүшелерде пайда болған дыбыстарды тыңдауға арналған құрал.
- Стефанофиляриоз** – стефанофиляриоз; сиыр және т.б. жануарлардың тері гельминтозы.
- Стимулин** – стимулин; лейкоциттердің фагоцитоздық қабілетін арттыратын қандағы зат.
- Стимулирующие средства** – жандандырғыш дәрілер.
- Стимулятор лейкопоза** – лейкоцит түзілуін жеделдететін заттар. Лейкопенияға қарсы қолданылатын дәрілер тобы.
- Стимуляция многоплодия** – көптөлдікті күшейту.
- Стриптол** – стриптол; фтор қышқылды котарнин, қан тоқтататын сарғыш ұнтақ.
- Стихорхоз** – стихорхоз; гельминтоз.
- Столб позвоночный** – омыртқа бағаны.
- Столл метод** – Столл әдісі; нәжістегі ішқұрт ұрығын сынайтын әдіс.

Столбняк – сіреспе.

Стома (грек. stoma – ауыз) – ауыз; азық қорыту жүйесінің басталар мүшесі.

Стоматит – стоматит; ауыздың уылуы, ауыз кілегейлі қабығының қабынуы.

Стоматит инфекционный – жұқпалы стоматит.

Стоматология – стоматология; ауыз аурулары туралы ілім.

Стоматоскоп – стоматоскоп; ауыз ішін қарайтын аспап.

Стон – ыңқыл, ыңырсу.

Стопа – табан.

Странгуляция кишок – ішектің бітелуі.

Стрептококки – стрептококктар; пішіні дөңгелек тізбектеле орналасқан бактериялар.

Стрептококк гноеродный – іріңдеткіш стрептококк.

Стрептококк зеленый – жасыл стрептококк.

Стрептококкоз птиц – құс стрептококкозы; жұқпалы ауру.

Стрептококковая септицемия кроликов – үй қоянының стрептококктік өлітіюі.

Стрептомицин – стрептомицин; антибиотик.

Стрептотрихоз – микоздық дерматит.

Стрептоцид – стрептоцид; Б тізіміндегі бактерияға қарсы дәрі.

Стрептоцид белый – ақ стрептоцид.

Стрептоцид красный – қызыл стрептоцид.

Стреснил, адаперон – стреснил; жүйке жүйесіне әсер ететін дәрі.

Стресс – стресс, зорлану, қажу; сыртқы ортаның жағымсыз әсеріне организмнің жауап ретіндегі құбылысы.

Стрессор – стрессор, жағымсыз фактор; стресс құбылысын тудыратын төтенше қоздырғыш.

Стригеиды – стригейдтер; стригейд тұқымдасына жататын сорғыш құрттар.

Стригуций лишай – қысаға; трихофитоз бен микроспоридиоздың жиынтық атауы.

- Стрихнин** – стрихнин; тропикалық құсық жаңғағының алкалоиды.
- Стрихнин азотнокисльй** – азот қышқылды стрихнин.
- Стробилоцерк** – стробилоцерк; онкосферадан аралық ие төнінде шығатын кейбір таспа құрттар дамуының сатысы.
- Стробиляция** – стробиляция; таспа құрттар бунақтарының түзіліп дамуы.
- Строма** – строма; паренхималы мүшенің, түрлі ісіктің дәнекер ұлпалық негізі.
- Стронгилез** – стронгилез; ұйқы безін зақымдайтын жұптұяқты жануарлар гельминтозы.
- Стронгилидозы лошадей** – жылқы стронгилидоздары; жылқының тоқ ішегінде тоғышар тіршілік ететін жұмыр құрттар қоздыратын гельминтоз.
- Стронгилиды** – стронгилидтер; жұмыр құрттар тұқымдасы.
- Стронгилоидозы** – стронгилоидоздар, көптеген жануарлар түрлері мен адамның жұмыр құрттар қоздыратын аурулары. Дертті стронгилоидес туысына жататын гельминтоздар тудырады.
- Стронгилятозы лошадей** – жылқы стронгилятоздары; стронгилята отряд тармағына жататын жұмыр құрттар қоздыратын жұптұяқты жануарлар гельминтозы.
- Стронгиляты** – стронгиляттар; жұмыр құрттардың отряд тармағы, малдың стронгилятоздарының қоздырғыштары.
- Строфантин К** – строфантин К, ақ не сарғыш ұнтақ; А тобына жататын жүрек дәрісі.
- Структура** – құрылым.
- Струп** – қабыршақ (фибриннен, қан жасушаларынан, жалқаяқтан, ыдырағын ұлпа қалдықтарынан және лимфадан құралады).
- Ступор** – ступор, мелшиіп қалу. Орталық жүйке жүйесі қызметінің қауырт әлсіреуінен малдың ұйқыға кеткендегідей мелшиіп тұрып қалуы.
- Ступня** – табан.

- Су—ауру** – су—ауру, біржасушалы паразиттер – трипанозома қоздыратын ұзаққа созылатын трансмиссивтік ауру. Көбіне түйеде болады.
- Субарахноидальное пространство** — өрмеліасты (торлыасты) кеңістік; жұлын мен мидың өрмелі және жұмсақ қабықтары аралығындағы ми-жұлын сұйығына толған кеңістік. Аталған екі қабықтың беттері эндотелиймен астарланған.
- Субинволюция матки** – жатыр тартылуының кешеуілдеуі, жатырдың төлдегеннен кейін кешігіп қалпына келуі.
- Субинфекция** – жасырын инфекция.
- Сублимация** – сублимация; ауасыз ортада кептіру.
- Субокципитальная пункция** – желкеге ине шаншу, шүйде мен ауыз омыртқа аралығына түтікше ине шаншу арқылы ми-жұлын сұйығын алу.
- Субституция** – субституция; шала қалпына келу (регенерация), ыдыраған ұлпа бөлігінің орнын екінші бір ұлпаның өсіп толтыруы.
- Субъединичные вакцины** – жалаң вакциналар; ерекше тазартылған вирустық вакциналар.
- Судорога** – тырысып бүрісу, құрысу. Орталық жүйке жүйесінің, ми қабықтары мен шеткі жүйкелердің зақымдануынан болатын дерт.
- Сужение артерии** — қызыл тамырлардың (артериялардың) тарылуы.
- Сужение бронхов** – ауатамырлардың (бронхтардың) тарылуы.
- Сужение век** — қабақтардың тарылуы.
- Сужение зрачка** — қарашықтың кішіреюі.
- Сужение пищевода** — өңештің тарылуы.
- Сужение прямой кишки** – тік ішектің тарылуы.
- Сужение трахеи** – кеңірдектің тарылуы.
- Сукровица** — қаншымақ, қан аралас ірің.
- Сулема** – алмас, қосхлорлы сынап; А тобына жататын аса күшті микроб өлтіргіш дәрі.

- Сульгин** – сульгин; ішектің жұқпалы ауруларына қарсы қолданылатын, В тобына жататын бактерия өлтіргіш дәрі.
- Сульфадемизин** – сульфадемизин; В тобына жататын бактерия өлтіргіш дәрі.
- Сульфадемитоксин** – сульфадемитоксин. Сульфаниламидті дәрмек, микроб өлтіргіш ақ ұнтақ.
- Сульфазин** – сульфазин; сульфаниламид тобына жататын иіссіз ақ ұнтақ дәрі.
- Сульфаниламиды** – сульфаниламидтер; сульфанил қышқылының туындылары, іріңдеткіш микробтарға қарсы және олардың уытын қайтаруға қолданылады.
- Сульфаниловая кислота** — сульфанил қышқылы; микробтарға қарсы зат.
- Сульфантрол** – сульфантрол; В тізіміндегі бактерияларға қарсы ақ ұнтақ. Нутталлиозды емдеу үшін қолданылады.
- Сульфапиридазин** – сульфапиридазин; қарын, бауыр, өтқабы, бүйрек, тыныс жолдары ауруларын емдеуге қолданылатын В тобындағы дәрі.
- Сульфацил (альбуцид)** – сульфацил (альбуцид); пиелит, цистит, колит, көз, тері ауруларын емдеу үшін қолданылады.
- Суперинвазия** – суперинвазия, үстеме инвазия; инвазиялық ауруға шалдыққан мал денесіне сол ауру қоздырушысының екінші рет енуі.
- Суперовуляция** (superovulatio; лат. super — үстінде, жоғарыда; ovum – жұмыртқа) – суперовуляция, үстеме овуляция; аналық малға гормондық препарат енгізіп, жұмыртқалықтан бір мезгілде бөлінетін аналық жыныс жасушаларының (овоциттердің) санын көбейту.
- Супинаторы** – супинаторлар; аяқтардың алдыңғы бетін сыртқа қарай бұратын бұлшықеттер.
- Сурра** – сурра; түйе және кейбір жұптұяқты жануарлардың трипанозома қоздыратын ауруы.
- Сурфактант** (лат. surfactant – бөлінді зат) — сурфак-

- тант; өкпе көпіршіктерінің (альвеолаларының) ішкі бетін сылап, олардың қабырғаларының жабыспауын қамтамасыз ететін, нәруыздардан, фосфолипидтерден және гмекопротендерден тұратын зат.
- Сурьма пятисернистая** – бескүкіртті сурме; қақырық түсіргіш қызғылт түсті босаң ұнтақ.
- Сурьма трехсернистая (сурмянный блеск)** — үшкүкіртті сурме; құстырғыш тас, қоңыр қара түсті ауыр, кесек, иіссіз, дәмсіз ұнтақ.
- Сурьмы препараты** – сурме дәрмектері. Әсері жағынан күшәла дәрмектеріне ұқсас, қақырық түсіргіш, құстырғыш құрт айдағыш дәрілер.
- Суспензия** – суспензия; ірі түйіршікті быламық, дененің сыртқы бетінде қолданылатын дәрі түрі.
- Сустав** (лат. articulatio — буын) – буын; қаңқа сүйектерінің қозғалмалы байланысқан буындық бастарынан құралған мүше. Буын – сыртынан өз кезегінде екі қабат жарғақтан: сыртқы — талшықты (фиброзды) және ішкі — синовиялы жарғақтардан құралған **буын қапшығымен** (capsula articularis) қапталған.
- Сухожилие** (лат. tendo — қатаю, созылып керілу) – сіңір; бұлшықеттерді қаңқа сүйектеріне бекітетін бұлшықет бөлігі.
- Сухожильная струна** – сіңір желісі.
- Сухожильное влагалище** – сіңір қынабы.
- Сушильный шкаф** – кептіргіш шкаф; әр түрлі заттарды кептіруге және зарарсыздандыруға арналған тоқпен қызатын аспап.
- Сферофизин** – сферофизин; өсімдік құрамындағы алкалоид, толғақты күшейту үшін қолданылады.
- Сфигмограф** – сфигмограф; тамыр соғуын жазғыш аспап.
- Сфигмоманометр** – сфигмоманометр; қан қысымын өлшейтін аспап.
- Сфигмометрия** – сфигмометрия; тамырдағы қан қысымын өлшеу.

- Сфигмотонограф** – сфигмотонограф; қан қысымын және тамыр соғуын жазатын аспап.
- Сфигмофония** – сфигмофония; тамыр соғуын тыңдау.
- Сфингозин** – сфингозин, жоғарғы аминоспирт; протромбиннің тромбинге айналуын бөгейді.
- Сфинктер** – сфинктер, қысқыш бұлшықет.
- Схватки** – толғақ.
- Схизогония, шизогония** – қарапайымдардың жыныссыз көбеюінің бір түрі.
- Счетчик электронный для форменных элементов** – қан жасушаларын санайтын электронды аспап.
- Сшивание кишок** – ішекті тігу.
- Сыворотка жеребых кобыл (СЖК)** – буаз бие қанының сарысуы (ББС). Құрамында жыныс гормондары болады.
- Сыворотка крови** – қан сарысуы; құрамында фибрин нәруызы болмайтын қанның сұйығы.
- Сыворотка молочная** – сүт сарысуы; үй қоянының әй-мериозын емдеуге қолданылады.
- Сыворотки диагностические** – ауруды анықтау сарысулары.
- Сыворотки иммунные** – иммундық сарысулар.
- Сыворотки лечебно—профилактические** – емдік және ауруды анықтау сарысулары; құрамында әр түрлі антиденелер болатын қан сарысуы.
- Сывороточная болезнь** – сарысудан ұшыну. Малдын денесіне парэнтеральдық (азық қорыту жолынан өзге) жолымен енгізілген тегі басқа нәруызға берген организмнің жауап реакциясы.
- Сыпь** – бөртпе; тері бетіндегі сулы күлдіреуік.
- Сыпь зудящая** – қышыма бөртпе.
- Сыпь кожная** – тері бөртпесі.
- Сыпь крапивная** – есекжем бөртпесі.
- Сыпь отрубевидная** – кебек тәрізді бөртпе.
- Сыпь потовая** – ыстықтық бөртпесі.
- Сыпь просовидная** – тары тәрізді бөртпе.

Сыпь пузырчатая – күлдірек бөртпе.

Сыпь пятнистая – теңбіл бөртпе.

Сыпь розовая – қызғылт бөртпе.

Сычуг (лат. abomasum – ұлтабар) – ұлтабар; күйіс қайтаратын жануарлардың көп бөлімді қарнының соңғы безді бөлімі. Азық химиялық жолмен қорытылатын нағыз қарын.

Сычужный сок – ұлтабар сөлі.

Сычужный фермент, сычужина – ұлтабар ферментті (химозин).

Т

Таблетка – таблетка, түйме дәрі; белгілі бір пішінде престелген дәрі.

Таз (лат. сохас – жамбас) – жамбас.

Тазобедренный сустав – жамбас – ортан жілік буыны.

Тазовая конечность – жануарлардың артқы аяғы.

Тазовая кость (os сохас; лат. os – сүйек, сохас – жамбас) – жамбас сүйек; жануарлар артқы аяғы жамбас белдеуінің қаңқасы.

Тазовая полость (cavum pelvis; лат. cavum – қуыс, pelvis – жамбас) – жамбас қуысы; жамбас астауындағы қуыс.

Тазовый пояс (cingulum membri pelvini; лат. cingulum – белдеу, membra – аяқ, pelvis – жамбас) – жамбас белдеу; бір – бірімен шеміршекті жамбас жігі арқылы байланысып, жамбас астауын жасайтын оң және сол жамбас сүйектері.

Таксис – таксис, икемделу.

Такт – ырғақ, жүрек соғу ырғағы.

Тактильная чувствительность – жанасым сезімі, сипап сезу.

Таламус – таламус, көру төмпегі, аралық ми бөлігі.

Тальк – тальк, магний силикаты, адсорбент, құрғатқыш дәрі ретінде қолданылатын ақ ұнтақ.

- Тампон** – тампон; жарадан аққан қанды тоқтату үшін қолданылады. Мақта мен дәкеден жасалынады.
- Тампонада** – тампонмен тығындау. Жара қуысын тығындау.
- Тамонада сердца** – жүрек тығындамасы; үлпершек қуысында сұйық заттар көп жиналуынан жүрек қызметінің жетіспеуі.
- Таннин** – таннин; тұтқыр дәрі ретінде қолданылатын зат.
- Таранная кость** – асық.
- Тахикардия** – тахикардия; жүрек соғуының жиілеуі, жүректің лүпілдеуі.
- Тахипноэ** – тахипноэ, еңтігу.
- Тахифилаксия** – тахифилаксия; қайта енгізілген дәрінің организмге тез арада көмек беруі.
- Твердая папиллома** – сүйел.
- Твердое небо** (palatum durum; лат. palatum – таңдай, durum – қатты) – қатты таңдай; ауыз қуысының төбесін құрайтын мүше.
- Твердый акарицидный препарат, ТАП—85** – кене өлтіргіш дәрімек; қотырға қарсы тоғытатын дәрімек.
- Теальбин** – теальбин; шай жапырағындағы танидтердің казеинмен қосылғанда шығатын өнім, тұтқыр зат.
- Тейлериоз** – тейлериоз; инвазиялық ауру.
- Тейлерия** – тейлерия; қан жасушаларында тоғышар тіршілік ететін қарапайымдар.
- Текодин** – текодин; ауру сезімін бөсеңдету үшін қолданылатын А тобындағы дәрі.
- Тело** (грек. soma) – дене, жануар денесі.
- Тело желтое беременности** – буаздықтың сары денесі.
- Тело инородное** – бөгде дене.
- Тело мозолистое** – мүйізгек дене.
- Тело стекловидное** – шыны тәрізді дене.
- Телосложение** – дене құрылысы, дене бітімі.
- Телофаза** (telophasa; грек. telos – соңғы, соңы, phasis – фаза, кезең) – телофаза; аналық жасушадан екі жас жасушалар түзілетін митоздың соңғы кезеңі.

- Тельца включения** – түзілген денешіктер; вирус аурулары кезінде жасушаларда түзілетін денешіктер.
- Телязиоз** – телязиоз; сиыр көзін зақымдайтын гельминтоз.
- Теменная кость** (лат. os parietale – төбе сүйек) – төбе сүйек; жануарлар бассүйегі ми сауытының төбе қабырғасын құрауға қатысатын, жалпақ келген жұп сүйек.
- Температура тела** – дене қызуы.
- Тендинит** – тендинит; сіңірдің қабынуы.
- Тендовагинит** – тендовагинит; сіңір қынабының қабынуы.
- Тениаты** – тениаттар; таспа құрттардың отряд тармағы.
- Тении** – тениялар, таспалар; жылқы мен шошқаның жуан ішегі қабырғасындағы етті қабық таспалары.
- Тенидозы плотоядных** – етқоректі жануарлар тенидоздары; таспа құрттар тудыратын гельминтоздар тобы.
- Теностоз** – теностоз; сіңірдің қатаюы.
- Тенотомия** – тенотомия; сіңірді кесу.
- Теноэктомия** – теноэктомия; сіңірдің бір бөлігін кесіп тастау.
- Теобромин** – теобромин; какао ұрығының қауызынан алынатын, сондай — ақ, қолдан жасалынатын алкалоид.
- Теофеллин** – теофеллин; қан тамырын кеңейткіш және несеп айдағыш дәрі.
- Теофедрин** – теофедрин; демікпеге қарсы қолданылатын дәрі.
- Тепловой удар** – ыстық соғу.
- Теплокровное животное** – жылықанды жануарлар.
- Теплолечение (термотерапия)** – жылумен емдеу.
- Терапия** – терапия, емдеу; ішкі ауруларды және олардың емдеу жолдарын зерттейтін ғылым.
- Терапевт** – терапевт; ішкі ауруларды емдейтін дәрігер.

- Тератобластома** – тератобластома; ұрықтық ұлпадан құралған ісік.
- Тератома** – тератома; құрсақта даму барысының бұзылуынан пайда болған, әр түрлі ұлпадан түзілген ісік.
- Теринозы** – териноздар; тағы аңдардан жұғатын аурулар.
- Терме** – терме; мүйізгек, ұрғашы түйенің жыныс ауруларының бір түрі.
- Термокаутер** (грек. *therme* — жылу) – термокаутер; емдеу мақсатымен күйдіру үшін қолданылатын аспап.
- Термометр** – термометр; дене қызуын (температураны) өлшейтін аспап.
- Термометрия** – термометрия; жылылықты өлшеу.
- Термопсис ланцетовидный** — қандауыр тәрізді термопсис; есірткі шөп, қақырық түсіргіш дәрі алынады.
- Терморегуляция** – температураны реттеу.
- Терморепторлары** – терморепторлар; сыртқы және ішкі дене қызуының өзгеруін сезетін жүйке ұштары.
- Термостат** – термостат; температураны белгілі бір қажетті деңгейде ұстап тұратын аспап.
- Термотаксис** – термотаксис; төменгі сатыдағы жәндіктердің белгілі бір жылылыққа ұмтылуы.
- Термотерапия** – термотерапия; жылумен емдеу.
- Терравитин** – терравитин; қарын ауруларын емдейтін, төлдің өсуін жеделдететін және мал бордақылауда қоданылатын дәрмек.
- Террамицин** – террамицин; антибиотик.
- Тест** – тест, сыналым, реакция.
- Тестит (орхит)** – еннің қабынуы.
- Тестостерон** – тестостерон; еркек жыныс гормоны.
- Тетания** – тетания, сіреспе.
- Тетанотоксин** — сіреспе микробының уы; тетаноспазмин мен тетанолизиннен тұрады.
- Тетракокки** – тетракокктар; төрт — төрттен жұптасқан дөңгелек бактериялар.

- Тетракотилез** – тетракотилез; балық гельминтозы.
- Тетрамероз** – тетрамероз; жұмыр құрттар қоздыратын құс гельминтозы.
- Тетрациклин** – тетрациклин; антибиотик.
- Течение болезни** – аурудың барсы.
- Течка** – күйлеу, мауығу.
- Тизаниезиоз** – тизаниезиоз; тиезаниезия таспа құрттары қоздыратын сиыр мен қойдың гельминтозы.
- Тик** – тик, діріл; дене мүшелері мен бұлшықеттердің еріксіз дірілдеуі.
- Тимит** – тимит; айырша бездің (тимустың) қабынуы.
- Тимол** – тимол; В тізіміндегі антисептикалық және ішқұрттарға қарсы қолданылатын, тимин өсімдігінен алынатын кристалды зат.
- Тимпания кишечника (метеоризм кишечника)** – ішек кебу.
- Тимпания рубца** – үлкен қарынның кебуі, іш кебу.
- Тимус** (лат. thymus — айырша без) — тимус, айырша без; қантұзу және ішкі секреция безі.
- Тиндализация** – тиндализация; ағынды ыстық бумен бөлшектеп зарарсыздандыру.
- Тиодан, эндосульфан** – тиодан; ақ түсті кристалды зат, насекомдарды қыратын дәрі.
- Тиокол** – тиокол, гвоякол өнімі; өкпе ауруларына қарсы қолданылатын дәрі.
- Тиол** – тиол, жасанды ихтиол; иіссіз қара қоңыр қою дәрі.
- Тиопентал натрия** – натрий тиопенталы; ұйықтатқыш және есірткілік дәрі.
- Тиофос** – тиофос; насекомдарға қарсы қолданылатын фосфорорганикалық түссіз мөлдір сұйық зат.
- Тип** – тип; жануарлар жіктелуіндегі ең жоғарғы топ.
- Тиреоаденит** – тиреоаденит; қалқанша бездің қабынуы.
- Тироглобулин** – тиреоглобулин; қалқанша бездің йодты нәруызы.
- Тиреоидин** – тиреоидин; сиыр қалқанша безінен алынатын гормондық препарат.

- Тиреокальцитонин** – тиреокальцитонин; қандағы кальций мен фосфор деңгейін төмендететін қалқанша бездің гормоны.
- Тиреотропный гормон** – тиреотропты гормон; қалқанша бездің қызметін күшейтетін гипофиз гормоны.
- Тироксин** – тироксин; қалқанша бездің гормоны.
- Тироглифоидные клещи** – тироглифоид кенелері; акариформес отрядына жататын астық және қамба кенелері.
- Тирозиназа** – тирозиназа; тирозинді тотықтыратын фермент.
- Титр** – титр; заттың белгілі бір әсер беретін ең аз мөлшерін көрсететін өлшем.
- Титрование** – титрлеу, титрін анықтау.
- Тиф птиц** – құс сүзегі (қар. пуллороз).
- Тифлогепатит** – тифлогепатит; құстың инвазиялық ауруы, гистомоноз.
- Ткань** – ұлпа, тін.
- Тканевая жидкость** – ұлпа сұйығы.
- Тканевая несовместимость** – ұлпа дарымаушылығы.
- Тканевая терапия** – ұлпа дәрмектерімен емдеу.
- Тканевое дыхание** – ұлпалық тыныс алу; биологиялық тотығу арқылы ұлпаларда жүретін процесс (үдеріс).
- Тканевые барьеры** – ұлпалық тосқауыл (физиологиялық тосқауыл).
- Тканевые препараты** – ұлпа препараттары.
- Тканевый эксплантат** – ұлпа эксплантаты, ұлпа өсіні.
- Токоферол** – токоферол (витамин Е).
- Токсаскаридоз** – токсаскаридоз; ит пен түлкінің жұмыр құрттар тудыратын гельминтозы.
- Токсемия** – токсемия, қанның улануы, улы заттардың қанға түсуі.
- Токсикоз** – токсикоз; удың денеге жайылуы.
- Токсикология** – токсикология; улар туралы ғылым.
- Токсин** – токсин, у.
- Токсигенность** – у бөлу қасиеті (микробтың).

- Токсикоинфекция** – токсикоинфекция; микроб уының денеге даруы.
- Токсичность** – улағыштық, улық қасиеті.
- Токсокароз** – токсакароз; ит пен мысықтың жұмыр құрттар тудыратын гельминтозы.
- Токсоплазмоз** – токсаплазмоз; протозойлық ауру.
- Толерантность** – төзімділік, шыдамдылық.
- Толерантность иммунологическая** – иммунологиялық төзімділік, бөгде антигенге бейтараптылық.
- Толстая кишка** (intestinum crassum; лат. *intestinum* – ішек, *crassum* — жуан) – жуан ішек; азық қорыту аппаратының артқы бөлімі. Жуан ішекке **бүйен, тоқ ішек** және **тік ішек** жатады.
- Тонкая кишка** (лат. *intestinum tenue* — ащы ішек) — ащы ішек; қарын мен бүйеннің аралығында орналасқан азық қорыту аппаратының ортаңғы бөлімі. Ащы ішекке: он екі елі ішек, аш ішек және мықын ішек жатады.
- Тонкофибриллы** – тонофибриллалар, керулі жіпшелер; эпителий жасушалары – эпителиоциттер цитоплазмасындағы тіректік қызмет атқаратын кератин нәруызының жіпшелері (арнайы органелла).
- Тонзилла** – тонзилла, бадамша.
- Тонзилит** – тонзилит; бадамшаның қабынуы.
- Тонизировать** – сергіту.
- Тонические судороги** — қарысу, құрысу; бұлшықеттің ұзаққа созылған жиырылуы.
- Тонус** – ширығушылық, ширақтық.
- Тоны сердца** – жүрек сазы.
- Топическая диагностика** – топикалық анықтау, ауру орнын анықтау.
- Торакоцентез** – торакоцентез; көкірек қабырғасын тесу.
- Торможение** – тежеу, тежелу.
- Тортиколис** – тортиколис; қисық мойын.
- Тошнота** – лоқсу, жүрек айну, құсқысы келу.
- Тошнотворные средства** — құстырғыш дәрілер.

- Тошяя кишка** – аш ішек.
- Тоший** – аш, арық.
- Трабекулы** – трабекулалар, перделіктер (паренхималы мүшелер паренхимасын бөліктерге бөліп тұратын дәнекер ұлпалық перделіктер).
- Трава багульника** — қазанақ.
- Трава горицвета** – угұлжапырақ.
- Трава душицы** – көкбас шөп, киік оты.
- Трава желтушника** – ақбас шөп.
- Трава зверобой** – сарыбас шөп, шай құрай.
- Трава ландыша** — қынжыгүл шөбі.
- Трава пастушьей сумки** – жұмыршақ шөп.
- Трава водяного перца** – су бұрышы шөбі.
- Трава полыни горький** – ермен шөп, ащы жусан.
- Трава пустырника** – сасық шөп.
- Трава термопсиса ланцетовидного** – термопсис шөбі, есірткі шөп.
- Трава тысячелистника** – мыңжапырақ шөбі, ақ шешек шөбі.
- Трава хвоща полевого** – уқырықбуын шөбі.
- Трава чабреца** – тасшөп, жебір шөп.
- Трава мышатника** – есірткі шөп.
- Трава черногорки** – мысықот (угұлжапырақ).
- Травма** – жарақат, жарақаттану.
- Травматизм** – жарақаттанушылық.
- Травматический перикардит** – жарақаттық перикардит; жүрекқаптың бөгде затпен жарақаттанып қабынуы.
- Травматический ретикулит** – жарақаттық ретикулит; жұмыршақтың жарақаттанып қабынуы.
- Травматология** – травматология; жарақат зардабын емдейтін және оны зерттейтін хирургия бөлімі.
- Травоядные** — шөпқоректілер.
- Тракт пищеварительный** – азық қорыту жолы.
- Тракт дыхательный** – тыныс жолы.
- Трансмиссивные** (лат. trans – арқылы) болезни –

- трансмиссивтік (тасымал) аурулар; қоздырғыштары денеге жәндіктер арқылы енетін жұқпалы аурулар.
- Трансовариальная передача возбудителей инфекции** – ауру қоздырушыларының жыныс жасушалары арқылы берілуі.
- Транссудат** – транссудат; ұлпа кеңістіктері мен дене қуыстарына жиналатын сарғыш түсті мөлдір сұйық.
- Транссудация** – транссудация; транссудаттың жиналуы.
- Транспортная болезнь** – жол ауруы, тасымалдау ауруы.
- Трансфузия** – трансфузия, құю.
- Трахеит** – трахеит; кеңірдектің қабынуы.
- Трахеоспазм** – трахеоспазм; кеңірдектің құрысып тарылуы.
- Трахеотомия** – трахеотомия; кеңірдекті кесу.
- Трахея** (грек. trachus – кеңірдек) — кеңірдек; көмекейді өкпе бронхтарымен жалғастыратын, жоғары тыныс жолының түтікше мүшесі.
- Требование** – талап.
- Требование к условиям внешней среды** – сыртқы орта жағдайларына қойылатын талап.
- Трематоды** – трематодтар; сорғыш жалпақ құрттар.
- Трематодозы** – трематодоздар; сорғыш жалпақ құрттар тудыратын аурулар тобы.
- Тремор** – тремор, дірілдеу, қалтырау.
- Трение реберной плевры** — қабырғалық плевраның (көкірек қуыс сірлі қабығы) үйкелуі.
- Трепан** – трепан; бассүйекті тесетін бұрғы.
- Трепанация** – бұрғылау; бассүйекті трепанмен тесу.
- Трепет** – діріл, қалтыл.
- Трепетание** – дірілдеу, қалтырау.
- Трепетание сердца** – жүректің қалтырауы.
- Трепонемоз кроликов** — үй қоянының трепонемозы; жыныс мүшелерінің терісі шалдығатын індет ауруы.
- Трепонемоз птиц** — құс трепонемозы; парсы кенелері тасымалдайтын құстың жұқпалы ауруы (құс спирохетозы).

Трещина – жарылу, жарық.

Трещина копытного рога – тұяқтың жарылуы.

Триада — үштік, үштаған (үш ұғымның бірлігі).

Триада печеночная – бауыр үштігі, бұған: бөлікшелераралық қызылтамыр (артерия), бөлікшелераралық көктамыр (вена) және бөлікшелераралық өт өзегі жатады.

Тривитамин – тривитамин, үш витаминді дәрі.

Тризм – тризм; жақтың қарысуы.

Трипансинь – трипансинь, трипанблау (бояу).

Трипсин – трипсин; ұйқы безінің ферменті.

Трипанозомозы – трипанозомоздар; трипанозомдар тудыратын аурулар.

Трипанозомоз верблюдов – түйенің су — ауруы.

Трихиазис – трихиазис; кірпіктің көз алмасына қарай теріс бағытта өсуі.

Трихина – трихина; тоғышар (паразиттік) жұмыр құрт.

Трихина спиральная – ирек жұмыр құрт.

Трихинеллез – трихинеллез; шошқа мен адамның гельминтозы.

Трихинеллоскопия – трихинеллоскопия; трихинеллоскоп (арнайы аспап) арқылы бұлшықетті зерттеп, онда трихинеллалардың бар — жоғын анықтау.

Трихомоноз – трихомоноз; сиыр мен адамның жыныс мүшелерін зақымдайтын қарапайым жәндіктер – трихомонодалар тудыратын ауру.

Трихостронгилидозы – трихостронгилидоздар; трихостронгилидтер тұқымдасына жататын жіп тәрізді жіңішке құрттар тудыратын гельминтоздар тобы.

Трихофития – трихофития, бұзаутаза, қысаға; саңырауқұлақтар тудыратын сиырдың тері ауруы.

Трихонематидозы лошадей – жылқы трихонематидоздары; трихонематида тұқымдасына жататын жұмыр құрттар тудыратын жылқы гельминтозы.

Трихоцефалез – трихоцефалез; қылбас құрттар туды-

ратын күйіс қайтаратын жануарлар, шошқа және иттің гельминтоздары.

Троакар – троакар; үлкен қарынды тесіп, жиналған газды сыртқа шығартын аспап.

Тройничный нерв (nervus trigeminus; лат. nervus – жүйке, trigeminus – үшкіл) – үшкіл жүйке; мидан шығатын V – жұп жүйке. Ең ірі аралас жүйке.

Тромб – тромб, тығын, жентек; қан тамырларын бітеп тастайтын ұйыған қан жентегі.

Тромбин – тромбин; қанның ұюын қамтамасыз ететін фермент.

Тромбоз – тромбоз; қан ұюы, тамырдың тығындалуы.

Тромбокиназа – тромбокиназа; қан ұюына септігін тигізетін фермент.

Тромбофлебит – тромбофлебит; көктамырдың бітеле қабынуы.

Тромбоцитоз – тромбоцитоз; қан құрамында тромбоцит (қан табақшасы) санының көбейіп кетуі.

Тромбоцитопения – тромбоцитопения; қан құрамында тромбоцит (қан табақшасы) санының азайып кетуі.

Тромбоцит (thrombocytos; грек. thrombos – тромбы, kytos – жасуша) – тромбоцит, сүтқоректі жануарларда – қан табақшалары; қанның ұюын қамтамасыз ететін қан жасушасы (қан табақшалары).

Тропизм – тропизм, бағытталу.

Трофобласт (trophoblastus; грек. trophe – тамақ, қоректік зат; blastos – өскін, бастама) – трофобласт, қоректендіргіш қабақ; сүтқоректі жануарлардың көпжасушалы көпіршік тәрізді ұрығының (бластоциста, стерробластула) сыртқы қоректендіргіш қабығы.

Трубчатая кость – жілік; іші қуыс ұзын сүйек. Жіліктің тұлғаға жақын жоғарғы басы **проксимальды эпифиз**, төменгі басы **дистальды эпифиз**, олардың арасындағы ұзын денесі **диафиз** – деп аталады.

Труп – өлексе.

Трупное окоченение — өлексе сіресуі.
Трупные пятна — өлексе дақтары.
Трупосжигательная печь — өлексе өртейтін пеш.
Трутењь — аталық ара (арамтамақ).
Трясунка — дірілдеуік; шөппен уланудан болатын ауру.
Туалет туш — ұшаны тазалау.
Туберкула — бұдырмақ; туберкулезге шалдыққан мал денесіндегі дертті ұлпа.
Туберкулез — туберкулез; жұқпалы ауру.
Туберкулин — туберкулин; туберкулезді анықтайтын аллерген, туберкулезді аллергиялық әдіспен анықтау үшін қолданылатын биологиялық дәрмек.
Туберкулинизация — туберкулиндеу; туберкулин арқылы малды туберкулезге тексеру.
Туловище — дене тұрқы, тұлға.
Туляремия — туляремия; жұқпалы ауру.
Тулярин — тулярин; туляремияны анықтайтын аллерген.
Тумак — шірік жұмыртқа.
Тургор — тургор, кернелу, ұлпа немесе мүше серпіні.
Турникет — турникет; қан тамырын қысатын оталық (хирургиялық) құрал.
Тундровое бешенство — жалған құтырық.
Тучные клетки, гепариноциты (лаброциты) — шырлы жасушалар, гепариноциттер, лаброциттер, ұлпа базофилдері.
Туша — ұша.

У

Уайтсайда проба — Уайтсайд сынамасы; маститпен ауырған малдан сауылған сүтті анықтау әдісі.
Убихинон — убихинон; құрылысы мен құрылымы жағынан К және Е витаминдеріне жақын коэнзим.
Убой животных — мал сою.
Убойная масса — сойыс массасы.

- Убойный выход** – сойыс шығымы.
- Убойный пункт** – мал сою пункті.
- Убойный скот** – сойыс малы.
- Увейит** – увеит, иридоциклохлориоидит; көздің тамырлы қабығының қабынуы.
- Угарный газ** – иіс газы.
- Угледонные дистрофии** – көмірсулық дистрофиялар; организм ұлпаларындағы көмірсу алмасуының бұзылуы.
- Углеводный обмен** – көмірсу алмасуы.
- Угледороды** – көмірсутегтер; құрамына көміртег пен сутег атомдары кіретін органикалық қосылыстар.
- Углеводы** – көмірсулар (глицидтер); табиғи органикалық қосылыстар.
- Углекислый газ** – көмір қышқыл газ.
- Углерод** – көміртег.
- Углерод четырёххлористый** – төртхлорлы көміртег; гельминтоздарға қарсы қолданылатын дәрі.
- Уголь активированный** – белсендірілген көмір.
- Угрожаемая зона** – қатер төнген аймақ; індет ошағының айналасы.
- Удаление зубов** – тісті жұлу.
- Удойный скот** – сауым сиыр.
- Удушье** – тұншығу, асфикция.
- Узелковая сыпь крупного рогатого скота** – сиырдың түйіншекті бөртпесі.
- Уксусная кислота** – сірке қышқылы.
- Уксуснокислое брожение** – сіркеқышқылдық ашытылым, сіркеқышқылдық божу.
- Укутывание** – орау, тұмсалау.
- Улей** – ара үйшігі, ара ұясы.
- Уленгута реакция** – Уленгут реакциясы; преципитация реакциясы арқылы нәруыздарды биологиялық жолмен ажырату әдісі.
- Улитка ушная** – құлақ ұлуы, құлақ ішіндегі иірілім.
- Ультразвук** (лат. ultra – сыртында) – ультрадыбыс; аса қысқатолқынды дыбыс.

- Ультразвуковой анализ** – ультрадыбыстық талдау; биологиялық зерттеулерде қолданылады.
- Ультрамикроскоп** – ультрамикроскоп, электронды микроскоп.
- Ультрамикротом** – ультрамикротом, ультрамикроскоппен зерттеу үшін алынатын тым жұқа жонындыларды дайындайтын аспап.
- Ультрафилтрация** – ультрафилтрация; жартылай өткізгіш фильтр (жарғақ) арқылы коллоид бөліктерін, бактерияларды, вирустарды ажырату әдісі.
- Ультрафиолетовая микроскопия** – ультракүлгінді микроскопия; ультракүлгін сәулелерін пайдаланып микроскоппен көру әдісі.
- Ультрафиолетовые лучи** – ультракүлгін сәулелер.
- Ультрацентрифуга** – ультрацентрифуга; ұлпаларды тым ұсақ (микро) құрамдарына ажырататын аспап.
- Ультрацентрифугирование** – ультрацентрифугалау; жоғары дисперсиялы жүйелерді ультрацентрифуганың көмегімен құрам бөлектеріне бөлу (зерттеу әдісі).
- Унгермана среда** – Унгерман ортасы; спирохет және бактерияларды өсіретін қоректі орта.
- Унгерния** – унгерния; улы өсімдік.
- Ундецин** – ундецин; саңырауқұлақ ауруларына қарсы қолданылатын сүртпемай.
- Ундуляция** – ундуляция, толқу; қуыс ішіндегі сұйықтың толқынды қозғалысы (асцитті, абсцесті зерттеу кезінде байқалатын құбылыс).
- Унитол** – унитол; улануға қарсы қолданылатын дәрі.
- Унна клетки** – Унна жасушалары, плазмоциттер (дәнекер ұлпасындағы жасушалар), В–лимфоциттердің туынды жасушалары.
- Унцинариоз** – унцинариоз; ит тұқымдас жануарлар гельминтозы.
- Упитанный** – қоңды, күйлі.

- Управление ветеринарии** – ветеринария басқармасы.
- Уралит** – уралит; ағашты шірітпеу үшін қолданылатын қоспа (фторлы натрий және екі нитрофенол), жануарлар үшін улы зат.
- Урахус** – урахус; ұрғашы мал қуығын ұрықтың несепқабығы (аллантаис) қуысымен жалғастырып тұратын несеп өзегі.
- Урацил** – урацил; пирамидин негізінің нуклеотиді, нуклеин қышқылының құрамына кіреді.
- Уреаза** – уреаза; несепнәр (мочевина) гидролизін катализдейтін фермент.
- Уремия** – уремия; қанда азоттың мөлшерден тыс көп болуы.
- Уретра** – уретра, несепшығар өзегі; зәрді қуықтан сыртқа шығаратын түтікше мүше.
- Уретрит** – уретрит; несепшығар өзегінің қабынуы.
- Уретроскопия** – уретроскопия; несепшығар өзегін зерттеу әдісі.
- Уретростомия** – уретростомия; оталық (хирургиялық) әдіспен несепшығар өзегіне фистула қою.
- Уретротомия** – уретротомия; несепшығар өзегін жару.
- Урзоферран** – урзоферран, темірлі дәрлік препарат.
- Уробактерин** – уробактерин; несепнәрді аммиакқа дейін ыдырататын бактериялар.
- Уровская болезнь** – Уров ауруы (жануарлардың өсуі мен дамуы нашарлайды, полиартроздар және сүйектердің майысқақтығы байқалады).
- Уродство** – кемістік, жарымжандық.
- Уролиты** (грек. *uron* – зәр, несеп) – уролиттер, несеп тастары.
- Урометр** – урометр; несептің тығыздығын өлшейтін аспап.
- Уроседимента** – уроседименттер, несеп құмы.
- Уросепсис** – уросепсис; инфекция қоздырғышы несеп – жыныс мүшелері арқылы енетін сепсистің біртүрі.
- Уросульфан** – уросульфан; микробтарға (стафилокок-

ктарға және ішек таяқшаларына) қарсы қолданылатын дәрі.

Уротропин – уротропин; антисептикалық несеп айдағыш дәрі.

Урутин – урутин (витамин Р).

Условный рефлекс – шартты рефлекс.

Утилизационные установки — қайталап пайдаға асыру қондырғылары.

Утилизация трупов — өлексені пайдаға асыру.

Уфидозиметр – уфидозиметр, уфиметр, ультракүлгін сәулелерінің қуатын өлшейтін аспап.

Ухо (лат. auris — құлақ) — құлақ; жануарлардың есту және тепе — теңдік мүшесі.

Ушиб – жарақат.

Ушинского среда – Ушинский ортасы, синтетикалық орта.

Ушная раковина — құлақ қалқаны.

Ущемление кишок – ішектердің қысылуы.

Ф

Фавус – фавус, таз; құстардың жұқпалы ауру.

Фаг – фаг, жемір.

Фагодиагностика – фагодиагностика; бактериофагты пайдаланып, бактериялардың таза өсінін анықтау (фаготипирование — фаготиптеу).

Фагопиризм – фагопиризм; қарақұмық, тары т. б. өсімдіктерді жеген малдың күн сәулесіне сезімталдығының артуы (фотосенсибилизация).

Фагопрофилактика – фагопрофилактика, бактериофагтың көмегімен жұқпалы аурудың алдын алу.

Фагосома (phagosoma; лат. phagein – жалмау, obu, жеу; soma – дене) – фагосома; ішінде фагоцитоз процесінің өнімдері болатын жасуша көпіршіктері.

- Фаготерапия** – фаготерапия; бактериофагтың көмегімен жұқпалы ауруды емдеу.
- Фаготипирование** – фаготиптеу; бактериялардың түрін, кейбір топтарын бакториофагтың көмегімен анықтау.
- Фагоцитоз** – фагоцитоз; жасушалардың (фагоциттердің) организмге енген бөгде және организмнің өзінде құрылымдық өзгеріске ұшыраған заттарды қармап жоюы (сіңіруі).
- Фагоциты** (phagocytus; грек. phagos – обырлық, жемірлік, kytos – жасуша) – фагоциттер, жемір (обыр) жасушалар; тірі және өлі қатты заттарды қармап ерітіп жойып, фагоцитоз процесін іске асыратын (лейкоциттер, моноциттер туындылары – макрофагтар) жануарлар организміндегі ерекше жасушалар.
- Фазово—контрастная микроскопия** – фазалы—контрастты микроскопия (микроскоппен көру).
- Фармация** – фармация; медицина мен ветеринариядағы дәрілердің алыну жолдарын іздестіру, оларды жасау, сынау, стандарттау, сақтау және керекті орындарға бөлу сияқты ғылыми және практикалық білімдер жинағы.
- Фарнохинон** – фарнохинон (витамин К).
- Фасциолез** – фасциолез; бауырқұрт ауруы.
- Фасциолин** – фасциолин; дәрі (гексахлорэтан).
- Фасция** – шандыр; тығыз дәнекер ұлпасынан құралған бұлшықеттің қабы.
- Фатер—Пачини тельца** – Фатер—Пачини денешіктері; құрылысы күрделі, сезімтал жүйке ұштары.
- Фасциальная экзема** – фасциальдық бөртпе.
- Фейльгена метод** – Фейльген әдісі; жасушадағы ДНҚ – ны анықтайтын гистохимиялық әдіс.
- Фельдшер** – фельдшер, кіші дәрігер.
- Фельдшер ветеринарный** – ветеринарлық фельдшер; орта білімді мал дәрігерлігінің маманы.

- Фейлдса среда** – Фейлдс ортасы; гемоглобинге әуес бактерияларға арналған қоректік орта.
- Фактор** – фактор; болып жатқан жағдайдың себепкері.
- Факторы передачи возбудителя инфекции** – жұқпалы ауру қоздырғышының берілу факторлары.
- Факторы распространения** – таралу факторлары; дәнекер ұлпасының өткізгіштік қасиетін күшейтетін агенттер (Дюран – Рейнальс факторы).
- Факторы роста микробов** – микробтардың өсу факторлары.
- Факультативный** – факультативтік, шартты емес.
- Факультет ветеринарный** – ветеринарлық (мал дәрігерлік) факультет.
- Фаланги** – бақай (тырнақ) сүйектерінің бунақтары (тұяқты жануарлар бақайларында – тұсамыс, топай, тұяқ бунақтары болады).
- Фалька метод** – Фальк әдісі; биогендік аминдерді (адреналин, норадреналин, серотонин, катехоламин т.б.) гистохимиялық жолмен анықтау әдісі.
- Фальсификация продуктов** – өнімдерді алдамсырату; тамақ өнімдерін бір—бірімен ауыстыру, табиғи өнімдерге қосу.
- Фантом** – фантом; аналық мал денесінің жыныс мүшелері орналасқан бөлігінің муляжы.
- Фарадизация** – фарадилеу; төменгі жиілікті айнымалы электр тогымен емдеу.
- Фарингит** – фарингит; жұтқыншақ кілегейлі қабығының қабынуы.
- Фарингоскопия** – фарингоскопия; жұтқыншақ қуысын көру.
- Фармакогнозия** (грек. pharmakognosia; pharmakon — дәрі, gnosis — білім) – фармакогнозия; өсімдіктер мен жануарлардан алынатын дәрілік шикізаттар туралы ғылым.
- Фармакология** (грек. pharmakon — дәрі, logos — ғылым) – фармакология; дәрітану ғылымы.
- Фармаколог** – фармаколог; фармакология маманы.

- Фармакопейный комитет** – фармакопейлық комитет.
- Фармакопрофилактика** – фармакопрофилактика; дәрінің көмегімен аурудың алдын алу.
- Фармакотерапия** – фармакотерапия; дәрінің көмегімен ауруды емдеу.
- Фармацевт** – фармацевт; дәріханадағы дәрі жасаушы маман.
- Фармацевтика** – фармацевтика; дәрі іздеу, жасау, сақтау ережелерінің жинағы.
- Фен** – фен; жылы құрғақ ауамен емдеуге арналған аспап.
- Фенодон** – фенодон; А тобына жататын, ауру сезімін басытын ақ ұнтақ дәрі.
- Фенамин** – фенамин; А тобына жататын, орталық жүйке жүйесі қызметін күшейтетін, фармакологиялық қасиеті адреналит тобына жататын препараттарға жақын дәрі.
- Фенантрен** – фенантрен; үшциклді ароматты көмірсутегі, антраценмен қоспасын насекомдарға қарсы түтіндетуге пайдаланады.
- Фенасал** – фенасал; мениезиоз, тизаниезиоз, авителлиноз ауруларына қарсы қолданылатын антигельминтик.
- Фенатин** – фенатин; А тобына жататын, орталық жүйке жүйесі қызметін күшейтетін дәрі.
- Фенацетин** – фенацетин; В тобына жататын дененің ыстығын қайтарарын дәрі.
- Фенилаланин** – фенилаланин; ауыспайтын амин қышқылы.
- Фениламин** – фениламин; қарапайым ароматты амин, түссіз сұйық, фармакологиялық препараттар жасауға пайдаланылады.
- Фенилин** – фенилин; А тобына жататын антикоагулянт.
- Фенилсалицилат** – фенилсалицилат; ішкі мүшелер (ішек, бауыр, бүйрек т.б.) аурулары микробтарына қарсы қолданылады.
- Фенобарбитал** – фенобарбитал, люминал; В тобына жататын жүйке жүйесінің қозуын бәсеңдететін дәрі.

- Феноксиметилпенициллин** – феноксиметилпенициллин; антибиотик (пенициллин).
- Фенол чистый** – таза фенол, карбол қышқылы; Б тобына жататын, зарарсыздандыру үшін қолданылатын дәрмек.
- Фенология** – фенология; органикалық табиғаттың маусымдық дамуы туралы білімдер жүйесі.
- Фенолфталеин** – фенолфталеин; іш жүргізетін дәрі.
- Фенолы** – фенолдар; ароматты көмірсутектер туындылары, ветеринарияда бактерияларға, насекомдарға, тоғышар тіршілік етуші паразит құрттарға қарсы қолданылады.
- Фенотип** – фенотип; жануардың жеке басына тән сыртқы және ішкі белгілер жиынтығы.
- Фентанил** – фентанил; А тобына жататын, ауру сезімін басатын дәрі.
- Фервоорот—Вольфа среда** – Фервоорот – Вольф ортасы; лептоспирді өсіруге арналған қоректік орта.
- Ферковен** – ферковен; темірлі препарат (қанға құйылатын препарат).
- Ферментация мяса** – еттің ферменттелуі; ферменттердің әсерінен еттегі болатын жағымды өзгерістер.
- Ферментные препараты** – ферменттік дәрмектер; құрамына ферменттер кіретін дәрі заттар.
- Ферменты** – ферменттер, энзимдер; табиғаты нәруыздардан тұратын тірі жасушаларға тән биологиялық катализаторлар.
- Ферон** – ферон; күрделі нәруыздардың нәруыздық бөлігінің көне атауы.
- Ферритин** – ферритин; қан жасушалары түзілетін мүшелер ұлпаларында кездесетін, құрамында темір бар нәруыз.
- Ферроглюкин** – ферроглюкин; үшвалентті темір мен декетранның кешенді қосылысы.
- Ферродекс** – ферродекс, темір препаратты.

- Ферродекстранные препараты** – ферродекстрандық препараттар (ферроглюкин).
- Ферроцианид железа** (берлинская глазурь) – темір ферроцианиді.
- Ферула** – ферула, сасыр; шатыр тұқымдастарына жататын көпжылдық улы өсімдік.
- Фетотомия** – фетотомия; төлді кескілеп жатырдан шығару.
- Фетуин** – фетуин; гликопротеид (эмбрион қанының нәруызы).
- Фибрин** – фибрин; қан ұйығанда түзілетін талшықты нәруыз.
- Фибриноген** – фибриноген; қан плазмасының нәруызы. Фибриннің алғы заты.
- Фибринозное воспаление** – фибринді қабыну; қабыну сұйықтарындағы фибрин талшықтарының болуы.
- Фибринокиназа** – фибринокиназа, фибринолизин; қан сарысуының нәруыздарын (фибрин мен фибриноген) еріткіш фермент.
- Фибринолизин** – фибринолизин, плазмин, фибринокиназа.
- Фибробласты** – фибробласттар; борпылдақ дәнекер ұлпасының негізгі жасушаларының бірі, пішіні тармақты өсінділі жасушалар. Борпылдақ дәнекер ұлпасының жасушааралық затының талшықтарын (коллаген, эластин, аргирофильді) түзуге қатысады.
- Фиброма** – фиброма; дәнекер ұлпасынан құралған ұйтсыз ісік.
- Фиброматоз инфекционный кроликов** – қоянның жұқпалы фиброматозы, вирусты жұқпалы ауру.
- Фibroциты** – фиброциттер; тығыз дәнекер ұлпасының жетілген жасушалары.
- Физиологическая анемия** – физиологиялық қаназдық; жас төлдерде өрбитін ауру.
- Физиологический раствор** – физиологиялық ертінді.
- Физиология** (грек. physis – табиғат, logos – білім) жи-

вотных – жануарлар физиологиясы. Биологияның ірі саласы.

Физиопрофилактика – физиопрофилактика; организмнің иммундыбиологиялық қасиеттерін күшейту үшін табиғи — физикалық факторларды қолдану.

Физиотерапевтический кабинет – физиотерапия бөлмесі, физикалық емдеу бөлмесі.

Физиотерапия – физиотерапия, физикалық емдеу; табиғи және қолдан жасалынған сыртқы орта факторларын емдеуге пайдаланылатын ғылым.

Физостигмин – физостигмин, эзерин; А тобына жататын тропикалық өсімдік тұқымының алкалоиды.

Физоцефалез – физоцефалез; шошқа гельминтозы.

Физоцефалез пчел – араның физоцефалезі; үлкен басты шыбын дернәсілі (личинкасы) тудыратын ауру.

Фикомироз (мукомикоз, мукороз) – фикомироз, мукомикоз, мукороз; лимфа түйіндерінде немесе басқа ішкі мүшелер ұлпаларында дамиды жұлпалы ауру.

Фикомицеты – фикомицеттер; фикомироз ауруын тудыратын біржасушалы төменгі сыныптағы саңырауқұлақтар.

Фиксатор – бекіткіш, байлағыш.

Фиксаторы гистологические – гистологиялық бекіткіштер; гистологиялық зерттеулерде жасушалардың, ұлпалардың, мүшелердің құрылысын сақтау үшін қолданылатын заттар (формалин, спирттер, қышқылдар, сілтілер, күрделі тұзды қоспалар).

Фиксация – бекіту.

Филарета болезнь – филарет ауруы; құстың жалған обасы, құстың азиялық обасы (Ньюкасл ауруы).

Филиколлез – филиколлез; су құстарының гельминтозы.

Филиксан – филиксан; Б тобына жататын фасциоллез және көптеген цестоздарға қарсы қолданылатын дәрі.

Филометридоз – филометридоз; тұқы балық, сазан гельминтозы.

- Филлохинон** – филлохинон (витамин К).
- Филогенез** (грек. phylon – туыс, genesis — шығу тегі) – филогенез; тірі организмдердің ұзақ тарихи дамуы.
- Филогения** – филогения; филогенезді зерттейтін ғылым.
- Фильтр** – сүзгі.
- Фильтрат** – сүзілген сұйық зат, сүзінді.
- Фильтровальная бумага** – қағаз сүзгі.
- Фильтрующийся вирус** – сүзінді вирус, сүзгіден өткіш вирус.
- Филяриатозы** – филяриотоздар; үй жануарлары мен аңдарда кездесетін гельминтоз аурулар тобы (онхоцеркоз, парафиляриоз, сетариоз, стефанофиляриоз т.б.).
- Филяриаты** – филяриаттар; тоғышар тіршілік ететін жұмыр құрттар отряды (филяриатоздар ауруларын тудырады).
- Фимоз** – фимоз, қылкүпек; күпек терісінің тарылуы нәтижесінде қасаның күпектен шыға алмауы.
- Финна** – финна; таспа құрттардың дернәсілі (личинкасы).
- Финнозы** – финноздар; таспа құрттар дернәсілдері тудыратын гельминтоз аурулары (цистицеркоз).
- Фистула** – фистула, жасанды тесік; ішкі мүшелер қуысына арнаулы операция арқылы орнатылатын түтік.
- Фистулография** – фистулография; тесілу өзектерін рентгенологиялық әдіспен зерттеу.
- Фитин** – фитин; фосфордың күрделі органикалық препараты, мешел, остиодистрофия, қаназдық, сүйек сынығы ауруларына қолданылатын дәрі.
- Фитобезоары (фитоконкременты)** – фитобезоарлар (фитоконкременттер), жынқоя; малдың тоқ ішегінде өсімдік талшықтарының бірігуінен пайда болатын қатты заттар.
- Фитонциды** – фитонцидтер; бактерия, саңырауқұлақ,

қарапайым жәндіктерді өлтіретін өсімдіктердің құрамындағы заттар.

Флавакридин гидрохлорид – флавакридин гидрохлориді; Б тобына жататын, бактериялар мен қарапайым жәндіктерге қарсы қолданылатын дәрі.

Флаваргин, аргофлавин – флаваргин, аргофлавин; бактериялар мен қарапайым жәндіктерге қарсы қолданылатын дәрі.

Флебит – флебит; көктамырдың (венаның) қабынуы.

Флебография – флебография; көктамыр пульсін (лүпілін) жазу.

Флеболиты – флеболиттер; көктамырда кездесетін тас конкременттер.

Флебоосцилометр – флебоосцилометр; қан тамырлар қысымын өлшейтін аспап.

Флеботомия – флеботомия; көктамырда тілу.

Флеботометрия – флеботометрия; көктамыр қан қысымын өлшеу.

Флегмона – флегмона; борпылдақ дәнекер ұлпасының жайылма қабынуы.

Флегмона венчика – бақай көбесінің флегмонасы.

Флексоры – флессорлар; буынды бүккіш бұлшықеттер.

Флемминг жидкость – Флемминг сұйығы; гистотехникада қолданылатын күрделі ертінді.

Флоккуляция реакции – флоккуляция реакциясы, иммунологиялық реакция.

Флоренса проба – флоренс сынамасы; несептегі уробилинді анықтау әдісі.

Флоринского аппарат – Флоринский аспабы; серологияда қолданылатын аспап.

Флуоресцентная болезнь рыб – флуоресценттік балық ауруы; өлітиген балық ауруы.

Флуоресцентная микроскопия – флуоресценттік микроскоппен көру.

Флуоресценция – флуоресценция; заттардың сәулелі жарық шығару құбылысы.

- Флуоресценцирующие антитела** – флуоресценциялаушы антиденелер, сәулелі жарық шығарушы антиденелер.
- Флуорометрия** – флуорометрия; флуоресценция мөлшерін анықтау әдісі.
- Флуорохромы** – флуорохромдар; флуоресценттік бояулар.
- Флуктуация** – флуктуация; тербеле толқындау.
- Флюорография** – флюорография; рентгенологиялық зерттеу әдісі.
- Флюороз** – флюороз; организмдегі фтордың шамадан тыс көбеюіне байланысты өрбитін ауру.
- Флюс** – жіті іріңді жақ сүйекқабының қабынуы (периоститі).
- Фляшерия** – фляшерия; жібек құртының вирустық ауруы.
- Фолиевая кислота (витамин В₉)** – фолий қышқылы, В₉ витамині, қан түзілуге және азотты қосылыстардың түзілу реакциясына қатысады (кофермент).
- Фолликул** (лат. folliculus – көпіршік) – фолликул, көпіршік; түрлі қызмет атқаратын жануарлар организмінде кездесетін көпіршік тәрізді құрылым. Мыс., жұмыртқалық фолликулы қуысында жұмыртқа жасушасы пісіп жетіледі; қалқанша без фолликулы – қалқанша безінің құрылымдық – қызметтік бірлігі.
- Фолликулин** – фолликулин, эстрон; ұрғашы жыныстық гормоны (эстрадиолдың метаболиті).
- Фолликулостимулирующий гормон** – фолликулды жандандырғыш гормон (гипофиз гормоны).
- Фолликулярный эпителий** – фолликулалы эпителий; жұмыртқа жасушасының эпителий қабаты.
- Фольбекс** – фольбекс; ара акрапидозын емдеуге қолданылатын дәрі.
- Фолькмана каналы** – Фолькман өзекшелері; қан тамырлары мен жүйкелер өтетін сүйек ұлпасының өзекшелері.

- Фонендоскоп** – фонендоскоп; тыңдау арқылы ауруды анықтайтын аспап.
- Фоновые окраски** – фондық бояу (Ван Гизон әдісі); дәнекер ұлпасы аясында эпителий және ет талшықтарын бояу әдісі.
- Фонокардиография** – фонокардиография; дыбыс тербелісін жазу арқылы жүрек жұмысын зерттеу әдісі.
- Фонометрия** – фонометрия; ауа толған қуысты мүшелер шекараларын дыбысты тыңдау арқылы анықтау әдісі.
- Фонорецепторы** – фонорецепторлар; дыбыс тербелістерін қабылдайтын сезімтал жүйке ұштары (есту анализаторы).
- Формалин** – формалин, формальдегидтің судағы ертіндісі.
- Форменные элементы крови** – қанның формалы жасушалары элементтері, қан жасушалары (эритроциттер, лейкоциттер, қан табақшалары немесе тромбоциттер).
- Формолвакцины** – формолвакциналар, анавакциналар (залалсыздандырылған вакциналар).
- Фостион** – фостион (қ.фосфамид) .
- Фосфагены** – фосфагендер; фосфорлық микроэргиялық қосылыстар.
- Фосфакол** – фосфакол; А тізіміне кіретін антихолинэстеразаларға жататын дәрі.
- Фосфамид** – фосфамид, акарацид; зиянды жәндіктерді жоюға қолданылатын улы зат.
- Фосфатазы** – фосфатазалар; гидролазаларға жататын ферменттер (қорыту ферменттері).
- Фосфатидилхолины** – фосфатидилхолиндер (лецитиндер), күрделі липидтер тобы; биологиялық жарғақтар құрамына кіреді (әсерісе, жүйке ұлпасының құрамына көбірек кіреді). Фосфатидилхолин препараттары қаназдық және невроз ауруларында қолданылады.

- Фосфатиды** – фосфатидтер (фосфолипидтер).
- Фосфатурия** – фосфатурия; несепте фосфор қышқылы тұздарының болуы.
- Фосфидцинка** – мырыш фосфиді, зооцид; кемірушелерге қарсы қолданылатын препарат.
- Фосфокреатин** – фосфокреатин; ет ұлпасында болатын креатин туындысы.
- Фосфолипазы** – фосфолипазалар; лецитинді ыдырата-тын ферменттер.
- Фосфолипиды** – фосфолипидтер; құрамында фосфор қышқылының туындысы бар күрделі липидтер.
